

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Құрметті қызметкері, көрнекті ғалым ***Болат Әбдікәрімұлының 80 жылдығына орай ұйымдастырылған «Кәсіптік білім берудегі инновациялар: мәселелері мен келешегі»*** атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясына арналған

МАТЕРИАЛДАРЫ

М А Т Е Р И А Л Ы

Республиканской научно-практической конференции ***«Инновации в профессиональном образовании: проблемы и перспективы»*** приуроченной к 80-летию известного ученого, заслуженного деятеля Казахстана, Почетного работника КазАТУ имени С.Сейфуллина, профессора Болат Әбдікәрімұлы

АСТАНА-2019

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
К 26

К26 *«Кәсіптік білім берудегі инновациялар: мәселелері мен келешегі»* атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары/ Құраст. А.Әбдіров, Қ.Сарбасова, Г.Ахметжанова. — Астана: С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, 2019. – 360 б.

ISBN 378-601-257-106-6

Жинаққа Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Құрметті қызметкері, көрнекті ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар Академиясының академигі Болат Әбдікәрімұлының 80 жылдығына орай ұйымдастырылған ***«Кәсіптік білім берудегі инновациялар: мәселелері мен келешегі»*** атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары топтастырылды.

Жинақ кәсіптік білім беру саласының мамандарына, жоғары оқу орнының оқытушылары мен білім алушыларына арналған.

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58

ISBN 378-601-257-106-6

© А.Әбдіров, Қ.Сарбасова, Г.Ахметжанова, 2019

Ақылбек Күрішбаев
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ Басқарма төрағасы, профессор

АЛҒЫ СӨЗ

Көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, еліне еңбегі сіңген қоғам қайраткері Болат Әбдікәрімұлы дүниеден өтсе де, оның есімі өшпейді, мәңгі өмір сүреді. Себебі ұрпағы бар және мол мұрасы қалып отыр.

Саналы ғұмырын туған еліміздің игілігіне арнап, өмірінің барлық белестерін білім жүйесін өркендетуге арнады. Еліміздегі Аграрлық ғылымның қара шаңырағы - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде еңбек ете жүріп, ұлттық білім беру жүйесінің дамуына, оның халықаралық білім кеңістігімен ықпалдасуына, инновациялық қызметті жетілдіруге және білікті ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау ісіне аса жоғары дәрежеде атсалысты.

Болат Әбдікәрімұлының 80 жылдық мерейтойына арналған **«Кәсіптік білім берудегі инновациялар: мәселелер мен келешегі»** атты республикалық ғылыми-практикалық конференция биылғы «Жастар жылы» аясында өткізілуде. Осы шараны ұйымдастырудағы мақсатымыз - көрнекті ғалым Болат Әбдікәрімұлының игі істері мен ерен еңбегін жастарға үлгі ету. Еліміздің келешегі жастарға дүниенің кілті білім мен ғылымда екенін жеткізгіміз келді. Сонымен қатар, абзал азаматымызды еске алып қана қоймай мерейтойына орай аталмыш ғылыми конференцияны ұйымдастырып отырмыз.

Болат Әбдікәрімұлы 1939 жылы 17 ақпанда Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Киевка ауылында дүниеге келді. 1962 жылы Қарағанды политехникалық институтының (Тау-кен инженері – электромеханик) мамандығын бітірді.

Тұлғаның еңбек жолы мен ғылыми шығармашылығы көп қырлы. Жан-жақты, сан-салалы, зерттеу бағытының түп қазығы мен алтын діңгегі негізінен Қазақстанның кәсіптік-техникалық білім саласы мен ғылымына арналды. Болат Әбдікәрімұлы Қарағанды облысындағы кәсіптік-техникалық училище директорының орынбасары қызметінен бастап, облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы бастығы, Қазақ КСР Мемлекеттік кәсіптік білім беру орталығының Төрағасының бірінші орынбасары, Қазақ КСР Мемлекеттік аграрлық өнеркәсібінің оқу орындары және кадрларды негізгі басқару басқармасы бастығының орынбасары, Қазақстан Республикасы Білім министрінің орынбасары, Кәсіптік-техникалық білім беру комитетінің Төрағасы, ҚР Парламенті Сенатында Аппарат меңгерушісі лауазымды қызметтерін атқара жүріп, саланың дамуына айтарлықтай үлес қосты. Оның жетекшілігімен кәсіптік-техникалық білім берудің тұжырымдамасы, кәсіби стандарттар, типтік бағдарламалар және Қазақстанның кәсіптік мектептерін реформалауды кезең-кезеңімен жүзеге асырудың кешенді жоспары жасалды.

Болат Әбдікәрімұлы тәжірибені ғылыммен ұштастырып, Қазақстандағы кәсіби білім берудің даму тарихындағы өзгерістерді жан-жақты зерделей отырып, кәсіптік мектеп пен нарықтың өзара байланысына кешенді де кемелді талдаулар жүргізді. Оның кәсіптік-техникалық білім беру саласы мамандары үшін теориялық-тәжірибелік құндылығы жоғары «Кәсіптік мектеп және нарық», «Кәсіптік-техникалық даярлықтың ғылыми негіздері», «Қазақстан Республикасында қазіргі білім берудің теориясы мен практикасы» атты монографиялары мен 13 томдық еңбектер жинағы жарық көрді.

Еңбек жолын 1962 жылы Қарағандының «Абай» көмір тресінде слесарь-механиктен бастап, кейіннен ізденіске толы ғылым жолын таңдаған. Болат Әбдікәрімұлы Халықаралық ақпараттандыру Академиясының толық мүшесі, Ресей кәсіптік білім беру Академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар Академиясының толық мүшесі атанды.

Болат Әбдікәрімұлын, біз ең алдымен, Педагог әрі ірі Ғалым ретінде құрмет

тұтамыз. Себебі, ол мыңдаған шәкірт, жүздеген ғалым тәрбиелеп шығарған бақытты ұстаз еді. «Шәкіртсіз ұстаз – тұл» деген дана халқымыз. Осы тұрғыдан алғанда еліміздің білім және ғылым жүйесіне, экономика, әкімшілік-басқару салаларына аса қажетті білікті мамандар даярлап, оларды тәрбиелеу ісіне өлшеусіз үлес қосқаны баршаға аян. Сонымен бірге педагогика және экономика ғылым салалары бойынша 12 ғылым докторы мен 60 ғылым кандидаттарын даярлаған ғалым. Сондықтан да өзі негізін салып кеткен ғылыми мектептің қанаты кең, ауқымы зор. Болат Әбдікәрімұлының ғылыми мектебі кәсіптік білім берудің теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелері, қазақ халқының тарихи-педагогикалық мұрасы, жоғары білім беру жүйесін одан әрі жетілдірудің және мамандар даярлаудың өзекті мәселелері бойынша іргелі ғылыми зерттеулер жүргізіп келе жатыр. Жаққан оты өшпегені, салған ізінің жоғалмағаны деген осы.

Болат Әбдікәрімұлынан тәлім-тәрбие алған мыңдаған шәкірттер бүгінде тәуелсіз республикамыздың түкпір-түкпірінде болашақ ұрпақ үшін еңбек етуде.

Мемлекет алдындағы ерен еңбегі үшін ол бірқатар мемлекеттік марапаттарға ие болды. 1980 жылы «Қазақ КСР-інің кәсіптік-техникалық білім беру ісінің құрметті қызметкері», 2008 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді, «Құрмет белгісі» орденімен, «ҚР Білім беру ісінің үздігі», «Қазақстанда ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» төс белгілерімен және мерейтойлық медальдармен марапатталды, Білім мен ғылымды дамытуға қосқан үлесі 2005 жылы А.С.Небольсин сыйлығының лауреаты, 2011 жылы ҚР Білім және ғылым Министрлігі «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері атануымен және 2014 жылы «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталуымен бағаланды.

Болат Әбдікәрімұлының атқарған игілікті істері, болашақ үшін беруге үлгере алмай кеткен жарқын істері өз жалғасын табады деген сенімдемін. Өйткені, еңбек жолын қарапайым жұмысшы болып бастап, білікті басшы, көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз ретінде барлық соқпақтан көрінді. Қажырлы еңбегімен, ұйымдастырушылық жігерімен, қайраткерлік қасиетімен елімізде әрі халықаралық білім кеңістігінде танымал болған азаматтың тұлғасы - баянды болашаққа бағыт алған жастар үшін әрдайым үлгі.

ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ТАРЛАНЫ

Елеусін САҒЫНДЫҚОВ
Қоғам және мемлекет қайраткері
экономика ғылымдарының докторы, профессор

Артына адастырмайтын із, ойға түйер сөз, бағыт-бағдар беретін жол қалдырған парасаты мол азамат, ұлама ғалым туралы сөз қозғау – қиын, ой толғау – ауыр. Елімізде кәсіптік білім берудің жаңаша жолын ашып, ғылыми түрде негізін салған және соны іс жүзінде жүзеге асырған прагматик ғалымның бірі де бірегейі Болат Әбдікәрімұлы арамызда болғанда биыл 80 жасқа толар еді. Мәнді де мағыналы өмірін еліне, халқына, жас ұрпаққа білім беру ісіне қалтқысыз арнаған, мемлекетшіл, халықшыл Бөкең қазір арамызда жоқ, жарық дүниеден мәңгілік дүниеге көшкеніне бес жыл уақыт болып қалды. Рас, «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дегенге тағы да көзіміз жетіп отыр. Болат Әбдікәрімұлы сияқты ғасыр аралатып туатын тұлғаны бүгінгі және одан кейінгі ұрпақтың санасына сіңіру – парыз. Сондықтан ұлттық педагогиканың тарланы, кәсіптік білімнің майталманы туралы сөз қозғау қиын болса да қолға қалам, ой толғау ауыр болса да мойынға жауапкершілік алдық.

Болат Әбдікәрімұлының соңғы қырық жылға жуық өміріне куә болдым. Кәсіби салаға, лауазымдық қызметтерге, тіпті азаматтық қарым-қатынастарға байланысты етене жақын араласуға, емен-жарқын пікір алысуға сәті түсті.

Менің еңбек жолым өзімнің замандастарым секілді балаң кезімде-ақ ауылдың жыл он екі бойы бітпейтін қым-қуыт тірлігімен басталды. Одан соң да Темір индустриалдық-педагогикалық техникумында еңбектен қол үзгенім жоқ. Осы арнаулы оқу орнында оқи жүріп, дене тәрбиесі жұмыстары бойынша жетекші болдым және сабақ бердім. Стипендиямен қоса айлық алып жүрдім. Осылайша кәсіптік-техникалық білімді оқыту үрдістеріне терең бойладым.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарының басында әскер қатарындағы қызметтен оралғаннан кейін Ақтөбе қаласындағы кәсіптік-техникалық училищелерде мұғалім, өндірістік оқыту шебері, директордың орынбасары, арнаулы кәсіптік оқу орнының директоры қызметтерін атқардым. Орайы осылай келіп, менің тағдырым кәсіптік біліммен, осы жолда білім алып жүрген жастармен тығыз байланысты болды. Ал 1977 жылы облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы бастығының орынбасары болып тағайындалдым. Жастық шақ, өз саламда жылт еткен жаңалықтың бәрін де қамтып қалуға, үйреніп алуға құштарлық басым. Басқа республикалардың кәсіптік білім беру саласында болып жатқан өзгерістерге, жаңашыл бастамаларға елтіп, елеңдеп жүрген кез.

Көп ізденуге тура келді. Өткен ғасырлардағы озық тәжірибелерді сараладық, еледік, екшедік. 1978 жылы КСРО кәсіптік білім беру жөніндегі Мемлекеттік комитетке саладағы озық тәжірибелермен танысуға бардық. Мемкомитет төрағасының орынбасары А.Н.Осиповтың қабылдауында болып, мақсатымызды айтып, жол сілтеуді сұрағанбыз. Александр Николаевич: «Егер кәсіптік білім берудің эстетикалық жағына қызықсаңыздар Прибалтикаға бару керек. Ал мазмұндық тәжірибе үйрену керек болса, бұл жағынан Беларусьтан көп нәрсе алуға болады. Бірақ, Қазақстандағы Жезқазған облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы, оның басшысы Болат Әбдікәрімұлының тәжірибесі солардың бәрінен де озық. Жезқазғандық тәжірибенің алдын орайтындай басқа жер жоқ.» - деді.

Жезқазған облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының бастығы Болат Әбдікәрімұлының жасап жатқан тың істері мен соны ізденістері аңыз болып жайылып, елге тарап, бізге де жеткен еді.

Біздің өңірде де бұл жүйені жетілдіруде біраз іс-шаралар қолға алынған болатын, едәуір табыстарымыз да бар. Кезінде кәсіптік-техникалық училище мен индустриялдық-

педагогикалық техникумның барлық сатыларынан өткен соң маған оқушылардың оқу-тәрбиесі де, тұрмысы да, мінез-құлқы да бес саусақтай белгілі, алақандағыдай аян. Дегенмен, жезқазғандық тәжірибеге аңсар ауып, «жақсыны көрмекке» деген, қалайда барып, көрмекке ниет қылдым. Жезқазған облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы өз еліміз былай тұрсын, Одақ бойынша өзге республикалар арасында «Ең таңдаулы» деген жоғары атақты иеленіп, дүрілдеп тұр.

Болат Әбдікәрімұлының кәсіптік білім беру ісіндегі озық тәжірибесі, жасаған тұжырымдамалары мен бағдарламалары сол кездегі КСРО құрамындағы республикалар ғана емес, басқа да социалистік мемлекеттердің білім жүйесіне үлгі болды. Сондықтан оның бастамаларын, жастарға кәсіптік білім беру саласындағы тұжырымдарын ғылыми орта, Ленинградтағы Бүкілодақтық кәсіптік-техникалық ғылыми-зерттеу институтының алпауыт майталмандары да мойындады, басқаларға үлгі етіп ұсынды. Мәскеудегі Бүкілодақтық біліктілікті жетілдіру курстарында да академик-ғалымдар Қазақстандағы Жезқазғанның тәжрибесін басқа республикаларға талай рет үлгі қылды.

Жезқазғандық тәжірибемен жақын танысып, озығын көру үшін Жезқазғанға арнайы барып, Болат Әбдікәрімұлының қабылдауында болдым. Тумысынан педагог болып жаратылған ұстаз кәсіптік-техникалық білімнің мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ерекше орны, бұл саланы одан әрі дамыту, жетілдіру жолдары, оқу-әдістемелік бағдарламалар мен тұжырдамалар туралы байсалды әңгіме қозғады. Сосын облыстағы кәсіптік-техникалық оқу орындарының материалдық-техникалық, оқыту базасымен, оқушылардың тұрмысымен таныстырды. Мен бұдан бұрын Мажарстанда болып, олардың кәсіптік білім берудегі жетістіктерін көргенмін. Бірақ Болат Әбдікәрімұлының, жезқазғандық әріптестердің жаңа, неғұрлым тиімді әдістемелері мені таңғалдырды.

Жезқазған облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасында он жыл еңбек етіп, саланы дамытудың бұрын-соңды болмаған тәжірибесін қалыптастырған Бөкеңді Үкімет Орталық аппаратқа ауыстырды. Қазақ КСР кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі Мемлекеттік Комитет төрағасының бірінші орынбасары қызметінде Болат Әбдікәрімұлының дарыны, ұйымдастыру шеберлігі мемлекеттік және халықаралық деңгейде бұрынғыдан да ашыла түсті.

Кезінде 80-ші жылдардың бірінші жартысында Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің және Министрлер кабинетінің білім беру саласына арналған отырыстарында сол кезде Министрлер Кеңесінің Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, Үкімет мүшелері Болат Әбдікәрімұлының есімін жиі қайталап, оның қызметіне лайықты баға бергеніне куә болдық.

Болат Әбдікәрімұлы негізін қалаған қазақстандық кәсіптік-техникалық білім беру тәжірибесін насихаттау, одақтас республикаларға тарату мақсатында Бүкілодақтық семинар-кеңес өткізіліп, оған барлық республикалардың Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасарлары, оқу-ағарту саласының басшылары қатысты. Алғашқы баяндаманы КСРО Министрлер Кеңесі кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі Мемлекеттік комитетінің төрағасы Александр Александрович Булгаков жасады. Мінберге екінші болып көтерілген Б.Әбдікәрімұлы өзінің сөзімен қатысушыларды ұйытып тастады. Шешен деп Бөкеңді айту керек, жер-жерден келген әріптестер терең тұжырым, ғылыми негізде жасалған баяндамадан құнды кеңес, бай тәжірибе алып қайтты.

Б.Әбдікәрімұлы өзі құлай сүйген ісін алға апару үшін өзіміздің Қазақстанмен ғана шектеліп қалмады. Өзі тікелей басшылық жасап жүріп, ат салысып, алыс-жақын шетелдердегі әріптес-ғалымдармен кәсіптік білім беру мәселелері бойынша өзара іскерлік байланыс орнатты. Қазір терең, сапалы білім беру ошақтарына айналған біріккен қазақ-түрік, қазақ-неміс техникалық лицейлері Бөкеңнің өлшеусіз еңбегінің мәйегі, төккен тердің жемісі. Халық шаруашылығына қажетті орта буын мамандарын дайындауда білім берудің дуальды жүйесін тәжірибеге енгізді. Соңғы жылдары Елбасы Н.Назарбаевтың дуальдық жүйенің тиімділігі туралы жиі қайталап жүргені тегін емес. Қазіргідей индустриялдық-инновациялық даму бағытында бұл жүйе әлдеқайда өзекті.

Бір кездері отандық өндіріске жұмысшы-мамандарды даярлайтын кәсіптік-техникалық училищеге бұрын-соңды өгейлеу көзқарас қалыптасып, оларға сегіз жылдық және орта мектептің жоғарғы класындағы оқу үлгерімі нашар, тәртібі төмен балаларды жіберу әдетке айналғаны жасырын емес еді. Әрине, олардың арасында жастық жігермен немесе отбасы жағдайына байланысты бір кәсіпті игеріп, ертерек еңбекке араласуды көздеген жастар да болды. Сонда да КТУ мәртебесі тұралап жатқан еді. Кәсіптік білім беруді жетілдіруге барлық күш-қайраты мен қуатын, білігі мен білімін арнаған Болат Әбдікәрімұлы осы сірескен сеңді бұзды, қатып қалған тоңды жібітті. Жезқазғаннан біз соны көрдік. Бөкең Ресейдің Волгоград облысындағы бұрынғы Царицын гимназиясының Ленинградтағы Царскосельский лицейінің тарихымен, онда кәсіптік білім берудің ерекшеліктерімен танысуға жөн сілтеді.

Ресейде XIX ғасырдың басында ашылған император лицейі білім беру жүйесінде ерекше орын алды. Мұнда дворяндардың балаларын мемлекеттік қызметке дайындау мақсат болған. Осы лицейдің мәртебесі университетпен бірдей. Лицей оқушылары жалпы оқу бағдарламасымен бірге өнер, сурет салу, таза жазу, би, семсер, мергендік, атқа міну, жүзумен де шұғылданған екен. Темірдей тәртіп орнатып, оқушылардың біліміне қатаң талап қойған. Лицейге бақылауды Ресей императоры тікелей өз қолына алып, оған басшылық жасауды бас қолбасшы, граф А.Разумовскийге тапсырған. Оқу орнына қабылдау талаптары жоғары болғаны сонша, оған талапкерлерді дайындайтын өз алдына оқу орны болыпты. Орыстың классик ақын-жазушылары, небір оқымыстылар мен ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері – А.Пушкин, А.Дельвиг, А.Горчаков, В.Кюхельбекер, И.Пущин, ағайынды Гире, А.Головнин, Д.Замятин, Н.Корсаков, М.Корф, Д.Толстой, К.Веселовский, Я.Корт, Н.Данилевский сияқты тағы басқа да әйгілі тұлғалар осы лицейдің түлектері.

Осы оқу орнының тарихы, білім сапасы, жалпы оқу-тәрбие тұжырымы мені қатты қызықтырды. Ресей Федерациясының ғылыми-зерттеу институттарымен байланыс жасап, келісім жүргізе отырып, Царицын гимназиясымен тереңірек танысу үшін өзіміз де бардық, мамандарымызды жібердік, отандық ғалымдарды да жұмылдырдық.

Біз де Ақтөбеде өзімізде қалыптасқан ісімізді жетілдіріп, жоғарыда атап көрсеткен тың тәжірибелерді пайдаланып, нәтижесінде Қазақстанда алғашқылардың бірі болып, Ақтөбе қаласында №107-інші кәсіптік-техникалық училище-лицей, мектеп-гимназия аштық. Ұлт мүддесі үшін отқа да, суға да түсуге даяр, жаңашыл, талапшыл, терең, парасаты да мол азамат Шайсұлтан Шаяхметов сол кездері еліміздің Білім министрлігін басқарып тұрған еді. Ақтөбеге келіп, ісімізді көріп, еліміздің кәсіптік білім беру саласына қажет тәжірибе екен деп қолдай кетті. Мені өзіне орынбасарлық лауазымға шақырды. Шайсұлтан Шаяхметұлының орынбасарларының бірі, бұдан бұрын педагогтық қызметте тағдырлас болып келе жатқан ұстазым Болат Әбдікәрімұлымен бұрынғыдан да жақындасып, тізе қосып еңбек етудің сәті түсті. Өзі жаратылысы бекзат, паң мінезді көрінгенімен тонның ішкі бауындай араласа-құраласа келе ағалы-інілі болып кеттік. Басқа да орынбасарлары болды, бәрі де елге танымал – Б.Сапарбаев, Ш.Беркімбаева, В.Корольков, Е.Медеуов, Ж.Әзізханов сияқты шоқтығы биік тұлғалар. Әр орынбасардың өзінің қызметтік міндеттері әртүрлі болғанымен, мүдде бір – білім мен тәрбие сапасына қызмет ету.

Қазақ Елінің тәуелсіз мемлекет күнтізбесіндегі алғашқы кезеңдер болатын. Барлығына да, білім беру ісіне де көзқарас өзгерді. Бірінші кезекте оқу-материалдық базасын нығайту, білім беру мазмұны мен бағдарламасын жаңарту және оқытушылар корпусын жетілдіріп, қазақстандық модульді қалыптастыру қажет болды.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіру салдарынан бала бақшалардың, кәсіптік-техникалық училищелердің, тіпті кейбір жоғары оқу орындарының ғимараттары жекенің қолына көшіп кеткен. Орта арнаулы білімі бар кадр болмайынша ешқандай экономика қуатты болуы мүмкін емес екенін білетін Болат Әбдікәрімұлы ең бастысы кәсіптік-техникалық мектептерді сақтап қалуға жан салып бақты. Солай етіп қана қоймай кәсіптік-

техникалық лицейлер, гимназиялар, авторлық мектептер, қазақ-түрік лицейлерін ашуға қол жеткізді. Әсіресе, өзі жетік білетін кәсіптік білімнің мәртебесі мен абыройын көтеріп, оқу-материалдық базасы түбегейлі жақсартылды. Салаға көзқарас мүлдем өзгерді. Онда оқуға ықылас білдірушілер көбейді. Қабылдау талаптары күшейді. Республикада кәсіптік-техникалық училищелердің абыройы асқақтағаны сонша, оған орта мектептің үздік түлектерінің ықыласы ауып, көптеп келе бастады. Енді талапкерлер училищелерге конкурспен қабылданатын болды. Өйткені, орта-арнаулы оқу орындарының оқу-тәрбие беру сапасы да, материалдық-техникалық базасы да бұрын-соңды болып көрмеген деңгейге көтерілді. Бөкең кәсіптік білім саласына қызмет етуге берілгені соншалық, басқа ата-ана баласын жоғары оқу орнына сүйресе, ол мектепте үздік оқып жүрген Аяны мен Баянын сегізінші класстан соң жетектеп, кәсіптік-техникалық училищеге әкелді.

Болат Әбдікәрімұлы бұл салада қарапайым ғана қызмет етіп қоймай, кәсіптік білім беруді ғылыми тұрғыда зерттеп, зерделеп, белгілі бір тұжырым жасаған ғалым. Бөкеңнің еңбектегі жетістіктерінің құпиясы – ғылыми-теориялық негіздемеде. Өткен ғасыр данышпандарының бірі: «Адамның даңқын еңбек шығарады» дегендей, Бөкең еңбегімен даңққа бөленді, сонымен бірге ол еңбекті көтеретін де адам екенін өзінің іс-тәжірибесімен дәлелдеді. Елімізде білім беруді дамыту теориясы мен практикасы бойынша кең көлемді ғылыми және педагогикалық жұмыстарды еңсерді. Өз әріптестерімен бірлесіп, кәсіптік-техникалық мектептер, орта арнаулы білім беру, білім беру жүйесінде дене тәрбиесін дамыту, жалпы білім беру мектептерінде оқушыларды еңбекке баулу және тәрбиелеу тұжырымдамаларын жасады. Ғылым жетістіктерін өндіріске неғұрлым жақындату мақсатында оқу-жоспарлау құжаттары топтамасын, кәсіптік-техникалық педагогиканың ғылыми негіздері туралы еңбектерді жарыққа шығарды. Бөкең заман ағымын, жаңалықтың жаңа лебін алдын-ала болжап, біліп отырушы еді. Оның 1995 жылы шығарған «Кәсіптік-техникалық мектеп және нарық» атты монографиясы ғылымның осы жүйесіндегі аса көрнекті еңбек. Ғылымға адал, істе еңбекқор ғалымның «Кәсіптік-техникалық даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» монографиясы мен «Аспиранттар және ғылыми дәрежелер мен атақтар ізденушілерінің ғылыми зерттеулерінің негіздері» атты оқу құралы кейінгі ізбасарлар үшін құнды туындылар. Оның жетекшілігімен және тікелей қатысуымен кәсіптік-техникалық училищелер үшін 50-ден астам оқу жоспары мен бағдарламалар дайындалған. Бұл – кәсіптік білім үшін үлкен қазына.

Болат Әбдікәрімұлының ұлттық педагогиканы зерттеудегі ғылыми еңбектері өз алдына аса бай үлкен қазына. Оның Әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни педагогикасы жөніндегі оқу құралдары педагогиканың ғылыми кітапханасы қорын байыта түсті. Бөкеңнің ғылыми ұстаханасында дүниеге келген Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы туралы қомақты еңбек те бар. Ал «Кәсіптік педагогика» деп аталатын авторлық еңбек ғалымның ұзақ жылдар бойғы ғылыми ізденістерінің түйіні болды.

Болат Әбдікәрімұлы 90-шы жылдардың ортасына қарай Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіндегі депутаттық қызметінде кәсіптік білім беру саласын заңнамалық жағынан нығайтуға үлкен ықпал етті. Осы жүйені қаржыландыру үлесін сатылап ұлғайтуға көп еңбек сіңірді.

Ол 1995 жылы өзінің жан-тәнімен, туа бітті болмысымен берілген саласына Кәсіптік білім беру комитетінің төрағасы болып қайта оралды. Республика өндірісіне аса қажетті жұмысшы мамандар даярлаудың озық тәсілдері мен әдістемелерін түбегейлі меңгеріп алған Бөкең Комитеттің дәрежесін өзге Министрліктерден де жоғары көтеруге қол жеткізді. Үлкен отырыстарда кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін шыр-пыры шығып қорғайтын. Оның әрекеті жәй ғана жанашырлық емес, өз ойын тұжырымды сөзбен, дәйекті байламмен, алға қойған мақсатттың мән-мағынасын ғылыми-практикалық дәлелдермен шегелеп тастағанда пікірталасқа түскен адамы божырап сала беретін, қарсы уәж айта алмайтын.

Болат Әбдікәрімұлы Қазақстандағы кәсіптік білім беру саласында қуатты, алып мұзжарғыш атанды. Қолға алған ісін сапалы аяқтап, алға қойған мақсатына жету – нағыз

азаматтың қаһармандығы деп білемін. Қайсарлық, табандылық, жігерлілік табиғаты ерекше жаратылған, өзінің өмірін жасампаз істерге арнаған көшбасшылардың ғана қолынан келеді. Мұндай жетістікке, лайықты құрметке, биік мәртебеге Бөкең оңай жеткен жоқ. Бұл – толассыз еңбектің, тынымсыз ізденістің, ғылым мен ілімнің тұңғиығына сүңгіп, оның тұнығынан бағалы маржанын тауып, тере білген өлшеусіз істің нәтижесі.

Болат Әбдікәрімұлы бір салада қызмет етіп жүрген әріптестерін, соңынан еріп келе жатқан, үміт күткен шәкірттерін тонның ішкі бауындай көріп, іштартып, қамқорлығына, қанатының астына алуға әзір тұратын мәрт еді. Мен де Бөкеңді өзімнің ұлағатты ұстазым санаймын. Данышпан Ньютон айтқандай, осындай парасаты биік ұстаздардың иығында тұрғанда олардың үзеңгілестері де алыстағыны көріп, таныды.

Оның ұстаздық қызметіне өзі жетекшілік еткен оннан астам педагогика ғылымының докторлары, бірнеше ондаған педагогика және экономика ғылымдары кандидаттарымен бағалауға болады. Олардың қатарында қазір ұстаздың салиқалы, сара жолын жалғастырып келе жатқан Гүлнас Ахметова, Тимур Ғалиев, Гүлнұр Жанғисина, Меруерт Мәлібекова, Бораш Кенжебеков, Базарбек Мұқышев, Бауыржан Сәрсекеев, Қарлығаш Сарбасова сияқты педагогика ғылымының докторлары бар.

Еліміздің педагогика ғылымына ғасыр сыйы болған Болат Әбдікәрімұлының бойындағы дарын, іскерлік, парасат-пайым мыңның бірінде ғана кездесетін ерекше ғажайып құбылыс. Ол туралы сөз бола қойғанда тау теңдес тұлғаның азаматтық келбетінің небір қырлары табыла береді. Жасынан еңбек пен ғылымды серік еткен Бөкең сырт көзге қарапайым көрінгенімен іске келгенде жампоз, дамыл таппай үнемі ізденісте жүретін. Хакім Абай айтқан қайрат, ақыл, жүрек бір бойынан табылып, Болат Әбдікәрімұлы табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам биігіне көтеріліп, сол деңгейде қалды.

1994 жылы еліміздің астанасын Арқаға көшіру туралы Елбасы бастама көтергенде Бөкеңнің қуанғанын көрсеңіз!

- Менің туып-өскен жерім Арқадағы Нұраның бойы ғой. Бұл өңір қазаққа ертеректе Жасыбай, Көбетай, Күшікбай, беріде Рақымжан Қошқарбаев, Мүтәш Сүлейменов, Николай Кузнецов сияқты батырларды, Телғозының Шоңы сияқты тура биді, Сәкен Сейфуллин, Абдолла Асылбеков сияқты мемлекет қайраткерлері мен Сәйділ Тайжанов, Қайып Айнабеков, Жолдыкей Нұрмағамбетов сияқты ондаған ақын-жазушыларды, Кәрім Мыңбаев, Жантөре Әбішев, Бағдат Әбішова, Римма Бектұрғанова секілді ғалымдарды берген, - деп, өзінің туған жерінің, оның перзенттерінің, тектіден шыққан ата-бабаларының қадыр-қасиеті жөнінде шешіліп сала берген. - Енді міне, Астана Арқаның, халқымыздың айбынын бұрынғыдан да асқақтата беретін болады.

Бөкең өзара сұхбаттасып, сырласып отырғанда өзінің тума-туыстары, жақын ағайындары, бауырлары туралы асқан ризашылықпен әңгімелейтін. Әсіресе, інісі Оралбай Әбдікәрімұлы мен келіні Жамалды ерекше жақсы көріп, қадірледі. Мемлекет және қоғам қайраткері Орекең мен зайыбы екеуі де ағаның құрметіне лайық бола білді. Бөкең дүниеден озғанда аяғынан тік тұрып қызмет көрсетіп, ақтық сапарға арулап шығарып салды.

Болат Әбдікәрімұлының биікке көтеріліп, шыңға самғауына адал жары, сенімді серігі Тазагүл Мұқашқызы ықпал еткенін айта кетуіміз керек. Үйде жағдайын жасап, түзде тілегін тілеп отыратын Тазагүл Мұқашқызы ғылыммен шұғылдануға да уақыт таба білді. Ол – Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар академиясының академигі. Білім беру саласындағы үздік қызметі, жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептерге арнап бірнеше оқулықтар шығарғаны үшін ЕҰУ-дің академиялық профессоры атағы берілді. Ол жүзден астам ғылыми-зерттеу мақалаларының, жеке және авторлық ұжыммен бірлесіп шығарған 23 оқулық, оқу-әдістемелік құралдардың авторы.

Тазагүл Мұқашқызы ғылыммен терең шұғылдана жүріп, отбасына аналық жылуы мен мейірімін де арнай білді. Бөкең мен мен Тазагүл жеңгей дүниеге әкеліп, тәрбиелеген ұл-қызы да қазір өз алдына шаңырақ көтеріп, бала өсіріп, көңілі мен дастарханы дария отау

иесі болып отыр.

Қос ғалымның ұрпақтары да ғылымды серік етті. Кезінде ұлағатты әке нұсқаған жолмен училищеде оқыған Аян Болатұлы кейін политехникалық және халық шаруашылығы институттарын бітірді. Техника ғылымдарының кандидаты. Дина Болатқызы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті мен Заң институтын бітірген. Ол филология ғылымдарының кандидаты.

Міне, артындағы кейінгі ұрпаққа үлгі болардай аса бай ғылыми, рухани қазына, лайықты ұрпақ қалдырған аса қадірлі Болат Әбдікәрімұлының биыл туғанына 80 жыл толып отыр. Осы мерейтойға орай өткізіліп отырған «Кәсіптік білім берудегі инновациялар: мәселелер мен келешегі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда кәсіптік-техникалық білім беру саласы мен педагогика ғылымының өзекті мәселелері Болат Әбдікәрімұлы шығармашылығы арқылы тарқатылып, өзінің ғылыми әділетті бағасын алатынына сенімдімін.

БОЛАТ ӘБДІКӘРІМҰЛЫ ЖӘНЕ КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Асқарбек Құсайынов
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының Президенті, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Биыл туғанына 80 жыл толып отырған ардақ тұтатын ағамыз Болат Әбдікәрімұлының жарқын бейнесін терең сағынышпен, ерекше тебіреніспен еске аламын.

1991 жыл. Еліміз егемендік алып, халықтың ғасырлар бойғы арманы орындалып, бойды қуаныш сезімі билеп, келешекке үлкен үміт артқан шақ. Елім, жерім, ана тілім деген сезімдер тұла бойды кернеп, Қазақ елі өркениетті ел қатарына қосылуы үшін қандай үлес қоссам екен деген ой жүк артқан кезең еді.

Ол уақытта мен Алматы энергетика және байланыс институтында еңбек ететінмін. Қазақ тілінде дәріс беруге сұранып, сапалы дәріс беру үшін қазақша оқу құралдарын, энергетика терминдерінің орысша-қазақша сөздігін және түсіндірме сөздігін жазуды ыждаһаттықпен қолға алғанмын.

Білім министрлігінің Кәсіптік білім басқармасында жауапты жұмыс атқаратын ел азаматы Заитбек Хамзаұлы отбасымызбен жақсы араласатын болғандықтан, менің еңбектерімнен хабардар болатын. Бірде маған Білім министрінің орынбасары болып ерекше ұлтжанды, терең ойлы, жаны таза, жастардың, әсіресе қазақ балаларының келешегі үшін үлкен бастамалар көтеріп жүрген Болат Әбдікәрімұлы деген азамат еңбек ететінін, мені сол кісімен таныстырғысы келетінін айтты. Біраз уақыттан кейін Болат ағай қабылдады. Біраз әңгімелескеннен кейін ашық-жарқын, шынайы адами қасиеттерімен мені баурап алды. Ашық әңгіме барысында менің де біраз сырым ашылды. Содан Болат ағай әңгімеге риза болғанын және мен туралы Білім министрі Ш.Шаяхметов мырзыға мағлұмат беретінін айтты.

Осы сәтте бұл кездесудің алдағы бар өмірімді мүлде басқа бағытқа бұратын, өміріме үлкен өзгеріс әкелетін, үлкен жолға салатын, мен үшін тарихи кездесу екенін білмеген едім. Бұл, солай болды.

Осы кездесуден кейін біраз уақыт өткеннен кейін, тамыз аяғының соңына қарай мені Білім министрі Ш.Шаяхметов мырза кездесуге шақырды. Шәкең әңгімені тереңнен қозғап, менің өмір жолымды зерделей отырып, білім саласының алдында тұрған келелі міндеттерге тоқталды. Содан менің Германияда қалай оқығанымды, ол елдің білім беру жүйесінің ерекшеліктерін сұрап, сөз соңында: «Енді үнемі жол көрсетіп отыратын Москва жоқ. Біз егеменді еліміздің білім беру жүйесін қандай бағытта алып жүруіміз керек екенін өзіміз айқындауымыз керек. Ол үшін дамыған шет елдердің озық тәжірибелерін жете зерттеп,

зерделеп, озық үлгілерін қалай пайдалануға болатынын білуіміз керек. Сіз шет елде жақсы білім алып, докторлық диссертация қорғаған жансыз. Енді министрлікке жұмысқа келіңіз» - деді.

Мен Шәкеңе ештеңе де айта алмай отырып қалдым, себебі мұндай ұсынысты күтпеген едім. Техника саласының маманымын ғой, қалай енді тек қана білім беру проблемаларымен шұғылданатын боламын? Мұндай ой төрт ұйықтасам түсіме де кірмейтін еді. Енді бәрі де өзгерейін деп тұр. Бірақ Министрдің баса айтқан ұсынысына қарсы сөз айтуға шама келмей, қабылдағандай болдым. Содан мен министрлікте «Болашақ даму бағдары және білім берудің жаңа технологиялары» басқармасының бастығы болып тағайындалдым.

Бүгінгі күн биігінен қарасам, Болат ағайға сол кездесулер үшін шынайы алғыс айтқым келеді. Министрлік аппаратында қызмет еткен алғашқы күннен бастап қамқорлығына алды, үнемі ақыл кеңесін беріп жүрді. Мен де іштей «мені осы қызметке әкелген сіз ғой, менен сұраған да жоқсыз, енді түсіндіріңіз, үйретіңіз» дегендей, бір жағы еркелей, бір жағы сенімін ақтайын деген көңілмен сырласа беретін болдым.

Қанша араласқанымызда Болат ағайдың бір қабағын шытқанын көрген емеспін. Кімге болса да қолдау көрсетіп, көмектесуге дайын тұратынына қайран қалатын едім. Бір адам туралы бір артық сөз айтпайтын, бізді де солай тәрбиеледі. Әсіресе тазалығы мен шыншылдығы, елдің келешегіне деген таза көңілі бізді тәнті ететін. Ұлт келешегі үшін үлкен бастамаларға баруға дайын екенін мен қазақ тілін дамыту бағытында бірге еңбек еткен кездерімізде анық байқадым.

Ол кезде жаппай қазақ тілінде дәріс беру науқаны басталған еді. Бірақ сала терминдері қалыптаспағандықтан, жазылып жатқан оқу құралдарының сапасы сын көтермейтін еді. Болат Әбдікәрімұлы осы мәселені жан-жақты зерттей отырып министрге арнайы орталық құру жөнінде ұсыныс жасады. 1991 ж. сәуір айында Қазақстан Республикасы Білім министрі, профессор Ш.Шаяхметовтің бұйрығымен министрлікке қарасты «Қазаққәсіптехконтакт» қауымдастығының құрамында қазақ тілі терминологиясын қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың жүйелі атқарылуын ұйымдастыру мақсатында ғылыми-әдістемелік орталық құрылды. «Қазаққәсіптехконтакт» қауымдастығының президенті Білім министрінің орынбасары А.Әбдікәкімов болатын, ал оның құрамындағы Терминологиялық сөздіктер орталығына ғылыми жетекшілік жасау маған тапсырылды.

Сол жылдары қазақ тілі терминологиясын қалыптастыруда Болат Әбдікәрімұлының басшылығымен елімізде қыруар істер атқарылғанын біреу білсе, біреу біле қоймас. Соның тек негізгілерін ғана айтар болсам:

– Елімізде жарық көрген және дайындалып жатқан барлық сөздіктер анықталып, олар ғылым салалары бойынша сұрыпталып, топтастырылды;

– 1992 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасының Білім министрлігі А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы, М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институты және «Қазаққәсіптехконтакт» қауымдастығымен бірлесе отырып, салалық терминологиялық сөздіктер жасау жұмысын ұйымдастыру жөнінде елімізде тұңғыш рет Республикалық ғылыми-практикалық семинар өткізілді. Оның жұмысына 30-дан аса оқу орындарының профессор-оқытушылары қатынасты;

– Қазақ терминологиясын жүйелі қалыптастыру мақсатында 27 өндіріс пен ғылым салалары айқындалып, осы салалар бойынша терминологиялық сөздіктердің сапалы жазылуына жауапты адамдар бекітілді және олар гуманитарлық, жаратылыстану, математика және техникалық ғылымдар салалары бойынша топтастырылды;

– Қостілді сала терминологиялық сөздіктерін жазу және қазақ терминологиясының компьютерлік қорын жасау принциптері жан-жақты талқыланып, ортақ пікір қалыптасты;

– Сала терминологиялық сөздіктерін жазуға жауапты адамдарға сол салада жарық көрген және жазылып жатқан сөздіктер мен олардың авторлары туралы мәліметтер беріліп, сөздіктердің сапалы жазылуын қамтамасыз етілуі үшін Республикамыздың түкпір-

түкпірінде еңбек етіп жүрген ғалымдар мен мамандар біріктірілген авторлық ұжым құру қажеттігі тапсырылды.

Жүйелі түрде осынша жұмыс атқарудағы басты мақсат – қазақ тілі терминологиясын қалыптастырумен шұғылданып жүрген зиялы жандарды, сала тіл мамандарын біріктіре отырып, 1994-1996 жылдары бір негізде, бір түрде, бір форматпен жеткілікті мөлшерде қолданылуға тиімді, терминологиялық сөздіктер сериясын шығару болатын. Өкінішке орай, сол жылдардағы қаржы тапшылығына байланысты бұл жұмыс толық орындалмай қалды, әйтсе де осындай ауқымды істер көптеген сөздіктердің сапалы дайындалуына негіз болды.

Бұл Болат Әбдікәрімұлының Қазақстан Республикасы Білім министірінің орынбасары ретінде сан-салалы жұмыстары бола тұрса да, Мемлекеттік тіл статусын алған қазақ тілінің шын мәнінде ғылым мен білім тілі болуы мақсатында ұлтжандылығымен, үлкен азаматтық парасаттылығымен атқарған бір ғана ісі болатын.

Еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру саласының негізін қалаушылардың бірі, әрі оның өсіп-өркендеуіне мол үлес қосқан, осы салада басшылық қызметтерде еңбек етіп жүріп көптеген шәкірттер тәрбиелеген іскер басшы, көптеген ғалымдар дайындаған дарынды ғалым, ұлт жанашыры, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Әбдікәрімұлыныі есімі біздің жүрегімізде мәңгіге сақталады.

БОЛАТ ӘБДІКӘРІМҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫН ДАМЫТУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Айтжан Әбдіров
педагогика ғылымдарының докторы, професссор
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің бірінші проректоры

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының академигі Болат Әбдікәрімұлының педагогика ғылымы саласындағы қажырлы еңбегі өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастау алады. Ол 1996 жылы педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Кәсіптік білімді дамыту теориясы және практикасы» атты тақырыпта диссертация қорғады. Ғылыми кеңесшісі ҚР Ұлттық академиясының академигі, кәсіптік ғылымның патриархы, көрнекті ғалым педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ажес Петрович Сейтешов болды. Болат Әбдікәрімұлының педагогика саласында зерттеу жүргізуіне көрнекті ғалымдар Григорий Абрамович Умановтың, академик Тоқтар Сәлменұлы Садықовтың, Гүл Құмашқызы Нұрғалиеваның қосқан үлесі мол.

1997 жылы Болат Әбдікәрімұлы профессор А.Құсайыновтың арнайы шақыруымен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика кафедрасын басқаруға келеді. Осы жылы Л.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры деген академиялық атағы берілді. Сонымен қатар, еліміздің Жоғары аттестациялық комиссиясы 2001 жылы білікті ғалымға педагогика саласының профессоры атағын берді.

2001-2009 жылдары Астанадағы Еуразия гуманитарлық институтында педагогика кафедрасының меңгерушісі, сосын профессоры болып қызмет етеді. Оның қызметтік негізгі бағыты - білім беруде кәсіби дайындықты дамыту болып саналады.

2002 жылдан бастап Болат Әбдікәрімұлының тікелей басшылығымен Еуразия Гуманитарлық институты жанында педагогика ғылымдары саласы бойынша алдымен кандидаттық диссертация қорғайтын К 14.50.09 ғылыми кеңесі ұйымдастырылды да, кейінен 2008 жылдан ғылыми кеңес жаңа ғылым докторларымен толықтырылып, 13.00.01 –

«Жалпы педагогика, педагогика және білім беру тарихы, этнопедагогика» және 13.00.08 — «Кәсіби білім беру теориясы мен әдістемесі» мамандықтары бойынша педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беретін *С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетімен* БД 14.50.09 біріктірілген диссертациялық кеңес болып қайта құрылды. Болат Әбдікәрімұлы осы кеңестің төрағасы болып, мен төрағаның орынбасары ретінде, осы кеңеске келіп түскен диссертациялық жұмыстарды ғылыми тұрғыда талдап, кезінде әртүрлі тақырыптарға пікір алмасуға тура келді. Ғылыми семинарларда қарастырылып отырған ғылыми зерттеулерді сараптап, қорытындылағанда Болат Әбдікәрімұлы білім дәрежесінің өте ауқымды, педагогика ғылымдарының қай саласында болсын терең және байыпты ой толғап, зерттеушілерге жасайтын ескертпелері, диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейін, оның мән-мағынасын тереңдете түсумен қатар, зерттеудің қолданылу аясын кеңейте түседі. Аспиранттар, ізденушілер өз зерттеулерінің ғылым үшін қазіргі заман талабына сай озық технологияларды пайдаланып, оқыту үрдісін жақсартудың сан алуан әдістемелерін пайымдап, білікті маман дайындауға өз үлестерін қосуға мүмкіндік алатындықтарын, зерттеулерінің қажеттілігін толық сезініп, әрқашан ұстазына алғыстарын айтып жатады.

Б.Әбдікәрімұлы - педагогика ғылымының майталманы бола тұрып, оның іргелі мәселелерін зерттеуге бағыт берді, жол сілтеді. Ол педагогика саласының белгілі ғалымдары, өзінің достары мен әріптестері РБА академигі Б.К.Момынбаев, профессор В.В.Егоров, Н.Б.Қалабаев, А.А.Әлімбаев және т.б. еңбегін бағалап, бізге үлгі етіп ұсынды. Осылардың ішінен, әсіресе Виктор Владимирович Егоровты ерекше құрметтейтін еді, онымен кәсіптік-техникалық, педагогиканың барлық мәселелері мен проблемалары туралы пікірлер мен ойларын бөлісетін. Қарағанды политехникалық институтының түлегі, үлкен өндірістік мектептен өткен В.В.Егоров жоғары зиялы кісі, әдебиет, поэзия, музыка, спорт, шахмат білгірі, әзіл-қалжыңды түсіне білетін кең пейілді адам, ал кісімен сөйлесуі үлкен сүйсіну сезімін тудырады. 1999 жылы Болат Әбдікәрімұлы В.В.Егоровпен бірлесіп, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде педагогика бойынша кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесті ашып, оның төрағасы В.В.Егоров, төрағаның орынбасары Б.Әбдікәрімұлы болды.

Жоғары кәсіби білім беруді ақпараттандыру және онымен байланысты оқытуды технологияландыру үдерісін жүзеге асыру жаңа ақпараттық технологияларды, соған сәйкес оқыту әдістері мен түрлерін енгізу әлеуеті ақпараттық өнімдердің, құралдардың, технологияның негізінде педагогикалық үдерістерді қайта құруға байланысты шаралар кешенін қабылдауды қажет етті. Осы мәселенің шешімін табуда Б.Әбдікәрімұлының жетекшілігімен бірнеше докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалып, жоғары білім беру теориясы мен тәжірибесі бойынша елеулі ғылыми жаңалықтар ашылды. Атап айтсақ: жоғары оқу орындарында бағдарламалау тілін оқытудың әдіснамалық негіздері; студенттердің кәсіптік-ақпараттық бағыттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері; инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіру жүйесі; оқытудың ақпараттық технологияларын іске асыруға жоғары оқу орындарында педагогтарды даярлаудың шарттары; заңгерлерді даярлауда ақпараттық технологияларды пайдалану мазмұны, т.б.

Кредиттік оқыту жүйесі сабақты жекелей жоспарлау негізінде өздігінен білім алудың және жекелендіру арқылы білімді шығармашылықпен игерудің деңгейін көтеруге, әлемдік стандартқа сай білім беруді қамтамасыз етуге, барынша сапалы білім беру арқылы біліктілігі жоғары және еңбек нарығында бәсекелестікке төтеп бере алатын мамандарды даярлауға мүмкіндік береді. Б.Әбдікәрімұлының осы мәселе бойынша жазылған ғылыми еңбектері жоғары оқу орындарының іс-тәжірибесіне ендіріліп, өз нәтижесін көрсетті.

2009 жылы біздің университте жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша барлық мамандықтар бойынша ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура және докторантура бөлімінде оқитын білім алушылардың саны арта бастағанда, педагогика саласының білікті ғалымы Б.Әбдікәрімұлы менің шақыруыммен, «Кәсіптік білім беру»

кафедрасының профессоры қызметіне келді. Өмірінің соңғы күндеріне дейін еңбек еткен ортасы – кәсіптік білім беру кафедрасының дамуына, жас мамандарды тәрбиелеу ісіне көп еңбек сіңірді. Кәсіптік білім беру мамандығының студенттері мен магистранттарына арнап бірнеше оқу құралдарын, электрондық оқулықтарды және әдістемелік нұсқауларды жазды. Ғалымның жарық көрген 13 томдық ғылыми еңбектер жинағы оқу үдерісінде кеңінен қолданылады. Солардың ішінде «Кәсіптік педагогика», "Техникалық және кәсіптік білім берудегі бейіндік оқыту", «Қазіргі заманғы кәсіптік білім берудің теориясы мен тәжірибесі» атты оқу құралдарын ерекше атап өтуге болады.

Болат Әбдікәрімұлы біздің университетіміз үшін ғалым мамандарды даярлау ісіне де белсене ат салысты. Оның жетекшілігімен бірнеше магистрлер дайындалды. «Кәсіптік білім беру» мамандығы бойынша докторантураның ашылуына ұйытқы болды. Бүгінде университетімізде Болат Әбдікәрімұлының ғылыми мектебінде тәрбиеленген шәкірттері жемісті еңбек етуде.

Біздің университетте қызмет еткен жылдары егемен еліміздің өсіп-өркендеуіне қажетті білікті мамандар дайындауға өзінің айтулы сүбелі үлесін қосты, қажырлы еңбегі үшін «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің құрметті қызметкері» төс белгісімен марапатталды.

Халқына адал еңбек еткен, еліміздің кәсіптік-техникалық саласының дамуына өлшеусіз мол еңбек сіңірген, терең ойлы ғалым, ұстаз, ақжарқын, кең жүрек, ұлтжанды тұлға Болат Әбдікәрімұлының есімі біздің есімізде мәңгі сақталады.

ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ-ШӘКІРТКЕ СЫН

Қарлығаш Сарбасова
педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру» факультетінің деканы

Ұстазым Болат Әбдікәрімұлымен 1999 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде педагогика бойынша кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің мәжілісіне келгенде алғаш рет жүздестім. Сол кезден басталған шығармашылық ынтымақтастығымыз Болат ағайды менің ұлы ұстазым, мені ұстазымның адал шәкірті деңгейіне жеткізгенін уақыт көрсетіп отыр.

2014 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Болат Әбдікәрімұлының көзі тірісіндегі соңғы мерейтойы 75 жасқа толған туған күні айрықша атап өтілді. Мерейтойға дайындық 2013 жылы басталуы керек болатын. 2013 жылы мен Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипедиясының иегері болып, Ұлыбританияға Ридинг Университетінде ғылыми тағылымдамадан өтуге кеттім. Осы жылдың желтоқсан айында тағылымдамадан келіп, Болат ағаймен мерейтой туралы ақылдасу үшін кабинетіне келсем, ағайым қатты жүдеп, сырқаттанып қалған екен. Маған «Қарлығаш, 75-жылдық мерейтойды атай алмайтын шығармыз, өйткені менің денсаулығым сыр беріп тұр және мерейтойға дайындалуға менің шамам жетпейтін сияқты, сен болсаң енді ғана келдің, 2 айдың ішінде ұйымдастырып үлгермейсің»,-деді. Ұстазымның көз жанарынан мерейтойдың өтуін әржағы қалап тұрғанын сездім де, бір күдік, бір үмітпен мерейтойды ұйымдастырып, өткізуді өз жауапкершілігіме алып: «Жоқ, ағай, үлгеремін. Барлық өміріңізді келешек ұрпақ үшін білім мен ғылымға арнап, қаншама шәкірттер тәрбиелеген сіздің мерейтойыңыз міндетті түрде атап өтілуі керек. «Ұстазға құрмет-шәкіртке сын» деген халқымыздың киелі даналығы бар, сіздің қасыңызда жүріп, мен қалай мерейтойды ұйымдастыра алмаймын»,- дедім. Ұстазым бір қуанып, бір қобалжып, маған үлкен сеніммен қарады да, «жарайды онда, өткізем десең өзің біл»,- деп қысқа қайырды. 2014 жылдың 7-қаңтарынан басталған дайындық жұмыстары 17-ақпанда мерейтойдың жоғары деңгейде өтуі, жиналған қауымның көңілінен шығуымен аяқталды. Мерейтойдың

сәтті өткеніне ерекше қуанған ұстазым ертеңінде таңертең маған қоңырау шалып, шынайы ризашылығын білдіріп, батасын берді. «Бұл конференцияны өз деңгейінде өткізу сенің ғана қолыңнан келетінін білгенмін, үлкен сенімімді ақтадың, саған үлкен рахмет»,- дегенде, мен Болат ағайдай ұлағаты мол ұстазға шәкірт болу бақытын нәсіп еткен «Аллаға шүкір»,- дей отырып, ұстазымның еңбегінің ақталғанына шын қуандым. Бұл кезең Болат ағайдың өмірінің соңғы сәттері болатын. Мерейтой өткеннен соң араға 10 күн салмай, 1-наурызда қабырғамызды қайыстырып, жанымызды ауыртып ұстазым дүниеден өтіп кетті.

Сол уақыттан бастап, енді менің алдыма «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген ұстаныммен Болат Әбдікәрімұлының артында қалдырып кеткен шығармашылық мол мұрасын жас ұрпаққа тәрбие беру ісінде пайдаланып, еліміздің игілігіне жарату міндеті тұрды.

2015 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде **Болат Әбдікәрімұлы атындағы «Тұлғаның заманауи психологиялық мәселелері» ғылыми-практикалық зертханасы** ашылды. Бұл зертхана білім алушылардың сапалы білім алуына, ғылыми ізденістерін жетілдіруге арналған. Мұнда Болат Әбдікәрімұлының ғылыми еңбектері топтастырылды және ғалымның жеке кітапханасынан жас ғалымдар үшін құнды ғылыми басылымдар жинақталды. Ғалымның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында ашылып отырған бұл зертхана бүгінде артына мол педагогикалық мұра қалдырған, өскелең ұрпақ үшін өнегелі өмір үлгісі болып табылатын Болат Әбдікәрімұлының рухымен ірі шығармашылық ұяға айналып, оның күш-қайратын сарп етіп жазған еңбектері сан мың шәкірттер жанына таусылмас қазына, жарқырай беретін шамшырақ болып отыр.

«Ғибратты ғұмыр: Тұлға. Ұстаз. Ғалым» атты кітап республикалық деңгейдегі «Жасыл орда» баспасынан шықты (құрастырушылар А.М.Әбдіров, В.В.Егоров, Қ.А.Сарбасова).

Кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Болат Әбдікәрімұлының адамдығы асқақ азаматтық даралықтан даналықтың дариясы ел ақсақалы деңгейіне көтерілуіне негіз болған өнегелі өмір жолынан тың деректер жинақталды. Екінші бөлімде ғалым-ұстаздың соңғы жылдары жарияланған ғылыми мақалаларының жинағы, негізгі еңбектері жайлы мәліметтер, сондай-ақ, оның басшылығымен қорғалған докторлық, кандидаттық және магистрлік диссертациялардың тізімі топтастырылды. Ал үшінші бөлімге көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз туралы жазылған естеліктер топтастырылған. Ақыл-ойдың асыл қазынасындай болған парасатты тәлімгер, Алаш рухын ардақтаған арқалы азамат, ардақты тұлға жайлы әріптестері мен шәкірттерінің естеліктерінен оқырман Болат Әбдікәрімұлының азаматтық, ғалымдық, ұстаздық тұлғасын толық көре алады. Ұстазым Болат Әбдікәрімұлының кәсіптік білім беру саласын заманауи биік талаптар тұрғысынан зерделеп, жастарды тәрбиелеудегі ерен еңбегі, адами тұлғасы, биік парасаты жайлы сыр шертетін бұл жинақ болашақ ұрпаққа ғибрат алар үлгі-өнегеге толы деп есептейміз.

http://www.bolat-abdikarimuly.kz сайты жасалды, онда Болат Әбдікәрімұлының өмірбаяны, ғылыми еңбектері, шәкірттері туралы толық ақпарат пен өмірінің әр жылынан сыр шертетін фотосуреттері берілген. Барлық ғылыми еңбектері қолжетімді және тегін пайдалануға ұсынылды.

Сонымен қатар, жыл сайын Болат Әбдікәрімұлының туған күні қарасаңында **«Профессор Болат Әбдікәрімұлы және кәсіптік білім беру»** атты еске алуға арналған арнайы шаралар өткізіліп тұрады.

Бүгінде аяулы ұстазымды сағынышпен еске аламын, оның есімі Қазақстан ғылымы мен білім беру тарихына алтын әріптермен жазылып, жарқын бейнесі халқының жүрегіне мәңгі сақталады.

Ұлағатты мол ұстазымыз Болат Әбдікәрімұлының 80 жылдық мерейтойын атап өту, оның тағылымын құрметтеу біз үшін әрі парыз, әрі қарыз, әрі борыш болып табылады.

БІЛІКТІ ҒАЛЫМ ЖӘНЕ ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЕДІ

Сейітқали ДҮЙСЕН
Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,
педагогика ғылымдарының кандидаты

Арамызда жүргенде биыл Болат аға өзінің 80 жылдығын атап өтер еді. Болат Әбдікәрімұлы (1939-2014) отандық ғылым мен жоғары білім беру саласында өзіндік орны бар көрнекті ғалым болды. Ол тек педагогика емес, экономика ғылымы саласында да шәкірттер тәрбиелеген және жауапты мемлекеттік қызметтер атқарған беделді, елге танымал азамат болды.

Ел тәуелсіздігінің алғашқы қиын жылдарында Білім министрінің орынбасары қызметін атқарды. Халық сеніміне ие болып 13-ші сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Педагогика ғылымы бойынша республикамызда жоғары кәсіби білім берудің теориясы мен тәжірибесінің негізін қалағандардың бірі бола білді.

1939 жылы 19 ақпанда Қарағанды облысының Нұра кентінде өмірге келген Болат Әбдікәрімұлының балалық шағы соғыс кезіне кездесіп, 7 жасында әкесінен жетім қалып, бауырларымен бірге анасына көмекші болып отбасының мойнына түскен ауыртпалықты бірге көтерісті.

Жастайынан еңбекпен шыңдалып өскен Болат Әбдікәрімұлы орта мектепті жақсы аяқтап, 1962 жылы Қарағанды политехникалық институтын тау-кен инженер электромеханигі мамандығы бойынша бітіріп шығады. Содан соң Қарағанды облысындағы Шахан кентінде шахтада еңбек жолын бастайды.

Келесі жылы кәсіптік-техникалық училищеге оқытушы болып орналасып ұстаздық қызметке біржола ден қояды. Қазақ және орыс тілдерін жете меңгерген, өз ісіне берілген білімді, әрі боксшы жігіт еңбек ұжымында тез танылып басшылар назарына да ілінеді. Жас жігітті училище директорының орынбасары етіп тағайындайды.

Бес жылдан соң Қарағанды облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының орынбасары, 1973-1983 жылдары Жезқазған облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының бастығы қызметтерін абыроймен атқарып білікті басшы, ұйымдастырушы ретінде көрінеді.

Осыдан соң республикалық Мемлекеттік кәсіптік-техникалық білім беру комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1990-1994 жылдары Білім министрінің орынбасары қызметінде жүріп кәсіптік білім берудегі шетелдік тәжірибелерді зерттеп елімізде қазақ-неміс, қазақ-түрік техникалық мектептерін ашуға бастамашы болып, елімізде жұмысшы мамандарды оқытудың шетелдік озық тәжірибесін пайдалануға негіз қалады.

1996 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты аппаратында сектор меңгерушісі қызметін де атқарды.

Қайраткерлігін ғылыми ізденіспен ұштастыра білген Болат Әбдікәрімұлы мемлекеттік қызметтерде жүріп, ауылшаруашылығы өндірісін маман кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін зерттеумен айналысып Ленинград қаласында 1990 жылы экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғайды.

Жинақтаған мол білімі мен тәжірибесін енді жоғары оқу орындарында ұстаздық қызметпен ұштастырады. Алты жылдан соң кәсіби педагогика мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғайды, профессор атанады.

Болат Әбдікәрімұлы 1996-2009 жылдары Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Еуразия гуманитарлық институтында (ЕАГИ) Педагогика кафедрасының меңгерушісі болып қызметтерін абыроймен атқарды.

2004-2009 жылдары Еуразия гуманитарлық институты жанындағы Кандидаттық

және докторлық диссертациялар қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы қызметін қоса атқарып бірқатар ғалымдарды даярлап шығарды. Болат Әбдікәрімұлы 1990-2014 жылдар арасында ғылыми және ұстаздық қызметінде 76 ғылым кандидаттары мен докторларын даярлап өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Бұл кісінің ғылыми жетекшілігімен диссертациялар қорғаған талай шәкірттері еліміздің әр аймағында білім беру мен ғылым және басқа салаларда еңбек етуде. Артына 13 томдық ғылыми мұрасын қалдырды. Ұстаз-ғалым осылайша отандық педагогика ғылымының елеулі табыстарға жетуіне, заманауи сұраныстарға жауап беруіне өзіндік үлесін қосты.

Болат ағаның көптеген шәкірттерінің бірі ретінде мен де ол кісінің мейірімділігін, терең білімділігін, ұстаздық ұлағатын ілтипатпен жиі еске аламын. Ары таза, жаны жайсаң Болат Әбдікәрімұлы әрқашан студенттердің ақылшысы, қамқоршысы ретінде көріне білді.

Үлгілі отбасының иесі болған, өзінің мінез-құлқымен, адамгершілік қасиеттерімен араласқан ортасында қадірлі ақсақал, халық құрметіне бөленген ғалым-ұстаз Болат аға бейнесі отбасы мен туған-туысқандарының, әріптестері мен шәкірттерінің есінде мәңгі сақталады деп сенеміз.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ!
(Болат Әбдікәрімұлының туғанына 80 жыл)

Жабай Қалиев
ҚР БҒМ Мемлекет тарихы институты
Ғылыми-ақпарат бөлімінің басшысы,
педагогика ғылымдарының кандидаты

«Сағынып, Нұра, мен келдім,
бұрынғы иең - байғұсың...
Сырыңды айтшы сен маған,
атамыздың жайлауы!»
Сәкен Сейфуллин

«Адамның басы – Алланың добы», - дегендей Нұраның азаматтары қызмет бабымен, әртүрлі себептермен «жат жерде талай елмен болды таныс». Бірақ та, қайда жүрсе де ел намысын, жер қасиетін биік көтеріп «Нұра азаматы», - деген атаққа кір келтірмей «бұл дүниеге аяқ басып туған жер, кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер», - деп жүректері алып ұшып «Ел қайда, Есіл қайда, Нұра қайда?», - деп жеткенше асығады.

Есіл, Нұра екі су,
Еңкейіп онан бетің жу.
Бірің шекер, бірің бал,
Бетеге, көде, жауылша
Шулап түрған бәрі нәр,
Кетейін деп кетпедім,

Тәңірі құдай болсын жар - дейтін ел аузындағы ескі өлең осындай сағыныштан туған болар. Мәңгілік Ел болуға бет алған еліміздің болашақтағы беріктігі мен қуаттылығы қазіргі және келер ұрпақтың бойына отансүйгіштік рухын сіңіруге байланысты екендігі белгілі. Сондықтан да Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласындағы «... Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы», - деген сөздері Отандық ғалымдардың алдына үлкен міндеттер қоятындығы анық.

Бүгінгі күні ортамызда жүрсе 80 жасқа толатын Нұрадан түлеп ұшқан азамат, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Болат Әбдікәрімұлы еліміздегі осындай жоғары талаптың биігінен орын алып отырған ғалымдардың алдыңғы қатарында болды. Болат Әбдікәрімұлы кеңес заманында кенжеленіп келген еліміздің кәсіптік-техникалық

білім беру саласын Тәуелсіз мемлекеттің сұранысына сай зерделеу ісінің нақты бастаушыларының бірі болды.

Болат Әбдікәрімұлының өткен өмір жолын талдаудан өткізетін болсақ, ол ғылыми-шығармашылық және оқытушылық өмірін түгелге жуық Қазақстанның кәсіптік-техникалық білім беруін зерттеуге арнады. Ғалым бүгінгі күнге дейін алыс, жақын шетелдерде, республикамыздың ғылыми басылымдарында жарияланған 300-ден астам ғылыми мақалалардың авторы. Сондықтан да зерттеушінің осындай жоғары талап тұрғысында дайындалған 13 томдық ғылыми еңбектері еліміздің оқырман қауымы арасында кәсіптік-техникалық білім берудің бағыттары мен кезеңдерін жариялаудағы құнды еңбектер ретінде бағаланып отыр.

Қазақстан Республикасы көлемінде Болат Әбдікәрімұлының жетекшілігімен 12 педагогика ғылымдарының докторы, 60 педагогика ғылымдарының кандидаты, 4 экономика ғылымдарының кандидаты және 6 магистрлік диссертация қорғалған.

Абай атамыз: «Ғылым - инемен құдық қазғандай», - деп бекер айтпаған ғой... Қарапайым слесарь мамандығынан бастап Қазақстан Республикасы Білім министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты дәрежесіне дейін көтерілген - Болат Әбдікәрімұлының өмірі жүректері елім, жерім деп соғатын жастарға өнеге.

Ғалымның есімі Қазақстаннан асып, әлемнің көптеген елдері ғылыми орталарына да белгілі. Ол ТМД аймағы, алыс шетелдердегі халықаралық ғылыми конференцияларға үнемі белсене қатысып, өзекті мәселелерге арналған ғылыми баяндамалар жасады. Әлемнің бірнеше мемлекеттерінің ғылыми орталықтарының жоғары марапаттауларының иегері атанды. Атап айтар болсақ, Ресей кәсіптік білім беру академиясының толық мүшесі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшесі.

... Кім білмес Оралбай мен Болат атын,

Ерлер бұл ауыз тола мақтанатын.

Тазагүл бізден шыққан тұңғыш әйел,

Ғылымның докторы деп аталатын, - деп, текті ұрпақ жайлы жырлаған Нұралық ақын Махмет Теміруұлы.

Қазақстанға таңымал ғалымдарымыздың бірегейі, кісілігі мен парасат-пайымы, кемелдігі мен кемеңгерлігі, батылдығы мен бағландығы өн бойына жарасқан, төбеден қылыш төнсе де төменшіктемей, ақиқатты ақтарып салатын азамат ағамыз - Болат Әбдікәрімұлын замандастары мен шәкірттері бұл күндері тағы бір сағынышпен еске алуда.

Болат Әбдікәрімұлы мыңдаған маман дайындады, шәкірттерінің басым бөлігі қазіргі уақытта Қазақстанның барлық аймақтарындағы орта, жоғары білім беру, мемлекеттік қызмет салаларында нәтижелі жұмыстар атқаруда.

Болат Әбдікәрімұлы университеттің профессоры ретінде өзі оқитын дәрістер мен тәжірибе сабақтарының мазмұнды да жаңашылдықпен өтуін басты назарда ұстаған. Оның осындай жемісті еңбегінің куәсі – Қазақстан жоғары оқу орнының үздік оқытушысы атағын алуы болып табылады.

Болат Әбдікәрімұлы еліміздің қоғамдық жұмыстарына да белсене қатысты. Өзінің туған өлкесіндегі кез келген келелі мәселелерді шешу ісінің басында тұрды. Қарағанды облысы Нұра ауданының орталығы Нұра кентінде, яғни өзі дүниеге келген елді мекенде мешіт салуға атсалысты.

Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Нұра ауданының Құрметті азаматы, Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университетінің Құрметті қызметкері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Педагогикаық ғылымдар академиясының академигі Болат Әбдікәрімұлының 80 жылдық мерейтойы құтты болсын.

«Нұраны мақтамаймын тіпті текке, онсыз да Нұра таныс талай шетке», - демекші, Нұра елінің атын шығарған, шығарып келе жатқан, әлі де шығаратын әйгілі ұл мен қыздары аман болсын!

I СЕКЦИЯ

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

ИННОВАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТЕХНИЧЕСКОМ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИЯИ

МОДЕРНИЗАЦИЯ СИСТЕМЫ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Бимендина Асима Темкеновна
Заместитель Председателя Правления
НАО «Холдинг «Кәсіпқор»
г. Астана

Создание в Казахстане современной высокоэффективной системы образования является одним из важнейших условий для достижения стратегической цели, поставленной Президентом Нурсултаном Назарбаевым для вхождения в число 30-ти наиболее конкурентоспособных государств мира.

В Стратегическом плане развития Республики Казахстан до 2025 года сказано: «главная цель до 2025 года – добиться качественного и устойчивого подъема экономики, ведущего к повышению благосостояния людей на уровень стран Организации экономического сотрудничества и развития» [1].

По инициативе Президента страны Н. Назарбаева в Казахстане начат процесс модернизации системы технического и профессионального образования *(далее-ТиПО),* главная цель которой подготовка конкурентоспособных специалистов.

НАО «Холдинг «Кәсіпқор» ведет работу по модернизации всей системы ТиПО РК, которая *сконцентрирована на четырех стратегических направлениях:*

1) обновление содержания образовательного процесса ТиПО;
2) повышение качества преподавания ТиПО;
3) повышение престижа и эффективности ТиПО;
4) развитие действующих учебных заведений ТиПО по востребованным и инновационным направлениям экономики.

1) Обновление содержания образовательного процесса ТиПО.

Содержание современных образовательных программ должно быть практикоориентированно, направлено на формирование профессиональных навыков и умения качественно выполнять технологические операции.

В связи с этим Холдингом «Кәсіпқор» разработаны 74 новые образовательные программы по приоритетным специальностям Государственной программы индустриально-инновационного развития РК в соответствии с международными требованиями и учитывающие потребности казахстанских работодателей и международные стандарты WorldSkills. К разработке этих программ в качестве консультантов привлекались ведущие международные эксперты для учета мировых тенденций и современных технологий обучения.

В 2016-2018 гг. **актуализированы 246 типовых учебных планов и программ** по специальностям ТиПО, основанных на модульно-компетентностном подходе и учитывающих двухуровневую интеграцию. 141 из них утверждены приказом МОН РК от 31 октября 2017 года, 105 проходят процедуру утверждения.

Целями обучения выступают профессиональные компетенции, отражающие трудовые функции специалиста, определенные работодателем и социальным партнером организаций ТиПО.

Средством достижения компетенций является модульное построение структуры и содержания обучения, которое позволяет реализовать требования профессиональных стандартов в образовательном процессе. Преимущество модульной программы, основанной на компетенциях, в том, что её гибкость позволяет своевременно реагировать на изменения в сфере труда. Это требует от учебного заведения постоянной обратной связи с работодателем в части учета требований к знаниям и умениям работников. Таким образом, из подготовки работника исключается устаревшая информация, происходит перераспределение в сторону действительно необходимой суммы знаний, которые в итоге позволяют сформировать профессиональные компетенции.

Кроме того, актуализированные типовые учебные планы и программы по специальностям ТиПО обеспечивают уровневую интеграцию, которая позволяет осваивать рабочую квалификацию (1 или 2) перед получением квалификации специалиста среднего звена. Все содержание программы основано на достижении выполнения конкретных действий, т.е. акцент образования смещается на овладение умениями и навыками, и на практические, а не теоретические знания.

В связи с этим рассматривается **вопрос сокращения количества часов общеобразовательных дисциплин** (600 ч на 5 дисциплин) в пользу профильных предметов и практического обучения. Обязательными дисциплинами, формирующими базовые знания, вне зависимости от профиля являются: математика, история Казахстана, начальная военная и технологическая подготовка. Остальные дисциплины: физика, химия, информатика, биология, география, всемирная история, литература – являются профильными и относятся к предметам по выбору. Общеобразовательные дисциплины (включающие в себя языки, самопознание и физическую культуру) переносятся на базовые модули.

Таким образом, объем времени, отведенный на изучение общеобразовательных дисциплин, сохраняется, но делается уклон на профильное обучение. Это позволит колледжам максимально эффективно использовать срок подготовки кадров и выпускать для рынка труда подготовленного специалиста.

С 2012 года по 2018 год Холдингом разработаны **новые образовательные программы по 74 специальностям и 185 квалификациям.** В 2016-2017 учебном году в 87 колледжах внедрено 27 новых образовательных программ, в 2017-2018 учебном году в 157 колледжах - 29 программ.

В системе высшего образования сформирована своя национальная модель кредитной технологии обучения, а в системе ТиПО только отдельные колледжи осуществляют подготовку кадров, используя данную технологию обучения. Для обеспечения преемственности всех уровней образования осуществляется поэтапный переход на кредитно-модульную технологию обучения системы ТиПО. На сегодняшний день в ГОСО уже предусмотрены кредиты, равные 30 академическим часам. Один академический час равен 50 минутам.

В текущем году планируется начать работу по **разработке механизма описания оценки и перезачета результатов обучения,** как на уровне ТиПО, так и ВУЗа. В настоящее время обобщен опыт создания национальных систем зачетных единиц стран Европейского Союза, России и Узбекистана. Ведется диалог с экспертами и разработчиками проектов FinCVET, RuCVET. Вся эта работа в перспективе будет способствовать созданию национальной системы зачетных единиц по примеру Европейской кредитной системы для профессионального образования и обучения (ECVET). Реализация данной системы в ТиПО обеспечит непрерывность, преемственность и признание результатов обучения всех уровней образования, повысит мобильность трудовых ресурсов, а также послужит признанию и накоплению результатов обучения по формальному и неформальному обучению.

Одной из проблем ТиПО являлась нехватка учебников и учебно-методических пособий, в том числе на государственном языке. В связи с этим в 2016 году 95 учебников

было переведено с английского на государственный и русский языки и размещены на сайте Холдинга, 5 учебников по IT-специальностям опубликованы на английском языке. У наших студентов и преподавателей появилась возможность пользоваться учебной литературой международного уровня в сфере ТиПО. В 2017 году **завершен перевод 400 наименований** учебников российских авторов на государственный язык.

В Закон РК «Об образовании» внесено понятие прикладного бакалавриата [2], в связи с чем Холдингом начата работа по внедрению прикладного бакалаврита в организациях ТиПО. Прикладной бакалавриат даст студентам возможность за короткий цикл обучения получить востребованную на рынке труда специальность, а также расширит возможности трудоустройства согласно полученным квалификациям. Для работодателей он дает возможность получить готового специалиста с прикладными квалификациями и сокращает срок адаптации выпускников к реальному производственному процессу. 21 ноября 2017 г. МОН РК утверждена Дорожная карта по внедрению прикладного бакалавриата в организациях ТиПО. В 2018 г. по инициативе Управлений образования регионов МОН РК определены 46 пилотных организаций образования по внедрению прикладного бакалавриата и кредитной технологии обучения. На сегодняшний день **программы прикладного бакалавриата внедряют в 27 колледжах** из 46 по 40 специальностям ТиПО.

2) Повышение качества преподавания ТиПО.

Повышение качества преподавания напрямую связано с **повышением квалификации инженерно-педагогических работников** системы ТиПО.

НАО «Холдинг «Кәсіпқор» проводит обучение по таким актуальным темам, как преподавание специальных дисциплин на английском языке, внедрение кредитно-модульной технологии обучения в ТиПО, реализация образовательных программ прикладного бакалавриата, модульно-компетентностного подхода, эффективное управление организацией ТиПО и внедрение системы менеджмента качества в образовании на основе международного стандарта ISO 9001.

В 2017 году прошли обучение 5200 человек, из них 4900 инженерно-педагогических работников *(1514 мастеров производственного обучения, 3386 преподавателей специальных дисциплин)* и 300 руководителей. В 2018 году прошли обучение 5200 человек, из них 4900 ИПР *(1507 мастеров производственного обучения, 3393 преподавателя специальных дисциплин)* и 300 руководителей. Всего за два года обучено 10400 человек. Холдингом проведена работа по обучению внештатных тренеров (в 2016 г. обучили 285 человек), в настоящее время по республике работают 247 внештатных тренеров.

3) Повышение престижа и эффективности ТиПО

Одной из задач Государственной программы развития образования и науки РК на 2016 – 2019 годы является повышение престижа и эффективности ТиПО.

С 2014 года Казахстан вступил в движение WorldSkills и стал 70-м участником WorldSkills. С 2015 года Казахстан проводит Национальные чемпионаты WorldSkills.

11-16 августа 2015 г. Национальная сборная РК приняла участие в 43-м мировом чемпионате Worldskills Competition-2015 в г.Сан-Паулу (Бразилия) по 7 компетенциям. Итог чемпионата - 2 медали (медаль «Best of Nation» и медаль WorldSkills Competition).

С 30 ноября по 5 декабря 2016 г. 5 победителей приняли участие в **Европейском чемпионате EuroSkills'16** в г. Гётеборг в Швеции. Копилка страны пополнена еще одной медалью «Best of nation».

По итогам Национального чемпионата 2017 г. команда РК приняла участие в финале V **Национального чемпионата России в г.Краснодар** по 22 компетенциям и завоевала 8 серебряных и 14 бронзовых медалей, а также получили Скиллс паспорта (Skills passports).

С 14 по 19 октября 2017 г. сборная РК приняла участие по 23 компетенциям в 44-ом мировом чемпионате **WorldSkills Competition г. Абу-Даби** (итог - 24-е место в общекомандном зачете и 47-ое место в медальном зачете).

С 26 по 28 сентября 2018 года в г. Будапешт состоялся **VI-ой европейский чемпионат EuroSkills'18.** Участвовало 29 стран, 600 конкурсантов, наша команда

участвовала по 23 компетенциям. Итог - по среднему баллу заняли 27-ое место, в медальном зачете – 22-ое место, в общекомандном зачете – 10-ое место и впервые истории WorldSkills Kazakhstan завоевали медальон «Medallion for Excellence».

1-8 декабря 2018 г. прошел IV Республиканский чемпионат WorldSkills Kazakhstan – 2018 по 30 компетенциям. Приняли участие 312 участников из всех регионов Казахстана. 5 декабря 2018 г. конкурсную площадку чемпионата посетил Премьер-Министр РК Сагинтаев Б.А., а 7 декабря на церемонии закрытия чемпионата Глава Правительства вручил грамоты и медали победителям чемпионата. Победители примут участие в мировом чемпионате WorldSkills Kazan – 2019. С каждым годом увеличивается количество компетенций, (в 2015 г. - 7, в 2018 г.- 30) и участников (в 2015 г. -70, в 2018 г.- 312).

2019 год Глава государства Н. Назарбаев объявил Годом молодежи. На церемонии открытия Года молодежи (23 января 2019 г.) Президент РК отметил, что «Важным для молодого человека является получение первой рабочей профессии. Один из ключевых приоритетов в этом вопросе – развитие системы качественного ТиПО. Правительству необходимо разработать программу «Жас маман» по принципу «100/200». За три года она охватит 200 тысяч молодых людей по всей стране. В ее рамках будут готовить специалистов по 100 наиболее востребованным профессиям. В каждом регионе по обновленной учебной программе будут работать минимум 1 передовой ВУЗ и 10 колледжей…» [4].

Программа «Жас маман» направлена на улучшение сферы занятости, системы ТиПО и будет реализована по принципу «100/200», т.е. подготовка специалистов будет осуществляться по 100 наиболее востребованным профессиям на базе 200 модернизированных учебных заведений: вузов (20) и **колледжей (180).**

В результате **реализации Программы «Жас Маман»** в течение трех лет будет осуществлена модернизация ключевых специальностей 20-ти вузов и 180 колледжей, подготовлено свыше 210 тысяч квалифицированных кадров. Реализация Программы «Жас маман» даст новый импульс процессу подготовки квалифицированных кадров для рынка труда.

Кроме озвученных инноваций, Холдинг «Кәсіпқор» ведет работу по Туринскому процессу (с 2010 г.), занимается разработкой специальных учебных программ для лиц с особыми образовательными потребностями, проводит работу с базовыми колледжами, в соответствии с 77 шагом «Плана нации - 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ» Главы государства Н.Назарбаева, ведет рейтинг организаций ТиПО, работу с учебно-методическими объединениями по профилям, проводит республиканские семинары, конференции и т.д.

Таким образом, инновации в ТиПО - естественное и необходимое условие его развития в соответствии с постоянно меняющимися потребностями общества. Характер, скорость и эффективность инновационных процессов в различных отраслях экономики существенно зависят от характера и эффективности инновационной деятельности в сфере образования.

Список литературы

1. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года. Источник: http://economy.gov.kz.
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 04.07.2018 г.). Источник: ИС Параграф WWW http:///online.zakon.kz.
3. Государственная программа развития образования и науки РК на 2016 – 2019 гг., утвержденная постановлением Правительства РК от 24 июля 2018 г. № 460.
4. Выступление Президента Казахстана Н.А. Назарбаева на торжественной церемонии открытия Года молодежи. Источник http://www.akorda.kz.

АНДРАГОГИКАЛЫҚ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ЕРЕСЕКТЕРДІҢ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУЫ

Менлибекова Г. Ж.
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Ересектердің кәсіби дамуының үздіксіз қарқынды сипат алуы заманауи еңбек нарығындағы бәсекеліктің заңдылықтарынан туындап отырғаны белгілі. Ересектерге білім беретін ересек-оқытушылар үздіксіз білімнің ілгерілеуінде үлкен рөл атқарады.

Robert Barron, J. Omar Brubaker және Robert E. «Адамдарды түсіну» атты еңбектерінде «Адам өмірінің үш кезеңі (балалық шақ –туғаннан 11 жасқа дейін; жеткіншек жас -12-17 жас аралығы; ересек жас -18 жастан жоғары) бар. Әрбір адам өмірдің алуан түрлі кезеңдерден есейгендік кезеңіне жеткенше түрліше деңгейде өтеді», - деп жазды [1], яғни кәмелетке толғаннан бастап кемелденгендікпен сипатталатын ересектік кезең басталады.

Stephen Brookfield ересектерді оқытуда олардың психологиялық ерекшеліктері туралы білімдердің маңызын жоғары бағалады. Ересектердің білім алуға және оқу тәжірибесіне деген мотивациясы шын мәнісінде адамның өмірде кездескен немесе бетпе-бет келген мәселелермен тығыз байланысты. Сондықтан да ересек-білім алушыларды оқытуда осы мәселелерді ескеру керек. Ересектерге білім берудің басты мақсаты – олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру [2]. Ересектердің көпшілігінің тәжірибе әлемі шектеулі болғандықтан, дүниетанымын кеңейтіп, өмірді толықтыра алу мүмкіндіктерін пайдалану керек. Тиімді демократиялық азаматтыққа өтудің қажетті шарты –ересектерді оқыту. Ересек-білім алушыны оқытудың сапасы ересек адамның өзін-өзі оқыта алу қабілетімен анықталады.

Өткен ғасырдың өзінде үлкен адамдардың оқуға деген қабілеттерін зерттеу нәтижелері жеке адамның психологиялық функцияларының дамуында зияткерлік мүмкіндіктерді байытатын әлеуметтік өмірге және еңбектік үдерістерге қатысудың маңызды екенін көрсетілді [3]. «Factors we see as important for understanding the context of adult learning are globalization, the information society, technology, and changing demographics» [4]. Үлкендерді оқытуды түсіну контексінде ғаламдану, ақпараттық қоғам, технологиялар және өзгермелі демография сынды факторлар да бар.

Еңбек субъектісінің кәсіби сәйкестілігі көпжүйелі құрылым болып саналады, өйткені оны бағалаудың бірнеше параметрлері бар (кәсіби қауымдастықтың құндылықтарын қабылдау; ересек адамның өзін маман ретінде қабылдауы; кәсіптік іс-әрекетті өзін-өзі өзектендірудің құралы ретінде қабылдауы). Кәсіби сәйкестілік кәсіби қалыптасу үдерісінің реттеуіші, кәсіптендірудің критерийлерінің бірі деп қарастырылады [5]. Кәсіби дамудың қажеттілігін ұғыну арқылы ересек адам өзінің алдына нақты мақсатты белгілейді және әлеуметтік, сонымен қатар кәсіби жауапкершілікті өз мойнына алады.

Ересектердің үздіксіз кәсіби дамуы – кәсіптік іс-әрекеттің белгілі бір түрінің мотивіне сәйкес келетін өмірлік жоспарлардың қалыптасуын, кәсіби мансапты дамытуды қамтитын басқа адамдардың да тәжірибесі мен тұлғаның дара тәжірибесін үнемі корреляциялаудың үдерісі [6].

Әр түрлі ғылым салаларының өкілдері андрагогиканы түсіндірудегі анықтамаларын талдауы көзқарастардың әркелкілігін көрсетеді, атап айтқанда: андрагогика адамның бүкіл өмір барысында қалыптасуын зерттейтін ғылым (П.Фурте); ересектердің біліміне теориялық тұрғыдан келу (Ноттингем университетінің зерттеушілер топтары); ересектерге білім беру, оқыту мен тәрбиелеудің теориялық және практикалық мәселені қамтитын педогогикалық саласының сипатамасы (Б.М.Бим-Бад, Л.В.Мардахаев); оқыту процесін ұйымдастыру бойынша оқытушылар мен оқушылардың іс-әрекетін негіздейтін ересектерді

оқыту туралы ғылым (С.И.Змеев); оқытуда ересектерге көмек көрсету туралы ғылым және өнер (М.Ш.Ноулз); ағарту және білім беру институттарын ұйымдастыру және білімді осы саладағы саясатты, ересектерді тәрбиелеу мен мақсатын сипаттайтын және оны зерттейтін ғылым (В.И.Подобед, М.Д.Махлен); ересек адамдарды саналы және мақсатқа бағытталған білім мен тәрбие берудің заңдылықтарын, нәтижелерін, шарттарын мақсаттарын зерттейтін ғылым (Л.Турос). Анықтамаларға тезаурустық талдау ересектердің білімдік қажеттіліктерінің сан алуан жоспарлығын және нәтижеліктің көп бағдарлы баламалылығын көрсетеді.

Андрагогика ересектердің білімдік іс-әрекетін анықтайтын және оны зерттейтін ғылыми практикалық сала болғандықтан, теориялық және практикалық шеңберді қамтиды және оқыту мен білім беру процесінің мақсатқа бағытталған сипатын білдіреді.

Қазір андрагогиканың категориялары мен концепциялары, заңдылықтары қалыптасу кезеңін бастан кешуде. Андрагогиканың пәні – ересек тұлғаны тәрбиелеу және білім беру. Андрагогика адамның дамуындағы ересек өмір барысындағы процесін жан-жақты қамтиды және оның интеллектуалдық, бейнелік, эмоционалдық, моральдық және рухани қасиеттерін ашады. Андрагогиканың жалпы ғылыми міндеттері мыналар: жинақталған эмпирикалық материалды зерттеу; ересектерге білім беру мен тәрбиелеу заңдылықтарын ашу; ересектерді тәрбиелеу мен тәрбие берудің алыс және жақын арадағы перспективаларын анықтау; ересектерге тәрбие және білім беру жүйесін жасау, сонымен қатар оларды оқытудың формаларын, тәсілдерін әзірлеу; келесі практикаға зерттеу нәтижелерін енгізу. Андрагогикалық үдеріс ересек тұлғаның барлық кезеңдерде конструктивті қатысу арқылы ұйымдасқан мақсатқа бағытталған тәрбиені және білімді сипаттайды. Андрагогикалық үдерісті екі топқа бөледі: танымдық және тәрбиелік. Оқытушы - танымдық процесс тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуына бағытталған ұйымдастырылған іс-шараның процесін білдіреді. Ал тәрбиелік үдеріс тұлғаға оның әлеуметтену дамуына ықпал етуге негізделеді.

Андрагогикалық үдерістің қозғаушы күші тұлғаның қажеттіліктерінің деңгейін реалды мүмкіндіктерге сәйкес еместігі және білімнің ниеттелген деңгейі мен реалды түрде қол жеткізілген білім деңгейі арасындағы алшақтықтан айқын байқалады. Андрагогикалық үдерістің ерекшелігі - оның үш субъектісінде (ересек - білім алушы, андрагог, оқу тобы). Білімдік және тәрбиелік негіздің басымдығы әріптестік, диалогты өзара қарым-қатыныста беріледі; ересек андрагогтар ғана емес, сонымен қатар ересек –білім алушы да білімнің тасымалдаушысы болып табылады. Жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлауда білімдік бағдарламалардың құрылымдық және мазмұндық бөліктеріне андрагогикалық бағыттылыққа сипат беру орынды, өйткені кәсіби дамуды қамтамасыз етуге ықпал ететін оқу пәндерінің кәсіби әлеуетін ескеру негізінде транспәндік құзыреттерді қалыптастыруға болады. Үздіксіз білім беру жүйесінің мазмұндық және прогрессивтік әлеуеті формалды, формалды емес және информалды («бүкіл өмір арқылы білім алу») білім берудің контекстуалды бірлігінде екені белгілі. Заманауи ересек адам кәсіби және жалпы мәдени білімдерді интеграциялау арқылы өзін-өзі жігерлендірудің субъекті болып табылады, сонымен қатар ол креативті еркіндікті, әлеуметтік жауапкершілікті, стандартты емес шешімдер қабылдауға қажеттілікті, рефлексивті қабілеттілікті, өзінің іс-әрекетінің шынайы нәтижесін ұғынуды басымдықтар қатарына қояды.Ересек - білім алушыларды оқытумен айныласатын андрагог-маман өзінің міндеттемелерін жақсы білуі керек, атап айтқанда, өзінің мүмкіндіктерін, әлсіз және күшті жақтарын объективті бағалауы керек; кәсіптік іс-әрекет үшін игеретін қосымша кәсіби білімнің маңызын түсіну керек; андрагог таңдап алынған мамандықтың келешегін білу керек; тұлғалық және кәсіптік жоспарда өзін-өзі жетілдіру процесін ұғынуы керек. Демек, жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлауды жүзеге асыратын оқытушылардың андрагогикалық құзыреттіліктерін даму қажеттілігіне де назар аударудың маңызы бар.

Даму – объектілердің ішкі және сыртқы байланыстардың қайта жаңғыруларымен астасатын болмыс, инновациялар мен жаңалықтардың пайда болуын көрсететін сапалық

өзгерулерінің сипаттамасы ретінде дамушы нысандардың сапасын сақтайды. Олай болса, жоғары психикалық функциялардың дамуының әлеуметтік-мәдени теорияларын ескеру маңызды.

Л.С.Выготскийдің теориялары («дамудың таяудағы аймағы») «өзара оқыту» деп аталатын оқытудың әдістемесіне негізделген. Тәжірибеде көбінесе бала мен мұғалім арасындағы өзара әрекеттестікте оқушының оқу материалын меңгерудегі белсенділігіне кепіл болумен қатар, жаңа статустар мен рөлдерді орындауға байланысты өзара тиімді қарым-қатынас жүйесін құруға қол жеткізеді. Ересектерді оқытуға қатысты алғанда, ересек-білім алушыны оқытудың өзгешелігі оқытушы-андрагог және білім алушы - үлкен адамдардың өзара субъективті қарым-қатынасының құрылымынан қатты байқалады. Олардың әрқайсысы өзара әрекеттестік үдерісіне өзіндік практикалық тәжірибесін салады (оқытушы-андрагог – оқыту мен білім беру тәжірибесін, ал ересек –білім алушы –өндірістік іс-әрекет тәжірибесін ұсынады).

Андрагогикалық оқытудың негізгі мәні: ересек-білім алушыға жаңа білімдерді, іскерлік пен дағдыларды іздеу, өзінің оқу траекториясын дербес түрде анықтау мақсатында өз бетінше дербес істей алу мен оларды тәжірибеде қолдану құзыреттеріне дағдыландыруда. Өкінішке орай, білім алушылар қатарында ересек-білім алушының алдында кездесетін әлеуметтік-экономикалық сиапттағы кедергілер тұлға дамуының функцияларын толық орындауға мүмкіндік бермейді. Ересектерді оқыту үдерісінің ерекшелігі олардың жетекші рөлді мойындауы мен қабылдауы болып саналады.

Андрагогикалық оқыту ересектердің кәсіптік бағдарлар мен ересек тұлғаның психологиялық жағынан қайта құрылуына, кәсіптік негізде жетілуін ынталандыруға ықпал етеді.

Қазақтан Республикасының «Білім туралы» Заңында қосымша білім беру білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу, оқыту процесі ретінде көрсетілген. Демек, ересектердің де қажеттерін қанағаттандыру мақсатында білім алу, кәсіптік құзыреттіліктерін жетілдіру, мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамыту көзделген.

Андрагогикалық оқыту арқылы ересек-білім алушылардың өзін-өзі басқаруын, әлеуметтік және кәсіби шығармашылығы мен қабілеттерін іске асыру, жаңа цифрлық дәуірге қадам басу кезеңінде заманауи шақыруларға төтеп беруді керек ететін күрделі болмысқа бейімделуі азаматтық сана-сезімін, тұлғалық және кәсіби мәдениетін, салауатты өмір салтын сапалы қалыптастырып, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру дағдыларын дамытады.

Андрагогикалық оқытудың таксономиясын, андрагогикалық білім мазмұнын және оны ұйымдастырудың технологияларын жүйелеу арнайы және салааралық кешенді зерттеуді керек етеді.

Әдебиеттер:

1. Cynthia V. White Understanding Spiritual Maturity Dr Cynthia V White, 2015. P.130]
2. Stephen Brookfield. Training Educators of Adults: The Theory and Practice of Graduate Adult Education. Routledge, 2018.
3. Horst Gundlach. Applied Psychology, Applied Psychology, International Association of Applied Psychology, Taylor & Francis, 1998. P.644
4. Sharan B. Merriam, Laura L. Bierema. Adult Learning: Linking Theory and Practice John Wiley & Sons, 2013
5. Поваренков Ю.П. Психологическая характеристика профессиональной идентичности субъекта труда//Вестник КГУ им. Н.А.Некрасова.-2014. Т.20. С.1-8.
6. Новицкая Л.И. Андрагогические основы профессионального развития личности//Lingua mobilis. 2014 №2(48).-С.87-91

ИНСТРУМЕНТЫ РЕГУЛИРОВАНИЯ КАЧЕСТВА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ И РЫНКА ТРУДА

Кадырбек Козыбаевич Борибеков
Член общественного совета по вопросам образования и науки МОН РК
г.Астана, НАО Холдинг «Кәсіпқор»

Аннотация. Качество технического и профессионального образования связано с формированием и развитием главных инструментов регулирования, усилениемпозиций, определениемприоритетов и повышением конкурентоспособности образовательных программ.

Ключевые слова:профессиональное образование, качество образования, рынок труда, сертификация, аккредитация.

Вопрос регулирования соответствия спроса и предложений между производством и системой профессионального образования является самой актуальной проблемой для аналитиков и политиков занимающейся вопросами развития рынка труда любогогосударства.В Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» от 5 октября 2018 года поставлена важная задача – обеспечение высокого качества образования, как залог успешности государства[1].Формирование человеческого потенциала становится основным фактором, определяющим уровень конкурентоспособности страны на мировой арене, ее инновационного прогресса и ориентиров будущего.

Качество человеческих ресурсов связано с формированием и развитием главных инструментов регулирования, усилениемпозиций, определениемприоритетов и повышением конкурентоспособности системы профессионального образования и образовательных программ.

В современных условиях организация учебного процесса подготовки кадров в стране должна проводиться в тесной взаимосвязи с производством. Постоянная критика о низком качестве профессиональной компетентности выпускников учебных заведений ПОО онедостаточном участии работодателей в процессе подготовки кадров, является основой необходимости разработки и внедрение главных двух инструментов регулирование рынка труда.

Между производством и системой профессионального образования условно существует конкурентный рынок труда. Востребованность специалистов на котором зависит от ряда объективных причин,касающихсяпрежде всего профессиональной квалификации и компетентности каждого выпускника - индивидуально.

Главная причина (претензия) низкого качества образования является несоответствиеструктуры и содержания образовательных программ профессионального обучения требованиям производства.

Для определения оптимальной структуры и содержания программ обучения,соответствующих требованиям современного производства, разработчикам программ системы профессионального образования необходимо получить (иметь) перечень требований к уровням квалификации и компетенции, соответствующий для выполнения профессиональной деятельности каждым производственным работником (специалистом). Именно эти требования к уровням квалификации и компетенции являются главным инструментом, обеспечивающим соответствие качества образовательных программ (по результатам обучения)необходимым требованиям производства. Главным инструментом или условным мостом, который может связать«два берега реки»- под названием рынок труда выступают профессиональные стандарты по специальностям.

Поэтому важным вопросам устройства такого условного моста является разработка профессиональных стандартов, которыми должны заниматься эксперты исследовательских центров рынка труда, то есть специалисты, представляющие интересы работодателей по вопросам обеспечение квалифицированными кадрами и карьерного роста персонала.

Главнымиинструментами,воздействия на обеспечения качества подготовки кадров в учебных заведенияхи конкурентоспособностивыпускников системы профессионального образованияна рынке трудаявляются:

1) аккредитация образовательных программ и самих организации профессионального образования;

2) независимая система оценки качества уровня квалификации и компетентности обученных специалистов для производства.

1. Аккредитация образовательных программ и самих организации образования технического и профессионального образования направлена на обеспечение высокого качества образования в условиях интеграции и процессов глобализации.

Аккредитация - это постоянная поддержка и продвижение культуры качества образования, с целью повышения конкурентоспособности и обеспечения качества образования. Повышение качества технического и профессионального образования– это:

- современные гибкие модульные образовательные программы, соответствующие требованием профессиональных стандартов и работодателей с учетом международных требований рынка труда;
- высокопрофессиональные методисты, преподаватели и компетентные высококвалифицированные мастера производственного обучения;
- современная учебная, информационная и техническая база учебных заведений ТиПО;
- эффективная система менеджмента-управления учебным и воспитательным процессом;
- усиление позиций организаций ТиПО и повышение престижа на рынке образовательных услуг.

В международной практике национальные системы обеспечения качества образования вошла в новую стадию развития, где основная роль отводится процедуре международной аккредитации. Международная аккредитация образовательных программ и организации образования является реальным механизмом достижения уровня мировых образовательных стандартов. С учетом международного опыта и присоединения системы высшего образования к Болонскому процессу в нормативно-правовых актах Республики Казахстан отражено единство и взаимодействие европейского и национального уровней в развитии образования, что является поэтапным продвижением вперед [2].

Основными вопросами обеспечения качества образования являются распространение лучшей практики в области стратегического планирования и мониторинга организаций образования и учебных программ, обеспечение качества образовательных программ в соответствии с международными стандартами, совершенствование нормативно-правового регулирования к разработке, реализации и мониторингу стратегий организаций образованиях.

Аккредитация организаций профессионального образования должна создать конкурентную среду в сфере образования, направленную на повышение качества подготовки выпускников и расширение их возможностей трудоустройства по профессии. Признание казахстанского образования, а именно: образовательных программ,дипломов организаций образования, достойно позиционировать себя как на отечественном, так и на международном рынке образовательных услуг, а также на рынке труда.

2. В международной практике одним из основных инструментов регулирования отношений между рынком труда и обучением называется системой сертификациикваликациииспециалистов.

Система независимой сертификации квалификации достаточно давно широко используется в зарубежных странах:Голландии,Германии, Франции, Великобритании, Норвегии,Сингапуре, Кореи и других странах.

В этих странах сдача независимых квалификационных экзаменов после завершения профессионального обученияосуществляется в специальных центрах или агентствах. *(Опыт этих стран показывает, что оценка уровня профессиональной подготовленности специалистов или сертификация квалификации специалистов состоит из двух этапов: 1-этап - оценка теоретической подготовленности и 2-этап - оценка уровня практических навыков или подтверждения квалификации).*

Например: В Голландии,Федерация малого и среднего бизнеса MKB- Nederland и Союза Предпринимателей и работодателей Нидерландов (VNONCW) на основе изучение рынка труда и консалтинга имиджа управления образованием и бизнеса отметило:

1. Очень важным, участие промышленного сообщество в управлении системой проведения квалификационных экзаменов и определения уровня квалификации.
2. В соответствии с законодательством Нидерландов в области профессионального образования и обучения проведением квалификационных экзаменов занимались исключительно сами учебные заведения профобразования. По заключению MKB- Nederland и VNONCW это было очень неудачное решение, принятое по принципу разработчиками законов «создание закона для самого себя».
3. Финансовые средство предусмотренные в рамках стандартов обучения на квалификационные экзамены оставалось в системе образования, при этом, не оправдывая ожидаемых работодателями результатов. Хотя стандартами предусматриваются, что содержания программы и оценка качества обучения базируется на национальные квалификационные системы, то есть на требование к компетенций предусмотренные в профессиональных стандартах. Это создавало определенный конфликт интересов.
4. Организованный промышленный сектор (в виде ассоциации и объединение работодателей) должен принимать решение по определению содержания экзаменационных тестов в качестве равноправного партнера. Участвовать в управлении процессом проведения квалификационных экзаменов. *(Поэтому в Казахстане предлагалось создание центров оценки квалификации при ассоциациях и объединениях работодателей.)*

Когда такой подход отсутствует, промышленный сектор вынуждены создавать свой экзаменационные тестовые фонды и использовать его как входные требования к рынку труда при приеме на работу. *(Такую практику можно наблюдать и в отдельных предприятиях Казахстана).* Такой подход ставят вопрос формальности (ненужности) и эффективности выделенных бюджетом финансовых средств на проведение квалификационных экзаменов самими обучающими организациями.

В 2009 годумежду COLO, Советом TVET, Министерством OCW, MKB- Nederland и VNONCW было достигнуто соглашение. С этого момента вопросами координации равноправного участие промышленного сектора в управлении процессами организации и проведения квалификационного экзамена занимается COLO.

В Нидерландах созданообъединение 17 национальных центров экспертизы в области профессионального образования и обучения, представляющих более 40 отраслей экономики.

Социальные партнеры участвует в управлений деятельностью таких Центров. Уставные функции Центров основаны на структуру ассоциации. Работников, работодателей и образования каждой из сторон принадлежит треть доли управления. Они действует в интересах промышленного сектора, включая совместной контроль деятельности квалификационных комиссии и принятие решений. В результате деятельность Центров квалификационных экзаменов стало тесно связано с промышленностью. Таким образом, осуществляется непосредственный контроль и влияние.

В Германии организацией экзаменов и присвоениякваликации выпускникам учебных заведений ТиПО занимаются промышленные/ремесленные палаты.

В Великобритании сдача экзаменов по уровням квалификации осуществляется в специальных агентствах сертификации квалификаций *(Шотландские квалификационные управления, Альянс оценки и квалификаций и Агентство по сертификации и другие).*

Во Франции сертификация квалификации проводится в соответствии с требованиями национальных стандартов на основе квалификационных требований и норм по уровням квалификации.

В Корее теоретические тесты принимаются в режиме on-line Центрами квалификации,а практическую частьвыпускники сдают в этих же Центрах или на базе предприятий *(на базе этих центров созданы все условия для проверки уровня практических навыков работы по специальностям).*

В Казахстане имеется определенный накопленный опыт, который еще не стал обязательной практикой при приме на работу новых работников.

За период с 2011-2014 годы в рамках реализации проекта «Модернизация технического и профессионального образования Казахстана»Всемирного Банка Развития и Реконструкции на уровне рабочих квалификаций и специалистов среднего звена, то есть 2-3 уровня квалификации НРК Казахстанабылапроведена определенная работа по внедрению независимой системы оценки квалификаций по всем специальностям отраслей экономики.*Для справки, квалификационные уровни НРК Казахстана аналогично уровням Европейской рамки профессиональных квалификации (ЕРК).*

Оценка и подтверждение уровня квалификации предусматривалопроведения квалификационных экзаменов по теоретическим знаниям (письменные тесты) и выполнение квалификационной работы (практические навыки) по соответствующим уровням квалификации специальностей.

Разработана методология подтверждения уровня профессиональной подготовленности и программное обеспечение для реализации и его проведения. Сформирована база теоретических и практических тестовых заданий.

В начале были созданы6-независимых центров подтверждения квалификации на базе отраслевых Ассоциаций работодателей Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен»*(горно-добывающей, машиностроительной, нефтегазовой, туристкой, сельскохозяйственной, транспортной отраслей)*.

Разработаны рекомендации по созданию Центров сертификации квалификаций специалистов в отраслях национальной экономики.В реестре НПП РК «Атамекен» зарегистрированы около 30 агентств и центров занимающейся оценкой квалификации.Работа по внедрению системы независимой оценки квалификации проводится с учетом правовой базы и норм созданный в соответствии с законодательством Республики Казахстан «Об аккредитации в области оценки соответствия», «О национальной палате предпринимателей Республики Казахстан»,«Трудового кодекса Республики Казахстан» и CTISO/IEC 17024-2014 «Оценка соответствия. 0бщие требования к органам, осуществляющим сертификацию персонала» и др.

В настоящее время,в рамках Стратегического сотрудничества Всемирного банка с Правительством Республики Казахстан, направленного на поддержку экономической диверсификации, развития навыков и реформ, связанных с рабочими местами, начата релизация проекта «Развитие трудовых навыков и стимулирование рабочих мест».

В рамках данного проектаГруппой управление проектом Министерством труда и социальной защиты населения МТиСЗН РК проводится работа по формированию основы для Национальной системы квалификаций,в том числе:

- совершенствование профессиональных стандартов, включая процессы пересмотра и согласования;

-разработка и реализация системы пересмотра и обновления образовательных программ технического и профессионального образования (ТиПО) и высшего образования;

- разработка дорожной карты по созданию независимой системы оценки и присвоения квалификаций через оказание консультационной поддержки пилотным

отраслевым центрам тестирования и профессиональной сертификации;

- оказание методической и консультационной поддержки в организации деятельности вновь созданных Центров подтверждения квалификации;
- обучение персонала Центров подтверждения квалификации, принимающих участие в апробации Проекта.
- прохождение аккредитации Центров и включение их в реестр Национальной Палаты Предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен».

Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» от 5 октября 2018 года.

2.Закон Республики Казахстан «Об образовании» с изменениями и дополнениями от 4 июля 2018 года.

3.Приожение А – Технического задание проекта «Развития трудовых навыков и стимулирование рабочих мест» Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан. 2017 г.

СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНЕ ДАЙЫНДАУДА АҚПАРАТТЫҚ–ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТУДЫҢ ОРНЫ

Тажигулова Гульмира Олжабаевна Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің п.ғ.д., профессоры, Қарағанды қ.
Ахметжанова Гульдарай Адильхановна Қазақ агротехникалық университетінің 1-курс докторанты, Астана қ.
Жұмабеков Нұржан Жұмабекұлы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 2 курс магистранты, Қарағанды қ.

Соңғы жылдары студенттерді кәсіби қызметіне дайындау, үздіксіз білім беру жүйесінің әр сатысының талапта ескеру және бірізділікті қалыптастыру, кезек күттірмейтін міндет болып отыр. Үздіксіз кәсіби оқыту жүйесінде болашақ көлік саласының мамандарын дайындауда көлік саласында жүргізіліп жатқан саясаттың логикалық жалғасы болып табылады.

Болашақ көлік саласының мамандарын кәсіби қызметіне дайындауда ақпараттық–әдістемелік қамту мәселерін түйіндеу үшін, олардын пәндік қызмет саласының мазмұны мен құрылымын анықтау қажет. Кәсіби пәндік қызмет саласы – белгілі бір мақсаттарға сәйкес ерекшеленіп, сипатталған адамның іс-әрекеті орындалатын аймақ. Аймақ сипаты: орындалатын іс-әрекеттерге қатысты барлық нысаналар, құбылыстар, фактілер мен процестер туралы деректер; аймақ элементтерінің арасындағы қарым-қатынас сипаты; іс-әрекет орындау кезінде аймақ элементтеріне мүмкін болатын әсер етулер мен олардын өзара байланысы туралы сипаттамалар[1].

Біздің зерттеуіміздің мақсаты: үздіксіз кәсіби оқыту жүйесінде (колледж-жоо) оқу бағдарламаларының бірізділігін қамтудың ғылыми педагогикалық тұрғыда негіздеу және ақпараттық - әдістемелік кешен жасау.

Үздіксіз кәсіби оқыту жүйесінде (колледж-жоо) оқу бағдарламаларының бірізділігін қамту мақсатында, оқыту деңгейіне сәйкес жұмыс оқу бағдарламалары жобаланып, енгізілді:

Колледждерде арнайы техникалық пәндерді оқыту мен оны игеруге бөлінген сағаттардың шектеулігі және де оқу материалдарының үнемі толысып отыру салдарынан көп жағдайда қиындықтарға тап болады. Мұндай жағдайда оқытушыға үйреншікті жұмыс

түрлері мен әдістерін қайта қарауды және жетілдіруді талап етеді. Студенттердің ақпаратты тез меңгеру және сапалы меңгеру талаптарын, сондай-ақ оны тиімді және шығармашылықпен қолдана білуді жетілдіруді ескере отырып, студенттердің аудиториядан тыс және өзіндік жұмысына сапалы терең көзқарасты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін техникалық пәндердің оқу-әдістемелік кешенін қалыптастыруға принципті түрде өзге амалдың қажеттілігі туындайды. Қазіргі оқытушының рөлі аудиториялық сабақтарда білім алушыларға қиындық туғызған тақырыптарды шығармашылық қарым-қатынас жасау арқылы дұрыс шешімдерді бірлесіп іздеуді көздейді. Бұл ретте студенттердің өздігінен білім алуы мен өзін-өзі дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға көп көңіл бөлуді қажет етеді [1].

Білімдегі олқылықтарды жою және техникалық пәндерді оқу кезінде тұрақты практикалық іскерлікті қалыптастыру үшін, оқу процесіне және тиісінше оқу-әдістемелік кешенге қандай әдістемелік құралдар, оқыту тәсілдері мен технологияларын қосу орынды болар еді деген сұрақтар туындайды.

Аудиториялық сабақтарға бөлінген уақыт өте аз, ал біліктілік пен дағдыны қалыптастыру процесі уақытша екенін ескере отырып, сапаны жоғалтпай оқыту процесін қарқындату мәселесі өзекті болып отыр.

Оқу процесі білім, білік және дағды кешенін қалыптастыруға ғана емес, жалпы дамуға, ақпаратты жинау және өңдеу бойынша дербес қызмет әдістерімен қаруланууға бағытталған болуы тиіс.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану кезінде жаңа оқу ортасын қалыптастыра отырып, оқытудың осындай тиімді тәсілін іске асыруға болады [2].

Қазіргі білім беру тұжырымдамасының бағытының өзгергеніне қарамастан, колледждерде оқу бағдарламасын білім алушы тұлғасынан жоғары қою әлі күнге дейін кездеседі. Оқытуда білім беруді меңгеруге, білім алушының интеллектісін ғана дамытуға бағыттайды. Студенттің тұлғалық және психологиялық шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыстар тең дәрежеге өтілуі тиіс. Білім беру жүйесінің тиімді көрсеткіші білім алушының дамуы болуы керек. Зерттеушілердің пікірі бойынша, білім беруде дамытудың тиімді және маңыздысы тұлғаға бағытталған оқыту. Бұндай оқыту тек біліммен ғана қаруландырып қоймай, ең алдымен білім алушылардың танымдық шығармашылық күштерін қалыптастырады. Зерттеушілердің бұл пікірмен келіспеу мүмкін емес. Өйткені, креативтілік дамыту тұлғалық дамудың басты көрсеткіштерінің бірі, тек қана креативтілікті дамыту тұлғалық дамудың басты көрсеткіштерінің бірі, тек қана креативтілік адамның өзінің даралығы мен бірегейлігін көрсетеді.

Техникалық пәндерді оқыту кезінде креативтілік әдісті қолдану арқылы білім алушылырдың шығармашылық ойлауын жетілдірумен қатар білім сапасын арттыруға болады.

Шетелдік сөздер мен сөйлемдердің жаңа сөздігінде креативтілік (лат. creatio-құру) ұғымы жасампаздық ретінде анықталады; шығармашылық жаңашыл қызмет.

Бұл анықтама шығармашылық және креативтілік ұғымдары өте жақын екенін көрсетеді, креативтілік шығармашылықтан тыс мүмкін емес.

Шығармашылық мәселесінде тұжырымдамалық тәсілдерді зерттеуде қазіргі көзқарастар В.И.Андреев еңбектерінде ұсынылған, оның пікірінше, " Шығармашылық-бұл қарама-қайшылықты шешуге (шығармашылық міндеттерді шешуге) бағытталған адам қызметінің бір түрі, ол үшін объективті (әлеуметтік, материалдық) және субъективті жеке жағдайлар (білім, білік, шығармашылық қабілеттер) қажет, оның нәтижесі жаңалыққа, жеке және әлеуметтік мәнге, сондай-ақ прогрессивтілікке ие» делінген [3].

Креативтілік ұғымы Т.А.Барышева мен Ю.А.Жигаловтың жұмысында да анағұрлым көлемді болып табылады, ол креативтілік интеллектуалды әлеуетті ғана емес, сонымен қатар мотивациямен, эмоциямен, эстетикалық даму деңгейімен, экзистенциалды, коммуникативтік параметрлермен, құзыреттілікпен және т. б. байланысты жүйелі (көп деңгейлі) психикалық білім беру екенін атап өтеді [4].

В.С.Шубинский шығармашылық процесті үш сатыға бөліп, ондағы көрінетін қабілет- қасиеттерді көрсеткен;

1. Жаңаны, өзгеше, тың дүниені сезе білу, қарама- қайшылықтарды түсіне білуде сезімталдық, сындарлылық, шығармашылық ой – талдауға бейімділік, жан дүниесіне ішкі тартысты оята білу қабілеті, танымдық қызығушылық, яғни шығармашылық көңіл күйдің туу кезеңі;

2. Интуиция, шығармашылық қиял, әдемілікті сезіне білу, сөз ұшқырлығы, қайшылықтарды түсіну, ой қызметінің ерекшелігі, батылдық, шығармашылыққа деген ішкі құштарлық, яғни оқиға, образ жасаудың бағдар ұстанар кезеңі;

3. Өзіндік сын, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу, дәлелдеме, дәйектемелер ұсына білу, оның формаларын табу, яғни сын, дәлелдеме сатысы [5].

Кәсіптік құзыреттілікті қалыптастыруда студенттің шығармашылық әлеуетін тиімді пайдалану, білім беру үдерісін дұрыс ұйымдастырудың арқасында жүзеге асырылуы тиіс. Бүгінгі күні оқу уақытының көп бөлігін, оның ішінде өзіндік жұмысын да, студент материалды шығармашылық қабылдау мен меңгеруге емес, интернеттен іздеуге және "көшіріп алуға" жұмсайды.

Креативті оқытудың негізгі қосындысы қандай?

Креативті оқытудың ерекшеліктерінің арасында келесілерді атап өтуге болады.

1. Білім алушылардың бойында даму жоспарын әзірлеуге, болашақты құруға бағытталған жаңа білім беру өнімдерін құрудың жеке тәжірибесін қалыптастыру. Бұл тұрғыда креативті оқыту түрі ретінде қарастырылатын проблемалық оқыту, білім алушылардың шығармашылық элементтері бар танымдық оқу міндеттерін шешумен байланысты. Мысалы, бір шешімді немесе нәтижені (жауапты) алу үшін бір жолды көздемейтін шығармашылық тапсырмаларды шешу. Креативті оқыту алдын ала белгісіз нәтижеге немесе оған жету процесіне қол жеткізумен байланысты.

2. Білім алушылардың креативті қызметі ұқсастық бойынша, үлгі бойынша алдын ала әрекет ету шеберлігімен байланысты емес. Сонымен қатар, репродуктивті қызмет, әдетте, шығармашылық үдеріске кері әсер етеді. Білім алушыны жалпы ойлауға, сондай-ақ шығармашылық ойлау тәсілдеріне арнайы үйрету қажет: студенттерді өз идеяларын біріктіруге, қисынды ойлай білуге, ақиқат үшін өзінің бұрынғы білімдерінен, ақыл-ойдан бас тартуға, өзін-өзі сынауға қабілетін дамытуға үйрету. Қазіргі колледждерде оқыту процесі, дайын білім мен ақпаратты беру деген түсініктен бас тарту қажет.

3. Креативті оқыту іс-әрекет түрі ретінде әмбебап, себебі интеллектуалдық көзқарас талап етілетін зерттеулер мен оқу пәндерін оқу кезінде ғана емес, сонымен қатар эмоциялық-бейнелі іс-әрекет доминанттары бар барлық пәндерде де қолданылуы мүмкін. Алынған білім әр түрлі бағытта болуы керек, ойлауды алға қойылған міндеттерді шешуге әр түрлі жолдарды іздеуге бағыттау тиіс. Проблеманы зерттеудің кең және әртүрлі жоспарлы жолы пәнаралық деңгейде жүзеге асырған жөн. Демек, креативті құзыреттілікті қалыптастыруда ерекше орын, білім беру процесінде пәнаралық алшақтықты бөлген жөн.

4. Креативті оқыту білім беру әдіснамасының өзін анықтайды және оқылатын пәнге ғана емес, сонымен қатар оқу мақсатына, білім алушыларға білім берудің өзіндік мазмұнын құруына, білімнің теориялық элементтерін саналы құрастыруына, нәтижелерді бақылау және бағалау тәсілдеріне қатысты. Басқаша айтқанда, креативті білім берудің міндеті – білім алушыны ғана емес, сонымен қатар оның білім беру траекториясын дамыту, соның ішінде білім беру мақсаттарын, мазмұнын, технологияларын, нұсқаларын дамыту. Студент-өз білімінің конструкторы, өз білімін ұйымдастырушы оқытушымен тең. Білім беру объектісінен білім алушы шығармашылық (креативтілік) субъектісіне айналады, ал оқу материалы (білім) меңгеруден басты жасампаздық мақсатқа – тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытудың құралы болып табылады. Субъект-субъектілік қатынастар кезінде, дәстүрлі модельге тән субъект-объектілік қатынастарға қарағанда, қатысушылар позицияларының теңдігі, тараптардың әрқайсысы әсер етіп қана қоймай, сонымен бірге өзі де басқасына тең дәрежеде әсер ететін, бірге қатысуға, ынтымақтастыққа, өзара белсенді

қолдауға және бірін-бірі түсінуге ұмтылады. Педагогикалық қарым-қатынастың нәтижелі формаларын, субъект-субъектілік қарым-қатынасты меңгеру қажеттілігі-қазіргі білім берудің өзекті міндеттерінің бірі. Осылайша, субъект-субъектілік қарым-қатынас шығармашыл индивидтің қалыптасуына әкелуі мүмкін және әкелуі тиіс.

5. Креативті оқытудағы танымдық қызмет объектілері тек проблемалар мен міндеттер ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың өздері де, олардың жеке әлеуеті, креативті, когнитивті, рефлексивті әрекеттері болып табылады. Тіпті инновациялық оқытудың байытылған ортасы мен оған сәйкес тәрбие процесі жағдайында шығармашылық қабілеттерінің ең аз дәрежеде айқындалуы кезінде жеке тұлға креативтіліктің оң динамикасын көрсетеді. Өзін-өзі белсендіруге және шығармашылық өзін-өзі танытуға тұрақты үрдіс пайда болады.

6. Колледждерде креативті оқытудың негізгі міндеттерінің бірі студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыруға мотивациялық бағыттылығын қалыптастыру болып табылады. Бұл дегеніміз, студенттің ғылыми-зерттеу жұмысындағы негізгі акцент ақпаратты қайталама зерттеуге емес (ғалымдардың еңбектері мен пікірлері бойынша қандай да бір мәселені зерттеу), нақты объектілерді, жағдайлар мен оқиғаларды зерделеуге, зерттеудің білім беру объектілері ретінде идеалды емес, нақты ұсынылуы тиіс.

7. Ақпараттық және коммуникативтік технологиялар ғасырында, жаңа техникалық негізде, мұғалімнің білім алушымен тікелей байланысы мен тұлғааралық коммуникация принципін күшейту қажет. Ғылыми-техникалық ақпараттың, компьютерлік техниканың, ғаламдық ауқымдағы ақпараттық және телекоммуникациялық желілердің көшкін тәрізді өсуімен сипатталатын ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі кезеңі, қазіргі заманғы адамның өмірі мен жұмысына шығармашылық дайындығын талап етеді [6]. Демек, адам, оған дайындалған барлық оқыту мен білім беру жүйесі болуы тиіс. Бұл білім берудің барлық жүйесін, дидактикалық принциптер мен педагогикалық технологияларды қоса алғанда, өмір талаптарына сәйкес келуді, креативті білім беруді қамтамасыз етудің нақты тетіктерін және креативті тұлғаны қалыптастыру жолдарын іздестіруді объективті талап етеді.

Қорыта айтқанда, «шығармашылық – проблемалық сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін, нәтижеде жаңа материалдық және идеалдық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті» деген тұжырым жасауға болады. Білім алушының өз білімін көтеруге қатысуы әлеуметтік, кәсіби әрекетіндегі мәселелерді табысты шешуін қамтамасыз етеді, басқаша айтсақ, шығармашылығын дамытады. Креативтілік қолдану негізінде білім беру сапасын жоғарылату, әрі оны басқаруды тиімді етіп ұйымдастыру жолдары, мәселелері көптеген зерттеулерде қарастырылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Потемкин А.Н., Викулов А.С., Романовский Б.В. Использование интерактивных учебных пособий в условиях непрерывного профессионального образования. Современные научные исследования. Выпуск 1. – Концепт. – 2013. - ART 53322. – URL: http://e-koncept.ru/article/695/ - Гос. рег. Эл. № ФС 77- 49965. - ISSN 2304-120X
2. Аванесов В.С. Форма тестовых заданий. - М.: МИСиС, 1991.
3. Андреев В. И. Конкурентология: учебный курс для творческого саморазвития конкурентоспособности. Казань: Центр инновационных технологий, 2004. 468 с.
4. Барышева Т. А., Жигалов Ю. А. Психолого-педагогические основы развития креативности. СПб.: СПГУТД, 2006. 268 с.
5. А.В. Морозов, Д.В. Чернилевский. Креативная педагогика и психология. М., Академический проект, 2004. 560 б.
6. Морозов А. В., Чернилевский Д. В. Креативная педагогика и психология: учеб. пособие. М.: Академический проект, 2004. 560 с.

ТРЕНИНГ КАК ФОРМА ОБУЧЕНИЯ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Умарова Карина, магистрант 1- курса
КазАТУ им. С.Сейфуллина, г.Астана

Тренинг как форма обучения существует уже более 60 лет, но активно обращаться к нему как к форме обучения студентов стали совсем недавно. Наиболее «продвинутые» преподаватели стремятся, чтобы их студенты не только получили новые знания, но и совершенствовали навыки их применения, получили профессиональную и психологическую подготовку, которую невозможно получить на лекциях и семинарах. Тренинг в учебном процессе направлен на развитие личности будущего профессионала, на формирование элементов его будущей профессиональной деятельности.

Наблюдения показывают, что словарный запас студентов ограничен, речь подавляющего большинства однообразна и изобилует жаргонизмами, а даваемые оценки находятся в «черно-белой» плоскости, это свидетельствует об отсутствии аналитического мышления. Студенты часто не способны обсуждать и высказываться по вопросам современной политики, философским проблемам, пытаясь свести глобальные вопросы к бытовым проблемам. В итоге происходит примитивизация не только учебного материала, но и мировоззрения молодого человека в целом, что не может не сказываться самым негативным образом на способности стратегически мыслить в сфере профессиональной деятельности, а значит и на востребованности и конкурентоспособности на рынке труда [4, с.135].

Тренинг–это не только получение новых знаний и совершенствование навыков, но и возможность понять причины успеха одних и неудачи других при приеме на работу, в карьерном росте, в управлении. Профессиональный успех складывается из множества компонентов и тренинговая технология –одна из форм, которая может помочь студенту изменить свой настрой, свое отношение к учебе и прийти к пониманию необходимости самообразования.

Для анализа тренинга как формы обучения в высшей школе необходимо ответить на два основных вопроса: во-первых, что мы понимаем под тренингом, во-вторых, каким образом данная форма может быть внедрена в образовательный процесс.

Понятие «тренинг» имеет множество трактовок. Данный термин происходит из английского языка (‘train’, ‘training’) и в русском переводе имеет следующий ряд значений: воспитание, обучение, подготовка, тренировка, дрессировка [9, с.65]. Единой классификации тренингов не существует.

Авторы технологии контекстного обучения дают следующую характеристику тренинга: «Тренинг в большей степени направлен на формирование умений. При этом предполагается, что содержательная часть умения уже освоена участником. Основной задачей тренинга является организация самостоятельной работы, в процессе которой участники осваивают определенный набор умений, изменяют в нужную сторону отношения к какому-либо процессу» [1]. Такое понимание тренинга не в полной мере соответствует определению формы организации обучения, приведенному выше, не раскрывает полноты его признаков, что затрудняет разработку тренинговых занятий в процессе профессиональной подготовки.

В литературе по дидактике высшей школы тренинг также употребляется в контексте проблемы психологических основ работы преподавателя вуза, в одном из ее аспектов «Психология методов и средств обучения в вузе»: «Тренинг представляет совокупность групповых методов формирования умений и навыков самопознания, общения и взаимодействия людей в группе. Тренинг применяется как в целях формирования и совершенствования общей коммуникативной готовности личности, так и для выработки

специфических коммуникативных навыков у представителей тех профессий, которые предполагают интенсивный контакт с другими людьми (преподаватели, руководители, врачи, тренеры и т.д.)» [6, с. 104]. Как видно и в этом понимании не воспроизводятся признаки формы организации обучения.

Так, например, с точки зрения Ю.Н. Емельянова, «...термин «тренинг» должен использоваться для обозначения методов развития способностей к обучению или овладению любым сложным видом деятельности, в частности, общением...» [3, с. 144].

По мнению Р. Уотермена тренинг представляет собой часть планируемой активности организации, направленной на увеличение профессиональных знаний и умений, на модификацию аттитюдов (социальнопсихологических установок) и социального поведения персонала способами, сочетающимися с целями организации и требованиями деятельности [2].

Нередко в научной литературе тренинг определяется как один из активных методов обучения. Так, Б.Д. Парыгин предлагает рассматривать тренинг как «...метод группового консультирования, активного группового обучения навыкам общения в жизни и обществе вообще: от обучения профессионально полезным навыкам до адаптации к новой социальной роли с соответствующей Яконцепцией и самооценкой участника тренинга...» [5].

Макшанов С.И. определяет тренинг как часть процесса движения информации от одного участника взаимодействия к другому [7].

Анализ предлагаемых в специальной психологической и педагогической литературе определений «тренинга» позволяет нам сделать вывод о том, что на сегодняшний день не существует общепринятого определения понятия «тренинг» это позволяет достаточно широко его трактовать. Мы считаем, что применительно к процессу профессиональной подготовки тренинг можно рассматривать и как метод обучения, и как форму обучения.

Выделяют тренинги, направленные на развитие навыков саморегуляции, коммуникативные тренинги, тренинговые подходы, стимулирующие личностный рост, обучающие тренинги.

Обоснованием внедрения тренинговой формы организации процесса обучения в высшей школе является характеристика учебной деятельности усвоения действий студентами на различных уровнях. Рассматривая проблему проектирования образовательного процесса в высшей школе, В.Д. Чернилевский в работе «Дидактические технологии в высшей школе» указывает на четыре уровня учебной деятельности усвоения: I – знакомство, II - воспроизведение, III – умения и навыки, IV – творчество. Уровни усвоения «умения и навыки» и «творчество» предполагают тренировочные действия студентов, что определяет необходимость обращения к тренинговой форме организации обучения на данных этапах обучения [9]. Именно поэтому, по мнению автора, тренинг достаточно часто используется, при условии, что желаемый результат–это не только получение новой информации, но и отработка полученных знаний на практике.

Говоря о тренинге, как о форме обучения, необходимо отметить, что он не является заменой традиционных форм проведения занятий. Тренинг – это хорошее дополнение к профессиональному обучению, об этом необходимо помнить, составляя программу. Под профессиональным обучением мы имеем в виду передачу специализированных знаний, необходимых в конкретной сфере деятельности. Тренинги же необходимо включать в программу после освоения студентом теоретического курса или ближе к завершению профессионального обучения. Но максимальная эффективность от этого активного метода обучения, на наш взгляд, будет достигнута при проведении цикла тренингов, которые проходят с определенной периодичностью. Такая система позволит с максимальной пользой обеспечить образовательный процесс, как с точки зрения накопления теоретических знаний, так и с точки зрения получения и отработки совершенствования навыков.

Преимущество применения таких активных методов обучения заключается в том,

что преподаватель имеет возможность организовать коллективную работу студентов во время занятия, в которой складываются и получают развитие и навыки профессионального общения, и мышления, углубляется рефлексия. Организованное взаимодействие студентов с преподавателями и друг с другом предполагает постоянную самооценку и самоконтроль. Группа становится средством развития индивидуальности студентов, обеспечивает активизацию их деятельности независимо от субъективных желаний участвовать в процессе обучения. Активные методы обучения повышают степень мотивации и эмоциональности обучающихся, обеспечивают прямые и обратные связи по взаимодействию обучаемого с преподавателем и друг с другом. Такие методы развивают умение анализировать конкретную ситуацию и выбирать наиболее рациональные способы деятельности путем сравнительной оценки различных ее вариантов, что является важным условием решения поставленных в процессе обучения задач.

Список использованной литературы:

1. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход: Метод. пособие.- М.: Высш. шк., 1991.
2. Герасимов В.В., Минина Л.С., Васильев А.В. Управлением инновационным потенциалом производственных систем: Учебное пособие В.В. Герасимов, Л.С. Минина, А.В. Васильев. Новосиб. гос. архитектур.-строит. ун-т. – Новосибирск: НГАСУ, 2003.
3. Емельянов Ю.Н. Активное социальнопсихологическое обучение / Ю.Н. Емельянов. – Л.: ЛГУ, 1985. – 167 с.
4. Ореховская Н.А. Об общей культуре первокурсника технического вуза//Высшее образование в России. – 2014. - №3. - С.135-139.
5. Парыгин Б.Д. Социальная психология. Проблемы методологии, истории и теории. - СПб.: ИГУП, 1999. - 592 с.
6. Пидкасистый П.И., Фридман Л.М., Гарунов М.Г.Психолого-дидактический справочник преподавателя высшей школы. – М.: Пед. общ-во России, 1999. – 354 с.
7. Хрящева Ю.Н., Макшанова С.И., Сидоренко Е.В. Психогимнастика в тренинге.- Издво: Речь, 2006. - DOC
8. Чернилевский В.Д. «Дидактические технологии в высшей школе». - ЮНИТИ,2002.
9. Шутьков С.А. Вопросы совершенствования активного и нтерактивного обучения в высшей школе//Ученый совет, 2015. - №1-2.- С.65-71.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ-ДӘСТҮРЛІ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ШҰБАТ ӨНДІРУ ЖӘНЕ САҚТАУ ПРОЦЕССТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аскарова А.А., т.ғ.к., Әбләзім Т.Е., магистрант
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

Қазақ халқының дәстүрлі-ұлттық технологиясы бойынша шұбатты торсықта немесе ағаш күбіде ашытқан. Шұбатқа арналған торсықты түйе мойнағынан жасайды. Шұбат ашытқаннан кейін, шайқап, көпіршігін араластырған соң тұтынады. Шұбатты Маңғыстау обл. Тұщыбек бұлағында, Түркістан облысы, Созақ ауданында т.б. орналасқан сауықтыру орындарында өкпе ауруларын емдеу үшін пайдаланған.

Түйе сүті, бұл түлік суды аз пайдаланғандықтан шұбат құрамында май, әр түрлі дәрумендер мен пайдалы тұздар жеткілікті мөлшерде болады.Түйе сүтінің химиялық құрамы: су-86,5%; құрғақ зат-14,5%; о.і. майлылығы-5%; ақуыздар-3,6%; казеин - 2,8%; альбумин - 0,6%; глобулин -0,2%мин.заттар — 0,9%. Әсіресе, қос өркешті қазақ түйелерінің сүті емдік қасиетімен құнды саналады. Аруаналардың сүтінде майлылық 4,9-6% ға жетеді, ал, ақуыз 3,9% кем емес. Сүттің ақуызы мен майлылығының тепе-теңдігі шұбаттың құнарын арттырады. Амин қышқылының құрамы да жеткілікті. Қуаты мен дарулық қасиеті

қымыздан кем емес. Қымызда 499-528 ккал болса, шұбатта 789-991 ккал. [1].
Зерттеу мақсаты: шұбат өндіру және сақтау технологиясын жетілдіру. Мақсатқа қол жеткізу үшін шұбат өндірісмінің белгілі тәсілдері талдаудан өткізіліп, процесс тиімділігіне әсер ететін факторлар жарияланды.
Шұбат калориялық қоректілігіне байланысты мынадай түрлерге бөлінеді: 24 сағ. ашытылса — әлсіз, 48 сағ. - орташа, ал 72 сағ. тұрғызылған шұбат күшті саналған. Дегенмен сусын сапасыны тікелей әсер ететін басты фактор - орта температурасын ескеру қажет. Бөлме температурасы үшін қордаланған шұбатты 6 сағ. ішінде пайдаланбаса, ашып кетеді. Сусын түріне байланысты құрамындағы ашытқы мөлшері оның дәмі мен иісі сияқты органолептикалық көрсеткіштерімен қатар қоректік құндылығын анықтайды. Осыған байланысты Шымкент ғалымдары шұбатты құрғақтай сақтауды тиімді санап отыр [2]. Дегенмен құрғатылған соң құрғатылған сусын концентратын сақтау режиміне байланысты қоректің қуаты мен тағамдық сапасы өзгеріске түсуі ықтимал. Сондықтан концентраттық сусындар дайындаудың технологиялық тиімділігін тағайындау зерттеу жұмыстарын әрі қарай жалғастыруды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ///http://bilim-all.kz/article/3866-SHubattyn-emdik-qasietteri
2. ///https://www.azattyq.org/a/Kazakhstan_shymkent_shubat_camel_milk

БИЗНЕС – ПРОЕКТИРОВАНИЕ, КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СОВРЕМЕННОГО СПЕЦИАЛИСТА

Геращенко Татьяна, преподаватель специальных дисциплин
КГКП «Абайский многопрофильный колледж»

“Скажи мне – и я забуду.
Покажи мне – и я запомню.
Вовлеки меня – и я научусь”.
Китайская пословица

Время, образовательные реформы в профессиональном образовании и современный рынок труда предъявляют все новые повышенные требования к молодым специалистам.

Чтобы выйти на рынок труда высококвалифицированным и конкурентоспособным специалистом, выпускник колледжа должен обладать не только профессиональными навыками, но и владеть приемами и способами экономического анализа, объективно оценивать ситуацию на рынке, уметь принимать оптимальные управленческие решения, быть коммуникабельным, адаптироваться в меняющихся жизненных ситуациях и быть контактным в различных социальных группах. Все это создает необходимость формирования у обучающихся современных ключевых компетенций: общенаучной, информационной, познавательной, коммуникативной, ценностно-смысловой, социальной, компетенции личностного самосовершенствования.

Объем информации, полученный в процессе обучения, нуждается в постоянном обновлении. В связи с чем, необходимо так сформировать мышление студента, чтобы он мог самостоятельно находить и усваивать новую информацию, чтобы, закончив процесс обучения в колледже, он мог уверенно чувствовать себя в своей профессии и на рынке труда.

Методом преподавания, способным удовлетворить всем требованиям современного

общества, является проектирование.

Метод проектов — это способ достижения дидактической цели через детальную разработку проблемы (технологию), которая должна завершиться вполне реальным, осязаемым практическим результатом, оформленным тем или иным образом; это совокупность приёмов, действий, учащихся в их определённой последовательности для достижения поставленной задачи — решения проблемы, лично значимой для учащихся и оформленной в виде конечного продукта.

Основное предназначение метода проектов состоит в предоставлении студентам возможности самостоятельного приобретения знаний в процессе решения практических задач или проблем, требующего интеграции знаний из различных предметных областей.

Если говорить о методе проектов как о педагогической технологии, то эта технология предполагает совокупность исследовательских, поисковых, проблемных методов, творческих по своей сути.

Преподавателю в рамках проекта отводится роль разработчика, координатора, эксперта, консультанта.

То есть, в основе метода проектов лежит развитие познавательных навыков учащихся, умений самостоятельно конструировать свои знания, ориентироваться в информационном пространстве, развитие критического и творческого мышления.

Метод проектов позволяет:

- выявлять и формулировать проблемы;
- проводить их анализ;
- находить пути их решения;
- работать с информацией из различных источников;
- находить необходимый источник;
- применять полученную информацию для решения поставленных задач.

Разработанный ещё в первой половине XX века на основе прагматической педагогики Джона Дьюи, метод проектов становится особенно актуальным в современном информационном обществе.

Формирование у обучающихся знаний, необходимых для создания собственного дела, а также умения выбирать оптимальные методы, инструменты, формы существования бизнеса, умения создавать новые продукты, опираясь на запросы потребителей, разработка интересных бизнес-моделей и их внедрение, осуществляется в результате применения в образовательном процессе бизнес-проектирования.

Данное направление работы является наиболее актуальным в настоящее время, так как позволяет решать задачи опережающей подготовки студентов к дальнейшей реализации себя в профессиональной деятельности.

В результате выполнения бизнес - проектов студенты автоматически формируют отношение к выбранной профессии и её значении в современном обществе.

Для реализации данной технологии на базе КГКП «Абайский многопрофильный колледж» в рамках «Бизнес-школы», студентами, под руководством преподавателей специальных дисциплин ведется работа по разработке и реализации, на базе учебно-опытных хозяйств колледжа, следующих бизнес-проектов:

1. Бизнес-проект «Организация тепличного комплекса по выращиванию овощей и зелени», «Бизнес-проект по выращиваю грибов»; Бизнес-проект по выращиванию рассады декоративных цветов», Бизнес-проект по созданию питомника плодовых саженцев, которые реализуются студентами, обучающимися по специальности «Агрономия»
2. Бизнес-проект по эффективности выращивания кроликов, который реализуется студентами, обучающимися по специальности «Ветеринария».
3. Бизнес-проект «Умная теплица», которая реализуется студентами, обучающимися по специальности «Вычислительная техника»

Вышеперечисленные бизнес-проекты являются актуальными и имеют огромное практическое значение, так как это довольно перспективный бизнес, не требующий огромных вложений и обладающий большими преимуществами.

За время работы над проектами, студенты приобретают практические навыки не только по выбранной профессии, но и получают углубленные знания в области маркетинга, менеджмента и организации агробизнеса, учатся разрабатывать мини-проекты и принимать управленческие решения.

Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев в своем выступлении на открытии года молодежи, сказал: «Молодежь – это ключевой фактор конкурентоспособности нашей страны в современном мире. Именно от вас – от ваших знаний, энергии и патриотизма зависит будущее Казахстана» и поручил Правительству создать Фонд поддержки молодежных стартапов.

Кроме того, в своем выступлении Президент РК Н.А. Назарбаев обратил внимание на то, что в Казахстане сельское хозяйство является стратегической отраслью, имеет большой потенциал роста и в перспективе может стать одним из главных драйверов отечественной экономики.

Таким образом поставленные задачи, вкупе с применением проектной деятельности в образовательном процессе, позволят повысить качество профессионального обучения, обеспечить личностный и интеллектуальный рост участников проектов, развить креативность.

Обучение в рамках «Бизнес-школы» дает возможность студентам после выпуска открыть свое собственное дело и реализовать профессиональные и предпринимательские компетенции на высоком уровне.

Литература:

1. Полат Е.С., М.Ю. Бухаркина, М.В.Моисеева, А.Е. Петрова «Новые педагогические и информационные технологии в системе образования" М., 2004.
2. Яковлева Н.Ф. Проектная деятельность в образовательном учреждении [Электронный ресурс]: учеб. пособие. – 2-е изд., стер. – М. : ФЛИНТА, 2014. - 144с.
3. Васильев В. Проектно-исследовательская технология: развитие мотивации // Народное образование. -2000. - № 9 -С.177-180
4. Савенков А.И. Психологические основы исследовательского подхода к обучению. М.., -2005.
5. Выступление Президента Казахстана Н.А. Назарбаева на торжественной церемонии открытия Года молодежи.

КӘСІПТІК ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Елубай Тоғжан, Кәсіптік оқыту мамандығының 3-курс студенті,
Ж.Қ.Қожахметова, Кәсіптік білім беру кафедрасының ассистенті
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «***Таяудағы 2-3 жылда дуалды, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесінің негізін қалыптастыру керек***» яғни, келешекте жастардың техникалық білім алуын мемлекеттік кепілдендіруге көшіруді қарастыру қажет деп атап көрсеткен[1]

Жастардың техникалық білімге баулу- болашағы жарқын мемлекетті қалыптастырудың алғы шарттарының бірі. Себебі осынау нарықтық заманда техниканы

игерген, кәсіби құзыреттілігі жоғары, білімді, озат мамандар тапшы болып отыр.

Дуалды оқыту жүйесі дегеніміз-теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Ол алғаш Германияда пайда болып негізі қаланды. Дуалды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Дуалды оқыту жүйесі қазіргі дүниежүзілік тәжірибеде бар дүние. Оның жарқын мысалдарының бірі- Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуалдық жүйесі. Мұнда білім алушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды[2]

Қазіргі таңда елімізде индустриялды-иновациялық даму барысында , елдің экономикалық жағдайы жаңа кадрлар мен бәсекеге қабілетті , өзгерістер мен модернизацияларға бейімделгіш адамдарды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беру бағдарламаларына сәйкес кадрлар даярлау және олардың біліктілігін арттырудың мәні зор.

Қазақстанның инновациялық болашағы еңбек ресурстары сапасына сай тікелей байланысты болғандықтан түбегейлі жаңа әдіс және технология қажеттілігі туралы мәселеге Елбасы аса назар аударды. Елбасының тапсырмасы бойынша Қазақстанда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту үдірісі басталды. Осыған орай, мамандарды даярлау жүйесінде оқытудың дуалдық жүйесін енгізу тапсырылды. Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуалды жүйесі-техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады[3]

Елбасының ұсынған бағдарламасында әлемдік тәжірибенің жақсы жақтары анық қарастырылған. Әрине, кез келген мемлекет әлемдік тәжірибелер арқылы өз жобалары мен стратегиялық бағдарламаларын іске асырады. Осы орайда техникалық және кәсіптік білім беру үдерісін жаңғыртып, оқытудың дуалдық жүйесін енгізу болашақта елімізде жетіспеуші кадрлардың санын арттырып, оқыту процесінің сапасын жақсартпақ.

Жалпы бұл жүйенің негізі мақсаты

-Техникалық және кәсіптік білім жүйесін дамытуда әлеуметтік серіктестіктер негізінде дуалды білім беру жүйесін қолдана отырып, заманауи техникалармен жұмыс жасау әдістерін меңгерту, бәсекеге қабілетті білікті маман даярлау.

Міндеттері:

- кәсіпорын, кәсіпкерлік палатасы, оқу орынымен бірлесіп әлеуметтік серіктестік орнату;

- дуалды білім беруде жаңа оқу бағдарламаларын әзірлеу;

- болашақ жас маманды оқу орны мен өндірісте қатар оқыту;

- еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті жұмысшы мамандар дайындау;

Жобаны жүзеге асыру кезеңдері:

1. Дайындық кезеңі. Білім беру мекемелері мен кәсіпорындарының әрекет ету бағдарламалары мен жоспарларын біріктіру жағдайларында дуалды білім беру жүйесін әзірлеу және енгізу:

нормативтік – құқықтық базаны дайындау;

оқу құжаттамасын (оқу жоспарлары, бағдарламалары) әзірлеу және бейімдеу;

штаттық нормативтер, тарификациялау механизмі, оқу кестесін әзірлеу;

ғылыми – әдістемелік, кадрлық, техникалық, жобаны ақпараттық қамтамасыз ету механизмдерін анықтау және әзірлеу.

2. Енгізу кезеңі. Халықпен және әлеуметтік серіктестермен ақпараттық – түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Дуалды білім беруді жүзеге асыратын мекемелерді ресурстық қамтамасыз ету, эксперименталдық модульдерді жүзеге асыру.

кәсіби – бағдар қызметі;

оқу – теориялық қызметі;

кәсіби – практикалық қызмет.

3. Қорытынды кезең.

Дуалды оқыту жүйесін енгізу бойынша жұмыстар нәтижелерін талдау және жалпылау;

Оқыту үрдісінің нәтижелілігін бақылау және талдау бойынша аттестациялық қызмет.[4]

Бұл жүйені енгізбестен бұрын алдымен жүйелі мақсаттар мен күтілетін нәтиже және іске асыру кезеңдері қарастырыған. Жалпы бұл жобаның негізгі мақсаты техникалық құралдармен жұмыс жасау әдістерін игерген. Бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие, теориядан практиканы басымырақ игерген мамандар даярлау. Осы жобаны іске асыру арқылы елімізде техникалық мамандықтарға сұраныс артады деп күтілуде. Ғылым мен техниканы жақсы игерген кез келген мемлекеттің экономикалық жағдайы өте жақсы және Қазақстан да жарқын стратегиялық жоспарларды жүзеге асыру арқылы әлемнің дамыған 10 мемлекетінің қатарына қосылады деп болжамдалады.

Дуалды білім беру жүйесін енгізу кезінде колледждердің қызметі:

Дуалды білім беру жүйесінің бағыттары:

- *колледждің материалдық-техникалық базасын жаңғырту;*
- *кәсіптік оқытудың дуалды жүйесін енгізу арқылы әлеуметтік әріптестікті дамыту;*
- *бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін инновациялық технологияларды қолдану*

Әлеуметтік әріптестікті дамыту бағыттары

- *Өндірістік тәжірибе бойынша жұмыс бағдарламаларын бірлесе әзірлеу;*
- *Кәсіпорынның материалдық-техникалық базасын қолдану арқылы білім алушылардың тәжірибелік оқуын ұйымдастыру (құралдар мен арнайы жабдықтарды қолдану мүмкіндігі беріледі);*
- *Оқу бітірушілердің қорытынды аттестациясы кезеңінде кәсіпорын өкілдерінің мамандар даярлау сапасын бағалауы;*
- *Бірлескен конференциялар мен семинарлар өткізу;*
- *Ары қарай жұмысқа орналасумен өндірістік тәжірибеден өтуге үшжақты шарттар жасау;.*
- *Кәсіпорындарда арнайы пәндер оқытушыларының сынақ өтулерін ұйымдастыру.* [5]

Дуалды оқыту жүйесінің колледждер үшін рөлі басымырақ. Бұл жоба Қазақстанда орта және кәсіптік білім беру мекемелерінің жұмысын жақсартып, сапасын көтеріп, жаңа материалдық-техникалық базаны жаңғырту болып саналады. Инновациялық технологияларды қолдану арқылы болашағынан мол үміт күтетін маман даярлау және оларды қажетті жұмыспен қамтамасыз ету маман жетіспеушілікті жояды және жұмыссыздар санының пайызын кемітеді.

Жаңадан енгізілген дуалды оқыту жүйесі төмендегі мәселелерді шешуге оң ықпал етпек:

- *қажетті мамандарды анықтау;*
- *түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету;*
- *техникалық және кәсіптік білім беру саласын қаржыландыру болып табылады.*

Қазіргі таңда жастарға мамандық таңдау мәселесі қиынға слғуда және олар өзжеріне ұнаған мамандықты оқи бермейді. Дуалды оқыту жүйесі арқылы қажетті мамандарды анықтау болашақта түлектердің жұмыспен толық қамтылуын арттырады. Бұл жобаны қаржыландыру арқылы мектеп бітіруші түлектердің болашақ мамандығын қателеспей таңдап, қызығушылықпен оқып, бос уақыттарын тиімді өткізуге және жастардың қабілеттерін арттыруға септігін тигізеді деп сенемін.

Дуалды білім беру жүйесінің келешегі

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев **«Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»** атты халыққа Жолдауында «***Білім мен кәсіби іскерлік дағдылар – қазіргі заманғы білім беру мен кадрларды даярлаудың басты бағыты***» екендігін айрықша атап өтті. Келешекте дуалды білім беру жүйесін іске асыру

Елбасы Жолдауындағы талаптарға толық жауап береді.

Келешекте дуалды білім беру жүйесін іске асыру барысында

Оқу үрдісіне дуалды білім беру жүйесін сәтті енгізу келесі мәселелерді шешуге мүмкіншілік береді:

1. *Талапкерлердің кәсіби өзін өзі билеуі;*

2. Оқу мекемесінің тартымдылық беделінің артуы, студенттер контингетінің жоғарылауы;

3. Білім алушылардың қызығушылығы мен сұранысына қарай бағдарламалар, элективті (икемді) курстар бағдарламаларын әзірлеу;

4. Мамандықты тереңірек ойланып таңдауға, социализация, тапқырлық пен шығармашылыққа бейімдейтін біліктіліктің дамуы;

5. Дуалды жүйе бойынша оқытылатын тұлғаның қажетті біліктілік пен еңбек дағдыларына, кәсіби білімге ие болып еңбек нарығында сұраныс деңгейінің жоғарылуы;

6. Бітірушілерді дайындау деңгейінің жоғарылауы;

7. Бітірушілерді одан әрі жұмысқа орналастыру, жұмыссыздықтың қысқаруы;

8. Бітірушілердің әлеуметтік бейімделуі;

9. Білім беру мекемелерінің жобаларды жүзеге асыру кезеңдерінде қосу арқылы кәсіпорындармен өзара әрекеттесу аясын кеңейту;

10. Білім беру мекемелерінің бәсекелесуге қабілеттілігін жоғарылату.

Дуалды білім беру жүйесінің тиімділігі:

- мамандарды даярлаудың дуалды жүйесі білім берудің дәстүрлі нысандары мен әдістерінің негізгі жетіспеушіліктері – теория мен тәжірибе арасындағы алшақтықты жояды;

- даярлаудың дуалды жүйесінің құрылымында маманға әсер етіп, болашақ қызметкердің жаңа психологиясын жасау механизмі жатыр;

- қызметкерлердің дуалды білім алу жүйесі білім алу мен жұмысқа дағдылануға жоғарғы мотивация береді, өйткені олардың алған білімдерінің сапасы жұмыс орындарында атқаратын қызметтік міндеттеріне тікелей байланысты;

- сәйкес мекемелер басшыларының өз қызметкерлерін іс жүзінде оқытуға мүдделілігі;

- тапсырыс берушімен тығыз қатынаста жұмыс істейтін оқу орыны оқу барысында болашақ мамандарға қойылатын талаптарды ескереді;

- дуалды білім беру жүйесі таяу жылдары Қазақстанның кәсіби оқытуында кеңінен қолданылуы мүмкін.

- мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді;

- еңбек өнімділігі артады, халықтың көшіп – қонуы азаяды, әлеуметтік шиеленіске жол берілмейді.[6]

Дуалды оқыту жүйесі келешекте маманның болашақ кәсібі бойынша жұмыс орнын табу мәселесіне, оқуға да, ынтасына да тікелей әсер етеді. Осы жобаны жоғары оқу орындарының бағдарламаларына енгізу арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз етіп, нарық заманында бәсекеге төтеп бере алатын өндіріске қабілетті мамандар даярлау идеясын іске асырамыз. Олар өндіріске маман ретінде бекітіле отырып, оқу барысында ерекше көзқарас қалыптастырып, жауапкерілікті түсініп, қызыға оқиды. Сонымен қатар студент өндірістік ұжымдағы қарым-қатынасқа ерте бейімделіп, әлеуметтік ортаға үйренеді. Бұл жерде еңбек нарығында сұраныс болса, жаңа бітірген жас маман жұмысқа тез-ақ орналасатынын ерекше айтып өткім келеді. Ақиқатында жастарға дуалды оқыту жүйесі ересек өмірге өтуге бейімделу жеңіл болады. Оқу барысында өз еңбегіне ақы ала отырып, ал кейін жақсы маман жұмыс орнына кедергісіз орналаса алатын болады. Дуалды оқыту жүйесі Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швейцария сияқты көптеген еуропалық елдерде және соңғы жылдары Қытайда және Азияның басқа да елдерінде кең тараған және оң нәтижеге ие болып отыр және осы дамыған елдердің қатарында Қазақстан Республикасыда биік тұғырдан көрінетіне сенімдімін.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев ***«Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту жүйесіне қызмет ететіннің барлығы - біздің еліміздің болашағына қызмет етеді»*** -деп атап көрсеткендей, дуалды білім беру жүйесі еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауға мүмкіндік беріп, әрбір түлектің оқу орнын бітіріп шыққан соң жұмысқа орналаса алуына кепілдік береді, демек ***«Дуалды оқыту - кадрдың бәсекеге қабілеттілігінің кепілі».***

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты елбасының халыққа жолдауы, 2012ж
2.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; 2007ж
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 2010ж
4. «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың жолдары», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы № 4 (13) 2007ж;
5. «Қазіргі білім беру технологияларының әдіснамалық негіздері» ,Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №8 (20) 2008ж;
6. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2009ж;

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ «CASE-STUDY» ӘДІСІН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Асаубаева А.К., п.ғ.к., «Кәсіпқор» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, ТжКОБ о қу-әдістемелік қамтамасыз ету басқармасының бас менеджері, Астана қ.

Қоғамдық дамудың заманауи тенденциялары әрбір күн сайын тездетіліп, жетілдірілуде. Жаһандану заманында білім мен өндірістің қарқынды дамуы өзгермелі қоғамда болып жатқан өзгерістер білімнің үнемі жаңарып отыруына, ондағы жаңа тұғырларды меңгеруді талап етеді.

XXI ғасырда еліміздегі адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында: «...ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгертуге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін жән өз бетінше іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» [1] екендігін атап көрсетті. Жаһандық білім беру кеңістігінде оқытудың жаңа модельдерін пайдалану заманауи бағыттарынан қалған емес. Қазіргі білім беруге әлемдегі жаһандық жағдайлармен жаңа бастамалардың қарқыны дамуы үлкен әсер етіп жатыр. Олай болса, білім алушылардың тәжірибелік іскерліктері арқылы ізденуіне мүмкіндік жасау, ғылыми тұжырымдарды жасай білуі, ғылыми жетістігін сұрыптай білуі, өзіндік ойлауын дамытуы, танымдық әрекетін жетілдіру білім сапасының жақсартудың негізі деп білеміз. Білім беру жүйесін дамыту үшін елімізде аталмыш сала құрылымдық, мазмұндық бағытта жаңаруда. Озық әлемдік технологиялар енгізіліп, ауқымды жұмыстар жасалып жатыр. Білімнің жоғары деңгейге көтерілген заманда адамның білімі мен кәсіби біліктілігі экономика дамуының басты тетігіне айналып, мұның өзі заманауи техниканы жан-жақты меңгерген кәсіби білікті мамандардың қажеттілігін туғызуда. Осы ретте кәсіптік білім беру жүйесінде оқытудың жаңа заманауи әдістерін қолдану білім беру мекемелерінің алға қойған міндеттерінің бірі болып табылады.

Оқыту үдерісінде нақты жағдяттар әдістерінің шығу тарихы АҚШ-тың Гарвард

университетінің бизнес мектебінен бастау алады. 1910 жылы профессор М.Т.Коплэнд бизнес тәжірибесінен алынған нақты жағдаяттарды талдаудың қорытындысы бойынша студенттік пікіралмасу әдісін алғашқы рет қолданған. Нақты жағдаяттардың алғашқы жинағы 1921 жылы жарық көрді. (The Case Method at the Harvard Business School). Сол уақыттан Гарвард бизнес мектебі «case-study» әдісін қолданудың көшбасышысы болып табылады.

Жалпы «case» – кездейсоқ жағдайлар, түйінді мәселе, шынайы өмірдегі оқиғалардан тұрады. Зияткерлік өнім ретінде кейстің өзінің қайнар көздері бар:

- қоғамдық өмір мәселелердің, оқиға желісінің әр алуандылығы;
- білім кейс әдіске біріктірілген мақсат пен міндеттерді анықтайды;
- ғылым – кейстің үшінші қайнар көзі.

Кейстің түрлері:

- нақты өмірлік жағдаяттарды сипаттайтын практикалық кейстер;
- негізгі міндеті оқыту болып табылатын оқыту кейстері;
- зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыруға бағытталған ғылыми-зерттеу кейстері.

Кейстің құрылымы:

- жағдаят – оқиға, мәселе, шынайы өмірден тарихы;
- жағдаяттың мәнмәтіні – хронологиялық, тарихи, жағдаятқа қатысушылар мен әрекеттердің ерешеліктері;
- автормен ұсынылған жағдаяттарға түсіндірмелер;
- кейспен жұмыс істеуге арналған сұрақтармен тапсырмалар.

Кейсті әзірлеудің кезеңдері:

- білім беру мақсаттарының жүйесінде кейстің орнын анықтау;
- кейстің тақырыбына тікелей қатысы бар жүйелерді іздеу;
- құрылысы немесе жағдаяттың үлісін таңдау;
- сипаттаманы құру;
- қосымша ақпараттарды жинау;
- соңғы мәтінді дайындау;
- кейсті презентациялау, талқылауды ұйымдастыру[2].

«Case-study» әдісін басқа зерттеу әдістерімен араласа қолдануға болады. Тақырыптық зерттеу жұмыстарында өзара байланысы бар шектелген оқиғалар мен жағдайларды мәнмәтініне егжей-тегжейлі талдауға ерекше көңіл аударылады. Батыс елдерінде зерттеушілер тақырыптық әдістерді түрлі пәндерде қолданған. Әлеуметтанушылар бұл сапалы әдісті заманауи өмірлік жаядаяттарды зерттеуде кең түрде қолданады.

«Case-study» әдісі – бұл жеке адамды, топты және жаядаяттарды терең зерттеуге негізделеді. Яғни бұл әдісті қолдану зерттелетін нысанды толықтай бақылау, ұйымдастыру мен талдауға көмектеседі. «Case-study» әдісінің негізгі мақсаты – ойлар мен абстрактілі принциптердің бір бірімен сәйкестігін білуге арналған. Бұл әдіс біріншіден, нақты тапсырмаларды шешуге, екіншіден, теорияны тәжірибеде қолдануға, үшіншіден, нақты жағдаяттарды талдана отырып жүйеленеді.

Оқу үдерісінде «case-study» әдісінің негізгі ерекшеліктері :

- алған білімдерді өмірдегі нақты жағдайлармен байланыстырылады;

- білім алушылардың белгілі бір жағдаяттардағы мәселені шешудің жолдарын іздеп, таңдауға еркіндік береді;

- мәселені талдау барысында студенттер өмірдегі нақты, бір- бірімен байланысқан үдерістерді көрсете алады;

- нақты жағдайды талдай отырып, білім алушы негізгі білімді жинақтайды, қорытынды жасайды.

«Case-study» әдісін ұйымдастырып өткізілетін оқу әрекетінде білім алушылардың қызығушылықтары артады және жопарланған материалдарды толық меңгеруге мүмкіндік алады.

Тақырыптық зерттеулерді оқып-үйрену кезінде білім алушылар берілген жағдаятта шешім қабылдайтын тұлға немесе менеджер рөлінде істің мән-жайын білуі тиіс. Жағдаяттардағы жұмыстар мәселе болып табылмайды. Себебі әр уақытта мәселеде бір дұрыс шешім болады. Бұл кезде нақты оқиғада сипатталған жағдаятпен тоғысқан шешім қабылдаушы тұлға логикалық дәлелдермен негізделген баламалы әрекеттердің нұсқаларын таңдайды. Нақтырақ айтқанда, нақты оқиғаны зерттеуд әдісінде бірегей дұрыс жауаптар болмайды. Жағдаяттарды талдау үдерісінің деңгейлері келесідей жүзге асырылады:

- жағдаятпен танысу (алмағайып деректер, адамдар, әрекеттер, мәнмәтіндер);
- белгілерді танып-білу (күтілетін нәтижелерге не сәйкес келмейді және олар қандай болу керек?);
- мақсат, міндеттерді анықтау;
- талдауды өткізу;
- болжамды қою (мәселелерді анықтау және т.б.);
- басым мәселелерді анықтау, мақсаттармен нәтижелердің арасындағы айырмашылықтар;
- іс-әрекет жоспарын дайындау (мүмкін болатын баламалы әрекеттерді анықтау, әрекет ететін жоспарды таңдау, жүзеге асыруды жоспарлау, жүзеге асыруды бақылау жоспары)[3].

Кейспен жұмысты қалай ұйымдастырады: *аудиториядан тыс:* кейстің тақырыптарын анықтау, зерттеуді жүргізу, кейсті дайындау, аудиторияға сұрақтарды әзірлеу; аудиторияда: кейсті презентациялау, кейсті талдау бойынша аз топтарда жұмыстарды ұйымдастыру, топ жұмыстарын презентациялау, нәтижелерді талдау мен бағалау.

Кейспен жұмыс жасаудың нәтижелері:

Оқу	Білім беру
жаңа ақпаратты меңгеру	авторлық өнімді құру
деректерді жинау әдістерін меңгеру	жеке мақсаттарға жету
талдау әдістерін меңгеру	кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеру
мәтінмен жұмыс істеу дағдысы	жаңа жағдаятта әрекет ету мен шешімді қабылдауда тәржірибенің болуы
теориялық және практикалық білімдердің өзара байланысы	мәселелерді шешу

«Case-study» әдісі практикалық тәжірибені талдау, шешу және дағдылану мақсатында нақты материалдардың негізінде педагогтың арнайы әзірленген міндеттердің бірі. Бұл әдістің оқыту барысында қалыптасатын жалпы құзыреттіліктермен байланысы бар:

«Case-study» әдісінің сипаттамасы	Жалпы құзыреттіліктер
- белгілі бір салада тәжірибе алумен дағдыларды жетілдіруге арналған оқыту әдісі: айқындау,іріктеу және мәселені шешу	1.Өзінің іс-әрекетін ұйымдастыру, кәсіби міндеттерді шешуде әдістерді анықтау, олардың сапасы мен тиімділігін бағалау; 2.Қалыптан тыс жағдаяттарда шешім қабылдау алу мен тәуекелділіктерді бағалау.
- ақпараттармен жұмыс - жағдаяттарда сипатталатын бөлшектердің мағынасын түсіну;	1.Кәсіби міндеттерді, кәсіби және тұлғалық дамуға арналған міндетті ақпараттарды іздеу, талдау және бағалауды жүзеге асыру.
- шешім қабылдау; топтық жұмыстарға дағдылану басқа адамдарды тыңдаумен түсіну.	1.Ұжымда және топта жұмыс істей алу, басшылықпен, әріптестермен әлеуметтік серіктестіктермен өзара әрекеттесу.

«Case-study» әдісін қолданып машықтанып жүрген педагог өз мүмкіндігін обьективті түрде бағалайтын, яғни өзінің күшті де әлсіз жақтарын білуі қажет. Сонымен қатар интеллектуалдық іс-әрекеттің жалпы мәдениеттік педагогикалық этикасын меңгеру, әлемдік білім беру кеңістігінің даму тенденциясында жүріп жатқан интеграциялық процестерге бейімделу керек. Осы әдісті қолдану барысында педагог тек қана өзінің қабілеттерін жүзеге асырып қана қоймай, оларды дамытады. Педагог «case-study» әдісін қолданып ұйымдастыратын жұмысындағы басты қағидаларға мыналар жатады:

- серіктестік, ынтымақтастық пен өзара байланыс;
- шығармашылық пен авторлық өнімді құру;
- бірлескен іс – әрекетті және оқыту үдерісін жобалау;
- айқындаманы ұсыну мен жұмыс нәтижесінің тәсілін таңдау;
- прагматизм.

Қорыта келгенде, білім алушыларға заманауи оқыту әдістер негізінде ой операциялары мен іс-әрекеттің түрлі амалдарына үйретуге; олардың бойында ізденушілік, тапқырлық, ізденімпаздық қабілеттерінің қалыптасуына; өмірлік жағдаяттарды талдау біліктілігін, дүниетанымын қалыптастыруға бағытталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жыл. 31 қаңтар.
2. Барнс Л.Б., Кристенсен К.Р., Хансен Э.Дж. Преподавание и метод конкретных ситуаций: Пер. с англ. / Под ред. А.И. Наумова. – М., 2000. – 501 б.
3. Смолянинова, О.Г. Инновационные технологии обучения студентов на основе метода Case Study // Инновации в российском образовании: сб.- М.: ВПО, 2000. 6 б.

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ МӘНІ

Сарбасова Қ.А., п.ғ.д. профессор
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университет, Астана қ.
Алшынбаева Ж.Е., доктор PhD
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды қ.
Ганиева Ф.М., 4-курс студенті, (ПО-15-1 топ) ҚарМТУ, Қарағанды қ.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда ерекше рөл атқарады. Қазіргі таңда кәсіптік салада жан-жақты білімді, білікті, бәсекеге қабілетті маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өзіндік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытумен белгіленеді.

Кәсіптік білім берудің даму кезеңдеріне заманауи негізгі базалық сипаттамасы ретінде интеграциялық үдеріс енеді, олар бір жағынан білім беру жүйесінің ішкі құрылымды маңыздылығының өзгеруі, ал екінші жағынан кәсіптік білім беру үдерісі мен өндірістік сфера арасындағы байланысты көрсетеді. Осындай бірігу интеграциялық тенденция кәсіптік білім беру сферасы мен осыдан туындайтын үдерістерді дуальды тұғыры жалпы ғылым мен педагогикалық аспектілері бар әдіснамалық категория ретінде негіздеуді қарастырады [1].

«Дуализм», «дуальды», «дуальдылық» жалпы әдістемелік абстракты мағынаға ие (лат сөзі. *dualis*–екі жақты) және білім беру саласының көптеген аумақтарында кеңінен қолданылады.

Дуальды жүйе өндірістік мамандарды дайындау үдерісінде жұмысшылардың біліктілігін арттыру анағұрлым шығынға әкелетінін біле отыра, сапалы кәсіптік білім сенімді капитал көзі екенін айқындаған. Сонымен бірге білім берудің нәтижесі ғана емес,

білім беру мазмұны, оның ұйымдастыру т.б жақтары да ерекше қызығушылық тудырады. Осылармен дуальды жүйенің кәсіптік дайындық жүйенің үлгісі ретінде маңыздылығы анықталады, өндірістік және білім беру саласының кәсіптік мамандарды даярлау барысында келіспеушіліктерді жою жолдары анықталады.

Біздің талдауымыз көрсеткендей, біртұтас өндірістік-білім беру орта жағдайында студенттерді дуальды бағытталған даярлауда біркелкі жүйені қалыптастыру қазіргі таңдағы доминантты техникалық бейіндік мамандар дайындаудан, оқушылар мен педагогтардың жекелік дамуына бағыт - бағдар беруге мүмкіншілік туғызады, ол заманауи өндіріс пен қоғам талабына сай. Мамандарды дуальды дайындаудың ұйымдастыру формасы бізде колледждің моделінің дамуымен байланысып, қазіргі таңда оларды негізінен білім беру мекемесінің жаңа интеграцияланған түрі ретінде қарастыруға болады: көпдеңгейлі, көпқызметті, көпбейінді, үздіксіз білім беру принципі мен техникалық және кәсіптік білім берудің кең көлемді бағдарламаларымен қатар қосымша білім беру негізінде жүзеге асырылады.

Колледждің білім беру іс - әрекеті еңбек нарығына қажетті жоғары деңгейде маманданған жұмысшылармен және орта буынды мамандармен қамтамасыз етуге, сонымен қатар түрлі категориялы білім алушылар, соның ішінде ересек адамдар, жеке білім алу және кәсіби білім алу сұранысын қанағаттандыруға бағытталған.

Осылайша, дуальды бағытты мамандарды даярлау кәсіптік білім берудің интеграциялық құрылымында «колледж-өнеркәсіп» арасындағы басты форма ретінде болады.

Дуальды бағытты жүйенің теориялық негізін зерттеу барысында біз бір жағынан қоғамдық дамудың әлеуметтік-экономикалық қажеттілігіне және еңбек нарығындағы кәсіби бос орындарды тиімді толықтыруды негізге алдық, ал екінші жағынан ол - адамның өмір бойы үздіксіз білім алуын, біздің еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің (ТжКББ) модернизациялау принциптері мен негізгі тенденцияларын анықтайды.

Дуальды білім беру жүйесінің біртұтастығы интеграцияның екі бағытының бірлесуі арқылы жүзеге асады, бір жағынан ТжКББ бағдарламалардың және қажетті білім беру құрылымдардың интеграциясы, екінші жағынан ТжКББ мен өндірістің интеграциясы. Аталған бағыттардың интеграциясының дамуы жалпы мақсатқа тәуелді болады - ол білім алушылардың кәсіптік даярлау сапасын арттыруға бағытталады.

Сонымен қатар оқу орны мен бейіндік тапсырыс беруші арасындағы горизонтальды вектор байланысы басым болады, себебі жоспарлы және көпқырлы колледж бен тапсырыс беруші кәсіпорындардың бірлескен іс-әрекеті кәсіптік білім беру жүйесіне әлеуметтік тапсырысын нақтылауды қамтамасыз етеді, сапалық және сандық аспектісінде, білім беру нәтижесін, мақсатын жобалау; жоспарланған нәтижелерге тиімді қол жеткізудің жолдарын анықтау, ол вертикальды байланыс жағдайында көпдеңгейлі жоғары білікті мамандар мен жұмысшылар құрылымын, қоғам мен жоғары техникалық өндірістің кадрлық потенциал саласының талабына сай келуі керек. Әлеуметтік серіктестіктердің заманауи даму деңгейлері кәсіптік білім беру саласының екпінінің ауысымы кәсіптік мектеп пен жұмыс берушінің құрамдас аспектілерінің байланысына тәуелді. Сондықтан дуальды бағытты дайындық мазмұнының қалыптасуы маманның шаруашылық моделіне негізделуі керек.

Дуальды оқыту - кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының жауапкершіліктері тең болған кезде білім беру ұйымындағы оқытуды кәсіпорында білім алушыларға жұмыс орындарын бере отырып және өтемақы төлемін төлей отырып оқыту мен практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны.

Дуальды оқыту жүйесінің басты *мақсаты* - бәсекеге түсе алатын мамандығы бар, кәсібін нақты таңдаған, жұмысқа орналаса алатын және өзінің кәсіби білімін жоғарылатуға ұмтылған жас тұлғаны өсіру болып табылады.

Дуальды оқыту жүйесінің *міндеті* - колледжді бітірген жас маман кәсіби жүйедегі оған белгіленген жердегі жұмысының өнімді болуы болашақ маманның кәсіби әрекетіне толық даярлығын қалыптастырады [2].

Аталған жүйеге біз, өз анқтамамызды бердік. *Дуальды оқыту дегеніміз* - оқу орындарында теориялық біліммен шектелмей практикалық сабақтарды серіктес кәсіпорын базаларында өткізу.

Жоғарыда көрсетілген байланыста бірінші мақсатта техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнының көкейкестілігі алға қойылады, ол кәсіптік және білім беру стандарттарын қамтамасыз етумен шешіледі (В.И.Блинов; А.Н.Лейбович). Кәсіптік стандарттар еңбек сапасына біркелкі талаптардың сақталуы мен қолданылуын қамтамасыз етеді, еңбек саласында жаңа тенденцияларды ұсынады; жұмысшыларға қызметтік нұсқаулар дайындау; бірыңғай өлшемдер бойынша жұмысшыларды аттестациялау мен сертификациялау негіздерін құрастыруды көздейді. Оларда көрсетілген жұмысшылардың еңбек міндеттерін орындалуына қойылатын талаптар кәсіптік оқытудың білім беру стандарттарының мазмұнында, мақсатында, құрылымында және құзыреттіліктерінің негізінде модульдік білім беру бағдарламаларын анықтауға мүмкіншілік береді.

Білім беру мен кәсіптік стандарттардың біріктіру механизмдерін жобалау жолдарының бірі модульды-құзыреттілік бағыт болып табылады. Модульды-құзыреттілік бағыт білім беру мен кәсіптік стандарттардың біріктіру механизмдерін келістіруге мүмкіндік береді, заманауи өндіріске икемдеп, кәсіптік білім беру мен өндіріс сферасын, білім беру қызметі мен еңбек нарығын бір жүйеге біріктіреді.

Бұл бірлік еңбек нарығының талаптарын жұмысшы құзыреттілігіне трансформациялау және білім беру үдерісінің соңғы сатысының сапасына қойылатын талаптар арқылы қол жеткізіледі.

Мамандарды дуальды түрде даярлауды дамытудың маңызды ұйымдастырушылық-экономикалық шарты материалдық өндіріс салалардың қаржыларын кәсіптік мектептерге тарту болып табылады. Білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын модернизациялау, кәсіпорын-серіктестіктің қаржыландыруы мен дуальды бағытта мамандарды даярлаудың сапасын арттырудың негізгі факторы болып табылады, әсіресе өндірістік технология мен құралдардың тез өзгеру жағдайында басты мәнге ие болады. Осы іс-әрекетті жүзеге асыру үшін кәсіпорын өндірістік техниканы, материал мен жабдықтарды, тәжірибе өту базасын бөлуге міндеттеледі. Өз кезегінде оқу орны тиісті бейін кәсіп бойынша кәсіпорынға қажетті мөлшерде сапалы маман даярлайды. Жалпы колледж бен кәсіпорын арасындағы механизм дәстүрлі (әлеуметтік серіктестік туралы келісім шарт) және сонымен қатар жаңа элементтерді ортақ оқу-өндірістік құрылымдар (лаборатория, оқу полигондары, өндірістік алаңдар т.б.) өзіне енгізеді.

Еліміздің білім беру жүйесі дамуының заманауи кезеңін дүниежүзілік білім беру кеңістігінің даму үрдістері мен үдерістерінен бөліп алып қарастыру мүмкін емес. Себебі қазіргі уақытта дүние жүзіндегі барлық елдер мен халықтар арасындағы өзара байланыстар қарқынды даму үстінде. Білім берудің ұлттық жүйесін реформалау жағдайларында, оның рөлі Қазақстаннның дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу стратегиясымен анықталады. Мұндай көлемді міндеттерді шешу үшін шетелдегі білім беру саласында өтіп жатқан үдерістерді талдау, оларды отандық білім берудің даму үдерістерімен салыстыру қажет.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында: «Дуальды кәсіптік білім беруді дамытудың маңызы зор. Бұқаралық маман кадрларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін заманауи қолданбалы біліктілік орталықтары қажет», - деді. Мемлекет басшысы колледждерде дуальды оқыту әдісін енгізу туралы нақты тапсырма да жүктеді. Қазақстан Халқы Ассамблеясының 19-шы сессиясында «Самұрық-Қазына» қорына арқаулық кәсіпорындар тізімін белгілеп, дуальды модельді бірте-бірте енгізудің жоспарын әзірлеуді тапсырған болатын [3].

Бүгінгі таңда Қазақстанда және шетелде орындалған көптеген зерттеулерде кәсіптік білім беру мәселесі оның ішінде дуальды оқыту ұғымын анықтау бойынша тұжырымдар жасалған.

Б.Әбдікәрімұлы «Қазақстан Республикасында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және технологиялық өзгерістер мамандар даярлау жүйесіне жаңаша көзқарас пен техникалық және кәсіптік оқыту жүйесіндегі оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша жаңа тиімді ізденістерді талап етеді. Бір жағынан өмір шарттарының өзгерісі, қоғамның демократияландырылуы, екінші жағынан бәсекелестік пен нарықтық қатынастар қазіргі заманғы нарықтық еңбек үшін мамандар қалыптастыруға жаңа талаптарды ұсынады. Бүгін де тұрақсыз өзгерістерге және әрекеттестікке дайын, өндірістік жағдайды басқара білетін, жоғары кәсіби білік және дағдыларға ие мамандар ғана сұранысқа ие бола алады» - деп, кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ мамандарды даярлау мәселесі жайлы тоқталған[4].

В.В.Егоров «Теориялық және практикалық құрамдас бөліктерді жоғары дуальды техникалық білім беру жүйесінде дәйекті түрде алмастыру арқылы студенттердің теориялық білімдерін алу және дағдылар мен қабілеттерін алу үдерісі арасындағы уақыт айырмасы бар»-деп еңбегінде дуальды оқытудың негізгі қағидаларын жүзеге асыру мен дамуын нысаны ретінде қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің төмендегідей корпоративтік университеттер құруға және жұмыс істеуі болып табылатынын атап көрсеткен. «Арселор Миттал Теміртау», «Қазақмыс Корпорациясы», «Богатырь», «Шұбаркөл», Орталық және Солтүстік Қазақстанның ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың оның базасында инновациялық білім беру консорциумын құрғаны туралы тоқталған [5].

С.А.Жолдасбекованың еңбегінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды даярлауда дуальды жүйе ұғымын, тарихы мен дамуын, дуальды оқыту жүйесінің артықшылығы мен кемшіліктерін қарастырған. Сонымен қатар, оқытудың дуальды формасын ендіру кәсіптік-техникалық білім берудің негізгі мәселесі - теория мен практика алшақтығын жоюға мүмкіндік береді дей келе, оған байланысты жоғары оқу орындарының негізгі мақсаты болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын дуальды оқытуға даярлау деген [6].

С.П. Романовтыңеңбегінде, дуальды оқыту кезінде кіші курстағыларға жалпы теориялық база, ал келесілерге - практикаға бағытталған оқу тапсырмаларды өндірістік жағдайда орындауды талап ететін тапсырмалардан құралған жеке жоспар бойынша жұмысты қамтамасыз етуді болжайды. Бұл жұмысты жетекшілік етуге практик-мамандарды тартады [7].

Осылайша болашақ мамандарды дуальды бағыттағы жүйемен даярлау, нақты аймақтық еңбек нарығының талабын, нақты кәсіпорындардың, жастардың әлеуметтік және мансаптық мүмкіндіктерін ескере отырып, кәсіптік білім беру мекемелері мен кәсіпорындардың бірлескен іс-әрекеттерін қамтамасыз етеді, осының нәтижесінде мамандарды даярлауда заманауи сапа қалыптастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 AlshynbayevaZh.,Sarbassova K.,Galiyev T., Kaltayeva G.On anticipatory development of dual education based on the systemic approach // International journal of environmental & science education. - 2016, - Vol. 11, №18. - S. 12540-12550. http://www.ijese.net/makale/1725

2 Кусаинов А.К. Развитие образования в Казахстане и Германии. – Алматы: Ғылым, 1997. – 112 б.

3 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан. - 2012. - №56.

4 Абдикаримов Б. Теория и практика развития профессионально-технического образования: дис. ... докт. пед. наук. 13.00.01. – Алматы: АГУ, 1996. – 314 б.

5 Егоров В.В., Газалиев А.М., Брейдо И.В. Дуальное обучение на базе корпоративного университета // Высшее образование в России. – 2015. – №4. – С. 44-49.

6 Жолдасбекова С.А., Нұржанбаева Ж.О. Дуальді оқыту жнйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары // Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университе-тінің Хабаршысы ғылыми журналы. – Астана, 2015. – №5(108). – Б. 187-192.

7 Романов С.П. Развитие дуальной системы инженерно-педагогического образования в высшем учебном заведении: автореф. ... док.пед.наук: 13.00.08. – Новгород: ГОУ ВПО ВГИПУ, 2008. – 50 с.

ВЛИЯНИЕ ИННОВАЦИОННННЫХ ПРОЦЕССОВ НА АКТИВИЗАЦИЮ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ

Можанина Наталья Евгеньевна, магистр технических наук,
преподаватель специальных дисциплин, Абайский многопрофильный колледж

Одним из приоритетных направлений инновационного процесса информатизации современного общества является информатизация образования. Повсеместное использование информационных ресурсов, являющихся продуктом интеллектуальной деятельности наиболее квалифицированной части трудоспособного населения общества, определяет необходимость подготовки в подрастающем поколении творчески активного резерва. По этой причине становится актуальной написание данной статьи.

Образование - это то, с чего начинается человек. В эпоху развития информационных технологий мы стали больше акцентировать наше внимание на различные инновации, которые способны облегчить и упростить, а также усовершенствовать нашу жизнь.

Есть люди, которые верны традициям, считая, что прогресс губителен. Мы, педагоги Абайского многопрофильного колледжа не поддерживаем такую позицию и считаем губительным полагать, что прогресс ни к чему не приведет. Также мы считаем, что развитие, инновации – это наше будущее, мы должны стремиться к новому и постоянно совершенствоваться.

Так, самым лучшим из всех известных и наиболее эффективных способов решения проблем сейчас можно назвать информатизацию образования.

Информационные технологии активно врываются в нашу жизнь, охватывая все новые сферы. Несомненно, использование информационных технологий на уроке способствует активизации внимания, восприятия, мышления, воображения, памяти, творческих способностей и познавательных интересов, что является приоритетной целью уроков математике, русского языка и познавания мира. В свою очередь, познавательный интерес подростка и успешность обучение определяют его полноценное интеллектуальное и физиологическое развитие. Практика показывает, что педагог может добиться серьезных качественных результатов, работа со студентами в современных условиях с использованием возможностей мультимедиа на своих уроках и во внеклассной деятельности, что дает более высокие и качественные результаты.

Проводя мультимедийный урок, педагог не ставит перед собой цель «удивить» подростка новыми современными технологиями, однако не следует забывать о том, как живо реагируют наши студенты на все новое. Освоение и применение педагогом новых технологий не может не вызвать у подростков интереса, уважения, желания обмениваться информацией с учителем и одногруппниками. Таким образом, исподволь формируется новый стиль отношений в учебном коллективе, когда процесс передачи информации идет не от одного ко многим, а от всех ко всем.

Возможности мультимедиа позволяют сделать урок насыщеннее, продуктивнее, эмоционально богаче. Приходя на урок, ребята интересуются: «Что нового будет сегодня? Что интересного?» А это значит, что еще до урока есть учебная мотивация, развивать и поддержать которую – одна из важнейших творческих задач учителя.

«Лучше один раз увидеть, чем сто раз услышать» - гласит народная пословица. Общеизвестно, что большую часть информации мы получаем визуально.

Реализовывать на уроках один из важнейших принципов дидактики – принцип наглядности - значит обеспечить высокий уровень усвоения предлагаемого материала.

Таким образом, информационные технологии обеспечивают значительно более высокий уровень наглядности по сравнению с традиционными схемами, таблицами, моделями.

Подросткам с особенностями в развитии компьютер может оказаться помощником: выполняя индивидуальное задание (возможно, с дополнительной наглядностью, со справочным материалом), ребята чувствуют себя увереннее, ситуация повышает самооценку, что, в свою очередь, способствует дальнейшим успехам. Отдельные модули – тренажеры могут быть использованы не только на уроке, но и предложены отдельным обучающимся на дополнительных занятиях или для работы дома, если они по тем или иным причинам не усвоили материал вовремя или нуждаются в дополнительных упражнениях. Подобные задания позволяют мотивировать студента и собственно работой за компьютером, и разнообразными игровыми сюжетами, и возможностью получить «помощь», «подсказку» от компьютера, и, что самое важное, возможностью самостоятельно, в индивидуальном темпе, продвигаться вперед в овладении учебными навыками.

Для студентов с высокой познавательностью мотиваций также можно предусмотреть дополнительные индивидуальные задания. Особенно полезно привлекать таких подростков к подготовке и проведению отдельных фрагментов урока с помощью ИКТ. Индивидуальный подход можно осуществить не только за счет разноуровневых заданий, но также и благодаря самообразованию и самодеятельности студентов.

Сегодня подросткам известны различные источники информации, но ребята не знают, как ею пользоваться для собственного развития. Эффективное использование информации предполагает не только знания, но и понимания того, что знаешь. Этому надо учиться. Использование информационных технологий позволяет в значительной степени оптимизировать процесс обучения. Самостоятельная работа за компьютером – основное средство безболезненного постепенного перехода от привычной игровой к новой, более сложной учебно - познавательной деятельности. Автономная деятельность повышает личную ответственность обучающегося, а самостоятельность принятия решений в сочетании с их положительными результатами дает заряд позитивных эмоций, порождает уверенность в себе и устойчивое желание продолжать работу, постепенно переходя на более сложный уровень заданий.

Педагогический коллектив Абайского многопрофильного колледжа обладает высоким потенциалом в реализации задач инновационного образования. Преподаватели колледжа занимаются самообразованием, повышают свою квалификацию, используют на уроках и вне урочной деятельности обучающие Интернет- ресурсы Learning Apps, Kahoot, Moodle. Развивается студенческое конструкторское бюро, в котором студенты применяют элементы робототехники, разрабатывают проект «Умная теплица», используют принципы зеленой экономики.

Таким образом, использование возможностей современных информационных технологий в процессе обучения имеют преимущество по сравнению с традиционным обучением по ряду причин:

1.Создается творческая положительно-эмоциональная атмосфера на занятиях.

2.Развивающая цель выходит на первый план по сравнению с учебной целью, поэтому удается добиться косвенного обучения - самого прочного и неутомимого.

3. Возможность добиться успеха за небольшой промежуток времени, вызывает желание работать еще и еще.

4. Параллельно у обучающегося формируется потребность использования компьютера как инструмента, который помогает ему учиться.

Приоритетом современного образования, гарантирующим его высокое качество и результативность, должно стать обучение, ориентированное на самосовершенствование и самореализацию личности. Поэтому на смену модели «образование – преподавание» пришло «образование – взаимодействие», когда личность студента становится центром

внимания педагога. Помочь студентам в полной мере проявить свои способности, развить инициативу, самостоятельность, творческий потенциал - одна из основных задач современного образования. Успешная реализация этой задачи во многом зависит от сформированности у студентов познавательных интересов. Именно это и определяет активность подростка в познании себя и окружающего мира.

Литература:

1. Брановский Ю.С. Введение в педагогическую информатику. - Ставрополь: СГПУ, 1995.
2. Концепция использования новых информационных технологий в организационно-методическом обеспечении учебного заведения / Российский Центр информатизации образования - М., 1992.
3. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании. - М.:Школа-Пресс, 1994.
4. Материалы IV Международной конференции "Применение новых компьютерных технологий в образовании" / - Троицк, 2003г..

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН РӨЛІ

Самедова Меруерт, Кәсіптік оқыту мамандығының 3-курс студенті
Ж.Қ.Қожахметова, Кәсіптік білім беру кафедрасының ассистенті
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қаласы

Соңғы жылдар ішінде Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымдарында көптеген өзгерістер орын алып жатыр. Бүгінгі әлем дамуы білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық,әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімділгін талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» құру бағытында.Бұл ауқымды мәселе туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2011 жылғы Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауында былай деген: «Біз білім беруді жалғастыруды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс» [2].

Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап,әр әдісін тиімді қолдануы шарт. Кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті маман әрдайым жаңа білім алу жолдарын іздестіреді. Ал жоғары оқу орындары мамандарға оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іздестіреді, білім беруге жаңа технологиялар енгізеді.

Білім беру жүйесіндегі формалардың бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту.

Қашықтықтан оқыту - ол оқу процессі кезінде осы замандық компьютерлерге және телекоммуникациялық технологияларға негізделіп дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерді қолданып, сырттай және күндізгі білім түрлер қатарлы білікті білім алудың ең негізгі түрі.

Қашықтықтан оқыту – білім, білік, дағдыны алу үдерісі. Бұл процедурада оқушы мен студенттің территориялық алшақтығына қарамастан жаңа технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқыту ара қашықтықты қысқартумен қатар, уақытты анағұрлым үнемдеуге өз көмегін көрсетеді. Бұл білім беру технологиясының дамуы біздің білім беру жүйесінің болашағы болып табылады. Мұндай оқытудың жетістігі – оқытушының өзі жоқ кезіндеде назардан тыс қалмауы. Қашықтықтан оқыту бірнеше компоненттің жиынтығынан тұрады. Олар:

-дидактикалық жүйе

- технологиялық жүйе
- қамтамасыз ету жүйелері

Қашықтықтан оқыту үшін дидактикалық жүйенің 5 әдісін алуға болады: ақпаратты-рецептивті, репродуктивті, мәселелік мазмұндау, эвристикалық, зерттеу.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың бірнеше технологиялары бар:

Кейс технология - оқытушы қашықтықтан сабақ өту барысында аудиовизуалдық, мәтіндік, мультимедиалық әдістемелерді білім алушылар өздері меңгеру үшін жіберуі.

Желілік технология - оқу барысында интернетті пайдалану, электрондық поштаны пайдалану, компьютерлік класстарды пайдалану жатады.

Қашықтықтан оқытуда келесі анықтамалар пайдаланылады:

Тьютор- қашықтықтан оқытудың оқытушы консультанты.

Тьюторлық сыныптар- компьютермен, бейне монитормен жабдықталған сыныптар.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты: білім берудің біртұтас ақпараттың жүйесін құру арқылы білім алушылар мен студенттердің білім деңгейін көтеру. Ал міндетіне тоқталар болсақ: оқытуды даралау, оқытудың тиімділігін арттыру, дәстүрлі оқыту әдісі тиімсіз деп санайтын тұлғаларға білім беру қызметін ұсыну болып табылады.

Қащықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін мынадай функцияларды қолдануға болады: білім алушыларға оқу материалын жеткізу, кеңес беру, білім алушылармен кері байланыста болу, білімдерін бақылау.

Қашықтықтан оқыту нысаны- бейне лекциялар, теледидар, радио, мультимедиялық лекциялар, конференция, телеконференциялар, компьютерлік тестілеу жүйелері жатады.

Осы оқытуды жүзеге асыратын профессорлар құрамы мынадай топқа бөлінеді: оқу-әдістемклік кешенді жүзеге асыратын профессор- оқуытушылар, сабақты жүргізетін, кеңес беретін оқытушылар, курстарды ұйымдастыру жөніндегі мамандар, тьюторлар [5].

Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттері: бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып. мемлекеттік (республикалық) деңгейіндегі қашықтықтан оқытудың құрамына енуі; құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау. Қашықтықтан оқыту мектептерде Республика, облыс, қала және мектеп кеңістігінде кең қолданыс табуда. Мектеп көлемінде айтатын болсақ, «Интернет күнделікті» алуға болады. Бұл жаңашылдық екі – үш жыл көлемінде өз жұмысын атқарып келуде. Бұл инновациялық әдіс арқылы ата – аналар балаларының білім үлгерімін, ал білім алушылар үй жұмысын уақытында біліп отырады. Мұндай әдісмектеп пен ата – аналар қауымы арасындағы байланыстың одан сайын нығаюына үлкен септігін береді. Оқытылатын пәндерден қашықтық олимпиадалар Қазақстандық интернет олимпиадалар («КИО») өтеді. Бұл олимпиаданың ең тиімді жері – білім алушылар өздерінің қатысқан олимпиада көрсеткішін бірден білулері болып табылады. Аталған олимпиадалар сайыс түрінде берілсе де, білім алушыларды оқытады деп айтуға болады. Өйткені, білім алушылар сабақ барысында алған білімдерін шыңдайды, тексереді, салыстырады. Білім алушыларға арналған олимпиадалардан басқа, мұғалімдерге арналған онлайн түрде өтетін сан алуан семинарлар, конференциялар,сабақтар ұйымдастырылады. Қазіргі кезде қарқынды түрде қолданып жүрген ол – республика, облыс көлемінде ата – аналарға арналған жиналыстар[3].

Оқу барысын сапалы ұйымдастыруда қолданылып жүрген оқыту әдісі - «E-learning». E-Learning– бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Оқытудың осы жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Қазіргі таңда E-learning электронды білім беру көптеген елдердің білім жүйесіне қарқынды енгізіліп отырған оқытудың озық формаларының бірі болып келе жатыр. Қазақстан Республикасында электронды оқыту білім жүйесінің инновациялық дамуының басты бағыттарының бірі болып есептеліп келе жатыр.Әлемдік тәжірибелердің көрсеткіштері бойынша e-learning жүйесі білім беруді модернизациялаудың басты құралдарының бірі екендігін айқындайды. Электронды білім беру Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің ақпараттандыру мақсатына үлкен жол ашпақ.

E-learning технологиялары оқу үрдісіне келесі мүмкіндіктер береді:

- Берілген материалды меңгеруге жағдай жасау үшін өте қолайлы және ыңғайлы;
- Оқу материалын меңгеруде қиындық деңгейін, уақытын және көлемін таңдаудағы тиімділік;
- Интерактивті, өйткені, мұғаліммен, сыныптастарыңмен синхронды және асинхронды әрекеттесу арқылы оқуға болады.

E-learning-тің басқа бір бөлігі –бұл мұғалімнің оқу сайты. Мұғалімнің оқу сайттарының ресурстары (бейнелекциялар, тест жұмыстар, практикалық тапсырмалар, форумдағы дискуссиялар, есептер шығару практикумдары, компаниялардың оқу-жаттығу жұмыстары) білім алушыларға ыңғайлы уақытта керекті тақырыбымен өз бабымен жұмыстануға мүмкіндік береді. Сандық білім беру контентін электронды оқулықтар, компьютерлік ойындар, виртуалды.

Осылайша, e-learning технологиясы – бұл оқыту бөлігі, оның көмегімен оқу үрдісін жекелеуге болады, оқытудың жылдамдығын таңдауға болады. Білім алушы өзіндік жұмысты дербес компьютердің, ноутбуктың, ұялы телефонның көмегімен ұйымдастыра алады. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының көлемін көбейту оқу үрдісін ақпараттық технологиялардың арқасында нығайтуға мүмкіндік береді [4].

Білім алушы автоматтандырылған жүйеде өзінің жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді. Ал мұғалім күнтізбелік-тақырыптық жоспары бар электрондық дәптерді, сынып журналын, хабарландыру қызметін толтыратын болады. Ата-аналар қауымы тәрбие мәселелері бойынша кеңестер алу, сондай-ақ қашықтықтан баласының сапалы орта білім алуы мен жетістіктері туралы ақпараттық хабарлама алу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар осы бағдарламаның артықшылығы – қосымша ақпараттар арқылы мектептің порталын ашып, мектептің тарихы, білім алушы, мұғалім рейтингісі, құрмет тақтасы, ҰТБ-ға дайындығы, қашықтықтан оқыту курстары, ата-аналар комитеті, сынып жетекшілігі, т.б. мәліметтерді автоматты түрде енгізуге болатындығы. Бұл оқыту үдерісін автоматтандыру жүйесі мектептерде ақырындап қарастырылу барысында.

Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға бірнеше талаптар қойылады:

•Оқытушы компъютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.

•Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.

•Қашықтықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, білім алушыларды таныстыра білуі қажет.

•Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.

•Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.

•Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет.

•Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет [1].

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім».

Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесіне, мектеп өміріне енуде. Мұғалімнің біліктілігі мен білімділігі үйлесіп, білім алушыларға терең білімді беруге бағытталғанда ғана нәтиже

анық көрінеді. Білімділік пен біліктіліктің үйлесуі өз кезегінде мұғалім мен білім алушы тарапынан елеулі еңбекті талап етеді. Қазіргі заманғы оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін сабақта пайдалану бүгінгі күннің басты талабы. Білім беру саласын дамытуға, өркендетуге байланысты қойылатын заманауи талаптар мен міндеттер өз кезегінде әр мұғалімнен жаңаша бетбұрысты талап етеді. Сондықтан ұстаздардың алдындағы басты мақсат - білім алушыға сапалы терең білімді нәтижелі әрі тиімді жолмен жеткізу. Сонда ғана біз болашақтың кілті болып табылатын жастарға заман талабына сай сапалы білім береміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

3. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)

4. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2010 ж (11-14 б)

5. Бөрібеков Қ.Қ. «Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім жүйесі жүйелі шараларды қабылдауға мұқтаж». Алматы, 2006 жыл

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ – ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Алиакпарова А.С «Кәсіптік оқыту» мамандығының 4- курс студенті,
Есекешова М.Д педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Кәсіптік білім беру кафедрасының меңгерушісі
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылатын Қазақстанның үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы іске қосылды. Яғни, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту үдерісі басталды, ол елімізге ең тиімді және бәсекеге қабілетті мамандарды береді. Жаңғырту, оқыту жүйесіндегі бірқатар дәстүрлі тәсілдерді өлшеу қажеттілігін анықтайды [1].

Әлемдік тәжірибеде кәсіптік-техникалық қызметкерлерді оқу орнында және жұмыс орнында параллельді оқытуды көздейтін дуалды оқыту жүйесіне сәйкес жүргізіледі. Дуалды оқытудың негізі - маманның біліктілігін жұмыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын теориясы мен тәжірибесі арасындағы өзара қарым-қатынас принципі, ол ауыл шаруашылығы өндірісінің қызметкерлерін оқыту сапасын арттырады [2, 3].

Білімнің қосарлы түрі кеңінен танымал және әлемдік тәжірибеде танылған. Осы жүйеге сәйкес жоғары білікті мамандар 60-тан астам индустрияландырылған елдерде оқытылады. Оқу үдерісінің тек қана оқу үрдісінде ғана емес, сонымен қатар мазмұны мен оны ұйымдастыруға қызығушылық танытатын пәндері де бар.

Қосарлы жүйенің мәні білім беру процесінің жұмыс тәжірибесіне біріктіру арқылы мамандарды даярлаудың практикалық бағыттылығын күшейту болып табылады. Мұндай жұмысты ұйымдастыру дәстүрлі формалар мен оқыту әдістерінің басты кемшіліктерін - теориялар мен практиканың арасындағы алшақтықты жояды [4].

Демек, бұл жүйе ауылшаруашылық мамандықтарында кәсіптік оқуды көбінесе оқу орнына емес, комбайндар, тракторлар немесе мал шаруашылығы фермаларында басқаруға мүмкіндік береді. Мектеп оқушыларының 60% -ы іс жүзінде және тікелей жұмыс істейді, ал қалған 40% - колледждегі теориялық білімді алады.

Айырықша сипаттамаларды анықтау үшін біз қызметкерлерді оқытудың қосарлы және дәстүрлі жүйесін өзара салыстырдық (1-кесте).

Кесте – 1.

Дуальды және дәстүрлі жүйенің ерекшеліктері

Дуальды (қосарлы) оқыту жүйесі	**Дәстүрлі оқыту жүйесі**
Оқуды ұйымдастыру тәртібін компания жасайды. Мемлекет дамуының қазіргі жағдайы мен даму перспективаларына сәйкес директорлар кеңесі деңгейінде талқыланды.	Кәсіпорындардың қажеттіліктерін есепке алмай, білім беру мекемелерінде бюджеттік орындарды бөлу арқылы бұйрық қалыптастырылады.
Әр студент бітіргеннен кейін қай жерде жұмыс істейтінін анық біліп, оқу орнына қабылданады.	Экономикалық мүмкіндіктің арқасында олар мүмкіндіктері мен жеке қасиеттеріне назар аудармай, барынша көп студенттерді тартады.
Аудиторлық сабақтар 30% құрайды.	Оқудың негізгі бөлігі (70%) сыныптарда өткізіледі.
Оқудың негізгі бөлігі (70%) өндірісте орын алады.	Жұмыс тәжірибесі оқу уақытының 30% -ын ғана алады.
Өндірістік тәжірибе кәсіпорындардың нақты жағдайына барынша жақын және жеке тәсілге негізделген.	Жұмыс тәжірибесі жұмыс берушілердің талаптарын толықтай қанағаттандырмайды.
Студенттерге лайықты стипендия беруді жұмыс беруші қамтамасыз етеді. Кепілді жұмыспен қамту, мансаптық өсу және қосымша қайта даярлаудың болмауы.	Мамандарды оқыту мемлекеттік қаржыландыру есебінен жүзеге асырылады. Жұмыспен қамтуға кепілдік жоқ, қайта даярлау мүмкін. Көптеген түлектердің жеке қасиеттеріне және жағдайлардың араласуына байланысты.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, кәсіптік білім берудің қосарлы жүйесіндегі дәстүрлі оқытуға қарағанда негізгі тұжырымдамасы кәсіптік білім берудің практикалық бағыттылығын нығайтуға негізделген, бұл кәсіптік-техникалық мектеп түлектерінің кәсіби ұтқырлығы мүмкіндігін айтарлықтай арттырады.

Байқап отырғанымыздай, оқумен қатар студенттер өздерінің таңдаған мамандығын жұмыс орнында меңгеріп, өндірістің нақты қажеттіліктеріне мүмкіндігінше жақын жұмыс істейді және жұмыс берушілер білікті және бейімделген ауылшаруашылық мамандарын алады.

Ал, осы саладағы оқуды ұйымдастыру мәселелерін шешу үшін білім беру бөлімі, жұмыспен қамту орталығы және Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлер палатасы бірлесіп мамандарды даярлау және қайта даярлау бойынша мамандандырылған орталықты құру қажет.

Жұмыс берушілердің өкілдерімен бірлесе отырып, орталық жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес кәсіптер үшін жаңа оқу бағдарламалары мен бағдарламаларды әзірлейді, түзетеді және қажет болса, теориялық және практикалық циклдердің мазмұнын және білім беру бағдарламаларын қарастырады.

Осылайша, орталықтың қызметі аймақтық экономиканың жоғары технологиялық секторларына кәсіби мамандарды даярлауға және қайта даярлауға, мамандарды қысқа мерзімді оқыту бағдарламасын жүзеге асыруға, жетекші кәсіпорындармен бірлесіп жаңадан қалыптасқан және жаңартылған кәсіпорындар үшін кадрлар даярлау мен қайта даярлауға мүмкіндік береді.

Дуалды оқытуды жүзеге асыру шеңберінде мамандарды даярлау және қайта даярлау орталығының ұсыныстарына сәйкес білім беру мекемелері жұмыс берушілермен бірге білім беру үдерісін мынадай түрде қамтамасыз етуі керек:

- стандартты жоспарларды, мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларын, жыл

сайынғы күнтізбелік кестені, оқу үдерісін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтитын қосарлы оқыту бағдарламасын құрастыру;

- білім беру мекемесі мен кәсіпорындар арасында келісім жасасып, серіктес кәсіпорындар базасында өндірістік оқытудың оқытушылары мен шеберлеріне арналған іс-тәжірибені үйлестіру және ұйымдастыру;

- кәсіптік модульдер шеңберінде жұмыс берушілердің қалауы бойынша мамандандырылған және жалпы кәсіби пәндерді енгізу бойынша бағдарлама жасау;

- мамандарды кәсіптік даярлау деңгейін арттыру және жұмыс берушілердің жаңа материалдық-техникалық базасын игеру мақсатында оқытушылардың үлесін оқу орнына және кәсіпорын мамандарының оқытушыларына бөлу арқылы білім беру процесіне мамандар мен ұйым басшыларын тартуға мүмкіндік береді.

Ауылшаруашылық бағыттағы оқу орнындағы тәжірибелік сабақтар мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы саласында жыл бойы барлық ауыл шаруашылық технологияларын қамтуы тиіс. Оқу және жұмыс тәжірибесі кезеңінде кәсіпорынмен, ұйыммен немесе жұмыс берушімен екіжақты келісімдер жасасу қажет.

Оқу бағдарламасына келісім-шарт бойынша, компания тәжірибелік сабақтар кестесін құрып, білікті мамандардан тәжірибе жетекшісін шоғырландыру туралы бұйрық шығарады.

Оқушылар іс жүзінде күнделіктерді жазады, олар күнделікті тәжірибеде игерген кәсіптік қызметтің түрлерін жазады, есептерді жазады, дипломдық жұмыстарды (жобаларды) жазады. Тәжірибенің соңында тәжірибелі маманның жетекшілері немесе шеберлерімен бірге қорытынды баға белгіленіп, жұмысқа орналасу үшін сипаттама және ұсыныс берілді.

Өндірістік және технологиялық тәжірибелер кезінде стажердің жұмысы төленуі керек және біліктілік санатын жақсарту үшін тәжірибелік сабақ жалпы жұмыс тәжірибесі ретінде есептеледі.

Осылайша, дуалды оқыту жүйесіне көшу жұмыс берушілер ұсынған кәсіптік модульдерді енгізу арқылы оқыту үдерісін үйлестіруге мүмкіндік береді.

Қосарлы жүйе әр түлектің - маманның біліктілігі, жеке қасиеттері, командада жұмыс істеу қабілеті, технологиялық шешімді таңдау дағдылары, қызметтің белгілі бір саласы үшін жауаптылығын, біліктілігін анықтайды.Дуалды оқыту жүйесін енгізудің басты міндеті – ол жұмыс берушіге не ұсына алатынын білетін маманның шығарылуы. Ал, оқу орнына - түлектерді жұмысқа орналастыру болып табылады.

Біздің ойымызша, кәсіптік білім беру жүйесі әртүрлі салалардағы кәсіпорындар талап ететін жоғары білікті мамандарды дайындаудың тиімді механизмі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абжаппаров А. О реализации дуального обучения в системе технического и профессионального образования РК. //Сборник материалов по проекту «Внедрение дуальной системы обучения» (ч.1).Астана, 2013.-С. 8-12.
2. Разбойникова А.Ю. Инноватика в профессиональном образовании России: от идей до прктики. // Материалы 1 Всероссийской научно-практической конференции. Чебоксары,2014-С.133-136.
3. Федотова Г.М. Развитие дуальной формы профессионального образования (Опыт ФРГ и России).//Автореферат диссертации.М.2002.
4. Мисиков Б.Р. Современный вуз: дуализм целей // Высшее образование в России. — 2006. — № 11. — С. 167—168.

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПРОФЕССИОНАЛИЗАЦИИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Шахметова Д.С., к.п.н., старший преподаватель кафедры ПО
Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, г. Астана

В современном обществе роль личности как организатора собственной профессиональной жизни существенно возрастает, растет цена человеческих ошибок и востребованность его творческих возможностей. Все это существенно повышает требования к личности профессионала и ведет к необходимости совершенствования системы непрерывного профессионального образования и сопровождения специалистов на различных этапах профессионального становления. Решение данных проблем невозможно без изучения психологических закономерностей превращения индивида в профессионала.

В российской психологии к числу наиболее распространенных подходов к разработке целостной концепции профессионализации относится комплексный подход, в основе которого лежит категория профессиональной пригодности. При данном подходе процесс профессионализации рассматривается как формирование или достижение индивидом профессиональной пригодности, ведущими критериями которой являются профессиональная успешность и удовлетворенность трудом (Н.Д. Левитов, К.М. Гуревич, К.К. Платонов, Е.А. Климов) [1-4]. Другой подход, характерный для отечественной психологии, связан с понятием «готовность к труду». В нем профессионализация рассматривается как формирование определенной иерархи и до профессиональной и профессиональной готовности к трудовой деятельности (А.А. Смирнов [5], В.В. Сериков [6]).

В ряде работ используется понятие академической готовности к профессиональной деятельности, которая противопоставляется или соотносится с собственно профессиональной готовностью к конкретному виду труда.

Академическая готовность формируется в ходе профессионального обучения, она не совпадает с профессиональной и как бы отстает от нее в развитии. Преобразование академической готовности в профессиональную, осуществляется на начальных этапах самостоятельной деятельности, т.е. в процессе активной профессиональной адаптации индивида. Герменевтической силой применительно к изучению профессионализации как целостного процесса обладает концепция системо-генеза професиональной деятельности (В.Д. Шадриков), в которой в качестве ключевого используется понятие психологической системы профессиональной деятельности. С позиции системогенетической концепции В.Д.Шадрикова, суть профессионализации заключается в становлении и последующей реализации психологической системы профессиональной деятельности, имеющей определенную структуру [7]. В данной концепции определены понятия профессиональных способностей и психологической системы деятельности, исследованы системные механизмы формирования структуры профессиональных мотивов и знаний, профессионально важных качеств личности, разработана эффективная модель психологического анализа профессиональной деятельности.

Существенный вклад в развитие психологической концепции профессионализации как целостного процесса внес Е.А. Климов [4]. В его исследованиях сформулировано представление о личности профессионала, выявлены основные противоречия профессионального развития и этапы становления субъекта труда, дано понятие индивидуального стиля деятельности, разработана психологическая теория профессиональной консультации и даны рекомендации по ее реализации на практике, осуществлена классификация видов профессиональной деятельности, с учетом содержания ее ведущих структурных компонентов.

Однако следует констатировать, что положения концепции Е.А.Климова ориентированы в основном на исследование лишь одного из этапов профессионального

развития, связанного с профориентацией. Наиболее последовательно целостная концепция профессионализации разрабатывается в трудах Т.В.Кудрявцева [8]. В данной концепции профессионализация рассматривается как целостный процесс профессионального становления личности и обретения ею социальной зрелости. Центральное место в концепции профессионального становления занимает представление автора о четырех стадиях профессионализации, также важное место отводится периодам наступления кризисных ситуаций, обострению противоречий, которые фиксируются при переходе от одной стадии к другой. Автор данной концепции выделяет три сквозные линии профессионального развития: развитие мотивационно-потребностной сферы профессионала, формирование операционно-технических элементов профессиональной деятельности, а также профессиональное самоопределение.

Разработка целостных концепций профессионализации в зарубежной психологии в основном осуществляется в рамках направления, которое можно назвать «психология карьеры» (psychology of career) или «карьерное развитие» (career development). Это направление берет свое начало с классических трудов Ф. Паркинсона и Э. Шпрангера и опирается на исследования Ш. Бюллер и Э. Эриксона, посвященных развитию личности на различных этапах жизненного пути [9].

Наряду с традиционными для отечественной психологии понятиями, в зарубежных концепциях профессионализации используются и специфические понятия: профессиональная карьера и типы карьер, карьерное или профессиональное развитие, профессиональная зрелость и профессиональная компетентность, профессиональная Я-концепция и ряд других. В данном направлении выделяется типологический подход, который становится все более популярным и в отечественной психологии. Суть данного подхода заключается в том, что профессионализация рассматривается как процесс поиска и обретения человеком форм профессиональной деятельности, адекватных некоторому устойчивому типу индивидуальности человека.

Наиболее известным представителем данного подхода является Дж. Голланд. Главная идея заключается в том, что удовлетворенность человека своей профессиональной жизнью не исчерпывается узко понимаемым перечнем выполняемых им в труде профессиональных задач и действий, а включает и профессиональное общение с людьми близкого, понятного душевного склада, которые образуют своеобразную духовную среду.

В отличие от психологов XX века, соотносивших требования профессии и необходимые для успеха формальные психические функции, способности, он рассматривает соотношение «карьера – личность», где главное внимание уделяется описанию личностных типов, которые характеризуются как реалистический, интеллектуальный, социальный, офисный, артистический. Широко распространен в западной психологии психодинамический подход к проблемам профессионализации.

Дәлірек айтатын болсақ электр қос қабатының қалыңдығы (яғни, конденсатордың «пластиналары» арасындағы қашықтық) электролиттерді пайдаланудың арқасында өте аз болады және пластиналардың кеуекті материалдарының ауданы өте үлкен, ионистор жинаған энергия мөлшерін бірдей көлемдегі конденсаторлармен салыстырғанда жоғары

болды. Сонымен қатар әдеттегі диэлектрик орнына электрлік қос қабатты пайдалану, электродтың аймағын едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Мысал ретінде автомобильдің батареясын қарастырайық. Қосымша суперконденсатор қолдану арқылы химиялық ток көзінің массасын қалай азайтуға болады? Мәселен, автомобиль қозғалтқышын іске қосу үшін, қуаты 2 секунд ішінде 5 кВт қажет, яғни 10 кДж. Қорғасын-қышқыл аккумулятор салмағы 1 кг-сы 100 кДж -ға дейінгі қуатқа ие. Бұл 10 рет бастау алу үшін жеткілікті. Оның ағымдағы қуаты - 0,2 кВт, бұл қажетті көлемнен 25 есе аз. Сондықтан салмағы 25 кг болатын аккумулятор қолданылады, бірақ суперконденсатор салмағы 0,5 кг болып 20 кДж аккумуляторлар-ға дейін үнемдейді және 5 кВт қуат береді. Қозғалтқышты іске қосу үшін жеткілікті. Егер салмағы 0,5 кг болатын гибридті жасау керек болса. Яғни, 1 кг аккумулятор және 0,5 кг суперконденсатор, онымен қозғалтқышты 10 рет іске қосуға болады. Яғни, осы гибридтік құрылғының 0,5 кг кәдімгі аккумулятордың 25 кг-ға тең. Мұндай гибридті құрылғы ең жақсы болашақ аккумулятор болып табылады. Бұдан да басқа артықшылылықтары бар:

Ионистордың қызмет ету мерзімі ұзақ (0,6 Uном-дан 40 000 сағатқа дейін).

Мұндай сыйымдылықпен басқа электролиттік конденсаторларымен салыстырғанда салмағы төмен.

Ионистор экологиялық таза (органикалық электролиттерден басқа).

Полярлық емес («+» және «-» ионисторларда көрсетілген болса да, ол зауытта зарядталғаннан кейін қалдық кернеудің полярлығын көрсету үшін жасалады).

Қоршаған ортаның температурасына тәуелсіз: суықтада және ыстықтада жұмыс істей алады.

Жоғары механикалық беріктігі: көп жүктемелерге төтеп бере алады.

ПӘК-ті 98%-ға дейін жетуі мүмкін.

Химиялық реакцияларға негізделген энергия тасымалдаушылардан айырмашылығы, құрылғы қызбайды.

Зарядтау ыңғайлылығы: ионистор толығымен заряд алып біткен кезде, ол заряд алуды тоқтатады.

Барлық осы артықшылықтар ионисторлардың қолдану аясы шексіз екенін көрсетеді. Олар жад элементтері үшін қуат көздері ретінде компьютерлік құрылғыларда кеңінен қолданылады. Микроэлектроника және радиотехника саласында ионистор қысқа мерзімді жоғары қуатты ток көздері және үздіксіз қуат көзі ретінде пайдаланылады. Гибридтік құрылғы жаңа танымал автомобильдердің аккумулятордағы жүктемені азайту үшін де пайдаланылады. Батареяларды ауыстыру ретінде ионисторлар көптеген аймақтарда қолданылуда. Кішкентай сыйымдылық ионисторлары мобильді телефондарға орнатылды, әсіресе қуатты - автомобильдерде. Егер оларды әдеттегі химиялық батареялармен салыстырсаңыз, соңғы бірнеше көрсеткіштерден қалады. Олар қоршаған ортаға зиян келтіреді, зарядтау циклдарының саны шектеулі, ұзақ уақыт зарядталады және қызып кету үрдісі бар. Бүгінгі таңда ионисторды кеңінен пайдалануға тек қана жоғары бағаға кедергі келтіреді. Дегенмен, өндірістік компаниялар нанотехнологияны пайдалана отырып, келесі 5 жылда оның бағасын екі есе азайтады деп күтілуде.

Қолданылған әдебиеттер.

1. Білімдер сайты https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D0%BE%D0%BD%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%80.

2. Білімдер сайты https://habr.com/ru/post/379429/

ҚҰЙЫНДЫ ЖЫЛУ ГЕНЕРАТОРЫ

Омаров Рустем, 1-курс студенті
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

Құйынды жылу генератордың (ҚЖ) жаңа сызбаларын әзірлеу, әдетте, жүйедегі жылутасығыштың бұралған ағынынан максималды жылулық энергия алуға және де ҚЖ тиімділігінің артуына негізделген.

Жозеф Ранктің 20 ғ. отызыншы жылдары құйын әсерін ойлап тапқан кезден бастап, ҚЖ технологиясының негізгі әзірлемелері мен жетілдірілулері құйын құбырының құрылымын жетілдіруге бағытталған, ал жұмыс агенті ретінде ауа ағыны қолданылды. Көрініс тапқан әсердің мәні ретінде сығылған ауа ағынының құйын құбырынан шыққан кезде суық және ыстық ағындарға бөлінуі болды. Сол сияқты, неміс өнертапқышы Роберт Хилш 20-ғасырдың 40-шы жылдары Ранктың құйын құбырын құрылымын жетілдіру жұмыстарын жалғастырды. Осы жұмыс кезінде құйын құбырынан шығатын ағындардың температураларының айырмашылығын арттырды. Алайда, Ранк пен Хилш көрініс тапқан әсерге теориялық негіздеме бере алмады, сондықтан да құйын әсерін практика жүзінде жүзеге асыру көптеген жылдарға кейін қалды. Ранк-Хилш әсерінің классикалық аэродинамика бойынша қанағаттандыратындай теориялық түсінік іздеулер әлі күнге дейін жалғасуда.

Ранк-Хилш құбырында алғаш рет сұйықтық қолдануға шешім қабылдаған Самарск университетінің профессоры Александр Меркулов болды. 50-ші жылдары Меркулов құрған салалық ғылыми-зерттеу жылулық қозғалтқыштар және тоңазытқыш аспаптар зертханасы құйын әсеріне байланысты үлкен көлемде теориялық және эксперименттік тәжірибелер жасады. Құйын құбырында жұмыс денесі ретінде сығылған ауаны емес, суды қолдану идеясы революционды болды, себебі су, сығылған ауаға қарағанда, сығылмайды. Демек, ағындардың ыстық және суық болып бөлінуін күтпеуге болатын еді. Алайда ешкім күтпеген нәтиже орын алды: су «ұлудан» өткен кезде жоғары тиімділікпен тез қызды. Ғалым бұл әсердің жоғары тиімділігін түсіндіре алмады. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, тепмератураның аномальды жоғарлауы микро кавитационды әсер кезінде орын тапты, ол дегеніміз циклондағы судың айналу кезінде туындайтын газ немесе пармен толы көпіршіктердің жарылуы. Көрініс тапқан әсердің дәстүрлі физика арқылы түсіндіре алу мүмкін болмағандықтан, құйындық жылу энернетикасы жалған ғылым ретінде қалыптасты.

Соған қарамастан, берілген принцип әзірленуге алынды. Бұл жоғарыда көрсетілген принцип іске асыратын жұмыс істеп тұрған жылу генераторлардың құрастырылуына алып келді. Қазіргі уақытта Ресей территориясында, ТМД-ның кейбір елдерінде және басқа да шет мемлекеттерде әр түрлі қуаттағы құйынды жылу генераторлары жұмыс атқаруда.

КСРО кезінде ең алғаш ҚЖ-ның Ю.С. Потапов құрастырған «ЮСМАР» моделі патент алды. Ранк-Хилш принципі бойынша жұмыс істейтін жылу генераторларды осы жылу генераторлардың құрылымында жылу алу кезінде болатын физикалық процестерді ескеріп, кейбір жерлерде «кавитационды» деп атайды. Кавитация (лат. тілінен cavitas – бос орын) дегеніміз – сұйықтықта газ бен бумен толған көпіршіктер. Кавитационды көпіршіктер сұйықтықтың қысымы $p_ш$ белгілі бір шектен төмен болатын жерлерде пайда болады. Ағынмен қозғала келе шектік қысым аймағына түскен кезде, олар тұрақтылығын жоғалтып, шексіз өсу қасиетіне ие болады. Жоғарғы қысым аймағына түсіп, кинетикалық энергиясы таусылған кезде көпіршік өсуін тоқтатып, көлемі сығыла бастайды. Құйынды жылу генератордың құбырында көпіршіктер сиретілу аймағында пайда болып, ортадан тепкіш күш арқылы шетке лақтырылады, сол кезде үлкен көлемде энергия пайда болады. Басқа да ұқсас құрылғыларға қарағанда (электрлік жылытқыштар, жылу насостары және т.б.) құйынды жылу генератор жылу өндіруге кететін электр энергиясы жағынан алғанда, әлдеқайда жоғары тиімділікке ие. Мысалы, РКК «Энергия» № 77-6/33 от 01.12.1994ж сай

ЭЖН-ға қарағанда 23%-ке ал ЖЭЖ-ға қарағанда 43%-ке тиімділігі жоғары. Құйынды жылу генераторлары электродты қозғалтқышпен ғана емес, желмен, тау өзендерінің суымен, дизельді және бензинді қозғалтқыштармен келтірілуі мүмкін.

Қазіргі уақытта ҚЖГ өзінің ерекше құрылымдық ерекшеліктері мен технологиялық мінездемесі арқасында экологиялық таза жылу көзі болып табылады.

ҚЖГ-ның технологиялық және құрылымдық ерекшеліктері:

- Құрылғы экологиялық таза, көміртектес жанармайларды жағу қажеттілігі жоқ;
- Қыздырғыш элементтер жоқтығы;
- Электр энергиясы тек гидронасосты іске қосу үшін қолданылады;
- Су дайындау қажеттігінің жоқтығы;
- Жылулық қыздырғышқа қарағанда, бастапқы жылу көзін қажет етпейді;
- Жылутасығышта берілген температура аралығында автоматты түрде температураны ұстап тұрады;
- Салыстырмалы оңай құрылым, мөлшері мен массасы орташа;
- Қолданыста үнемді.

Құйынды жылу генератор құрылымы:

- Басқару желісі;
- Гидравликалық насос;
- Суы бар бак;
- Дроссель;
- Құйындатқыш.

Құйынды құбыр ҚЖГ-нің негізгі элеметтерінің бірі болып табылады. Онда жоғары қысымдағы судың ағынының ацналмалы қозғалысы кезінде алынатын жылу энергиясын алудағы негізгі физика-химиялық процестер жүреді. Құбыр материалы ретінде оргстекло алынды. Оның физика-химиялық қасиеттері:

- Жылтыр бет;
- Жоғары жарықөткізгіштік;
- Ескіру мен температура ауысуына тұрақтылық;
- Коррозияға тұрақтылығы.

Эксперименталды ҚЖГ-ның негізгі буындарының бірі насос болып табылады. Насос таңдау мен техникалық сипаттамасы қажет етілген нормаларға сай келтіріледі. Себебі, электр энергиясын тұтынатын осы насос. Сөзсіз, құрастырылу кезінде және тиімділін өлшеу кезде, насостың қуаттылығы негізгі рөлді атқарады. Қазіргі жоба аясында Grundfos компаниясының насосы қолданылуда. Оның сипаттамасы:

- Стандартты бір фазалы қозғалтқыш;
- Қатты қызып кетуден қорғау жүйесі;
- Шу деңгейінің төмендігі;
- Сұйықтық температурасының диопазоны: - 10-нан 35°С-ға дейін;
- Қоршаған орта температурасының диопазоны: 0-ден 40°С-ға дейін;
- Кернеу: 220В;
- Қуаты: 3,7Вт;
- Қорғаныс классы: IP 68;
- Оқшаулау классы: F.

Құйындатқыштың негізгі функциясы насостан сопло арқылы келе жатқан суық сұйықтықты айналдыру және цилиндрлік құйынды құбырға жеткізу болып табылады.

Сопло (дроссель) тарылтқыш құрылғы рөлін атқарады. ҚЖГ-да негізгі атқаратын жұмысы сұйықтық ағынын тарылту арқылы жоғары қысым жасап, оны тікбұрышты арнасы арқылы құйындатқышқа жеткізу.

Осы мәселелер бойынша ғалымдар Абдураманов А.А., Абиров А.А., Аубакир Д.А. , Шафиров Д.М. ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, еңбектер жазған.

Қолданылған әдебиеттер

1. Шафиров Д.М., Абиров А.А., Аубакир Д.А. және т.б., Зертханалық жұмыстардың нәтижесі және құйынды жылу генратордың параметрлерінің тиімділігін бағалау. Беларусия мен Қазақстан білім экономика мәселелерін инновациялық шешімдері // Ғылыми-зерттеу конференциясының материал жинақтары – Минск, 2016. – 50-51.б.
1. Абдураманов А.А., Абиров А.А., Аубакир Д.А. және т.б., Қазіргі уақыттағы құйынды жылу генераторлық қондырғылар // < Транспорт және энергетиканың өзекті мәселелері : олардың инновациялы шешу жолдары>. – Астана, 2016 . – 320-322 б.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ МОНИТОРИНГА И ДИАГНОСТИКИ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ

Абдыгаликова Гульнар Ахмадиевна ,к.п.н., ст.преподаватель,
Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина г.Астана,
Хан Сергей Иннокентьевич, к.т.н., зав.кафедрой,
Кокшетауский государственный университет имени Ш.Валиханова г.Кокшетау,
Мараджапов Сардор Бахтиёрович, магистрант,
Кокшетауский государственный университет имени Ш.Валиханова г.Кокшетау

Современные сложные информационные системы характеризуются увеличением загруженности, сопровождаются требованиями повышения эффективности и безопасности управления организации. В таких условиях мониторинг состояния технических систем, включающий контроль состояния больших объемов технологических параметров, необходим для принятия решений по управлению динамическими процессами, протекающими в информационной системе.

Для создания аналитической информационной системы мониторинга и диагностики учитываются уровень сложности структуры, количество передающейся информации, связи между компонентами системы и другие параметры.

К задачам, решаемым с помощью современных систем мониторинга, исследователи относят контроль доступности и работоспособности; оповещение администраторов систем о наступлении критических событий; оперативное устранение сбоев; отслеживание и анализ статистических данных по работе информационных систем; повышение качества систем и лояльности пользователей.

К услугам по созданию и эксплуатации информационных систем мониторинга относят следующие процедуры: фиксирование возникновения проблем в работе компонентов информационной структуры; выявление вида неполадки; влияние возникшей проблемы на работу информационной системы; отслеживание изменений в функционировании; выявление вероятных сбоев.

В частности для вычислительной сети как среды передачи данных, каналообразующего оборудования, оконечного пользовательского оборудования, мониторинг осуществляет контроль за каждым элементом вычислительной сети. Контроль осуществляется периодически, при пропадании сети или в постоянном режиме до определенных узлов сети.

После выявления проблемы отсутствие связи с каким-либо из узлов сети, проводится уточняющая работа по выявлению конкретной неисправности сети связи, каналообразующей аппаратуры и др.

Мониторинг и диагностика состояния аппаратного и программного обеспечения компьютерного оборудования возможны на основании полученных эксплуатационных параметрах.

Проведение диагностики информационных систем позволяет увеличить скорость реакции на происходящие изменения, выполнять прогноз, повысить гибкость управления системой, в ряде случаев проверяет соответствие бизнес-требованиям.

Диагностика является основой для функциональной и технической оценки имеющихся на предприятии информационных ресурсов и прогнозирования дальнейшего их развития в соответствии с бизнес-требованиями.

К диагностике предъявляются такие требования как стратегическая направленность, предполагающая отражение общих приоритетов всей системы и их поддержку, а также ориентирование на выполнение задач, стоящих перед информационной системой.

Наряду с этим диагностика выявляет соответствие виду деятельности, способствует устранению отклонений в функционировании системы еще до того, как они приведут к критической ситуации.

Основными свойствами диагностики являются гибкость, простота и экономичность. Гибкость означает что диагностика должна приспосабливаться к возникающим изменениям, простота проявляется в том, что все процедуры должны быть понятными и доступными без избыточной сложности.

Диагностика информационной системы проходит в несколько последовательных этапов. На первом этапе бизнес-аналитик или программист-когнитолог изучает структуру существующей в компании системы, выявляет ее недостатки. На втором этапе производится анализ собранной информации и на последнем этапе выполняется подготовка рекомендации и отчета.

Наряду с вопросами мониторинга и диагностики, связанными с программным и аппаратным обеспечением, необходимо вносить коррективы, учитывающие человеческий фактор: кражи данных о клиентской базе, ситуации утечки информации о применяемых технологиях и преимуществах продукта.

Для повышения эффективности производства и управления проводят регулярную диагностику информационных систем. Заблаговременно выявленные недостатки помогают оперативно принять необходимые меры для защиты информационной системы.

Мониторингом называют специальное, систематическое наблюдение за состоянием объектов, явлений, процессов с целью их оценки, контроля, прогноза и управления. К типам структур системы мониторинга относят следующие субъекты, объекты, показатели, индикаторы, инструментарии и процедуры.

Субъектами мониторинга называют функции систематического наблюдения за состоянием объекта мониторинга, которые делят на две группы: производящие сбор и выполняющие обработку информации. Объектом мониторинга является некоторый объект или процесс реального мира.

Существует несколько основных видов объекта мониторинга, их масштабность, динамичность и сложность различна. Объектами мониторинга могут являться как сложные системные объекты, так и локальные. Несмотря на множество разных объектов мониторинга, имеются свойства, которые объединяют все объекты, принадлежащие даже к различным сферам деятельности.

Объекты мониторинга динамичны, они подвержены влиянию внешних воздействий, реализация мониторинга предполагает организацию слежения за объектом, организация слежения предусматривает отбор обоснованных показателей и индикаторов, характеризующих объект мониторинга, слежение производится путем непосредственного измерения свойств объекта.

Процедура мониторинга состоит из совокупности операций, проводимых в ходе мониторинга. К примеру подготовка мониторинга, сбор, обработка, анализ и представление информации, обеспечение мониторинговых действий. Главная сфера практического мониторинга - это информационное обслуживание управления различных областях деятельности.

Процесс генерации отчета в системе информационного мониторинга состоит в

преобразовании информации о нем в структурированный вид. Теоретически задача генерации отчета включает в себя три подзадачи: выборка данных в соответствии с необходимыми множествами исходных данных и условиями, формирование представления об объекте на логическом уровне, оформление и вывод пользователю информации отчета.

Процесс создания отчета включает следующее: создание или выбор шаблона отчета, задание модели структуры отчета и правил его формирования, выборка данных из базы и их обработка, построение и вывод отчетной формы.

В частности в результате решения задачи классификации DataMining появляются признаки, характеризующие группы объектов исследуемых данных, то есть классы, по этим признакам объект можно отнести к тому или иному классу.

Выделяют задачи регрессии, которые схожи с задачей классификации, которая позволяет определить по известным характеристикам значение некоторого параметра объекта. В отличие от задачи классификации значением параметра является не конечное множество классов, а множество действительных чисел.

Задача кластеризации заключается в нахождении независимых кластеров и их характеристик во всем множестве анализируемых данных. Решение этой задачи помогает лучше понять данные.

При поиске ассоциативных правил целью является нахождение чистых ассоциаций между объектами и событиями. Обнаруженные зависимости могут быть использованы для лучшего понимания анализируемых объектов и для предсказаний появления событий.

Исследователи считают прогнозирование одной из наиболее сложных задач. Требуется тщательное исследование исходных данных и методов, подходящих для анализа. Прогнозирование определяется как опережающее отражение будущего, а его целью является предсказание будущих событий.

На основе особенностей информационного мониторинга средств и методов его организации можно заключить, что задача автоматизации процесса, адаптации системы информационного мониторинга является актуальной. Детализируется основное направление и основные способы проведения исследований.

Систему мониторинга рассматривают как составную часть автоматизированной системы управления производством производственной компании, холдинга, корпорации, при этом необходима формализация представления как объекта управления, так и процессов самой адаптивной информационной системы мониторинга.

Нами рассматривается процедура разработки представление задач получения, анализа и контроля первичных и сводных данных в терминах специальной модели хранения данных автоматизированной информационной системы мониторинга.

Разрабатываемые модели и алгоритмы должны представлять инструментарий определения спецификаций и проектирования информационной системы мониторинга, обеспечивающий адаптивность реализации процедур генерации отчетов, анализа и контроля данных и снижение трудоемкости наиболее длительных по времени процессов.

Разработка аналитической системы мониторинга позволит обеспечить контроль за безопасностью сети, работоспособностью сети передачи данных, каналообразующего оборудования и оконечного оборудования пользователей, в том числе контроль наличия или отсутствия технического обслуживания всех элементов.

Все указанное позволит обеспечить своевременное реагирование на все возникающие неисправности, в некоторых случаях даже до их возникновения, сократит временные и трудовые затраты на восстановление сети после возникновения неисправностей.

Список использованной литературы:

1. Енюков И. С. Статистический анализ и мониторинг научно-образовательных интернет-сетей. - М. : Финансы и статистика, 2004.

2. Зингер И. С. Информационное обеспечение в организационных системах управления. - М. : Наука, 1987
3. Андрейчиков А. В. Интеллектуальные информационные системы. - М. : Финансы и статистика, 2004.
4. Информатизация бизнеса: концепции, технологии, системы. - М. : Финансы и статистика, 2004.
5. Хорев П. Б. Методы и средства защиты информации в компьютерных системах. - М. : Издательский центр "Академия", 2005.

ТАБИҒАТТАҒЫ ЖӘНЕ ФИЗИКАДАҒЫ ФУНКЦИЯЛАР

Танирбердиева Анеля -1 курс студенті,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

Физиканың, химияның, биологияның, астрономияның және басқа ғылымдардың әр түрлі салаларында оқытылатын толып жатқан тәуелділіктердің жалпылауы болып табылатын функция ұғымы математиканың іргелі (негізгі) ұғымдарының бірі [1].

Орта мектепте оқытылатын функциялар – бұл, шын мәнінде, құбылыстардың сандық сипаттамаларының адам зерттеп білетін және пайдаланатын қарапайым математикалық модельдері.

Күнделікті өмірде тәуелділіктерге мысалдар өте көп:

-үйдің жылы болуы отынның жануына, сапалы дайындалуына;

-малдың семіз күйлі болуы оны күтіп, бағуға;

-конфеттің массасы – оның құнына;

-жүрілген жол – жылдамдықпен уақытқа;

-бақша ауданы оның ұзындығы мен еніне және т.с.с. байланысты.

Жаңа материалды қоршаған ортамен байланыстыра оқыту оқушыларға математиканың практикалық құндылығын көрсетеді. Жоғарыдағыдай мысалдарды іріктеуде олардың қарапайым; түсінікті болуын қамтамасыз ету керек.

Әсіресе, оқушылардың назарын айнала қоршаған ортадағы құбылыстардың заңдылықтары математикада жалпы математикалық тәуелділіктердің нақты моделі екендігіне аудару керек. Мысалы:

y=кх формуласы тура пропорционалдық тәуелділігін көрсетсе. Оны өмірде шеңбер ұзындығының соның диаметріне (c=πd), сатып алынған заттың бағасының оның санына n(A= an a- заттың бағасы), арақашықтықтың уақытқа (S=υt) тәуелділігімен айқындауға болады [1].

«Сызықтық функция» ұғымының физикалық, химиялық және күнделікті өмірдегі ұғымдармен байланысын көрсетуге болады.

Сызықтық сүттің калориялығының оның майлылығына тәуелділігін көрсететін, эмпирикалық формуламен K=a·113,6+330 ұсынуға болады. Мұндағы К-сүттің калориялығы, а-сүттің майлылығы.

Тәуелділіктің графигін салып және график бойынша а=3; 3.5; 4; 4.5; 5; мәндерінде К-ның мәнін есептей отырып, оқушылар сүттің майлылығы неғұрлым жоғары болса, калориялығы да соғұрлым жоғары болатындығына көз жеткізеді.

Физикадағы S=υt, m=Dν, Q=qm және т.с.с. y=кх функциясының дербес жағдайлары болып табылады.

Мұндай мысалдар бір жағынан оқушыларға абстракты математикалық өрнектер нақтылы заңдылықтардың жалпы түрі екендігін көрсетсе, екінші жағынан дербес нақтылы заңдылықтардан жалпы қорытынды шығаруға көмектеседі.

«Кері пропорционалдық» тәуелділікке мысал үшін оқушылар физикадан $R=\rho \cdot l/s$ формуласын келтіреді. Себебі бұл формула a=bc/d деген абстракты алгебралық өрнекпен

ұқсас [2].

Кейде оқушылар былай дейді: Меншікті кедергі (ρ) өткізгіштің кедергісі (R) мен көлденең қимасының (S) ауданына тура пропорционал да, өткізгіштің ұзындығына (l) кері пропорционал болады.

Бұл тұжырым тек математикалық жағынан алғанда a=bc/d дұрыс та, ал физикалық мағынасы жағынан дұрыс емес. Өйткені, ρ - берілген зат үшін тұрақты шама, ол R, l,S шамалары өзгергенмен өзгермейді. Бірақ бұл талдау жеткіліксіз. Оған тағы да мынадай физикалық мағынадағы талдау жасалуы керек:

$R=\rho \cdot l/s$ формуласынан өткізгіш қимасы (S) тұрақты болғанда, оның кедергісі (R) бір заттан жасалған өткізгіштің ұзындығына (l) тура пропорционал болады. Демек $R=\rho \cdot l/s$ формуласы аналитикалық түрі y=кх болатын функционалдық тәуелділіктің дербес түрі.

Мұндағы: $y \rightarrow R$; $k \rightarrow \rho/s$; $x \rightarrow l$

Бір өткізгіш үшін ұзындығы тұрақты болғанда, кедергі қимасына кері пропорционал болады. Өйткені $R=\rho \cdot l/s$ формуласы аналитикалық түрі y=к/х болатын функционалдық тәуелділіктің дербес түрі y=к/х болатын функциялар нақтылы физикалық және техникалық тәуелділіктердің жалпы, абстракты түрлері болып табылады.

Мұндағы: $y \rightarrow R$, $k \rightarrow \rho l$, $x \rightarrow S$. Сонымен аналитикалық түрлері y=кх; y=к/х.

Мұндай мысалдар оқушыларға математикалық формулалардың жалпылығын көрсетумен бірге физикалық формулалардың мазмұнын терең түсінуге көмектеседі.


Кейбір математикалық ұғымдарды жалпылау физикалық құбылыстарды, формулаларды терең түсіндіруге көмектесетіні жайлы айттық.

Математикалық кейбір ұғымдарды жалпылаудың нақты мысалдарын көрсетейік.

1. «Тура және кері пропорционалдық ұғымдары» [2].


Физикадан белгілі $m=pV$, $A=F \cdot S$, $R=\rho \cdot l/S$, $PV=C$, $R=(\rho \cdot l)/S$, $J=U/R$ формулаларына жасалған талдауларды негізге алып (1, 2 -кестелер) қорытынды жасаймыз.

1,2-кестелер



2. «$y=c/x^2$ функциясы ұғымы» [3] физиканың әлемдік тартылыс заңы $F=\gamma M_з m/R^2$, Кулон заңы $F=q_1q_2/\varepsilon r^2$, жарық заңы $E=I/R^2$ формулаларына талдау жасап (3-кесте), жалпылауға болады.

3-кесте.



3.Математикада $y=[x]$ тәуелділікті жиі кездестіреміз. Математика сабағында немесе факультативтік сабақтарда химия мен физикада қолданылуы жайлы айтып өтуге болады.

[x] - санының бүтін бөлігі, х-ке жуық, бірақ ол саннан үлкен емес бүтін сан. Мысалы, егер $x=7,3$ болса, онда $[x]=7$; егер $x=0,3$ болса, онда $[x]=0$; егер $x= -1,6$ болса, онда $[x]=-2$; егер $x=15$ болса, $[x]=15$. Байқап отырғанымыздай х-тің әрбір мәніне [x]-ң анықталған мәні сәйкес келеді, яғни [x] х-ке тәуелді функция.

Мысалы:

$$(1)\ y=\begin{cases}|x|, & егер \quad x\geq 0 \\ |x|+1, & егер \quad x<0\end{cases}$$

болса, бөлшек бөлімі 0,5-тен кем

болса, бөлшек бөлімі 0,5-тен артық

немесе тең функциясын қарастырайық.

Бұл заңдылық химия мен физикада химиялық элементтер атомының нейтрондар санын $M=Z+N$ (2) формуласы бойынша есептеу үшін қолданылады, мұндағы Z - химиялық элементтің Менделеев таблицасындағы реттік нөмері, М-масса саны, N-ядродағы нейтрон саны.

Атомдық массаның сандық мәніне жуық бүтін сан массалық сан деп аталады.

Менделеев таблицасында элементтердің атомдық массалары бөлшек сандармен өрнектелетіндіктен, ядродағы нейтрон санын (2) формула бойынша есептеу үшін, М- бүтін сан болуы шарт. Сондықтан М-нің бүтін мәнін қою арқылы есептейміз.

Мәселен, күміс үшін Менделеев таблицасы бойынша М=107,880. (1) заң бойынша М=108 реттік нөмірі Z=47. Сонда N=M-Z=108-47=61, яғни күміс ядросында 61 нейтрон бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. З.Т. Сейлова Арнайы және таңдау курстары. // оқу-әдістемелік құрал.-Көкшетау,2018.-151 б.

2. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану –математика бағытындағы 9–сыныбына арналған оқулық /А.Е.Әбілқасымова, К.Д.Шойынбеков, М.И.Есенова, З.А.Жұмағұлова. – Алматы : Мектеп, 2006, - 184 б.

3. Алгебра және анализ бастамалары: Орта мектептің 10 – 11-сыныптарына арналған

оқулық / А.Н.Колмогоров және б. – Алматы, Рауан, 1992. – 352 б.

USE OF INTEGRATION RECEPTIONS OFMATHEMATICS WITH ENGLISH LANGUAGE

Aliya Aruova, candidate of physical and mathematical sciences;
Zoya Seylova , candidate of pedagogical sciences;
Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical university; Astana

Today polylingual education in the Republic of Kazakhstan is one of the main directions in the system of secondary special and higher education [1]. Education is an important stage in the process of formation and development of a multicultural personality, a stage when consciously core values and life principles are shaped.

The realities of the modern stage of development society, the language situation in Kazakhstan - a multinational, with a centuries-old history in which nations, cultures are intertwined today dictating the need to develop basic methodological principles and approaches to the formation of communicative linguistic personality [1].

Multilingual ability able to supply students with a favorable environment, which provides a harmonious combination of developmentuniversal qualities of a person with the possibility of fully fulfilling his national-cultural, ethnic needs.

The principles of learning in the system of multilingualism: Kazakh language - Russian language – English language.

To solve this problem, we offer:

- the inclusion of various reference signals, various

schemes that are the means of development of memory, logic, spatial imagination, heuristics;

- The use of techniques in which each student feels like a person;
- The use of vitagenic technology techniques;
- The use of reference signals, multimedia presentations;
- Organization of work in a team ("Team-building") in solving problem-search tasks;
- The use of various forms of control with elements of critical thinking, concrete and abstract thinking. Correction of data.

Lesson plans should include the following tasks [2]:

Teachers:

-equip students with mathematical terms and expressions in English;

-to form and develop communicative competences on the basis of mathematical linguistics;

-prepare students for a meaningful perception of mathematics in English;

-to form a culture of mental labor: to systematize knowledge, skills to operate with different

-types of generalizations, obtaining skills of self-education;

-to form needs for self-knowledge, self-improvement, intellectual development;

Educationally:

-develop interdisciplinary communication and improve the overall intellectual level of students;

-to activate cognitive interests;

-develop and systematize the previously acquired knowledge of the English language;

-enrich the students' outlook;

Educators:

-to form ideological concepts through the prism of mathematics;

-to form the qualities of a person necessary for a person to enjoy a full life in modern society: clarity and accuracy of thought, critical thinking, intuition, logical and abstract thinking, ability to overcome difficulties;

-equip students with knowledge and skills in accordance with the requirements of modern life.

Recommended interactive, problem-finding methods of conducting classes.As well as the activities of students are based on the techniques of vitagen technology, technology of free labor, the work in the team - “Team building” [2].

The educational product of the assessment of students' knowledge will be the presentation: a puzzle task, “Personal Measuring Instrument -“ Length ”,“ Kriba ”(mathematical crib) in English.

The mathematical crib "Krib" - a kind of terminological dictionary, compiled in the form mental map. Such a dictionary will serve the student as an excellent help in mathematics lessons, where the subject is taught in English.

Evaluation of students' activities conducted by the rating system of knowledge assessment, in the framework of “Pentathlon” ,where the level of knowledge and ability to operate the knowledge gained is assessed: reading, speaking, listening (based on mathematical terms and expressions), creativity and independence [2].

Consider the example of planning a lesson in mathematics in English, from the section “Laws arithmetic operations "- 5 grade.

To compile an approximate lesson plan, materials from the Internet resources were used [3-7].

Theme: Addition and Subtraction

Form of teaching:

Oral account simulator - fast account.

Making mental maps of mathematical terms and expressions.

Intellectual competition.

Pentathlon.

Analogies.

Educational product: The mental map "Math terms –The magic world of ciphers".

Lesson content:

Topic: The magic world of ciphers.

Sub-topic: Odds and evens.

Resources:

www.mathsisfun.com/definitions/index.html

www.teach-nology.com/worksheets/math/

www.coolmath4kids.com/0-arithmetic-help-lessons-practice.html

This course consists of 5-7 students, including:

1. Spelling Activities.
2. Math Quest.
3. Trainer of oral arithmetic.
4. Analogies.
5. Math games.

Pre-activity:

Find a variety of Math on-line games from resources above. Use the resources as a hand-outs material. Try to increase the level of your activity.

Lesson objectives:

1. Students will spell topical vocabulary by heart.
2. Students will use techniques of quick counting.
3. Students will read numbers.

Materials: a basket with ciphers, felt-tip pens, math sheets “Skip Counting by 3s to 36”.

“**Hook**”:

Rome Coliseum.

http://www.youtube.com/watch?

Directions:

1. Ask learners to count from 11 to 20 and then as quick as they can.

2. Invite them to guess the meaning of the words: Odd and Even. Ask them to write numbers 1-20 and color

in Odd numbers green, Even numbers red.

3. Invite them to play the game "Skip Counting by 3s to 36",

(Trainer of the oral arithmetic).

					18		24	27	30		36

Skip Counting Game (on-line game - see resources) as a trainer of the oral arithmetic
www.mathsisfun.com/numbers/skip-counting.html

Article I. 4. Divide it.

“Spelling-bee” competition for the speller.

5. Divide the student. Invite them to follow the

speech cliché to play the game “My secret number”

Speech cliché:

St. 1: What is my secret number?

Sts.: It’s “5”

St. 1: No, the number is more / less

Sts.: If it’s more, then it’s may be ...

St. 1: You guessed my secret number. Now your turn.

6. Even and Odd Word problems.

Circle odd or even for the number of items describe below.

a) The date of the Kazakhstan Independence. even / odd

b) The number of days in a week. even / odd

c) The number of fingers on your feet. even / odd

d) The number of days in June. even / odd

e) The age of the first Mushel of Turkic people. even / odd

f) The age of the second Mushel of Turkic people. even / odd

g) The date of your birth. even / odd

7. Invite learners to find out their "Lucky number". Ask them to follow the instruction:

Get one digit. The number you get is your

lucky one.

e.g .: 06/20/2000 = 2 + 6 + 2 = 10 = 1 + 0 = 1. “1” - lucky number.

8. Invite learners to reflect. They complete the sentences:

I have learner ... Now I can ... I know how to ...

References:

1. Nazarbayev, N.A. New Kazakhstan in the new world /N.A. Nazarbayev// Kazakhstanskaya Pravda. - No. 33 (25278). -2007. - March 1

2. A teacher’s guide. The third basic level. /NISH. The program of advanced training courses educators. - www.cpm.kz

3. www.coolmath4kids.com/0-arithmetic-help-lessons-practice.html

4. www.mathsisfun.com/definitions/index.html

5. www.mathsisfun.com/numbers/skip-counting.html

6. www.teach-nology.com/worksheets/math/

7. www.youtube.com/watch.

АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

Акимбеков Е.Т., аға оқытушы
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Бүгінгі таңда қолданыстағы криптографиялық, техникалық немесе әлеуметтік-психологиялық жүйелер ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Ақпараттық қауіпсіздік – бұл, жалпы жарияланымға жатпайтын, өңделетін немесе сақталатын ақпаратқа қол жеткізуді шектеуге арналған ұйымдық, бағдарламалық және техникалық әдістер мен құралдар.

Ақпаратты физикалық қорғау құралдарына зиянкестердің қозғалысы жолында кедергілер тудыратын көптеген құрылғылар, аппараттар мен өнімдер жатады. Олар механикалық, электромеханикалық, электронды, электро-оптикалық, радиотехникалық және басқа да ақпаратты физикалық қорғау құралдары болып бөлінеді. Бұл құралдар келесі тапсырмаларды шешу үшін қолданылады: кәсіпорынның аумағын қорғау және оның мониторингі; ғимараттар мен интерьерлерді қорғау және оларды бақылау; жабдықтарды, өнімдерді, қаржы және ақпаратты қорғау; ғимараттар мен үй-жайларға бақылануға қол жеткізуді жүзеге асыру.

Объектілерді қорғаудың барлық физикалық құралдары үш санатқа бөлінеді, олар: ескерту құралы, қатерлерді жою және жүйені анықтау құралдары.

Қауіпсіздік дабылы мен қауіпсіздік теледидарлары, мысалы, қауіпті анықтау құралдарына жатады; объектілердің айналасындағы қоршаулар аумаққа рұқсатсыз кіруді болдырмау құралы болып табылады. Өрт сөндіру агенттері - қатерлерді жоюға арналған жүйелер.

Жалпы айтқанда, олардың физикалық сипаты мен функционалдық мақсаты бойынша, осы санаттағы барлық құралдарды келесі топтарға бөлуге болады: қауіпсіздік және өрт дабылнамасы; қауіпсіздік теледидар; қауіпсіздік жарықтандыру; физикалық қорғау құралдары.

Физикалық қорғау құралдары мыналарды қамтиды: қоршау және жеке оқшаулау, құлыптау құрылғылары, қол жеткізуді басқару жүйелері.

Қол жеткізуді басқару жүйелері мыналарды қамтиды: иелері туралы кодталған немесе жария ақпарат орналастырылған әртүрлі карталар мен карталарды пайдаланатын жүйелер, саусақ іздерін тану жүйелері, дауысты тану жүйелері, қолжазба тану жүйелері, қолдың геометриясы арқылы тану жүйелері. Барлық сәйкестендіргіш құрылғылар дара және бірге жұмыс істей алады.

Байланыс құралдарына физикалық қол жеткізуді шектеу бойынша келесі ұсыныстар маңызды деп санаймыз.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін енгізілген «бетбелгілердің» жоқтығы тексерілген жабдықты пайдалану қажет, пайдаланылатын жабдыққа пломба қойып, жабдықты меншік иесінің немесе қауіпсіздік қызметкерінің бақылауында сенімді сарапшылардың көмегімен ғана жөндеу керек.

Қызмет көрсетуші персонал немесе жөндеу жүргізушілердің пайдалануға берілген жабдықты өз бетінше өзгерту немесе жаңарту туралы кез-келген бастамалары қарастырмайды. Жеңіл ауыстырылатын элементтерге ерекше назар аудару керек.

Мысалы, телефон аппаратын қорғаныс құрылғысымен (скремблер, кодерлер) жалғайтын кабельді бірнеше секундта алмастырып, оған өте күрделі «бетбелгіні» орнатуға болады.

Мұндай элементтер қосымша бекітіліп және таңбалануы керек. Қосымша бекіту және таңбалау сыртқы бақылаушыға көрінбеуі керек, бірақ терминал иесінің немесе уәкілетті қызметкерлердің көмегімен оңай тексеріледі.

Қорғалмаған ақпарат сигналдарын өткізетін сымдарды жүргізу, мүмкіндігінше

ажыратылмайтын қосылыстарсыз жасалуы керек, функционалды қажет қосқыштар қосымша бекітілуі немесе мөрленуі керек.

Сертификатталған жабдықты пайдалану және коммерциялық кәсіпорында жабдықтар мен кабельдерді ұсынылған түрде орналастыру жиі мүмкін болмағандықтан, абоненттік терминалда электромагниттік шу генераторларын орналастыру пайдалы болуы мүмкін.

Бұл жағдайда генераторлардың сәуле шығару жүйелері (антенналар) жабдықтың радиациялық элементтері бар кеңістікте барынша біріктірілуі керек.

Жалпы алғанда, қауіпсіз байланыс абоненті үшін жұмыс орнын ұйымдастырған кезде, келесі ережелерді сақтау қажет: Жұмыс орнында тек жұмыс процесіне қажет ең аз аппаратура мен жабдық болуы керек;

Барлық жабдықтар мен интерьер элементтерін орнату оларды басқа объектілерді жылжытуға, ауыстыруға немесе енгізуге өте қиын болуы керек. Жаңа элемент орналастыру, ауыстыру немесе енгізуді бұзу жағдайында осы өзгерісті анықтау үшін шаралар қабылдануы керек және мұндай сәйкестендіруден кейінгі іс-әрекеттер реті анықталуы керек.

Кез-келген зиянкестер үшін коммуникациялық жұмыс үрдісін бақылау, жүйедегі ақпараттық қауіпсіздік құралдарымен танысу өте қиын және қолжетімсіз болуы керек.

Ұсынылған шаралардың бәрі қарапайым болғанымен, олардың орындалуы және, ең бастысы, тиімділікті бағалау нақты байланыс құралдарын, олардың орналасқан жерін және терминал орнатылған бөлмені терең талдауды талап етеді.

Периметрлік қауіпсіздік жүйесі.

Қазіргі заманғы электрондық қауіпсіздік жүйелері әртүрлі және әдетте өте тиімді болып келеді.

Алайда, бұл жүйелер көпшілігінің жалпы кемшілігі бар: мұндай жүйелер, әдетте, қорғалатын аумаққа немесе ғимаратқа зиянкестің енгенін ғана анықтауға бағытталған.

Бұл, атап айтқанда, бейнебақылау жүйелеріне қатысты; олар көбінесе бейнематериал арқылы шабуыл фактісінің болғанын растайды.

Білікті зиянкестер әрқашан ол объектіге енген сәттен бастап дабыл іске қосылған сәтке дейін өтетін «терезе» деп аталатын белгілі бір уақыт ішінде қорғалатын аумаққа немесе ғимаратқа шабуыл жасайды.

Осы уақыт аралығын азайту кез-келген қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін анықтайтын іргелі фактор болып табылады және осы тұрғыда периметрлік қауіпсіздік сигнализациясының маңыздылығы сөзсіз.

Оъектінің периметрлік шекарасы - шабуылды ерте анықтау үшін ең жақсы орын, өйткені, зиянкес физикалық периметрмен өзара әрекеттескен уақытта арнайы сенсорларда бұзылулар тіркеледі.

Белгілі бір жағдайларда, зиянкес периметрлік шекарамен жеке байланысқа түспеуі мүмкін. Бұл жағдайда, әдетте екінші қорғаныс жолының рөлін атқаратын, «көлемді қорғаныс датчиктерін пайдалануға мүмкін бар.

Кез-келген периметрлік жүйенің сенсоры күзет аймағында бұзушының пайда болуына немесе зиянкестердің белгілі әрекеттеріне жауап береді.

Сенсор сигналдары электронды блокта (анализатор немесе процессор) талданады, ол өз кезегінде қорғалатын аумақтағы белсенділік деңгеі асып кеткен кезде дабыл сигналын шығарады.

Кез-келген периметрлік жүйе басқа қауіпсіздік жүйелерімен, атап айтқанда, бейнебақылау жүйесімен оңай интеграциялануы керек.

Бүгінгі таңда жоғарыда аталған жүйелермен бірге радиосәуле, радиотолқын, инфрақызыл, талшықты-оптикалық жүйелер де ақпаратты физикалық қорғау құралдары қатарынан үлкен орын алып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мельников В.П. Информационная безопасность и защита информации/ В.П.Мельников, С.А.Клейменов, А.М.Петраков // 3-е изд., стер. - М.: Академия, 2008. — 336 с.
2. Черней, Г.А. Безопасность автоматизированных информационных систем,1996. – 225 с.
3. Галатенко, В.А. Основы информационной безопасности.
4. Варлатая, С.К. Аппаратно-программные средства и методы защиты информации. //Владивосток: Изд-во ДВГТУ, 2007. - 318 с.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Коржынбаева Жазира Жамаладиновна,
Қарағанды қаласы, №13 ЖББОМ математика пәні мұғалімі,
Абдишева Бактыгуль Шыныбаевна,
Қарағанды қаласы, №13 ЖББОМ бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру саласында болып жатқан реформалардың басты мақсаты: еліміздегі білім беруді әлемдік стандартқа сай деңгейге жеткізу. Сондықтан бұрынғы дәстүрлі білім беруде білім беруші мұғалім болып саналса, бүгінгі білім саласына енгізіліп жатқан сындарлы оқыту ол оқушының дамуы мен білім алуына өзара тығыз ықпалдастық пен бірлескен жұмыстар арқылы жүзеге асырылып, мұғалім сабақта бағыт беруші болып табылады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

«Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез- келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету айтылғандай оқушының дамуы мен есте сақтауына ықпал ететін білім алатын ортасы мен сабақта қолданатын инновациялық тиімді әдіс-тәсілдер. Ол үшін ең алдымен өз пәнін жетік меңгерген, 45 минуттық сабағының 20-25 минутында өзі сөйлеп, өзі түсіндіріп, өзі бағалайтын мұғалімнің ұстанымын өзгерту, сындарлы оқытудың теориялық негіздерінің мақсат-міндеттері мен маңызын түсінетін, ұстанымын өзгерткен мұғалім болуы қажетті.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Осы орайда математика сабақтарында әр оқушы сабақ үстінде өзін еркін ұстауға, ойын ашық жеткізе білуге үйрету ұстаз менің басты міндеттерімнің бірі. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін математика сабағында оқушылардың сапалы есептерді өз бетінше шығаруына көп көңіл бөлуіміз керек. Сапалы есептер оқушының логикалық ойлау қасиетін шыңдайды және пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – оқушының логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың үйлесімді жолы. Әр бір құрастырылған есептер оқушының ойлануына, санасуына ықпал ететіндей болу керек деп санаймын. Әр сабақ барысында өздерінің шығарған есептерінің шығарылу жолдарын өздеріне талдата отырып, әр оқушының көзқарастарын тыңдай отырып, ортақ бір шешімге келуге дағдылануға үйретіп келемін. 5- сынып бастауыштан орта буынға қалыптасуына көптеген еңбекті қажет етеді.

Оқушылардың жас ерекшелігі, мінез құлықтарынан бастап көптеген кедергілер болады. Төрт жыл бір мұғалімге үйренген оқушылар әр пәннен әртүрлі мұғалімдерге бірден түсінісіп кетпейді. Әр сабақты қызықты етіп, ертеңгі сабағына асыға келуіне ықпал ететіндей етіп сабақты түрлендіріп өткізіуге тырысамын. Ол үшін сабақта әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың ой – өрісін дамытуға, есептер шығару кезінде қызығушылығын арттыруға, теориялық білімдерін практикада қолдана білуге үйрету керек. Осындай мақсаттарға жету үшін өз сабағымда мынандай міндеттер қоямын:

1. Оқушының алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыра білу.
2. Оқушылардың алған сапалы білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету.
3. Кез келген жағдайаттың шешімін таба білуге үйрету.
4. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетінше жұмыс істеуге үйрету.

Бұл міндеттер сабақ барысында жүзеге асады. Сондықтан күнделікті сабақта берілетін тапсырмаларға аса мән беруіміз керек. Мұндай тапсырмаларды оқушылар топта, жұпта талдай отырып жүзеге асыратын болса, тез түсініп алуына, ортақ шешімге келе білуіне, өзіне деген сенімнің артуына ықпал етеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, математика пәнін терең білудің маңызы зор.Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Сондықтан білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады.Осы орайда ұстаз ретінде осындай іс-әрекеттерді қолдану менің басты міндетім деп ойлаймын.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық. Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады :1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі.3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды.4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:- теорияны білу , оны логикамен ұштастыру- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру,- Ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану. Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгерумен қатар функциональдық сауаттылығы да артады.Қазіргі таңдағы ақпараттандырылған заманда сабақта интерактивті тақтаны тиімді пайдалана отырып, оқушының білім сапасын шығармашылық негізінде арттыру - өмір талабы. Ол үшін мұғалім тиімді интерактивті әдістер арқылы проблемалық ситуациялар туғызып, оқушылардың топтық жұмысының нәтижесінде олардың өз бетімен тақырыпты түсінуге қолайлы жағдай туғызады, танымдық қызметін басқарып, ілгері жетелеп отырады. Соңында оқушылар өздері қорытындысын шығарып, практикалық жұмыстармен бекітеді.Жаңа технологияның тиімді әдіс- тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу - ұстаздардың басты міндеті. Жаңа технологияның тиімділігі сол,оқушы:• мақсат қоюға үйренеді;• есте сақтау қабілеттері дамиды;• басқалармен бірігіп жұмыс

жасайды;• кітаппен жұмыс жасауға үйренеді;• қатарынан қалмауға тырысады;• дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түседі;• әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады.• күшті сыныптарда оқуға деген ынта артады.• білім дәрежесі бірдей сыныптарда оқу жеңілдейді• өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады

- жүйелі тапсырма беруге ұмтылады;
- оқушыны жан-жақты танып біледі;
- қарым қатынас орнатады;
- оқушылардың өзара әрекеттесуіне жол ашады;
- оларға шығармашылық еркіндік беріледі.

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың ғарыштап дамыған кезеңі, біз ұстаздар сол заманмен бірдей қадам басуға міндеттіміз, себебі біз адам тағдырына, бала тағдырына жауаптымыз. Сондықтан оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмысын жүргізуіміз керек:

- Сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр тарауы, әр тақырыбы бойынша “білу – түсіну – қолдану – тұжырымдау” деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жасауды күшейту;
- Сабақта практикалық мазмұнды есептерді, әртүрлі форматтағы тест тапсырмаларын, стандартты емес жағдайларда білімді қолдануға арналған қызықты есептер шығарту;
- Математика пәні сабақтарында, таңдау курстарында алған білімдерін өмірмен ұштастыруға, оны практикада қолдануға, логикалық есептер шығаруға үйрету;
- Халықаралық зерттеулер мен Ұлттық емтихандардың нәтижелері бойынша мектепте оқушылармен мақсатты түрде жұмыс істеу;
- Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған белсенді оқыту стратегияларын пайдалануды үйрену.

Тұлғаның ең басты функциялық сапалары:

- белсенділік,
- шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға бейімделуі,
- кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмірлік білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Оқушыларға функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізгі болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» атты мақаласында стратегиялық жаңғырту барлық саланы, сонымен қатар білімді де түрлендіруді қажет ететіндігін атап көрсетті. Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады: Терминдерді, сандарды қасиеттері бойынша суреттеу және есептеу; график пен кестеден мәліметтерді алу; құралдарды қолдану; классификациалау, математикалық объектілерді танып білу. Нәтижелі шешу тәсілін таңдау; математикалық ақпаратты талдау және көрсету; модельдеу; тізбекке байланысты тапсырмаларды орындау; стандартты есептерді шешу Объектілердің арасындағы тәуелділікке талдау жасау; қорытындылау, әртүрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес есептерді шешу. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, математика пәнін терең білудің маңызы зор.Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда.Математика пәні міндетті пәндердің бірі болғандықтан оқушылардың даярлығы, математикалық ұғымдарды қолдана білу деңгейлері стандарттан төмен болмауы тиіс. Бірақ оқушылардың қабілеттері мен математикалық білімдері, ол білімдерді қолдану деңгейлері әр түрлі болады. Осы орайда математикалық сауаттылық моделін қарастырған жөн. Математикалық сауаттылық моделі шынайы әлем проблемаларын математикалық

әлеммен ұштастыруға, тәжірибедегі мәселелерді пайымдай отырып, оның математикалық моделін құруға алғы шарт болып табылады.

Жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ұғымырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші ілгері деңгей. Екінші басылым
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей
3. Білім туралы Заң. Астана. Ақорда. 2007ж. 27 шілде. №319-III ҚР

IV - СЕКЦИЯ

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫ ДАМЫТУ ҮРДІСТЕРІ

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – БОЛАШАҚҚА ЖАРҚЫН ЖОЛ

Иманғалиева Роза Қонарбаевна, әдіскер
Ермекбаева Мира Аманжоловна, психолог
Ақтөбе қаласы, «№28 «Көркем» МДҰ МКҚК

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында атқарылып жатқан барлық іс-шара қоғамның дамуына өз үлесін қосуда. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиеленушілері де өз үндерін қосып, белсенділік танытуда.

Рухани жаңғыру біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда, балабақшада көптеген жұмыстар жүргізіліп, балалардың сапалы білім алуына, мамандардың жаңа технологияларды білім беру жүйесінде қолданып, болашақта бағдарлы жұмыстар жүргізілетінін айта келе, ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз бізге дара жол көрсетті. Ол соқпақтардан қалай өту керектігін айтып, бағыт бағдар берді. Ендеше, көкжиектен ауытқымай, ұлт көшбасшысының өскелең ұрпаққа меңзеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық.Елбасы «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодыңды сақтай білу» деп орынды атап көрсеткені белгілі. Елбасымыздың мақаласында атап көрсетілгендей, қазіргі жастар өздеріне үлгі тұтар тұлғалардан өнеге ала білуі керек. Осыған орай бұл туралы балабашада «Рухани жаңғыру» аясында көптеген ертеңгіліктер ,«Менің Отаным – Қазақстан», «Салт-дәстүрім – таусылмайтын байлығым» атты тақырыпқа ашық оқу қызметін көрсетуге болады. Білім беру жүйесінде жаңа технологияларды пайдаланып, жаңаша әдістер қолданылады. Сонымен қатар«Тіл тірегіміз, салт-дәстүр, ұлттық сана, соғып тұрған жүрегіміз» атты тәрбие сағаттарын өткізуге болады. Елбасымыз еліміздің экономикалық, саяси және рухани жаңғыруына ерекше мән беріп отыр. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы мемлекетіміздің күшті де қуатты болуына сүбелі үлесін қоса білуі қажет. Бүгінгі өскелең жас ұрпақ, жас маман, жас педагогтар ұлттық рух пен ұлттық сананы жаңғыртуды болашаққа бағытталған үкілі үміт, асқақ арман, абыройлы парыз деп қана қабылдамай, төл міндет және тегеурінді талап деп ұғынғандары абзал. Мен де, тәрбиеші, ұстаз ретінде өз үлесімді қосу мақсатында білім жолындағы тың идеяларды іздеймін. Біздің ең биік мақсатымыз келешегі кемел білімді ұрпақ тәрбиелеу. Бала бойына сапалы білім мен үлгілі тәрбиені сіңіру - тәрбиешінің алдына қойған басты мақсаты деп білемін. Әр үйдің үміті болған кішкентай бүлдіршіндерді Отансүйгіштікке, ұлттық салт - дәстүрімізді құрметтеуге, өлкеміздің табиғатын қорғауға қалыптастыру балабақша табалдырығынан бастау алуы қажет. Елбасымыздың алға қойған міндеттерінің бірі білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді көздеген. Осы бағытта балаларға экологиялық білім мен тәрбие беру бағытын қосымша жоспар жасау арқылы балаларды туған табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, оның әсемдігін терең сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу арқылы,

балабақшада табиғат жөнінде қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар туралы нақты жалпылама түсінік қалыптастыруға болады. Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында ең алдымен экология оқу қызметімен пәнаралық байланыс ұйымдастыру, ертеңгілік жаттығуларды, оқу қызметтерін табиғат аясында өткізу арқылы табиғаттың әсемдігін сезіндіріп, оны қорғауға тәрбиелеу. Сонымен қатар күннің екінші жартысында табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктеріне қамқорлық жұмыстарын ұйымдастыру арқылы балаларды еңбекке тәрбиелеймін. Отбасы және балабақша арасындағы ынтымақтастықты арттыру мақсатында «Құстарға қамқор болайық» тақырыбындағы тәрбие сағатын өткізуге болады

Бүгінде бөбектердің туған жер,отан туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыра отырып,адам өміріндегі ең қымбат құндылықты қастерлеуге,құрметтеуге баулу арқылы туған өлкеге деген баланың сезімінің үлкен махаббатқа ұласуына жағдай жасау маңызды.

Сонымен қатар, туған өлкенің табиғатын аялауға,қиянат жасамай қастерлеуге тәрбиелеу арқылы мектепке дейінгі балдырғандарды өлкені тануға жол ашу.

Туған жердің тарихын оқытуда , өлке тарихының деректерін жинақтап, күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-қызметтерінде ,тәрбиелік шараларды пайдаланудағы тәуелсіз еліміздің болашағы кейінгі жас балдырғандардың туған өлкеге ,жерге деген перзентік сезімдерін қалыптастыру. Біз мектепке дейінгі ұйымдарда балдырғандардың туған өлкені тануға білім үрдісінде немесе тәрбиелеу мақсатында көптеген жұмыстарды ұймдастыра аламыз. Тек қана балабақша қабырғасында ұйымдастырылған оқу іс-қызметтерінде ғана жүзеге асырмай,сонымен қатар қаламыздың Н.Ә.Назарбаев атындағы мұражайға және Алия Молдағұлова мұражайына ,өлкетану тарихи-мұражайларына саяхат жасай отырып бөбектердің туып өскен өлкелерінің тарихи құндылықтарымен таныстыра аламыз. Серуен барысында қаламызда қандай ағаштардың өсетінің сонымен қатар, қандай құстар мекен ететіндігін,оларға қалай қамқор болу керек екендігін ұғындырып қана қоймай әрі қарай жүзеге асыруға бағдар беру. Туған өлкесін тани алмаған азамат,өз елінің перзенті бола алмайды. Сондықтан да біз болашақ еліміздің жастарын өз туып өскен өлкесін тануға мектепке дейінгі жастан бастау алуымыз керек.

Балабақшадағы бүлдіршіндердің Отансүйгіштік және патриотизмдік сезімдерінің қалыптасуы мен дамуы баяндалады. «Рухани жаңғыру» идеясы балабақшадан бастау алғандықтан, осы идеяға сәйкес іс-шаралар жоспарлы түрде іске асырылуда. Жас жеткіншектерді отансүйгіштікке тәрбиелеу - бүгінгі әлемнің күрделі тынысында негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Отаншылдық – сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Көп ұлтты Қазақстан үшін отансүйгіштік сезімнің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекетік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар.

Отансүйгіштік рух – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуға мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Рухани жаңғыру идеясын іске асыру барша қазақстандықтарға, әсіресе, бүгінгі және келешек ұрпаққа үлкен сын, зор мәртебелі іс болмақ. Бұл үшін төмендегі құндылықтарды орындаымыз керек:бірінші– ата-анасын қадірлейтін, Отанын сүйетін бала тәрбиелеу, екінші – қазақ тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін білетін, оны дамытатын ұрпақ тәрбиелеу, үшінші – халықтар достығын қастерлейтін, ел бірлігін сақтайтын ұл-қыз өсіру.

Қазіргі кезеңде ұлттық патриотизмнің басты көрінісі – қазақтың ана тілінде сөйлеуі, жас жеткіншіліктерге ұлттық тәрбие беру, ізет, құрмет, қайырым, мейірім сезімдерін дамыту. Өз халқын сүйіп, оның болашағын ойлаған адам басқа халыққа да солай қарайды.

…Баланы жан-тәніңмен сүймей баламен жұмыс жасау – ескексіз қайықпен су бетінде әрлі-берлі толқынмен бірге бағытсыз ырғу» деген сөз бар. Дәл осындай балаға деген сүйіспеншілік мені осы мамандыққа әкелді. Бала дүние есігін ашқан күннен бастап өз отбасымен, өз елімен көрісіп, бесіктен түлейді емес пе? Кейін, ол бала бір жасқа толып, аяғын тәй-тәй басқаннан кейін «балабақша» атты үлкен бесік тәрбиесіне беріледі. Балабақша – баланың жүйелі түрде білім-тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы

болып табылады. . Мағжан Жұмабаев атамыз өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген: «Баланы тәрбиешінің өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайықтап дайындау керек». Иә, Мағжан атамыз айтқан даналық ой бүгінгі күнгі білімді ұрпаққа қаратылып айтылғаны көрініп тұр. Өйткені елдің ертеңгі тірегі – балабақшадағы тәрбиеленіп жатқан балдырғандарымыз. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс деп есептейміз.

Бұл жаңғыру – тарихи сәт сауапты, Сауапты іске бәріміз де жауапты: Тұлпарымыз озсын десек бәйгеде, Ұрпағымыз болсын десек сауатты. Бұл жаңғыру – Туған Жерді түлету, Ен даланың кең құшағын гүл ету.

Қолданылған әде биеттер:

1. «Мәдени мұра» Алматы, 2011 ж.
2. Білімді ел газеті 2013 ж.

СЫНИ ОЙЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Мұқушев Базарбек Агзашұлы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры,п.ғ.д., Астана қ.
Тұрсынбаева Жұлдыз Тұрғанбекқызы, 1 курс магистранты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.
Турдина Айжан Базарбековна, 1 курс магистранты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

Қазіргі ғылыми дереккөздерге қарасақ мағынасына қарай сыни ойлау түсінігіне жақын түсініктемелер көптеп кездеседі. XXI ғасырда философияда, логика және психологияда «сыни ойлау» терминіне түрлі түсініктер мен анықтамалар бере отырып, «critica» латын тілінен аударғанда сынаймын, өкім шығарамын дегенді білдіреді. Тұрмыстық санада сыни ойлау сыншылдыққа, айыптауға теңеседі. Ғылыми тұрғыда «сыни ойлау» сөз тіркесі теріс ұғымда емес, алайда негізгі бағалау мәнін сақтайды. Сыни ойлау деп берілген пікірдің шынайылығы мен жалғандығын бағалау қабілетін айтамыз.

Сыни ойлау – бұл ортақ мағына іздеу: өз көзқарасынды және басқалардың пікірін есепке алып, қисынды және шынайы ой тастау, жеке наным-сенімдерінен бас тарта білу, бағалаушылық, рефлексивті ойлау, жаңа, толық мәндегі деректерді ұсыну және тәуелсіз түрде шешім қабылдау. Сыни ойлау қабілеті ақпаратпен дұрыс жұмыс істей білудің және бұқаралық ақпарат құралдарын оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдана білудің негізгі тетігі.

«Сыни ойлау» түсінігінің мәнін анықтайтын көптеген пікірлер мен бағалаулар бар. «Сын» белгілі бір теріс, алшақтататын, бәсеке, пікірталас және қақтығыстарды білдіретін нәрселермен еске түседі. Ал психологтар Д.А. Браус, және Д.Вуд сыни ойлауды не нәрсеге сену және не істеу шешімдеріне жету мақсатында ақылмен рефлексивті ойлау ретінде анықтайды [1].

Жалпы, сыни ойлаудың мәні мен мағынасын талдау үшін, алдымен ойлаудың ерекшеліктеріне тоқталайық. «Ойлау» - күрделі психикалық танымдық үрдіс. Адамзат сыртқы дүниені толық тану үшін түйсік, қабылдау, елестер жеткіліксіз болады. Яғни, түйсік пен қабылдау арқылы сыртқы дүние заттары мен құбылыстары адам санасында тұтас бейнеленіп, қарапайым қорытындылар жасалса, ал ойлау арқылы сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыстары миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленеді.

Ойлау – өзіндік ішкі қарама-қарсы қайшылықтарға толы. Бұл оның дамуының және іске асуының қозғаушы күштері болып саналады. Ойлаудың пайда болуында жаңа, белгісіз нәрселерге зер салып, қызығудың да маңызы зор. Әлде де белгісіз, түсініксіз нәрсені білуге

деген қызығушылық түрлі сұрақтарға жауап іздеп, ой әрекетімен шұғылдануға адамды итермелейді. Ойлау деңгейі сұраққа жауап қайтарудан, мәселені шешуден, оның мән-мағынасын түсіне білуден жақсы байқалады. Ойлау *анализ және синтез* тәсілдерінен тұрады: анализ ой арқылы түрлі заттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөліктерге бөлу болса, синтез ой арқылы заттың, құбылыстың барлық элементтерін біріктіру болып табылады. Ойлаудың операциясына *абстракция* (шындықтағы заттар мен құбылыстарды жалпылау арқылы оның елеулі қасиеттерін басқа қасиеттерінен ойша бөліп алу) және *жалпылау* (бір текті заттардың, құбылыстардың ортақ қасиеттерін оймен біріктіру) жатады. Сонымен қатар, ойлаудың формалары *ұғым* (жеке және жалпы ұғымдар), *пікір* (мақұлданатын немесе теріске шығарылатын) және *ой қорытындылары* (индукция, дедукция, аналогиялық) деп бөлінеді.

Әрбір адам бір-бірінен ойының кеңдігі немесе тарлығы, ұшқырлығы, дербестігі, логикалық жүйелілігі, сыншылдығы және т.б арқылы ерекшеленеді. Халық даналығы ақыл-ойы кең, ой-өрісі жоғары адамды ерекше қастерлеп: «ой ойласаң тең ойла, тең ойласаң кең ойла» деп ойлаудың кең, тиянақты, логикалық талаптарға сай болуы керектігін алға тартады.

Ұлттық тәлім-тәрбиеміз бен халық педагогикасында ойы ұшқыр, мәселені әр қырынан көре білетін, өз ойын тиянақты жеткізе алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға қашанда ерекше мән берілген. Сондықтан да, ұлттық ерекшеліктерге негізделген педагогикалық және психологиялық еңбектердегі «терең ойлы адам» түсініктерінің мәніне тоқталып өтуді жөн санадық.

Қазіргі ғылымда сыни ойлау рефлексивті ойлау дағдысы, түрлі пікірлер мен көзқарастарды талдау және оларға сыни тұрғыда баға беру қабілеті ретінде қарастырылып келеді. Алайда, сын тұрғысынан ойлау идеясы көне грек философтары кезеңінен бастау алады. Алайда, әр кезеңде ол әртүрлі атауға ие болған. Көбіне психология, педагогика ғылымдарында қарастырылатын «логика», «логикалық ойлау» түсініктері, шын мәнінде қазіргі уақытта өзекті мәселеге айналған сын тұрғысынан ойлауды білдіреді.

Халықтық педагогикада ойлау деңгейіне байланысты адамдар бірнеше типке бөлінеді: кейбір адамдар мәселенің барлық жақтарын көре біледі, ойы аса сергек және белсенді келеді. Мұндай адамдар орынсыз аспайды, жағдаймен санасады, осындай қасиетті қазақ халқында ойдың ұшқырлығы дейді. Бұған қарама-қарсы қасиет ойдың тарлығы болып келеді. Мұндай адам енжар, дайын тұжырымды пайдалануға, жеңіл ойлауға, мәселені үстіртін шешуге бейім келеді. Басқалардан көмек күтпей, мәселені өздігінен шешу – адамның жақсы қасиеттерінің бірі. Ойлау деңгейі жоғары адамдар мәселені шешуде басқа біреудің әдісін қайталамайды, оны қалай да өзі жаңа, тың жолдарын таба отырып шешуге тырысады. Бұл – нағыз шығармашылық ойдың иесі. Кейбіреулер бұған қарама-қарсы өздігінен шешім айта алмай, көбінесе басқа кісіге сүйеніп, ойсыз өмір кешеді. Адамның ойлау деңгейінің жоғарылауына білім көлемі, өмір тәжірибесі, қоршаған ортасы, жүйке жүйесінің типтік ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, жас ерекшеліктері т.б. факторлар ықпал жасайды.

Ойлау адамның ой-өрісінің кеңдігін көрсететін ерекше танымдық үрдіс болса, сыни ойлау - бұл өзгелердің пікірі мен мінез-құлық үлгілерін талдауға бағалауға мүмкіндік беретін, жаңа, толық мәндегі деректерді ұсынып, тәуелсіз түрде шешім қабылдауға жағдай жасайтын адамның ақыл-ой әрекетінің ерекше түрі. Сыни ойлау өзінің ойлау әрекеттеріне қатысты рефлексия, түсініктермен, тұжырым, ой қортындылармен, жаңа сұрақтармен жұмыс істей алу іскерлігінің болуы, аналитикалық іс-әрекетке деген қабілеттерінің дамуы, сондай-ақ өзге адамдардың аналогиялық мүмкіндіктерін бағалау дағдыларының болуы.

Сын тұрғысынан ойлау феноменін зерттеудің өзекті салдары психологияның, педагогиканың, журналистиканың және әлеуметтанудың дамуына ықпал етеді. Біріншіден, ойлаудың негізгі механизмі болып табылатын ойлау сөйлеумен байланысты. Сөйлеу – бұл адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасау формасы. Екіншіден, сын тұрғысынан ойлау білім беру үрдісінде медиа ақпаратты талдау және тиімді шешімдер табатын стереотиптерді

жеңуге мүмкіндік беретін, белгілі бір дағдылардың дамуын болжайды. Сонымен, сын тұрғысынан ойлауды зерттеудің қажеттілігі, қазіргі таңда медиабілім беру үдерісінде медиа ақпараттарды қабылдау және талдау өзектілігі ретінде көрінуі болып табылады [2].

Сыни ойлау әрекетін логикалық және когнитивті компоненттердің ара қатанасы ретінде ұғуға болады: эмпирикалық деңгейде – деректерді сыни тұрғыда тексеру; теориялық деңгейде – теорияны сыни тұрғыда тексеру; метатеориялық деңгейде – нормалар мен құндылықтарды сыни тұрғыда тексеру.

Демек, сыни ойлау дегеніміз бұл өзінің ойлау әрекеттеріне қатысты рефлексия, түсініктермен, тұжырым, ой қортындылармен, жаңа сұрақтармен жұмыс істей алу іскерлігінің болуы, аналитикалық іс-әрекетке деген қабілеттерінің дамуы, сондай-ақ өзге адамдардың аналогиялық мүмкіндіктерін бағамдау дағдыларының болуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Варшавер О. Критическое мышление и новые виды грамотности. - М.: Изд-во ЦГЛ, 2005. - 80 с.

2 Ташетов А.А. Сын тұрғысынан ойлау медиабілім феномені ретінде // Білім академиясының баяндамалары. - Астана, 2015. - №2. - Б. 70-76.

Ілияс Омаров - ұлт руханиятының жанашыры

Дүйсен Сейітқали Жахияұлы,
Мемлекет тарихы институының жетекші ғылыми қызметкері,
педагогика ғылымдарының кандидаты, Астана қ.

Ілияс Омаров (1912-1970) кеңестік дәуірде республикалық деңгейде жоғары лауазымды қызметтер атқарған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Ол ұлт тарихында энциклопедиялық білім иесі, тарихшы, дарынды әдебиетші, сыншы, экономист, философ ретінде де өзін таныта білді.

Академик Манаш Қозыбаевтың дерегіне қарағанда Ілияс Омаров текті әулеттен шыққан. Әке жағынан алғанда ол Обаған бойындағы арғындардың төбе биі Жазының немересі, жоңғарлармен соғыста аты шыққан Қарабалуан атанған Жанұзақ батырдың немересі [1,486].

Ілияс Омаров Қостанай облысы Сарыкөл ауданындағы Жазы би ауылында туған. Әкесінен тумай жатып, анасынан жеті жаста жетім қалып, алғашқыда әкесінің ағасы Омардың қолында тәрбиеленеді.

Ы.Алтынсариннің шәкірті, белгілі педагог Бекет Өтетілеуовтың жол көрсетуімен Қостанайдағы «Қазақ коммунист» (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы мектеп) мектеп-интернатында білім алады. Интернаттың қара наны мен қара көжесімен өскен, талапты да зерек Ілияс жастайынан көп оқыды, әдебиет пен өнерге жақын болып өсті.

Ташкенттегі Орта Азия жоспарлау-экономика институтын үздік бітірген соң, Қызылордаға сауда техникумының директоры болып тағайындалады. 1936 жылы Алматыға ауысып жеңіл өнеркәсіп және сауда орындарында қызмет етеді.

Ілияс Омаров 20 жасынан бастап мемлекеттік-қоғамдық істерге араласты. Есейе келе екі рет министр, екі рет облыстық партия комитетінің хатшысы, бір рет республикалық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Қазақ КСР Жоспарлау комитетінің төрағасының бірінші орынбасары, «Қазақфильм» директоры жұмыстарын да атқарды.

Соғыс жылдарында басшылық жұмыстарда болғанда «Қазақ халқының майдандағы қазақ жауынгерлеріне жазған хатын» ұйымдастыруға, 1943 жылы желтоқсанда Алматыда республикалық ақындар айтысын өткізуге белсене араласады. Республика үкіметіне Мемлекеттік қыздар педагогикалық институты мен Құрманғазы атындағы мемлекеттік

консерваторияны құрып, қалыптастыруда үлкен көмек көрсетті.

І.Омаров біраз жыл кеңес, партия, шаруашылық, саласында қызмет етсе де ұлт әдебиеті мен мәдениетін жақсы білді, ерекше қастерледі.

Роман Кармен, Леонид Леонов, Юрий Казаков, Леонид Соболев сияқты танымал қаламгерлер І.Омаровқа жазған хаттарында оның білімдарлығына, қазақ ұлтына адал қызмет ету жолындағы қызметіне ризалық білдіреді.

Замандастарының естеліктеріне қарағанда Ю.Завадский, А.Царев, Н.Сац, Г.Уланова сияқты кеңестік өнер саңлақтарымен, А.Фадеев, Л.Леонов, Л.Соболев сияқты Кеңес Одағының танымал жазушыларымен, Анна Панкратова, Ермұхан Бекмаханов сияқты танымал тарихшы ғалымдармен қоян-қолтық араласып, сыйласып өткен. Олардың өнердегі, мәдениеттегі, ғылымдағы табыстарын Қазақ елінің игілігіне пайдалануға ұмтылып отырды. Ол Казақстан компартиясы Орталық Комиетінің хатшысы қызметінде болғанда «Қазақ КСР-нің ерте заманнан осы күнге дейінгі тарихын» тұңғыш жазып, басып шығаруды ұйымдастырды. Бірақ Кенесары, Наурызбай сияқты тұлғаларды дәріптеуге жол берген, «ұлтшылдарды қорғаушы» деген айыппен бұл қызметінен айрылады.

Ол қазақ өнерінің жұлдыздары С.Қожамқұлов, Қ.Байсейітов, Қ.Жандарбеков, Ш.Жиеқұлова, Е.Өмірзақовтармен тек шығармашылық қана емес нағыз достық қатынаста болған [2,446].

Ол басшылықта жүргенде ондаған жаңа институттар мен техникумдар, консерватория, драма театрлары, полиграфкомбинат, емханалық орталық ауруханa, Медеу спорт кешені, Алматыда республика сарайы, Петропавлда облыстық филармония, телеорталық ашылды [3,466].

1967 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Мәдениет министрі болған кезінде қазақтың эстрада өнерін, ұлттық циркті, театр жұмысын жетілдіруге, кәсіби өнердің басқа да салаларын тыңнан дамытуға барынша күш салады. Осы жылдары қазақтың хор капелласын, Алматы «Жас балетін», жастардың «Гүлдер» ансамблын құруға ұйытқы болды.

І.Омаров басшылық жұмыстарда жүріп бірқатар ғылыми-танымдық еңбектер де жазды. Оның ұлттық өнер мен мәдениетке қатысты жазбаларын «омаровтанушылар» ғылыми трактаттарға теңейді. Өйткені онда сындарлы ой, парасатты пікір, соны ізденіс, тың тұжырымдар тоғысып жатады деп бағалайды [4,9].

Мәселен, «Сен де бір кірпіш дүниеге...» деген мақаласында «Мәдениет - халықтың ең үлкен рухани азығы» - деп баға бере келе бұл салаға көрінген көк аттыны жіберуге болмайтынын, халыққа мәдени қызмет көрсететін адамның өзі мәдениетті, кемел білімді игерген адам болуы керектігін ескертеді. Мәдениетке үйрету, мәдениетке тәрбиелеу мектептен бастау алатынын көрсете келе гуманитарлық пәндерді оқыту, қоғамдық істерге баулу ойдағыдай дәрежеде еместігіне қынжылып, орта мектеп түлегіне біліммен қоса, азаматтық сана, үлкен жауапкершілік, жан - жақты білім қажеттігіне назар аударады [2,214].

І.Омаров келесі бір мақаласында Қазақстанда кәсіби суретшілік пен би өнерінің тек кеңестік заманда пайда болғанын мойындай отырып, бұл өнер салаларының тууына бұрыннан негіз болғанына (қазақ даласында ежелгі заманнан сақталған жартастағы суреттер, қолөнері мен ою-кесте бейнелері т.б.) тарихтан, өмірден мысалдар келтіреді.

Қазақтардың тұрмыс-салтында, атбегілік өнерінде би үшін қажетті элементтер жеткілікті болатынын таратады. «Би өнері жадаулау болғанымен, сол өнердің бұрқ етіп дамып кетуі үшін қажетті алғышарттар жеткілікті болатын. Опера, драма, хор өнері, симфониялық шығармалар, қазіргі эстраданың тек советтік заманда, айналасы елу жыл ішінде осыншалық биікке көтерілуі тегін емес... Қазақ даласы - құнарлы дала, «ән мен күй мұхиты». Халық сана - сезімінің бұғаудан, тұншықтырылудан азат етілуі мұң екен - барша творчестволық ой бұрқ етіп шешек атты» деп бағалайды [2,228].

«...Мен туған халқымның мәдениетін жанымдай жақсы көретін адаммын. Халық бар

жерде мәдениет бар, мәдениетті ұшқындататын, оны маздататын - мәдениетке деген дұрыс көзқарас...» дейді. Одан әрі, І.Омаров қазақтың ән, өлең мәдениетіндегі ірі, қаһарман образдардың әлі ұлттық мәдениетте кеңінен ашылмай жатқанын, бұл істе орыс халқының зерттеулері, Еуропада, ең алдымен Франция халқының қайраткерлері өнеге болуы керектігін айта келіп, оны орындау келешектегі ұрпақтардың борышы деп келер ұрпаққа аманат етеді [2,447].

І.Омаров қазақ тілінің тазалығын сақтауға, байытуға, дамытуға үнемі көңіл бөліп отырған. Ол қазақ сөзін лайықсыз кірме сөздерден сақтау қажеттігін алға тартады. Мәселен, қазір телефонмен хабарласуды кейбіреулер «звондау» деп орыс сөзін қазақшаға икемдеп қолдануды жөнсіз деп, тілді шұбарламауға шақырады [2,225-226].

Өмірден өтер қарсаңда тарихшы ғалым Манаш Қозыбаевты шақырып алып, қазақтың болашағына зиян келтіретін нашар әдеттерді нақты мысалдармен сыр ретінде ақтарыпты. «Қазақ азаматтарының отаршылдық дәуірде, одан қалды 30 - 40 жылдары бойына сіңген жаман әдеті өсекшілдік, арызқойлық, сөз тасушылық, сатқындық екенін, ал мұндай психологиялық жат істің ұлттық, одақтық сипат алып отырғанын, өз араларында сатқындық жасаған замандастары барын, олардың есімдерін имандай сыр қылып айтып кетеді. «Біз егер ел боламыз десек күншілдікті, өсекшілдікті, сөз жүгіртіп, наразылық туғызушылықты, өсіп келе жатқан өренді омақата құлатуды, не сұлатуды қойдыруымыз керек»-деп айтыпты [1,491].

І.Омаровтың үйіндегі бала тәрбиесінің өзі үлгі - өнеге боларлық іс. Қаншама қауырт жұмыстары болса да балаларының оқуы мен тәрбиесіне уақыт таба білді. Балаларын еркелетіп қана қоймай талап та қойып отырған. Оларды дауыс көтеріп, ұрыспай, ақылмен үйреткен. Қызы Энгельсина: «Біздерге, қыздарға бір жолы оның үй ішінің астан - кесеңі шығып жиналмай жатқанын көргенде қалай «тәрбие» бергені есімізде. Оның жүзінен ренжіп тұрғанын сезе қойдық. Ол барды да пианинода әлде бір әуенді теріп, ойнай бастады да, бізді қасына шақыртып тыңдатты. Сөйтсе, ол саз әуенінен біздің-қыздардың ебедейсіз, ұқыпсыз, салақ, құнтсыз т.б. екендерін жетемізге жеткізбекші екен. Мұны ол сонша нәзік, жеңіл қалжың арқылы құлағымызға құйса керек... Әрине, біз ес жиып, ержетіп қалғанбыз, сондықтан оның не айтпақ болғанын түсіне қойдық. Содан кейін-ақ болмашы, ұсақ - түйек шаруаға бола әкемізді ренжітіп алмауға тырыстық. Жүрегінің жұмсақтығы, жараланғыштығы мен нәзіктігі сондай, ол айналасында өтіп жатқан жағдаяттарды байқағыш болатын, әрі оған бей - жай қарамайтын сезімтал-тын» - деп бір оқиғаны еске алады [5,410].

І.Омаровтың қайтыс болғанына байланысты қаралы жиындағы сөзінде ұлы жазушы Ғабит Мүсірепов: «...Қазір маған қазақ мәдениеті майданның үлкен бір тіреуі құлап түскендей сезіледі...» - деп қайғырған екен [6,513].

І.Омаров кеңес заманында білім алды, өсіп-жетіліп азамат, қайраткер деңгейіне көтерілді. Тоталитарлық жүйе тұсында жоғары биліктегілер қатарында еңбек етті. Социализм мен коммунизм идеясына сенді, сол мақсатқа қызмет етті. І.Омаровтың еңбектерінде коммунистік идеологияның әсері, көріністері де көп. Сол үшін оны айыптауға болмайды. Бірақ ұлт жанашыры Ілияс Омаров ең алдымен қазақ ұлтына қызмет етуді өзінің өміріндегі, қызметіндегі ең басты парызым деп білді.

Өмірінің соңғы сағаттарына дейін ол қазақ ұлтының дамуы болашағын, қазақ мәдениетін әлемдік деңгейге жеткізу жолдарын іздестірумен өткізді.

Түйіндей айтқанда, қазіргі тәуелсіз еліміздің, жасампаз ұлтымыздың өркендеп дамуына үлес қосамын деген әрбір зиялы азамат, мемлекеттік, қоғамдық немесе мәдениет, ғылым-білім саласының әр деңгейінде басшылықта еңбек ететін қызметкерлер Ілияс Омаровтың өмірі мен қызметінен өнеге алулары керек деп білеміз. Елбасы тапсырмасымен жүзеге асырыла бастаған «Ұлы Даланың тұлғалары» сериясынан І.Омаров орын алуға лайықты қайраткердің бірі деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1 Қозыбаев Манаш. Халықтың аяулы перзенті. / Кітапта: Омаров І. Өмір мен өнер. (Очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер). – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС. 2012. – 520 бет.
2 Омаров І. Өмір мен өнер (Очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер). – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС. 2012. – 520 бет.
3 Арын Ерлан. Киелі құстың құпиясы. (Омаров І. Өмір мен өнер. (Очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер). – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС. 2012. – 520 бет.
4 Құрманғали Қуанышбай. Қазақ руханиятының қайраткері. / Кітапта: Омаров І. Өмір мен өнер. (Очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер). – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС. 2012. – 520 бет.
5 Сұлтанов Қуаныш. Ізгілік ізі немесе Өмірлік өнеге. / Кітапта: Омаров І. Өмір мен өнер. (Очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер). – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС. 2012. – 520 бет.
6 Мүсірепов Ғабит. Қош бол, қимасым. / Кітапта: Омаров І. Өмір мен өнер. (Очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер). – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС. 2012. – 520 бет.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Байжуманова Н.С. аға оқытушы
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды қ.
Садырбекова Н. 2-курс студенті,
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды қ.

Еліміз жаңа дәуірге аяқ басты. Әлем өзгерістерге ұшырауда, жаңа қадамдар жасалуда. Және осындай өзгерістерге толы әлемде толыққанды да бақытты өмір сүру үшін адамдар да өзгеруі керек. Жыл сайын, ай сайын, апта сайын, күн сайын, тіпті әрбір минут сайын жаһандық өзгерістер болуда. «Сен де кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп Абай атамыз айтпақшы, өз орнымызды табу – ел болашағының табысты болуы. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы осы әлемдік өзгерістермен қатар жүруімізге бағдар беретін кілт. Бұл мақала – біз басшылыққа алып, алға қадам жасайтын мотивация. Бұл мақала әрбірімізге, барлығымызға, кіші мемлекетіміз отбасымызға да қатысты. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіре білу туралы өзекті мәселелер қозғалады. Бұл бағдарламаны іске асырып, табысқа кенелуіміз – біздің міндет.

Біз өмір сүріп отырған бүгінгі дәуір жаңаша көзқарасты, жаңашылдықты талап етеді. Білімнің дамуы, отбасы тәрбиесі – адамзат өркениетінің дамуы. Білімі күшті ел озады, білімі әлсіз ел оған қызмет етеді. Осыған орай еліміз «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қолдай отырып, оған қосымша «Бес әлеуметті бастаманы» Елбасы Н.Ә. Назарбаев көтере отырып, жастар мен отбасы институтын қолдау – мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуы тиіс екендігін ескертті. Сонымен қатар «Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты», - деп атап көрсеткен болатын. Елбасы Н.Назарбаев бастамасымен еліміздің тұрақты дамуы мен рухани жаңғыру даңғылына түсуі жаһандық үдерісін ұлттық болмысымыз бен ерекшелігімізге еш зиян келтірместен бастан өткеруге меңзейді.

Отбасы – әр адамның жеке ошағы, кішкене ғана мемлекет екені барлығымызға мәлім. «Әлемді өзгерткің келсе, өзіңнен баста», дегендей осындай әрбір кішкентай мемлекеттегі өзгерістерден біздің мемлекетіміз өзгереді.

Елбасымыздың мақаласының бастауы отбасы тәрбиесінен басталады. Қандай ұлт

болмасын, басты фундументалдық көзқарас әр адамда отбасында пайда болып, сонда негізделеді. Әр елдің болашағы – ол оның жастары. Дұрыс тәрбие алған, дені сау жеке тұлға болуға және өмір атты теңізге аяқ басуға тұрған жастардың көп болуы мемлекеттің дамуына, әлемдік сахнада беделді ел болатынына толыққанды кепіл деп ойлаймыз.

Әр алуан ұлт пен ұлыста, кез келген қоғамдық құрылымда отбасы ұғымы әркез зор мән-мағынаға ие болған. Ізгі қасиет, игі ниет – отбасы құндылығының нәрі де, мәйегі. Осы мәселе аясында отбасы тәрбиесінің маңызы туралы аңыз туралы айта кетуге болады. Отбасы тәрбиесінің маңыздылығы «Ұябасар «балапандарына» әкені қалай таңдайды?» деген Армине Ванян мақаласында айтылады.

Ұрғашы бүркіт тұмсығымен ағаштың бір бұтағын сындырып алады да, көкке самғайды. Бұтақты тұмсығына қыстырып, сол заңғар көкте ұзақ қалықтайды. Ұябасарды көрген шәулі атаулы оның айналасына жинала бастайды. Сол кезде ұябасар тұмсығына тістеген бұтақты төменге тастай салады. Көптің ішінен бір бүркіт зу етіп, сол бұтақты жол ортадан ұстай алады. Бұтақты қайтадан ұябасардың тұмсығына қыстырады. Ұябасар бұтақты кезекті мәрте тастайды. Жаңағы бүркіт қайтадан жерге түсірмей қағып алады. Осылай көп рет қайталанады. Ұябасар біршама уақыт осындай сынақ жасайды. Ақырында сынақтан сүрінбей, әлгі бұтақты жерге түсірмеген шәулімен жұптасады. Екеуі жұптасқан соң шағылысады. Бүркіттер де аққулар секілді адал құстар. Бір жұп әрқашан бірге қалады. Ал, сынақты не үшін жасағанын сәл кейіндеу түсінесіз.

Жұптасқан соң екеулеп биік жардың басына үлкен ұя салады. Алдымен бұта-талдарды әкеліп, қаңқасын құрастырады. Сосын екеуі тұмсықтарымен үсті-бастарынан мамық пен қанаттарын жұла бастайды. Осы мамықты ұяға қалың салып, барлық жел уілдейтін тесікті бітейді. Ұяны жылы, ықтасын етеді. Осындай сүйкімді, жылы ұяға ұябасар жұмыртқасын басады. Сосын одан шыққан балапандарын бауырымен жылытады. Балапандар жұмыртқа жарғанда (балапандар өте әлжуаз, тыржалаңаш, қауқарсыз болады) сарша мен ұябасар кезектесіп бауырымен жылытып отырады. Балапанның қанаты қатайғанша жылы-жұмсақты аузына тосады. Жаңбыр мен ыстық күннен қанатымен жауып, қалқалап, көзінің қарашығындай сақтайды. Су тасып, жем тасып, тұмсығымен аузына салып отырады. Осылайша, балапан тез өсіп, жетіледі. Қанатына жүн шығып, қатая бастаған кезге дейін ата-анасы мейлінше қамқор, мейірімді болады. Содан, мінекей, балапандар өсті-ау дегенде ата-анасы оларға қарап, уақыт келді деп есептейді.

Сарша ұяның ең шетіне отырып, оны қанатымен сабалайды. Ұядағы мамықтың бәрін тарсылдатып қағып тастайды. Не үшін? Мамық пен жылы-жұмсақтың бәрінен адалау үшін. Ұяның бұтадан құралған қатты қаңқасын ғана қалдырады. Мамықтан айырылып, балапандар аңырайған тесіктері көп ебедейсіз ұяда қалады. Не болып қалды? Бұған дейін ата-аналары сондай мейірімді де қамқор еді. Әкелері ұяның шаңын қағып жатқан кезде ұябасар балық аулап келеді. Балығын ұядан сәл әрегірек, шамамен бес метр аулаққа апарып қойып, өзі балапандарға көрінетіндей жерде отырады. Сосын балапандарының көзінше әлгі балықты асықпай жей бастайды. Балапандар ұяда отырып бақырып-шақырады. «Не болып қалды? Бұрын бәрі басқаша еді ғой», деп түсіне алмай дал болады. Ата-аналары жем, су тасып, ауыздарына тосатын, енді ұяның мамығын қағып салды, өздері балық жейді, балапандарға бермейді.

Не істесе болады? Қарын ашты. Ұядан шығу керек. Балық жегісі келген балапандар ұядан шығуға қарекет жасайды. Бұрын шығып көрмеген. Егер ата-анасы мәжбүрлемесе, әлде де шықпас еді. Балапандар тырмысып, ұядан шығады. Балапан бүркіт ұядан асып түсті. Қимылы ширамаған, әлі дұрыс жүріп-тұра алмайды. Түк білмейді. Ұя жардың басында. Оған ешбір жыртқыш жете алмайды. Балапан жарға шығып кеткен соң тайғанақтап, төменге құлдилайды. Осы сәтте (баяғыда бұтақты жерге тигізбеген сарша) әкесі балапанды арқасына қондырып үлгереді. Қайтадан ыңғайсыз ұяға әкеліп салады. Бәрі басынан басталады. Балапандар тайғанақтап, жардан құлайды. Әкесі арқасын тосып, аман-есен ұяға жеткізеді. Әкесі қыран болғандықтан балапанына арқасын тосып отырады. Қырандардың бірде-бір балапаны жардан құлап өлмейді екен.

Осылай құлап жүріп, балапан бұрын жасамаған қимыл жасап үйренеді. Желге қарсы қанатын жайып, ұшады. Осылай қырандар балапандарына ұшуды көрсетеді екен. Балапан қанатын жайып, ұшуды үйрене салысымен ата-анасы оны балық аулауға ертіп әкетеді. Бұдан былай тұмсығына балық қыстырып, балапанды тамақтандырмайды. Бұл өзіңнен туған бала мен рухани шәкірттеріңді тәрбиелеу әдісінің тамаша мысалы. Балапанды жылы ұяда артық ұстап қоймаудың ескертпесі. Өзі де балық ұстай алатын шамасы бар кезде аузына дайын асты тыға бермеу. Дегенмен, ұшуды үйрету үшін шексіз мейірім керек. Барлық ізгілік пен даналықты біріктіре отырып, балапанға жаңа дүниені тануға жол ашу өте маңызды.

Ұябасар бұтақты жерге тастап, бекер сынақ жасамайды екен. Ол балапандарының жардан құлап өлгенін қаламаған соң осылай өзіне мықты сынар іздейді. Саршасы осал болса, балапанның санына жете алмас еді. Қырандар балапанды онсыз да аз басады. Біреу не екеу ғана.

Бұл айтылған аңызда жалпы отбасының негізі қалай қалануы керектігі туралы айтылған. Ал егер басқа көзқарастан қарайтын болсақ, көп нәрсені ұғуға болады. Бұл тәрбиелеу әдісінің керемет мысалы болып табылады. Өзі өмірге аяқ басуға дайын кезінде ата-ана балаға көмектесуі керек. Бастысы ата-анасы бұл орайда шыдамдылық, сабырлылық, төзімділік танытуы тиіс. Айтар ойымыз баланы бала дей бермей, оның ер жеткенін мойындап, өмір атты теңізге жолға шығар алдында, кемесінің мықты болуы – ата-ананың негізгі міндеті. Отбасы – болашақ жеке тұлғаның негізі қаланатын мектеп.

Жеткіншек жасына жеткенде бастысы ата-ананың өз баласының енді бала емес, болашақ ер жеткен ел азаматы болатынын түсінуі. Кейде ата-аналар баласы туралы тым қатты қамқор болып, баланы өмірдің жаңа жағдаяттарына дағдылана алмай, оларды тығырыққа тірейді. Осы орайда, ата-ана тарапынан балаға өзі қателік жасауға, өзі мәселелерді шешуде кішкене бостандық берілуі керек деп ойлаймыз. Әрине, ата-ана балаға оң мен солды, ақ пен қараны түсіндіре отырып, дұрыс жолға бағыт-бағдар беруі тиіс. Өз тәжірибесінде түйілген ой мен сабақ баланың жеке тұлға болып қалыптасуына, мемлекеттің басын көтерер азамат болуына әсер етеді. Ол үшін бала ата-ананың тарапынан қолдау мен махаббатты сезінуі керек.

Отбасы екі жүректің қасиетті одағы, селкеусіз сенім, сүйіспеншілік пен өзара сыйластық негізінде құралған берік одақ. Отбасы институты бала бойына ізгі адамгершілік қасиеттерді сіңіреді. Өзге жан алдындағы жауапкершілік, қамқорлық пен бауырмалдық, қолдау мен қанағат, мейірім мен махаббат сынды сезімдерді қалыптастырады. Оның ішінде қазақ қоғамындағы отбасы тәрбиесі биік мәртебеге ие. Оның жанама күш ықпалымен ұмыт болған тұстарын қайта жаңғырту, мерей-мәртебесін арттыру арқылы бүкіл ұлттық жадымыздың жетілуі мен сананың қайта серпілуіне сеп болары анық.

А.С. Макаренко «Ата-аналарға арналған кітабында», «Бала тәрбиесінде сіздің іс-қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, сөйлейтініңіз, қалай күлгеніңіз, осы іс-әрекеттердің барлығы бала үшін өте маңызды. Себебі, бала көзбен көргенін, жүрекпен сезгенін бойына сіңіреді және өскенде дәл ата-анасының істеген істерін қайталайды. Ата-бабаларымыз тектен текке «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны істейді» деп бекер айтпаған. Сондықтан да, балаларды жас кезінен бастап, тазалыққа, жинақы-ұқыптылыққа, еңбекті сүюге және оның қадыр-қасиетін түсінуге, үлкендерді соның ішінде жасы үлкен қарттарды құрметтеуге және оларға мейіріммен қарауға, ал өзінен кішілерге қамқор болуға үйрету ежелден келе жатқан тәрбие құндылықтары болып саналады.

Отбасындағы тәрбиенің маңызды мәселерінің бірі – бала күнтізбесіндегі күнделікті тәртібі. Әрине, бұл ата-анаға байланысты. Бұл арқылы бала өзінің әл-күшін тиімді қолдануды үйренеді. Балалардың күнтізбесі туралы И.П. Павловтың ілімінде негізделген. Ол жұмыс қабілетін толық сақтау үшін еңбек пен демалыстың кезектесіп өтуінің қажет екендігін көрсетеді. Күнтізбе баланы жинақтылыққа, тіл алғыштыққа, дәлдікке,

мұқияттылыққа үйретеді, денсаулығын нығайтады, еңбек қабілетін жақсартады. Күнтізбені жасауда ата-ана баланың жасын, үй жағдайын, денсаулығын, педогогтың кеңесін ескеріп отырған жөн. Отбасындағы күнтізбенің негізгі элементтері – еңбек, демалыс, ойын, тамақтану, ұйқы т.б дұрыс алмасып отыруы қажет. Сонымен қатар белгілі бір үйірмелерге қатысуы да маңызды. Спортпен, музыкамен немесе сурет салумен өнердің белгілі бір түрімен айналысуы, әсіресе қазіргі кезде танымал роботехникамен, бағдарламалық жасақтамамен айналысу маңызды. Бұл баланың тек мектептің бағдарламамен шектеліп қана қоймай, сонымен қатар тыс жұмыстармен айналысуға мүмкіндік береді. Әр үйірме баланың денсаулығына, оның шығармашылық қабілетіне, әрқилы қасиеттеріне жақсы әсер ететіні белгілі. Баланың әлемге деген көзқарасында да маңызды рөл ойнайды. Тек, осындай мүмкіндік ата-ана қолында, өйткені баланың қандай икемділігі бар екенін байқап, соны ары қарай жетілдіру. Әрине, бұл бала болашағына жағымды орта құруына ықпал. Демек, мемлекетке де маңызды болп келеді.

Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты иманды азамат болып шығу. Өйткені адам баласы өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен ардақты. Адамгершілік – адамның рухани арқауы.

Бүгінде әлем жұртшылығы алдында адамзат үшін өмірлік маңызды үш өзекті міндет тұр: оның біріншісі – руханиятты, екіншісі – бейбітшілікті, үшіншісі – табиғатты сақтап қалу. Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары және олар бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Осы үш бастауға Қазақстандағы әрбір азаматтың, әрбір отбасының болашағы байлаулы. Себебі руханият отбасы тәрбиесі арқылы беріледі. Балаларымызды қалай тәрбиелесек, болашағымыз да солай болмақ. Бала тәрбиесі қашан да маңызды. Онда әкенің де, ананың да, мектептің де алатын орны ерекше.

Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды.

Отбасы – болашақ жеке тұлғаның негізі қаланатын қоғамның бастауыш құрылым бірлігі, баланың алғашқы ұжымы, оның табиғи даму ортасы. Отбасы тәрбиесі адамдар арасындағы оңтайлы және эмоцияналды көңіл-күй қарым-қатынасы арқылы адамгершілік, рухани және гуманитарлық құндылықтарға басымдық беруде әлеуметтік-тарихи тәжірибені таратудың анықтаушы құрамдас бөлігі болып саналады. Отбасылық өмір даналыққа және өркендеуге апаратын бастау болуы керек.

Отбасы – ұлттың, мемлекеттің, әлемнің, адамзаттың негізі. Сондықтан, оны нығайту керек. Отбасында тыныштық болса, үйде тыныштық болады. Үйде тыныштық болса, мемлекетте тыныштық болады. Мемлекетте тыныштық болса, әлемде тыныштық болады. Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген бағдарламаны жүзеге асыру арқылы «Мәңгілік Елдің» болашағын құра аламыз.

Әр адамның өмірінде отбасы, оның өзіндік санасының қалыптасуының алғашқы баспалдағы болып табылады. Отбасында баланың қарым-қатынас жасауындағы біліктілігі мен дағдысы жетіліп, оның адамгершілік бейнесі мен кәсіби өзінің орнын өзі табу қабілеті қалыптасады. Отбасы ұлттың, елдің, әлемнің, адамзаттың негізі және сондықтан да отбасында дұрыс қарым-қатынас орната білу қажет.

Отбасы – рухани жаңғырудың негізі, ұрпақ тәрбиесінің қайнары. Әр бала атаның қанымен, ананың сүтімен келетін туа біткен қасиеттер сияқты ұлттық рухани құндылықтарды ең алдымен отбасында ата-ананың тәрбиесі арқылы бойына сіңіреді. Ендеше, ұлттық тәрбие – ұлт болып ұйысудың, ел болып ертеңге нық қадам басудың негізі болмақ.

Мемлекеттің болашағын жаңа идеялар мен ашылуларға толтыратын, бәсекеге қабілетті жастар – мемлекет қазынасы. Экономикасы дамыған, экологиясы сақталған, жаңа техникалық-материалдық жабдықтармен қамтылған, әлемдік ғылыми өзгерістермен қатар жүретін, нарықтағы соңғы жаңалықтарды естіп, біліп, жарқын да бақытты болашаққа

бағдар жасап, кірпішін қалайтын – өзіміз! Біз қазір осы жолдамыз. Демек, біз барынша тырысуымыз керек.

2019-жастар жылында жастарға көп көңіл бөлінуде,жақсы қолдау көрсетілуде. Ал енді, бұл берілген мүмкіндікті тиімді қолдану біздің қолымызда. Атқаратын игілікті істеріміз халқымыздың болашағын бірлігімізбен берік етсін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru

2. Пашаева М.О. Рухани жаңғыру отбасы тәрбиесінен басталады // Білім айнасы, ОҚО, Түркістан қаласы. https://bilimainasy.kz/

3. Армине Ванян, аударған Шынар Әбділдә «Ұябасар өз балапандарына «әкені» қалай таңдайды?». https://arainews.kz/

ОҚУШЫЛАРДЫ САЛАУАТТЫ ӨМІРГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Смагулов Тенизбай Шыныбекович
ЖББОМ №13, дене тәрбиесі мұғалімі, Қарағанды қаласы

Еліміз тәуелсіздік тізгінін қолына алып, іргесін бекіткен сәттен-ақ Қазақстан халқының сәулетті өмір сүріп, салауатты тұрмыс кешуін қамтамасыз етуге жан-жақты қамқорлық әрекетін жасауда. Ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздік тізгіні жас ұрпақтарда, ал дені сау жастарды тәрбиелеу негізі мектеп қабырғасынан басталады. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр.

Салауаттылық - ішкіліктен, есірткі, темекіден аулақ болу, дене және жан тазалығын сақтау, тіпті қарапайым түрде айтсақ адамның киім киісі, тамақты қалыппен ішуі де кіретін игі іс-әрекет. Өмір заңдылығы салауатсыздықты кешірмейді, оғаш қылықтар түбінде опық жегізеді.

Жасөспірімдердің салауаттылық өмірге ұмтылысы, зиянды әдеттерді жек көрушілігі олардың өзге адамдармен қарым-қатынасына яғни әлеуметтік ортаға тығыз байланысты. Ұрпақты өмір заңдылықтарына, салауаттылық негіздеріне бейімдеу мектеп жүйесі жүктеген маңызды да жауапкершілігі мол міндет болып табылады.

Мағжан Жұмабаев бір сөзінде: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі...» – депті. Осы ой бүгінгі күні өзекті мәселе болып тұр. Қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу.

Бала тәрбиесі әсіресе, мектептен тыс уақыттағы сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың мән-мағынасы өте зор болып келеді. Жастар денсаулығының нашарлауы, олардың ағзаларының ауруға қарсы тұру қабілетінің әлсіздігі , азып-тозуы, тез шаршағыштығы, өмірінің қысқа болуы – осы жайттардың айқын көрінісі. Бұл мәселелердің барлығы жастар арасында тәрбие жұмыстарының жұтаңдығының салдары екендігі даусыз.

Мектепте сыныптан тыс жұмыс 12 бағыт бойынша жүргізіледі. Өткізілетін ашық тәрбие сағаттар сол бағыттардың аясында өтеді. Мен өзімнің шығармашылық тақырыбым ретінде «Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау» тақырыбын алдым, ондағы мақсатым: «Салауаттылық ұғымы арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін, көнеден келе

жатқан мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпын, жас ұрпаққа ұғындыру. Бір сөзбен айтқанда өз ұлтының дінін ұстануға үйрету» болды.

Салауатты өмір салты - адам үшін аса маңызды, денсаулықпен тікелей байланысты құнды форма. Ол адам мәдинетінің бір бөлігі. Ал денсаулық адам бақытының негізгі бөлігі. Қоғамның болашағы әрбір адам денсаулығына байланысты. Денсаулыққа тек дененің сыртқы бүтіндігі ғана деп қарау ағаттық, жалпы алғанда оны организмнің жан-жақты дамуымен бүкіл қызметтердің жүзеге дұрыс асырылуы деп ұққан жөн.

Бала тәрбиесі алдымен отбасынан басталады деп есептеймін, оған қоса біз балаға рухани тәрбие және стихиялық тәрбие береміз. Отбасы тәрбиесі ол ата-анасы. туыстары, отбасындағы дәстүрлер. Рухани тәрбие – ол балабақшадан басталады, мектеп, ақпараттық құралдар. Стихиялық тәрбие - адамдармен қарым-қатынасы, қоршаған орта, жұ мыс орны. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады. Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру бұл:

- Біріншіден, жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;
- Екіншіден, салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Мектептегі оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты: тұлғаның психологиялық, дене – қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының уәждамаларын, жеке бас тазалығын жете түсіндіру;

Олардың мінез – құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру, өзіне - өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау, нығайту, мәдени – гигиеналық мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не?

Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;
- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- дұрыс жыныстық тәрбие алу;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың мазмұны мен ұйымдастыру формалары мынаны көздейді:

- Жауапкершілік, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау;
- Табиғи сезімталдық, оқушылардың жас ерекшелігін ескеру;
- Ғылымилық, тек тексерілген ғылыми дәлелденген деректерге ғана сүйену;
- Экологияландыру, адам организміне қоршаған орта факторларының әсерін білу;

- Ұлттық аймақтық ерекшеліктерді ескеру, салауатты өмір салты туралы ұлттық салт-дәстүрлерімен танысып оны ұстана білу;

- Үздіксіз оқыту, салауатты өмір салты дағдыларын үздіксіз қалыптастырып үнемі пайдалану;

- Әлеуметтендіру, салауатты өмір салтын ұстанған қоғам мүшесін дайындау. Осы ұстанымдарды негіздеп жасөспірімдерді салауатты өмірге тәрбиелеу барысында мұғалімнің орны ерекше болуы тиіс. Мұғалім мектептегі басты тұлға. Қай мектептің болсын нәтижелі, жемісті жұмыс істеуі түптеп келгенде сол мектепте еңбек ететін әр мұғалімнің өз міндетіне, көзқарасына тікелей байланысты. Әрбір сыныпта ұстаз алдында отырған шәкірттері де сол болашаққа барар жол үстіндегі талапкерлер.

Қазақстан Республикасының «Білім заңында» мектеп оқушылары бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, адамзаттыққа тәрбиелеу және олардың ақыл-ой, танымдық шығармашылық қабілетін анықтау басты міндет екендігі айтылған. Осы міндеттердің жауапкершілігі негізінен мектептегі сынып жетекшісіне жүктеледі. Сондықтан оқушы бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой,танымдық сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құруды көздейді.

Денсаулық - адам бақытының бірінші байлығы. Денсаулық адам бақытының бірінші байлығы.Әрбір жасөспірімді сол бақытты уысынан шығармауға тәрбиелеуіміз керек. Денсаулықтың мықты болуы үшін қандай әдістерді қолдануды, жақсы жұмыс халін,күнделікті тұрмыс қиындықтарын жеңуі,белсенді өмір сүру жағдайларын білу қажет. Денсаулық - салауатты өмір кепілі. Осы салауатты өмір кепілін, оның қыр-сырын білу басты міндет. Қай заманда болсын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат, міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Сол тәрбиенің бір түрі рухани байлық десек, артық айтқандық емес. Адам бойындағы жақсы қасиеттері мен игі істерінің қайнар көзі осы рухтан бастау алады.

Рухани бай адам дегеніміз - өз тілін, өз тарихын,салт-дәстүрін жоғары бағалап,жан-жақты,өзін-өзі басқаратын,өмірдің ағымына дұрыс көзқараспен қарай алатын,мейірімді,әділ,қанағатшыл адам. Егер біз саналы, мінез - құлқымыз жетілген азамат болғымыз келсе,алдымен өзімізді - өзіміз білуіміз қажет. Өзін тану арқылы өзгені танитын артықшылыққа ие боламыз. «Дүниедегі ең оңай нәрсе - кісіге ақыл айту , ең қиыны - өзіңді-өзің түсіну» -деген екен ғұлама ғалым Әл-Фараби. Осы рухани байлықты жастардың бойына сіңіріп, сана сезімін жеткізу - біздің міндетіміз. Мектептегі қазіргі оқытып жатқан имандылық бағыттағы тәрбие сағаттар басым. Адамның материалдық қажеттілігінің бірі - дене мүшесінің саулығы. Бүгінгі күні ең маңызды мәселе - салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін атап көрсетті. Оның бірі – жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы.салауатты өмір сүру салты 3 категорияға бөлінеді:

1. Салауатты өмір сүру деңгейі;
2. Салауатты өмір сүрудің сапасы;
3. Салауатты өмір сүрудің стилі.

Салауатты өмір сүру деңгейі – адамның материалдық және моральдық-рухани қажеттілігін толығымен қамтамасыз ету.

Салауатты өмір сүру сапасы - үй-іші қызмет істейтін орындар (оқу орындар, мектептер) неше түрлі адам денсаулығын қамтамасыз ететін комфортты мебельдер мен лабороториялық жабдықтармен қамтамасыз етілуі. Салауатты өмір сүру стилі – адамның қоғамдық орындарда өзін -өзі ұстап және көрсете білу .

Адам денсаулығының жақсы және жаман болуы салауатты өмір сүру стиліне

байланысты. Ал салауатты өмір сүру стилі тарихи және ұлттық дағды –дәстүрлер арқылы қалыптасады. Қазіргі уақытта денсаулық бірнеше түрлерге және құрамдас бөліктерге бөлінеді:

1. Тән денсаулығы — бұл адам мүшелері мен организм жүйесінің ағымдағы күйі. Мұның негізі онтогенездік дамудың әр түрлі кезеңдерінде басымдық көрсететін, базалық қажеттіліктерге негізделген жеке дамудың биологиялық бағдарламасынан құралады.

2. Дене денсаулығы — организм мен мүшелерінің өсуі мен дамуының деңгейі. Мұның негізі бейімделу реакцияларын қамтамасыз ететін морфологиялық және функциялық сақтамалардан құралады.

3. Жан денсаулығы — адамнаң психикалық өріс күйі. Мұның негізі мінез-құлыққа бара-бар реакцияны қамтамасыз ететін жалпы рухани қолайлы күйден құралады. Денсаулықтың негізгі өлшемдері мыналар:

• тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;

• психикалық күй үшін — мен тілеймін;

• адамгершіліктік күйге — мен істеуге тиістімін.

Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі өмірге құштар, қандай іске болсын дайын, мақсатына жету жолындағы қиыншылыққа төзімді болады. Ал, ауру - адамның мүмкіндігін шектейді,көңіл күйі жабырқаулы адам ештеңені жоспарлап,алдына айқын мақсат қоя алмайды. Баланың денсаулық жағдайы көптеген факторлардың әсеріне байланысты.Мысалы: ата-ананың денсаулығы, үйдегі жалпы жағдай, білім алу мүмкіншілігі, әлеуметтік жағдай,т.б.

Әдебиеттер тізімі:

1.«Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана қ., 2014 жылғы 11 қараша

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2016

3.Мұхамеджанова Ұ.Ж., Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі. Оқу құралы.- Астана, 2012

4.Оразбекова К. А. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. -Алматы: «Дәуір», 2000.

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ ПОНЯТИЯ «КРИТИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ»

С.Е.Досжанова, к*андидат педагогических наук, доцент Актюбинского регионального государственного университета имени К.Жубанова,*

М.А.Ермекова*, магистрант Актюбинского регионального государственного университета имени К.Жубанова, г. Актобе*

Гуманистическая парадигма, определяющая содержательную сторону обновленного содержания дошкольного образования связана с личностным развитием ребенка, актуализирует интерес к детской личности, ее развитию и саморазвитию, рассматривает дошкольный возраст как период накопления психических новообразований ребенка-дошкольника, освоения им социального пространства, рефлексии всех отношений в этом пространстве, определения в нем себя, собственной самоорганизации в постоянно расширяющихся и усложняющихся контактах со взрослыми и сверстниками. Дошкольник не только воспринимает окружающий мир, но и хочет его понять. Понять значит проникнуть в суть предметов и явлений, познать самое главное, существенное в них. Понимание обеспечивается наиболее сложным психическим процессом – мышлением.

Степень разносторонности и устойчивости интересов, особенности их изменения позволяют судить об уровне развития личности. Потому изучение интереса, характера его изменения является важным направлением педагогических исследований, призванных обеспечить интенсификацию процесса воспитания детей дошкольного возраста.

Анализ научных исследований показал, что в педагогике накоплен достаточный потенциал для решения научных и практических задач, связанных с проблемой развития познавательного интереса дошкольников. Значительное место занимает проблема взаимосвязи познания окружающего мира с интересом в исследованиях выдающихся педагогов прошлого (И.Гербарт, А.Дистерверг, Я.А.Коменский, Д.Локк, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой и др.).

Современные ученые рассматривают данную категорию с самых разных точек зрения: как источник умственной активности (Л.И.Божович, В.В.Давыдов, М.А.Данилов, Н.Ф.Добрынин, Н.А.Менчинская, М.Н.Скаткин и др.), как особый сплав эмоционально-волевых и интеллектуальных процессов, повышающих активность сознания и деятельности человека (Л.А.Гордон, А.Г.Ковалев, В.Н.Мясищев, С.Л.Рубинштейн и др.), как избирательная направленность личности на объекты и явления окружающей действительности (В.Б.Бондаревский, Л.М.Матюшкин, Н.Н.Поддьяков, Н.К.Постникова, Г.И.Щукина и др.), как структура, состоящая из потребностей индивида (Б.Г.Ананьев, Л.И.Божович, А.Н.Леонтьев, Е.Ф.Рыбалко, Б.А.Теплов и др.), в контексте развития мотивационной сферы личности (Ю.Н.Кулюткин, А.К.Маркова, Н.Г.Морозова, Л.М.Фридман и др.), как условие развития самостоятельности, повышения познавательной активности (Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, А.А.Люблинская и др.), как условие формирования интереса к процессу познания, источник радости и удовлетворения (Ш.А.Амонашвили, А.К.Дусавицкий, Л.В.Занков, Н.Н.Поддъяков и др.) [1,2].

Во многих исследованиях развитие познавательного интереса связано со способностью к самоизменению, самодвижению, построению себя как личности в процессе деятельности (Р.Р.Ветчинкина, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, С.Л.Рубинштейн, Г.А.Цукерман, И.С.Якиманская и др.).

Одним из инновационных методов, позволяющих добиться позитивных результатов в формировании мыслительной деятельности дошкольников, является *технология развития критического мышления.* Умение мыслить критически – это не выискивание недостатков, а объективная оценка положительных и отрицательных сторон в познаваемом объекте.

Известный японский специалист по вопросам раннего развития Масару Ибука в своей книге "После трех уже поздно" также свидетельствует о том, как ранний опыт жизни влияет на дальнейшую судьбу человека. Самый быстрый скачок развития приходится на этот период жизни, но и после трех лет ребенок продолжает активно познавать окружающий мир, что означает необычайную чувствительность детей дошкольного возраста к разным воздействиям. Дошкольники готовы общаться, получать новые навыки, развивать имеющиеся способности, задача родителей и педагогов - направить их по верному пути.

Наглядно-образное мышление начинает формироваться у детей в возрасте полутора лет и окончательно формируется к пяти годам. Используя такое мышление, ребенок может решать различные задачи с реальными предметами, и в возрасте четырех-пяти лет ему уже необязательно видеть предмет или брать в руки, чтобы ответить на вопрос о нем - ребенок может просто представить данный предмет. Возможность решения задач в уме возникает благодаря тому, что образы, которыми пользуется ребенок, приобретают обобщенный характер, то есть в них отображаются не все особенности предмета, а только те, которые имеют значение для решения определенной задачи или ответа на поставленный вопрос. В сознании ребенка уже возникают схемы, модели, он способен обобщать и анализировать информацию, которую получает из внешнего мира, поэтому ему требуется помощь в развитии критического мышления [5].

Критическое мышление является сложным мыслительным процессом, который

начинается с получения ребенком информации и заканчивается принятием обдуманного решения, формированием собственного отношения. Критически мыслить – это способность ставить новые вопросы, вырабатывать аргументы в защиту своего мнения и делать выводы; это способность не только интерпретировать и анализировать информацию, но и аргументировано доказать свою позицию. Ребенок будет опираться на логику и на мнение собеседника, а, значит, сможет объяснить, почему он с ним согласен или не согласен.

Оптимально критическое мышление предполагает умение видеть проблемы, готовность к нахождению нестандартных решений, умение подвергать рефлексии собственную интеллектуальную деятельность, анализировать свои действия и выявлять допущенные ошибки. Кроме того, данный тип мышления включает в себя готовность отказаться от своего решения в пользу более эффективного, открытость для новых идей, умение делать объективные выводы, что обусловливает понимание неоднозначности мира.

В настоящее время существует множество определений критического мышления. Среди них с определенной долей условности можно выделить:

1) лаконичные, но лишенные конкретности формулировки, типа: «Критическое мышление - особый вид умственной деятельности, позволяющий человеку вынести здравое суждение о предложенной ему точке зрения или модели поведения»;

2) определения философской ориентации, акцентирующие внимание на теоретических аспектах, в частности, «Критическое мышление – последовательность умственных действий, направленных на проверку высказываний или систем высказываний с целью выяснения их несоответствия принимаемым фактам, нормам или ценностям» [2,3].

Существуют уровни критического мышления, для каждого из которых есть свой вид аргументации, характеризующийся различными соотношениями логической и когнитивной компоненты:

1) эмпирический уровень – критическая проверка фактов;

2) теоретический уровень – критическая проверка теорий;

3) метатеоретический уровень – критическая проверка норм и ценностей [2].

Одна из основных черт критического мышления – непременное наличие трансцендентальной рефлексии, требующей от мыслящего субъекта самоотчета в том, для какой из функций сознания мышление используется: для ценностной ориентации, для познания или поиска средств достижения цели.

Критическое мышление предполагает наличие навыков рефлексии относительно собственной мыслительной деятельности, умение работать с понятиями, суждениями, умозаключениями, вопросами, развитие способностей к аналитической деятельности, а также к оценке аналогичных возможностей других людей. Критическому мышлению в целом свойственна практическая ориентация. В силу этого оно может быть проинтерпретировано как форма практической логики, рассмотренной внутри и в зависимости от контекста рассуждения и индивидуальных особенностей рассуждающего субъекта [3].

Механизм критического мышления включает мыслительные операции, определяющие процесс рассуждения и аргументации: постановка цели, выявление проблемы, выдвижение гипотез, приведение аргументов, их обоснование, прогнозирование последствий, принятие или непринятие альтернативных точек зрения. Он включает способность применять базовые интеллектуальные умения (знания и понимание) для синтеза, анализа и оценки сложных и неоднозначных ситуаций и проблем. Сюда можно отнести умения выявления проблемы, прояснения ситуации, анализ аргументации, всестороннего изучения вопроса, разработки критериев для оценки решений и надежности источников информации, избежание обобщений [4].

Критическое мышление - это использование когнитивных техник или стратегий, которые увеличивают вероятность получения желаемого конечного результата. Это определение характеризует мышление как нечто отличающееся контролируемостью, обоснованностью и целенаправленностью, - такой тип мышления, к которому прибегают

при решении задач, формулировании выводов, вероятностной оценке и принятии решений. При этом думающий использует навыки, которые обоснованы и эффективны для конкретной ситуации и типа решаемой задачи [5].

Критическое мышление носит рефлексивный характер и имеет отношение к общению, к психологии личности. Оно связано не только с познавательной (когнитивной), но и с мотивационной сферой, с самосознанием. Когда же мы имеем дело не с мыслями людей, а с явлениями материального мира, то нам бывает вполне достаточно обычного мышления [6].

Критическое мышление есть мышление социальное и самостоятельное. Информация является отправным, а отнюдь не конечным пунктом критического мышления. Критическое мышление начинается с постановки вопросов и уяснения проблем, которые нужно решить. Критическое мышление стремится к убедительной аргументации [6].

Критическое мышление – это точка опоры, естественный способ взаимодействия с идеями и информацией. Необходимы умения не только владеть ею, но и критически оценить, осмыслить, применить. Получая новую информацию, обучающиеся должны научиться рассматривать ее с различных точек зрения, делать выводы относительно ее ценности и точности. Необходимо привлекать информацию, при которой обучаемый должен осознавать, что обучение в большей степени связано с его личностью и интересами, нежели с заданными учителем приемами и средствами обучения [5].

При всем разнообразии определений критического мышления можно увидеть в них близкий смысл, который отражает оценочные и рефлексивные свойства мышления. Это открытое мышление, не принимающее догм, развивающееся путем наложения новой информации на жизненный личный опыт. В этом и есть его отличие от творческого мышления. Критическое мышление – отправная точка для развития творческого мышления, они развиваются в синтезе, взаимообусловлено.

В отличие от обыденного мышления, критическое мышление заменяет смутность, неточность и неопределенность суждений ясность, точностью и конкретностью выражения мнений. Непоследовательность, нелогичность, поверхностность, банальность, пристрастность уступают место последовательности, логичности, глубине, значимости, непредвзятости критического мышления.

Рассматривая критическое мышление, как обязательный компонент развития современного человека и синтезируя многочисленные определения, можно предложить следующий вариант: «Критическое мышление – сложный рефлексивный процесс мышления, который включает ассоциативное восприятие, синтез, анализ и оценку механизмов функционирования в социуме и поступающих к человеку через средства массовой коммуникации». При этом развитие критического мышления – не итоговая цель обучения, а его постоянный компонент.

Существует мнение, что *критическое* мышление очень близко к *логическому* (понимаемому как процесс построения логики доказательств принимаемого решения, последовательности действий, понимания внутренней логики решаемой проблемы, продуцирование логики предпринимаемых для решения проблемы) и системному мышлению (понимаемому как процесс рассмотрения объекта и проблемы в целостности их связей и характеристик), но является прямой противоположностью мышлению *творческому* [6].

Творческое мышление - это мышление, результатом которого является открытие принципиально нового или усовершенствованного решения той или иной задачи. Критическое мышление представляет собой проверку предложенных решений с целью определения области их возможного применения. Творческое мышление направлено на создание новых идей, а критическое - выявляет их недостатки и дефекты. Для эффективного решения задач необходимы оба вида мышления, хотя используются они раздельно: творческое мышление является помехой для критического, и наоборот.

Таким образом, критическое мышление представляет собой систему рассуждений ребенка, анализирующего ситуацию, действия или предметы. Именно этот вид мыслительной способности помогает ребенку делать выводы, давать свои оценки происходящему, применять полученные результаты к возникающим ситуациям и проблемам. Критическому мышлению нужно учить. Важно, чтобы дети могли использовать навыки критического мышления в конкретной предметной деятельности.

Литература:

1. Обухова Л.Ф. Этапы развития детского мышления: формирование научного мышления у ребенка. М.: Изд-во Моск. ун-та, 1972. - 152 с.

2. Щукина Г.И. Проблема познавательного интереса в педагогике. – М., 1971

3. Годовикова Д.Б. Формирование познавательной активности // Дошкольное воспитание. – 1986. – № 1. – С 28-32

4. Марусинец М. Изучение познавательной активности // Дошкольное воспитание. – 1999. – №11. – с. 7-9

5. Кригер Е.Э. Педагогические условия развития познавательной активности детей старшего дошкольного возраста. – Барнаул, 2000

6. Семенов И.Н. Тенденции психологического изучения развития мышления и познавательной активности // Гуманизация образования. 1995. - № 1. - С.69-75

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ - ЫҚТИЯРЛЫҚТАН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ЖЕТЕЛЕЙТІН ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Шаушекова Баян Қырықбайқызы п.ғ.к., доцент.,
Ақтай Жанерке, Ануарбек Асем 1 курс магистранттары
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Мемлекет басшысы Н.А.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатын өсу»: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында Әрбір Қазақстандықтың еліміздегі өзгерістер үдерістеріне атсалысуы, оның ішінде 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынғаны қуантарлық жағдай.

Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы, ертеңі. Тәуелсіз еліміз қанатын кере жайып, ел мәдениеті өркендеген қазіргі заманда тек білімді жастар ғана ұлтымызды асқақтатып, елімізді көкке көтереді. Қоғамның негізгі өзегі – жастар.

Президент «Бүгінде бүкіл еліміз бойынша жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға жастарым белсенді атсалысуы керек. Сондай-ақ, былтыр өзім бастап берген «Жас сарбаз» қозғалысы негізінде әскери-патриоттық тәрбие беру ісін дамыту қажет. Үкіметке 2050 жылға дейінгі әскери-патриоттық тәрбие беру бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын» «Жас сарбаз» бастамасының үлгісімен еліміздегі волонтерлерді, әсіресе әлеуметтік жобалар саласындағы еріктілерді біріктіру қажет [1. 3 б] деп атап көрсетті.

Елбасы Астанада өткен «Жастар-еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы» атты форумында жастарға үлкен үміт артып, болашаққа сеніммен қарау керектігін айтып отыр.

Демек, қазіргі кездегі күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе қазақстандық патриотизм азаматтың, қоғамның, мемлекеттің ортақ күш-жігеріне келіп саяды. Қазақстан - өз Әнұраны, Елтаңбасы, туы, жері бар мемлекетіміз деген ұғым қоғамда түпкілікті қалыптасуы керек және оны сүю, қорғау осы қоғамда өмір сүріп жатқан барша адамның міндеті болмақ.

Патриотизм ұғымдарына түсініктеме беретін болсақ, Қазақ кеңес энциклопедиясында «патриотизм» – дегеніміз (грек раігіоіев ¬ отандас, раігіо ¬ Отан, туған жер) отанға деген

сүйіспеншілік. Бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды - деп көрсеткен [2.25 б].

Үлкен кеңес энциклопедиясында «социалистік қоғам азаматының патриотизмі өз Отанына, бүкіл социалистік елдер ынтымақтастығына берілгендік пен адалдықтан тұрады» - делінген [3. 48 б].

Педагогикалық сөздікте «... патриотизм өз халқына, Отанға деген сүйіспеншілік ... пролетарлық интернационализммен берік байланысқан» - деп анықталған. Патриотизм – қоғамдық санадағы аса маңызды да күрделі түсініктердің бірі. Қоғам мүшелерінің өздері өмір сүріп отырған ортаға деген қарым – қатынасын реттейтін патриотизм ұғымын теориялық негіздеудің, зерттеудің өзіне тән тарихы, қалыптасуының үрдістері [4.98 б].

«Патриот» сөзі (patriotes – жерлес, отандас) ежелгі грек жерінде пайда болғандықтан, оны алғашқы мағынасында сол антика ғұламалары Платон, Аристотель, Гераклит еңбектерінде пайдаланып, адам санасының туған елі мен жеріне деген құштарлық сезімін түсіндіруге қолданды [5. 102 б].

«Отан - от басынан басталады» дейді халық даналығы, демек, бала тәрбиесі - Отан мен ел мүддесі. Әрбір бала бір ғана отбасының ғана емес, күллі қоғамның келешегі, көктемі, бүршік атар гүлі екені жадымыздан әсте шықпағаны абзал.

1992жылы 4 маусымда тұңғыш рет тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері бекітілді. Бұл жылдар ішінде біздің көк байрағымыз Нью-Йорктегі БҰҰ штаб-пәтерінің алдында дүние жүзіндегі басқа мемлекеттер туларының арасында желбіреп тұрды. Атлантада өткен Олимпиадалық ойындарда жеңіске жеткен қазақстандық спортшылар құрметіне шырқалған әнұран көрініс тапты. Тұңғыш қазақстандық ғарышкерлермен бірге ғарышта болған мемлекеттік рәміздер еліміздің тарихының бір беттері.

Мемлекеттік рәміздер:

- еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігіміздің нышандарының бірі;
- ежелден еркіндік, бостандық және егемендік аңсаған ата-бабаларымыздың биік мұраты;
- еліміздің жастарын өз еліне деген терең сүйіспеншілік пен шынайы патриотизмге тәрбиелеу құралы;
- мемлекеттік рәміздерге деген құрмет өз еліңе жеріңе, тіліңе деген мақтаныш, оның рәміздеріне деген құрмет-деген ұғым қалыптастыру.

Болашақ ұрпақты жалпы адамзат құндылықтарын қастерлеумен қатар, өз еліне, ұлтына, тіліне, салт-дәстүріне деген отаншылдық сезімін тәрбиелеудің маңызы зор. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы бапта:

«Азаматтыққа және Отансүйгіштікке, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандарын құрметтеуді қалыптастыру, сондай-ақ олардың мәні мен маңызын түсіндіру мақсатында оларды оқыту жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарының негізгі жалпы білім беру, бағдарламаларына енгізіледі» - деп атап көрсетілген [6].

Тағы бір анықтамаға көз жүгіртсек, «Патриотизм ... (грек тілінен аударғанда - Отан) әдетте Отанға сүйіспеншілік деп аталатын, нақты бір әрекет бейнесінде және қоғамдық сезімдердің күрделі жиынтығында көрініс беретін, балаларының Отан - Анаға деген көзқарасын сипаттайтын қоғамдық және адамгершілік принцип», - деп көрсетілген [7. 56 б] .

Қазақстандық патриотизмге өзінің Отанына, оның мәдениетіне, дәстүріне деген шексіз сүйіспеншілік, елінің жеткен жеңістеріне деген мақтаныш, өз мемлекетінің экономикалық және саяси қуатын арттыруға бағытталған әлеуметтік белсенділік, Отанын, оның бостандығын, тәуелсіздігін аянбай қорғауға даяр болу керек деген сөз.

Демек, патриотизм көпұлттылық және ұлттық бөліктерден тұрады. Ұлттық патриотизм

әдетте адамдардың белгілі бір ұлтқа тән екендігімен, өз тілімен, мәдениетімен, сол аймаққа тән дәстүрлерімен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жағдайында барлық ұлттардың ортақ сана-сезімін қамтитын интернационализм идеясы мен ұлттық патриотизм идеясының біртұтастығы қажет. Оның темірқазығы - Қазақстанды осындағы барлық ұлттардың өз Отаным деп сезінуі болмақ.

Жалпы қазақстандық патриотизм дегеніміз - өзіңді республика халқының ажырамас бөлігі, ортақ Отан ретінде Қазақстан Республикасына сүйіспеншілік сезімі мен берілгендік, азамат ретінде халық пен елдің мүддесін қорғайтын борышты сезіну болып табылады. Қазақстандық патриотизмге басқа алықтарға деген сыйластық, бүкіл адамзатты құрметтеу тұрғысынан қарау керек.

Олай болса, патриотизмнің өзегі -патриоттық тәрбиенің негізін дамытудың мәні жеке тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсететін және қалыптастыратын идеялық-адамгершілік, моральдық еріктілік, еңбек және дене сапаларын қалыптастыруда ішкі байланыстарды анықтау және саралау болып табылады.

Патриоттық тәрбиеде қолданылатын іс-әрекет түрлері тәрбие үдерісінің нақты мазмұнын анықтайды. Ондай іс-әрекеттерге оқу-танымдық, спорт-қорғаныс, ойын, еңбек, қоғамдық-саяси, көркемдік-эстетикалық іс-әрекеттерді жатқызуға болады.

Жастардың патриоттық рухын көтереді, нашарларға жан ашу, оларды қолдай білетін рахымшыл, көпшіл, қоғамшыл болуға үйретеді. Адамгершілік сананы мейлінше жоғары ұстаудың жақсы үлгілерін береді.

Патриоттық тәрбие мәселесі - адамзат тарихының өне бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзат өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, ар тазалығы жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат қалпында қала бермек.

Иә, Елбасы жастарға үлкен үміт артып, елін сүйетін, жерін қорғайтын, патриоттық сезімі басым тұлға қалыптастыру қажеттігін айтады. Мемлекет басшысының тапсырмасын басшылыққа ала отырып, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемекеттік университетінде жастар мәселесі жүйелі жолға қойылып, ауқымды маңызды тәрбиелік мәні бар іс-шаралар үнемі жүргізіліп жататыны белгілі.

Оның дәлелі ретінде Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-де «Серпін» әлеуметтік жобасының студенттері арасында жоспар бойынша университетішілік дәстүрлі Аламан фестивалі өткізіліп тұрады. Биылғы жылдың өзгешелігі Аламан фестивалі 5 номинация бойынша өтті, жүлделі орын алған студент Республикалық Аламан фестиваліне жолдама алды.

Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы, «Серпін» әлеуметтік жобалар басқармасының ұйымдастыруымен «Мәңгілік ел жастары-индустрияға!» «Серпін» әлеуметтік жобасы студенттері арасында «Аламан» республикалық фестивалі Көкшетау қаласындағы Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясында өткізілді. Әр өңірден 26 жоғары оқу орны және алты колледж студенттері қатысты. Ережеге сәйкес жоғары оқу орнынан 1 ғана студент 5 номинация бойынша сайысқа қатысу жоспарланған болатын. Республикалық фестивалға ҚарМУ –ден жүлделі орынға ие болған, математика және ақпараттық технология факультетінің 5В010900 «Математика» мамандығының 2 курс студенті Д.Абдыкадырова қатысып 5 номинация бойынша сайысқа түсті. Номинация атаулары:

1. «Мамандығым – мақтанышым»/эссе;
2. «Таңдаған өңірім - болашағым!»/презентация;
3. «Өнерлінің өрісі кең!»/ән, би ж/е т.б.шығармашылығы;
4. «Менің әлеуметтік жауапкершілігім!»/әлеуметтік жоба презентация;
5. «Ағылшын тілінің мамандығым үшін маңызы?!»/ пікір-талас.

Сайысқа қатысушының арнайы дайындаған «Мамандығым мақтанышым» номинациясы бойынша эссе мазмұнында, таңдаған мамандықтарының жетістіктерін,

болашақта өзінің сұранысқа ие маман бола алатынын дәлелдей алған студенттер жүлделі орынға ие болды. «Таңдаған өңірім - болашағым!» презентация бойынша, Қарағанды облысын, Қарағанды өңірін өздерінің келген жерлерінен артық болмаса, кем түспейтінің, болашақта осы өңірде қалып жұмыс істейтіні және білім алып жатқан өңірінің болашақта өркендеуіне өз үлестеріен қосатыны туралы түрлі түсті, мағыналы мультимедиялық көрсетілім даярлағандары қазылар алқасының көңілінен шықты, әділ бағасын берді.

«Әсем ән мен тәтті күй, әнді сүйсен менше сүй» деп Абай атамыз айтқандай «Өнерлінің өрісі кең!» ән, би және т.б. шығармашылығы аясындағы өнерлері де тамашалау, рухани байлықтарының бір бөлшегі іспеттес болды. Динараның әнді орындау шеберлігі, сайыскерлерінің арасында ерекше көзге түсті, көрермендердің қошеметіне бөленуі ерекше болды.

«Менің әлеуметтік жауапкершілігім!» атты әлеуметтік жоба бойынша әлеуметтік маңыздылығы мен бизнеске қабілеттіліктерін, ғылыми зерттеу жұмыстарды жүргізудегі өздерінің оқу-танымдылықтарының жоғары екенін көрсете білді.

Аталмыш номинациялардың ішінен Абдыкадырова Динараның «Мамандығым – мақтанышым» атты эссесі «Ең үздік эссе» деп танылып, 1-ші дәрежелі дипломға ие болды.

Республикалық «Көшбасшылар мектебі» студент жастардың көшбасшылық, кәсіпкерлік қабілеттерін және бизнес жоспарлау дағдыларын дамыту мақсатында Аламан фестивалінің жалғасы Щучинск қаласында өткізілді. Республикалық Тархан сайлаумен Аламан фестивалі өз жұмысын тамамдады. Ықтиярлықтан ынтымақтастыққа жетелейтін «Серпін» әлеуметтік жобасының Аламан фестивалі өз мәресіне жетті, студенттер Рухани жаңғыру арқылы, болашақты болжай алды деген сенімдеміз.

Еліміздің тәуелсіздігі жағдайында барлық ұлттардың ортақ сана-сезімін қамтитын интернационализм идеясы мен ұлттық патриотизм идеясының біртұтастығын Серпін іскер жастары әрі қарай жетелейді, жас келсе іске демеспіз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Жастар-еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы» Егемен Қазақстан 23 қантар. 2019 ж

2. Қазақ совет энциклопедиясы. - Алматы: Қазақстан,1973. 2 т. - 168б

3. Большая советская энциклопедия. – М., 1975. Т.19. - С.282.

4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т 7. - Алматы: Ғылым, 1983. - 639б.

5. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы. - Алматы : Мектеп, 1984. - 255б.

6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы қоғамдық идеялық бірілігінде. - Алматы: Қазақстан, 1993. - 33б

7. Бабанский Ю.К. Педагогика. – М.: Просвещение, 1983.

ТҰТЫҚПАНЫ ТҮЗЕТУДЕ КЕШЕНДІ ЫҚПАЛ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Бекмұрат Айдос, 1-курс магистранты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы.
Туретаева Гүлайым Изтлеуовна, п.ғ.к. доцент Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы.

«Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмеске кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай нақты ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс. Яғни, реализм мен прагматизм ғана таяу онжылдықтардың ұраны болуға жарайды» - деп, Елбасымыздың 2017

жылы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасында елімізді революциялық емес, эволюциялық даму жолына серпін бастап берді. Елбасы өз жолдауында әлемдік дамыған 30 ел қатарында тереземізді тең ұстау мақсатында болашаққа бір сәт көз жүгірте отырып, ұлттық сана**,** ұлттық бірегейлікті сақтау, сананың ашықтығы, білімнің салтанат құруы және бәсекелікке қабілетілікке мән беріп заманға сәйкес жаңғыру міндеттерін тізбектеп көрсетті. Қазіргі осыған сай көптеген құжаттарға қол қойылып, игі іс-шаралар мен жұмыстар атқарылды.

Бәсекеге қабілетті, саналы ұрпақ үшін алдымен ошақ қасынан шыққан патриоттық тәрбие, сосын ойы жаңашылдықты талап ететін ізденіс керек. Бұл орайдағы, сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді.

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіңе қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсіну.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі.

«Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі[1].

Елбасымыз осылайша, білім алуда, білім беруде тек өзіміздің ғана білімімізбен қалмай, әлемдегі жаңашылықты өз арамызға үйрету. Қазіргі таңда жаңашылдықты гуманитарлық бағытта салу өзектіліктердің бірі. Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтендіру, білім беру шет елдік тәжірбиені алу керек етеді. Бұл орайда тек ауыр мүгедектерді ғана емес, тіл кемістігіне ұшыраған жандардың халық санасында сыртқы көзбен қарасаң бәленděу қиындық демессің. Бірақ өз ойың дұрыс жетгізе алмау және коғам, орта арасында дұрыс сөйлей алмағаны үшін күлкіге қалу бала үшін оның психикасына үлкен зардабын тигізері сөзсіз. Болашақта бұл проблемалар үлкен деңгейдегі жасалынуы тиіс жұмысқа айналмас үшін қазіргіден бастап іс-әрекет жасалынуы тиіс. Мәселен, тұтықпа тіл кемшілігінен зардап шегетін балалар. Тұтығу – сөйлеу кемістігінің ішіндегі ауыр түрі. Ол баланың психологиясын жарақаттайды, дұрыс келе жатқан тәрбие процесін тоқтатады, сөйлеу қатынасына кедергі жасайды, айналасымен әсіресе балалар арасындағы қарым-қатынасын қиындатады. Тұтығуда сөздің еріксіз тоқталуы, сонымен қатар жеке дыбыстар мен буындарды қайталауға әкеп соғатын жағдайлар пайда болады. Бұлар сөйлеу кезінде сөйлеу мүшелерінің (ерін, тіл, таңдай, жұтқыншақ, көкірек, еттері, диафрагма, ішкі еттер) бұлшық еттерінің дірілдеп тырысу салдарынан болады. Қазіргі кездегі логопедияда тұтығу сөйлеу аппараты еттерінің дірілдеп тырысу салдарынан болған сөйлеу шапшаңдығының бұзылумен анықталады. Ескеретін жайт, тұтықпа - органикалық емес, функционалдық кесел. Демек, медицина тілімен айтқанда бұл оны емдеуге болады деген сөз. Дұрыс емдеу нәтижесінде мектеп жасына дейінгі балалардың 70 %-ы бұл кеселден біржолата құтылатынын, 20%-ы сөйлеу процесін бұрынғыдан гөрі жақсарта түсетінін, 10%-ы ғана тұтығу кеселінен арыла алмайтынын айтуға болады. Тұтығудан біржола құтыла алмау, емнен нәтиже шықпауы - өзін-өзі сендіре алмаудан, емделуге оншалықты мән бермеуден деп білу керек[2].

Тұтығу - адам баласына ерте кезден таныс құбылыс. Тілдегі кемістік туралы мәлімет Геродот, Аристотель, Демосфен еңбектерінде кездеседі. Ерте заманда тұтықпаны бас миы мен тілдің ылғалдылығының кемшіліктерінің салдарынан болатын ауру (Гиппократ) немесе артикуляциялық аппаратының бөліктерінің дұрыс сәйкеспеуінен (Аристотель) деген түсініктер болған.

XVII – XVIII ғасырда тұтықпаны перифериялық (шеткі) сөйлеу аппаратының жетілмеуінің салдары деп түсіндіреді. Мысалы: Санторини тұтықпаны да қатты таңдайдағы жарықшақтан тілге шырышы ағып жиналады да тілдің қимылын қиындатады соның

салдарынан тұтықпа пайда болады деп есептейді.

Басқа зерттеулер тұтықпаны сөйлеу мүшелерінің функциясының бұзылуымен байланыстырады: дауыс саңылауының тырысып жабылуы (Арнот, Шультесс); өте тез дем алу (Беккерель); тілді ауыз қуысында ұстап тұратын бұлшық еттерінің қысқаруы (Итар, Ли, Диффенбах); ойлау мен сөйлеу процесстерінің келіспеушілігі (Блюме).

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында тұтығу мәселелерінің ғылыми негізі қаланып, тұтығу теориясы өз бастауын сол ғылыми негізден алады деуге болады. Зерттеу және онымен күресудің болжамдары Европада, әсіресе, Францияда, Германияда, Ресей мен Австро-Венгрияда жасалды. Сол кездегі Берлинде кереңдер мектебінің директоры Гутцманның тұттықтарға зерттеу жасап, тұттығушыға психикалық ықпал жасау әдісін жүргізді. Психикалық ықпал дегеніміз - ол ең алдымен тұтығушы сәтті сөйлеген кезде оған дұрыс баға беру, сөйтіп оның өз күшіне деген сенімін арттыру, оны қоршаған адамдардың көзқарасын өзгерту. А.Гутцманның шәкірті, А.Лиебманн психикалық ықпал етумен бірге тіл жаттығуларын жиі пайдалана бастады.Ол тұтығушы балаға сөзді логопедпен бірге қайталап, сұраққа жауап бергізетін болған, бір әңгімені қайталап айтқызған. 1909-1913жылдары Лиебманның шәкірті, психиатр Г.Д.Неткачев үлкен жұмыс жүргізіп, тұтығу ауру адамның өзіне ғана байланысты екенін айтыпты. Науқас бала өзін-өзі тәрбиелеп, өзінің ерік-күшін билей білсе ғана кеселді біраз жеңілдетуге болатынын айтты.

1921-1922 жылдары Мәскеу, Ленинград университеттерінде дефектологиялық факультеттері ашылып, тіл мүкістігінің барлық түрін зерттейтін орталықтар ашылып, ғылыми-практикалық жұмыстар Киевте, Ригада, Таллинде, Алматыда, Фрунзеде жүргізіле бастады. Олардың бәрі жұмыстарын Мәскеудегі орталықпен байланыстыра жүргізіп отырды.

Қазіргі уақытқа дейін тұтықпаның механизмін зерттеушілер тек клиникалық және физиологиялық жағынан ғана емес, нейрофизиологиялық, психологиялық, психолингвистикалық тұрғыдан қарастыруға әрекеттеніп келеді[3].

Тұтықпа тек дұрыс, анық сөйлеу алмаудың проблемасы емес, невроздың, психиканың бұзылымы. Қазіргі кезде тұтығумен күресте кешенді бағыттарды қолдану жағдайында ғана үлкен, нақты жетістіктерге жетуге болатындығын теория мен практикада іс жүзінде дәлелденіп отыр.

Тұтығуға кешенді әсер ету мынандай бағыттардан тұрады:

1. Медикоментоздық әсер ету. Бұл ми жүйесінің жедел жетілуіне бағытталған емнің түрі болып есептелінеді. Мұндай емдеу арқылы невротикалық ауру түрін жойып, психолог, логопедтік жұмысты жеңілдетуге мүмкіндік береді. Тұтықпамен профилактикалық жұмыс 2-ге бөлінеді, бірі – баланың денсаулығын нығайтуға, екіншісі – сөйлеу тілінің дамуын түзетуге бағытталған.

2. Терапиялық әсер ету. Психотерапевт балаға психикалық диагноз қою үшін 3-6 ай шамасында уақыт арнайды. Тұтықпасы бар баламен міндетті түрде 3 маман бірігіп жұмыс жасайды. Олар – невропотолог, психолог, логопед. Сол уақыт аралығында психолог балаға арнайы теріп алынған жаттығуларды жасайды: көркем шығарма оқу (кітап терапиясы), психологиялық тест қолданылады. Сонымен қатар, отбасылық психотерапия, баланың және отбасының көңілін түзетуге псхологиялық терапия, релаксациялық жаттығулар, такт ырғақты қозғалыс немесе монотонмен сөйлеу, әндету тәсілдер, аутогенді жаттығуларды да қолданады. Психотерапиялық әсер ету барлық логопедиялық жұмыс кезінде жүргізіледі.

3. Логопедиялық әсер ету. Логопедиялық ықпал ету тұтығушылармен топпен және жеке сабақтарда іске асырылады. Бұл сабақтарда жалпы және сөйлеу моторикасын дамыту, тыныс алу мен сөйлеудің жылдамдығы мен ырғақтылығын қалыпқа келтіру, сөйлеу қатынасын белсендіру, қажет болған жағдайда естіп қабылдауы мен фонематикалық қабылдауын дамыту, дыбыс айтуының бұзылуын түзету, белсенді және енжар сөз қорын молайту, сөйлеу тілінің грамматикалық жағын жетілдіру жүргізіледі.

4. Қоршаған ортаның әсер етуі. Бұл түзету – тәрбие жұмыстарының барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады. Педагогтар, тәрбиешілер, ата-аналар баланы өзіне-өзінің

сөйлеу кемістігін түсініп, одан құтылу жолдарын ойлауға тәрбиелеу қажет, яғни, саногенді психикалық қалыпты дағдыландыру және тұрақтандыру. Сабақтарды әрбір кезеңдеріндегі қол жеткен жетістіктерді сезінуіне қолдау жасап, түбінде толық болатын, яғни тұтығудан біржола айырылып, дұрыс сөйлей алатынына көз жеткізу керек. Ол баланың болашақта тұлға ретінде дамуына жағымды әсер етеді.

Қорытындылай келе, тұтықпасы бар балаларға кешенді әсер ету жұмыстарын жүргізу үшін баланы алдымен кешенді түрде ұзақ зерттеу қажет. Нәтижесінде медициналық, генетикалық, әлеуметтік факторлардың қауіптілігі және психофизикалық даму деңгейі анықталады. Бұл балалармен жүргізілген нақты жұмыстар арқылы олардың тұтықпасын жеңіп ғана қоймай, жасырын болған қабілеттерін ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – 2017
2. Селиверстов В.И. Заикание у детей. М., 2002
3. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011

КУЛЬТУРОТВОРЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЖИТЕЛЕЙ СЕЛА (ОПЫТ РЕКОНСТРУКЦИИ ФОЛЬКЛОРНОГО ТЕАТРА)

А.В. Калашникова, доцент кафедры менеджмента социально-культурной деятельности, исследователь-искусствовед,
В.Е. Жидович, магистр искусствоведения,
Учреждение образования «Белорусский государственный университет культуры и искусств», Минск, Республика Беларусь

Аграрный сектор экономики обеспечивают продовольственную безопасность государства, однако не менее важно, что сельские жители являются источником и хранителем национальных традиций, языка, фольклора, народного творчества. Государственная задача – сохранять и развивать этот источник.

Культуротворческие технологии представляют такую новую область современных прикладных знаний как *проектный менеджмент*, которая интегрирует культурологию, искусствоведение, экономику и другие дисциплины. Отслеживание тенденций развития гуманитарных наук предполагает изучение и анализ социально-культурной практики регионов Содружества Независимых Государств (СНГ). Правовую основу межгосударственного взаимодействия Беларуси и Казахстана в сфере культуры заложило подписанное в 1992 г. главами правительств государств участников СНГ Соглашение о сотрудничестве в области культуры. Сегодня в Республике Казахстан и Республике Беларусь ставится важная задача по возрождению духовных ценностей народа с учетом всех современных рисков. **Программой «Рухани жаңғыру»** и проектом *«Сакральная география Казахстана»* предусматривается, что молодые люди должны знать больше о богатой культуре своей стране. Такую же цель сохранения местных традиций и передачи жизненного опыта молодому поколению, проживающему в сельской местности, преследует Государственная программа *«Культура Беларуси»* на 2016–2020 гг. и Республиканская программа мероприятий по проведению в Республике Беларусь 2018–2020 гг. под знаком *Года малой родины.* Сельские регионы занимают около 90 % территории Беларуси, в них проживает около 25 %. населения. Поэтому полезным и продуктивным может быть обмен наших стран в области теоретический знаний и анализа практических результатов организации культурной-досуговой деятельности в сельскохозяйственных регионах.

Культуротворческие технологии свойственны всем этапам социализации личности, так как они нацелены на развитие способностей, творческой и предпринимательской инициативы. Теоретические основы культуротворческих технологий заложены (далее – КТТ) в трудах Л. Выготского, Б. Теплова, А. Жаркова, Т. Киселева, Ю. Красильникова, Г. Тульчинского, а также белорусских исследователей индустрии досуга А. Степанцова, Л. Сморгович, А. Калашниковой, В. Жидовича и др.

Особое значение КТТ играют инкультурации и духовно-нравственном становлении детей, подростков, молодежи. С помощью КТТ происходит активизация их участия в любительском (самодеятельном) художественном творчестве, освоение и присвоение ценностей национальной культуры. Исследователи социально-культурной деятельности выделяют **разновидности КТТ**:

Художественно-развивающие технологии, отражают роль любительского художественного творчества в развитии художественных способностей личности (кружки театрального, музыкального, изобразительного и других видов и жанров искусства).

Культуроохранные и *этнокультурные технологии* представляют ориентиры для культурной политики на региональном и местном уровне, так как служат сохранению культурно-исторической среды, реставрации и учету объектов культурного наследия. Благодаря таким культуроохранным технологиям, используемым в проекте «Сакральная география Казахстана», научно-исследовательскими экспедициями были выявлены в регионах Казахстана 185 национально важных и 456 региональных культурных объектов.

Технологии художественно-творческой деятельности, позволяющие организовывать процесс творчества личности по созданию, восстановлению, освоению ценностей культуры. Включение личности в такие виды творчества как народные ремесла, освоение фольклорных музыкально-песенных жанров и театральных форм.

Примером, таких **уникальных фольклорных театров**, признанных ЮНЕСКО шедевром, достоянием всемирного наследия, нематериальной духовной ценностью человечества, являются древнее казахское музыкально-кукольное искусство **«Ортеке»** – танец кукол-марионеток на барабане (кукла – деревянная многосоставная управляемая мастером фигурка горного козла или коня) и старинный белорусский театр кукол **«Батлейка»** (коробка с кукольными персонажами, в которой исполнялись библейские сюжеты и народно-сатирические сцены) Представления батлейки сопровождали музыканты и персонажи в карнавальных костюмах, они были важной частью празднования Рождества на селе (или Колядок у белорусов) и Нового года [1].

Таким образом, КТТ играют *большую роль* в развитии туристско-экскурсионных маршрутов по местам историко-культурного наследия, народных промыслов и обрядов, рождении самобытных талантов в молодежной среде, а также служат устранению явлений культурного и социального отчуждения, регулированию диалога между различными культурами (что важно для улучшения инвестиционного климата в аграрной сфере). **Труд аграриев** носит *цикличный сезонный характер.* Применение ККТ становится необходимым, когда высвобождается досуговое время сельчан в зимний период, а также в период праздников, когда наиболее ярко проявляется вовлеченность людей в культуротворческую деятельность, преемственность традиций между поколениями, без которых не формируется причастность к земледелию и приверженность к образу жизни в сельской местности,

Обучение молодого поколения традициям и ремеслам наиболее эффективно происходит средствами театрально-обрядовой деятельности, например, посредством участия в процессе реконструкции фольклорных форм театра кукол, таких как **народный театр кукол «Батлейка»**, который синтезирует разные виды творчества (песню, танец, резьба по дереву, изготовление костюмов и кукол и др.).

Понятие **«реконструкция»** (от лат. *constructio* - построение) в Энциклопедических словарях имеет несколько сходных между собой значений, но обязательно указывающих на *перспективу развития* восстановленного явления: коренное переустройство, перестройка

чего-либо с целью улучшения, усовершенствования; а также восстановление чего-нибудь по сохранившимся остаткам, описаниям.

Обратившись к богатым традициям прошлого, специалисты выявили, что такие театральные куклы с XVII в. до начала XX вв. на территории Беларуси, России, Украины, Польши и других стран Западной Европы составляли важную часть национальных традиций и празднично-обрядовой деятельности и даже определяли локальную идентификацию местности. Научно зафиксировано, что в XIX в. спектакли *батлейки* (в русском и украинском варианте название этого театра кукол – *вертеп,* в польском – *шопка* и др.) были представлены в больших и малых городах России и Беларуси: Минске, Могилеве, Витебске, Смоленске, Бобруйске, Гомеле, Барановичах, Орше, Мозыре и др. Представления батлейщиков замещали отсутствие профессионального театра на местах, констатировал искусствовед Г. Барышев, цитируя этнографа П. Бессонова о том, что «до последнего польского восстания (сельское восстание 1863 г.) не было на Белой Руси (Беларусь) довольно большой околицы, на которую бы не приходилось бы хотя бы по одному такому передвижному балагану или коробке (батлейке), полученной издавна в наследство [2, с. 9]». Существовали целые поколения мастеров-кукольников. Батлейки с куклами *передавались по наследству* и были хорошим *способом заработка* кукловодов, *средством развлечения и просвещения сельских жителей*, их знакомства с библейскими сюжетами.

Проекты *реконструкции* такого уникального явления на Беларуси как театр кукол «Батлейка», оказались достаточно успешными по двум причинам. Во-первых, благодаря целому ряду выдающихся ученых (П. Бессонов, Н. Виноградов, Е. Карский, В. Перетц, Е. Романов, Г. Барышев, О. Санников, П. Шейн, И. Сучков и др.), батлейка является одним из наиболее подробно описанных и изученных театров вертепного типа в Европе. Во-вторых, батлейке, как фольклорному театру кукол присуща выраженная способность к обновлению и трансформации своих художественных традиций в соответствии с местными потребностями.

Сегодня **белорусская батлейка** продолжает изучаться этнографами, искусствоведами, культурологами и другими исследователями, а также реконструироваться в первую очередь, на базе сельских учреждений культуры и образования в следующих *направлениях*:

- происходит восстановление её первоначального вида, облика – уникальной формы открывающейся многоярусной коробки, напоминающей церковь, и кукол на штырях или по типу марионетки;
- лингвистическая реконструкция – гипотетическое воссоздание исчезнувших сценариев батлеечных сценок, текстов песен, языковых форм с учетом возможных путей развития белорусского языка;
- коренное переустройство, модификация её формы и содержания с целью улучшения, усовершенствования и актуализации художественной формы и содержания репертуара старинного вертепного театра [3, с. 342-346].

Реконструкция батлейки в её *аутентичном виде* сегодня встречается, как правило, на базе таких сельских учреждений культуры как музеи и центры ремесел. Батлеечный театр используется также в деятельности *библиотек* при проведении тематических мероприятий или этнографических уроков. Но наиболее распространены батлейки, функционирующие как обычные портативные кукольные театры, в которых не ставятся библейские сцены (т.е. отсутствует главная мистериальная часть традиционного представления).

Сегодня театральные куклы представляют собой объект для культуротворческой деятельности различных поколений жителей села. По информации предоставленной областными методическими центрами народного творчества и культурно-просветительной работы разных областей Беларуси любительские театры кукол распространены на базе детских садов и школ, домов культуры, *социально-реабилитационных центров*, социальных

центров для пожилых людей и людей с инвалидностью, профсоюзных организаций, а также существуют при *воскресных школах в церквях и костелах*, где изначально возникла батлейка как вид *мистериального театра*. **Особенностью сельской батлейки** является её более тесная, чем в городе, *связь с традицией* (колядные (рождественские) праздники), но сегодня существует *необходмость адаптации* репертуара с учетом схожих интересов современной как городской, так и сельской молодежи.

В 2015 г. в Беларуси закономерно появился проект фестиваля батлеечных театров. **Международный рождественский фестиваль батлеечных и кукольных театров «Нябёсы»** («Небеса») входит в Программу сотрудничества между Министерством культуры Республики Беларусь и Белорусской Православной Церковью на 2018-2021 гг. За время V Международного фестиваля (2019) было показано более 40 театральных представлений, их посетили более 1,6 тыс. зрителей, для которых были организованы тематические круглые столы, выставки и творческие встречи. Задачи проекта – развитие традиционного батлеечного искусства, укрепление международных культурных связей, приобщение к театральному искусству подрастающего поколения и поддержка в организации досуга семьи, развитие движения частных театров (Ассоциация вертепных театров России под руководством А. Грефа объединяет более 200 таких частных и семейных театров).

Вместе с тем, процесс вовлечения людей в данный вид культуротворческой и этнокультурной деятельности сталкивается с рядом **проблем**, на которые необходимо обратить внимание при внедрении такой технологии:

- реконструкцию и распространение фольклорных форм театра затрудняет недостаток информации об этом виде театра и его возможностях, что приводит к тому, что инициатива и поддержка проекта реконструкции редко исходит от руководителей учреждений культуры на местах;
- есть потребность в постоянном обновлении репертуара батлейки (зрители на селе одни и те же и постоянно требуются новые сценарии для постановок);
- существует недостаток специалистов, понимающих специфику работы фольклорного театра, способных организовать и заниматься данным видом культуротворческой деятельности, раскрыть его реабилитационный потенциал *для людей с ограниченными возможностями* (например, «колясочников») и людей с особенностями психофизического развития;
- не учитывается потенциал батлейки как домашнего (семейного) развлечения и частного театра, *как предпринимательской инициативы* на селе. (В старину за период рождественских праздников батлейщик мог заработать на корову (что сравнимо со стоимостью хорошего автомобиля сегодня), так как представлений батлейки ждали дети в каждом доме).

Анализируя ситуацию с реконструкцией фольклорного театра, следует отметить, что сегодня чаще батлейку на селе реконструируют учреждения системы образования (детсады, школы), однако, учреждения культуры делают это более *качественно* и этнографически точно. Учитывая это, необходимо *содействовать распространению информации* о деятельности фольклорных театров и *популяризировать* технологию искусства театра кукол: организовать мастер-классы, курсы для желающих приобрести знания и навыки в сфере этнокультурной деятельности и фольклорного театра, смотры-конкурсы и фестивали для *регионального и международного обмена* опытом участников фольклорных театральных коллективов и распространения ценностей традиционной культуры.

Таким образом, анализ белорусского опыта реконструкции фольклорного театра выявляет традиционный и инновационный характер применения культуротворческих технологий на селе и заслуживает, на наш взгляд, внимания специалистов социально-культурной и аграрной сферы такого многонационального государства как Республика Казахстан. Целенаправленное распространение любительского театрального творчества (Батлейка или Ортеке) в сельской местности существенно обогащает практику социально-

культурной деятельности сельских жителей и помогает молодому поколению аграриев стать носителями этнокультурных традиции.

Список используемой литературы

1. Калашникова, А.В. Искусство театра кукол в контексте культурного диалога Беларуси и Казахстана Казахстан-Беларусь / А.В. Калашникова, В.Е. Жидович // Международное согласие и, толерантность: опыт, проблемы, перспективы : материалы Междунар. Круглого стола, Минск, 3 дек. 2013 г. // редкол.: В.М. Михеев (отв. ред.) [и др.]. – Минск : БГУКИ, 2013. – С.150-162.
2. Барышаў, Г. І. Беларускі народны театр Батлейка. / Г. І. Барышаў, А. К. Саннікаў. – Мінск: Міністэрства вышэйшай сярэдняй і прафесіянальнай адукацыі БССР, 1962. – 162 с.
3. Калашникова, А.В. Реконструкция белорусской батлейки в агрогородках / А.В. Калашникова // Навуковы пошук у сферы сучаснай культуры і мастацтва: матэрыялы навук. канф., Мінск, 28 лістап. 2013 г. / М-ва культуры Рэсп. Беларусь, Беларус. дзярж. ун-т культуры і мастацтваў; рэдкал.: Ю. П. Бондар (старш.) [і інш.]. – Мінск: БДУКМ, 2014. – С. 342-346.

ҒАЛЫМ БОЛАТ ӘБДІКӘРІМҰЛЫНЫҢ ӨМІРЛІК ЖОЛЫ

Айқынбаева Г.Қ. –Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті

Қазақ дүниетанымы «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дейді. Бүгінгі күнде көңіл төрінде азаматтық келбеті сақталған, жүрегімізде жылы жүзі мен ісі, сөзі жатталған, жанына жақын тартып, ағалық ақылын айтып, шапағатын тигізген, тұлғасы асқақ, мәдениеті биік ғалым, ұстаз, жайсан азамат, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Болат Әбдікәрімұлы Әбдікәрімов азаматтығы биік, адамгершілігі зор тұлға екендігі баршамызға мәлім.

Өмір – керуен. Ғалым ғұмырының жалаулы жастық шағы – қызығы мен қуанышы, қайраты мен жігері, сенімі мен үміті, арманы мен мақсаты мол белесті кезеңдерінен байқасақ болады. Болат аға жасынан білімге ерекше құштар болған, небәрі 5 жасында ағасы Тоқтаров Қашаубектен латынша оқуды үйренеді. Қазақтың шамшырағы бола білген хәкім Абайдың шығармаларымен, қазақтың сан ғасырлық мұрасы – фольклорлық жырлармен сусындап, өз бойына сіңіріп өскен екен.

1946 жылы қазақ мектебінің бірінші сыныбына барып, оны үздік аяқтаған. Бірақ ол кезеңдерде Кеңес үкіметінің дәурені жүріп тұрған заманда орыс тілінсіз болашақты елестету мүмкін емес болатын. Осыны ескерген ағасы Боранқұл Болат ағаны 1947 жылы орыс мектебінің бірінші сыныбына алып барған. 1957 жылы мамыр айында ерен еңбегінің арқасында тоғызыншы сыныпта оқып жүрген Болат аға «Тың жерді игергені үшін» медалімен марапатталған. Аталмыш сыйлықты комсомолдың аудандық комитетінің бірінші хатшысы А.Христенко өзі тапсырған. Бұл Болат ағаның еңбек жолындағы алғашқы марапаты болған.

1957 жылы Қарағанды педагогикалық институтында математика пәнінен өткен облыстық олимпиадаға қатысып жеңімпаз атанған. Институт ректоры педагогикалық институтқа емтихансыз «математика мұғалімі» мамандығына түсуге ұсыныс жасаған. Бірақ, Болат аға ҚарПи-ге құжаттарын тапсырмай, Қарағанды политехникалық институының «Тау-кен инженер-электромеханика» мамандығына тапсырған. Қабылдау емтихандарының ішінен ерекше үздік нәтижеге қол жеткізген орыс тілінен «А.М.Горький шығармашылығындағы жұмысшы революционерлер бейнелері» тақырыбына жазылған

шығармасы ерекше болған. Міне, осылайша Болат Әбдікәрімұлы жоғары оқу орны табалдырығын аттаған.

Мына өмірде жалпы адам баласының қанша жас жасағандығы емес, қаншалықты өнегелі істер, замандастары мен кейінгі ұрпақтың кәдесіне жарайтын мұра қалдырғаны, ел үшін атқарған игі еңбегі, адамгершілігі мен қамқорлығы, іскерлігі мен біліктілігі арқылы бағаланатыны айқын нәрсе. Сол себепті ғылымның шам шырағын қолына ұстап, ғылым жолында ғибратты ғұмырын сарп еткен ғалым Болат Әбдікәрімұлының өз саласында атқарған толағай табыстары, келер ұрпаққа үлгі боларлық игі істері ұшан-теңіз десек артық болмас. Жастайынан жұмысқа төселіп, еңбектің майданында қайнап өскен, өмір мәнін, дүние қызығын қайнаған еңбекпен байланыстырған білікті де білімді, парасатты, пайымды ғалым, ұстаз Болат Әбдікәрімұлы ұрпақтың керегіне жарайтындай тұщымды, нәрлі, мәні мен мағынасы тоғысқан, ғылым үшін, халық үшін тигізер пайдалы көптеген ғылыми ұстанымдар мен тұжырымдарды ғылымға қосып, еселі еңбек еткен.

Адамзаттың, қоғамның, елдің, жұрттың, мемлекеттің дамуына, өсуіне себепші болған ғылыми еңбектер, ғылыми мақалалар жазып, көпшіліктің көңіл кеңістігінен орын ала білген. Ғалымның ғылым мен білім жолында еткен еңбегі "Ер - ел үшін туады" деген аталы сөзге айқын дәлел бола алады.

Болат Әбдікәрімұлы 1973 жылы Жезқазған облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының бастығы болып бекітілген. Алғашқы сәттерден бастап-ақ өз мамандығын жете меңгерген білімді, білікті, жан-жақты дамыған жігіттер мен қыздарды оқытып-тәрбиелеуге арналған кешенді жұмыс жүргізуді қолға алған. Әр сабақ, іс-шара, практика осы мақсатқа бағытталған.

Болат Әбдікәрімұлы әркез сабырлы, қарапайым мінезімен кез келген ортада сыйлы бола білген. Жастарға үлкен сенім артып, қолдап дем беріп отырған. Оның айқын көрінісі ретінде, бірнеше рет Бүкілодақтық жарыстардың жеңімпазы атанған, Жаңаарқа селолық техникалық училищесі директорының оқу-өндіріс жұмыстары жөніндегі орынбасарлығына әлі жиырма беске толмаған агрономды тағайындағанын айтуға болады. Анығында, Болат Әбдікәрімұлы училищелерде тек жұмысшы жастарды ғана емес, олардың оқытушыларын, басшыларын оқытып, тәрбиелеген өр мінезді тұлға еді.

Қазақтың төбе биі болған, ел арасында "Қарлығаш әулие" атанған Төле бидің "Атаңның баласы болма, адамның баласы бол" деген бір ойлы сөзі бар. Анасы дүниеге әкеліп, бесікте жатқан күнінен айналып-толғанып, бағып-қағып, бәйек болып, тілекші болып, тәлім беріп, тәрбиелеп ұшырғанымен, өмірде адам деген ардақты атты абыроймен алып жүру әр пенденің өз пешенесіне жазылған ұлағатты дүние. Ұлт зиялысы, қоғам қайраткері, білім мен ғылым саласының майталманы Болат Әбдікәрімұлы өзінің адамдық асқақ тұлғасын ерен еңбеккерлігімен, парасат-пайымымен, кәсіби іскерлігімен, тамаша тәлімгерлігімен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айта білген шешендігімен жан-жақты таныла білген тұлға еді. Ол кісі әріптестері арасында кәсіби әрі білікті маман ретінде ғана емес, ең алдымен озық ойлы, парасатты адам ретінде сыйлы әрі абыройлы, беделді әрі құрметті бола білген.

Болат Әбдікәрімұлы көзі тірісінде өз тілін, дінін, ұлтын өте жақсы көріп құрмет тұтып, ерекше сүйіспеншілікпен қараған. Ғалым үйінде өмірлік дүниетанымының қалыптасуына әсер ететін көптеген кітаптар жинауды жақсы көрген. Олар жай кітаптар емес, институтта, жоғары оқу орнында оқитын, филологиялық бағытта оқытылатын оқулықтар, яғни ғылыми білім алатын еңбектер еді. Сонымен бірге ғалым қазақтың классик ақын-жазушыларының көркем әдебиеттерін де жинаған. Кітаптарды жинап қана қоймай, оларды оқып, үнемі ізденісте өз қажетіне тиімді пайдаланып отырған екен.

Болат Әбдікәрімұлының ерекше қасиеттерінің бірі, тек кітаппен шектелмей, Чайковский, Бетховен сынды әлемдік музыканттардың туындыларын тыңдап, қазақтың бұлбұлы Күләш Байсейітованың әндері мен Құрманғазының күйлерін, халық әндерін, эпос жырлардың күйтабақ топтамасын жинақтап, солармен сусындап, бойына мәдени ұлттық құндылықтарды дарыта білген азамат еді. Мұның бәрі өз кезегінде Болат Әбдікәрімұлының

өз саласының ғана емес, ұлт мәдениетінің білгірі, жанашыры ретінде қалыптасуына ықпал еткені сөзсіз.

Өз ісінің шебері болған ғалым ғылым дамуы үшін өз елімізбен ғана шектеліп қалмай, өзі тікелей басшылық жасап жүріп, атсалысып, алыс-жақын шетелдердегі әріптес-ғалымдармен кәсіптік білім беру мәселелері бойынша өзара іскерлік байланыс орнатқан, әрі оның нығая түсуіне орасан зор үлес қосқан.

Қазір терең, сапалы білім беру орындарына айналған біріккен қазақ-түрік, қазақ-неміс техникалық лицейлері Болат Әбдікәрімұлының өлшеусіз еңбегінің жемісі, төккен тердің нәтижесі десек артық болмас. Өйткені, ол аталған оқу орындарының елімізде орнығып, қалыптасуына ә дегеннен қолдау көрсеткен жандардың бірі де бірегейі ғалым Болат Әбдікәрімұлы.

Ғалым Қазақстан Республикасы Білім министрінің орынбасары, кейін министрлік жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру комитетінің төрағасы болып қызметтер атқарған.

1997 жылы Болат Әбдікәрімұлына Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры деген атақ берілген. Сонымен бірге, еліміздің Жоғары аттестациялық комиссиясы 2001 жылы білікті ғалымға педагогика саласының профессоры атағын берген. Болат Әбдікәрімұлы сондай-ақ экономика ғылымдарының кандидаты, экономика саласының доценті болып табылған.

Өзінің талай жылдардың ағымымен жинаған мол тәжірибесін елдің дамуына, соның ішінде білім мен ғылым саласының алға басуына арнаған іскер жан ғылым жолында көптеген жас ізденушілердің қанаттануына да септігін тигізе білген.

Болат Әбдікәрімұлы жалпы педагогика, педагогика мен білім берудің тарихы, этнопедагогика және кәсіби білімнің теориясы мен методикасы мамандықтары бойынша кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғау кеңесінің де төрағасы болып қызметтер атқарған.

Болат Әбдікәрімұлы кәсіптік білім беру саласындағы іс-тәжірибесінің ғылыми негіздемесін жасап, экономика саласы бойынша кандидаттық және педагогика саласы бойынша докторлық диссертация қорғады. Оның кәсіптік-техникалық білім беру саласы мамандары үшін теориялық-тәжірибелік құндылығы жоғары «Кәсіптік мектеп және нарық», «Кәсіптік-техникалық даярлықтың ғылыми негіздері», «Қазақстан Республикасында қазіргі білім берудің теориясы мен практикасы» атты монографиялары мен 13 томдық еңбектер жинағы жарық көрген.

Өмірінің соңғы күндеріне дейін С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде қызмет еткен Болат Әбдікәрімұлы өз ғылыми мектебін қалыптастыра білген, қазіргі таңда аталмыш мектепті шәкірті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Сарбасова Қарлығаш Амангелдиевна басшылық жасап, ғалымның жұмысын жалғастыруда.

Болат ағайдың жетекшілігімен педагогика саласынан 12 докторлық, 60 кандидаттық, экономика бойынша 4 кандидаттық және бірнеше магистрлік диссертациялар қорғалған.

Мемлекет алдындағы еңбегі үшін ол бірқатар мемлекеттік марапаттарға ие болған. 1980 жылы «Қазақ КСР-інің кәсіптік-техникалық білім беру ісінің құрметті қызметкері», 2008 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілген, «Құрмет белгісі» орденімен, «ҚР Білім беру ісінің үздігі», «Қазақстанда ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» төс белгілерімен және мерейтойлық медальдармен марапатталған, Білім мен ғылымды дамытуға қосқан үлесі 2005 жылы А.С.Небольсин сыйлығының лауреаты, 2011 жылы ҚР Білім және ғылым Министрлігі «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері және 2014 жылы «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталған.

Болат Әбдікәрімұлының кәсіптік білім берудің әдіснамасы, қазақ педагогикасының қайнар көздері, жоғары кәсіби білім берудің теориясы мен тәжірибесі, оқушыларға тәрбие берудің мазмұны мен әдістемесі, болашақ мұғалімдерді даярлаудың ғылыми-әдіснамалық

негіздері саласында 300-ден астам ғылыми еңбектері, 13 томдық ғылыми еңбектері жарық көрген.

Болат Әбдікәрімұлы — қазақ зиялы қауымының дәстүрін сақтаған, солардың тағылымын жаңына терең сіңіре білген тұлға еді.

Әріптестерінің ықылас-ниетіне бөленген көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, абзал азамат Болат Әбдікәрімұлының жарқын бейнесі оны білетіндер мен ұстаз-ғалымдардың, сондай-ақ, шәкірттерінің есінде әрдайым сақталады. Ғалымның ел үшін, қоғам үшін атқарған еселі еңбектері ешқашан ұмытылмақ емес. Ғалымның игі істері ғылым үшін, ел үшін, өскелең ұрпақ үшін баға жетпес дүниелер. Еліміздің кәсіптік және техникалық білім беру саласының негізін қалаушылардың бірі және оның өсіп өркендеуіне көп үлес қосқан, аталмыш салада басшылық қызметтерде еңбек етіп жүрген көптеген шәкірттер тәрбиелей білген іскер басшы, көптеген ғалымдар дайындаған, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт жанашыры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Болат Әбдікәрімұлы халқымен мәңгі бірге жасайтын дара, дана тұлға екендігін бәріміз мойындап, есімін ұлықтауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбдіров А.М., Егоров В.В., Сарбасова К.А. Ғибратты ғұмыр: тұлға, ұстаз, ғалым. –Астана, 2015. -236б.
2. Ученый, учитель, коллега. (70 жас). Құттықтаулар жинағы. ВКГУ. -2009.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ШЕТ ТІЛДЕРДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ, МАҚАЛ –МӘТЕЛДЕРДІ САЛЫСТЫРА ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Г.С. Сулейменова
Целиноград ауданының Қоянды орта мектебінің мұғалімі

Қоғамның білімді де білікті мамандарға мұқтаждығы, жоғары оқу орындарында берілетін білім мазмұнын анықтауға жаңаша келуді қажет етіп отыр. Жалпы білім мазмұны дегеніміздің өзі оқыту процесінде студент меңгеруге тиісті белгілі бір білімдер мен практикалық білім-дағдылардың, адамгершілік-эстетикалық идеялардың жүйесі.

Демек, білім мазмұны, ең алдымен жеке адамның толыққанды дамуына бағытталады. Студенттердің ұлттық дүние танымын қалыптастыру идеясына негізделеді. Республикамыз егемендік алғаннан кейін алыс-жақын елдермен қарым-қатынас жолдары ашылды. Мемлекетаралық қарым-қатынастарымыз қалыптасып, нығая түсті. Бұл салада аудармашылардың атқарар жүгі ауыр. Сондықтан, аударылатын тілдердің өздеріне тән ерекшеліктерін, сонымен қатар өз-ара ұқсастықтарын білген маңызды. Осындай көкейкесті мәселелердің қатарын мақал -мәтелдер, фразеологизмдер құрайтыны шындық.

Сондай бір, тақырыптардың бірі - фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді салыстыра оқыту. Фразеологизмдерді салыстыра оқыту туралы сөз қозғамас бұрын оған жан-жақты талдау жасап алсақ.

Фразеологизмдер – тілдердің бәріне тән құбылыс. Тіл білімін зерттеген профессор К.Аханов: Кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы бір тұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік единица фразеологизмдер - деп аталады деп көрсеткен [1].

Шындығында, ол екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер тобы. Тілімізде көкейге қонымды, көркем, орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері көптеп кездеседі.

Ал салыстырмалы фразеология бүгінгі таңда жаңа қарастырылып жүрген сала.

Әр тілдегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеудің теориялық және практикалық маңызы ерекше. Бұл жөнінде зерттеуші ғалым А.Д.Райхштейн былай дейді:

«Сопоставление конкретных языковых единиц в отдельных языковых парах, характерное для прикладных направлений сопоставительного анализа, дает полный материал для более широких типологических обобщений, которые в свою очередь позволяют выделить самые глубинные сходства и различия между языками, проявляющиеся, в частности, и в конкретных соответствиях» [2].

Тілдерді салыстыра зерттеудің ең бір қызықты саласының бірі - туыстас емес тілдердегі фразеологизмдерді зерттеу болып табылады.

Тілдерді салыстыра зерттеу барысында олардың бір-бірінен айырмашылығын анықтауға болады. Мысалы: «*Hand some is that hand some does» (ер жігітті сөзіне қарап емес, ісіне қарап бағала), «Practice does beforе a fall»(сөз сабан, іс - дән), «Wheге is a will theге is a way» (іздеген мұратына жетеді), «While theге is a life theге is a hope» (өмір бар жерде, үміт бар)* деген ағылшында тұрақты сөз тіркесі бар. Бұл берілген мысалдардың дәл мағынасын беру, әрине мүмкін емес. Алайда баламасын беруге болады. Фразеологизмдер халықтың материалды және рухани мәдениетінің дамуымен тұрмыс шарттарымен, кәсібімен, салт-дәстүрімен, діни түсініктерімен, дүние танымымен, мәдениетімен тығыз байланысты.

Ұлттық қасиеттерін тереңірек түсінуге, фразеологияның жалпы заңдылығын ашуға болады. Әрине, әр тілдің сөз тіркестерінде қолдану дәрежесі құрылымы ерекше. Қандай тілде болсын фразеологизмдер астарлы, образды мағынада қолданылады. Олардың қай-қайсысында да мәнерлеп, бейнелеп айту қызметі күшті [3]. Мысалы: «алыс» дегенді күшейтіп «алыстың алысы» деп айту үшін қазақ тілінде *ит өлген жерде* деген фразеологизмді қолдансақ, оған қарама-қарсы «жақын», «тым алыс емес» деген мағынаны білдіру үшін *ат аяғы жетер жер* деген фразеологизм ауызға оралады. Сол сияқты, батыр, ер жүрек адамды бейнелер болмақ, қасқыр жүректі фразеологизмді қолданар едік, ал «қорқақ», «ынжықтық» деген ұғымға қоян жүрек деген фразеологизм келіп тұр.

Фразеологизмдер - тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін ғылым. Сонымен бірге фразеология - тұрақты тіркестер деген ұғымның екінші атауы. Фразеологизмдер қай тілде болмасын өте ертеде қалыптасқан. Әрбір фразеологизмнің пайда болуы әр түрлі факторларға негізделген. Кез келген тілдің табиғаты үнемі әсірелеп бейнелеуге бейім келеді. Тіл - жанды процесс. Ол үнемі қозғалыста болады. Тіл жаратылысында жеке сөздер фразеологизмге, фразеологизмдер жеке сөзге айналып отырған. Фразеологизмдер өз басынан даму кезеңін өткізіп отырған. Неғұрлым мағына мен форма көмескілене түссе, соғұрлым фразеологизмнің өте ертеректе пайда болғаны анықталады.

Фразеологизмдерді қолдану ерекшеліктеріне қарай көне, пасив, актив тұрақты тіректер деп топтап жүрміз.

Түрлі тілдердің фразеологиялық жүйесін зерттеуде салыстырмалы талдау әдісін қолдану да жалпы фразеология теориясының бөлімдерін құрайды.Фразеологиядағы бұл жаңа бағыт өзінің өміршеңдігін көрсетіп отыр.Салыстыра зерттеу фразеологияның жалпы теориясын байытатыны шындық.

1970-2003 жылдары салыстырмалы фразеология бойынша көптеген зерттеулер пайда болды.Ағылшын тілі бойынша Э.Бабаевтың, Н.ЮПятницкаяның, М.Т.Сабитованың, т.б ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады.

Ағылшын, неміс тілдерінің құрамында жан-жануарлар атаулары бар фразеологизмдерді аударғанда ылғи сәйкес, мәндес келе бермейді – дейді зерттеуші ғалым Р.Қ.Сұмағұлова сондықтан, ондай фразеологизмдерді қазақ тіліне аударғанда мағынасына қарай балама боларлық басқа фразеологизмдермен аударуға болады - дейді [3].

Мысалы: неміс тілінде *auf dem hohen Pfeг (Ross)* sitzen - кеудесіне нан пісу;

Weг zwei Hasen zugIeich hetzt, fangt keinen - екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетеді.

Жалпы айтқанда, фразеологизм барлық тілде бар. Олар көптеген ғасырлардың жемісі. Әрбір тілдегі фразеологизмдердің мағыналық және стилистикалық қызметі мен оларды дұрыс қолдану, табиғатын терең әрі жан-жақты ашу білу өзекті.

Жалпы мақал-мәтелдердің маңызына ерекше тоқтала отырып, профессор К.Аханов

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» болған осы мақал-мәтелдер - «аз сөзде көп мағына» болсын деген талапқа сай жасалған, айрықша мәнерлі сөз өрнегі деп анықтама береді де, келелі ой мен кең мазмұн, даналық қорытынды мен ақыл-өсиет, ащы мысқыл мен жарасымды әзіл-осының бәрін өз бойына жинаған және оларды ықшам, әрі көркем түрде шебер түйіндеген сан алуан, мақал-мәтелдерді орынды жерінде пайдалана білудің орасан зор маңызы бар екеніне ерекше тоқталған.

Орыстың ұлы жазушысы М.Горький: «Мен мақалдардан көп өнеге алдым, басқаша айтқанда нақыл сөздермен ой толғап үйрендім», - десе, заманымыздың белгілі ақыны О.Сүлейменов: «Адам тағдырын тәрбие шешеді, тәрбие құралы - сөз» дейді.

«Сөздің көркі – мақал», «Тұз астын дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді», - дейді халық.

Мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің, фразеологизмдердің шығарма тілінде қаншалықты ажар беріп, көріктендіретінін зерттеуші ғалымдар аз айтып жүрген жоқ.

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер болсын, фразеологизмдер болсын - талай замандар бойында жасалып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан асыл қазына. Оны басқа тілдермен салыстыра оқыту дегеніміз - халықтық тарихи мұра мәдениетінен білім мәліметтерді беру деген сөз.

Әдебиеттер тізімі:

1.К. Аханов. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1993 ж.
2. А.Д. Райхштейн. Сопоставительный анализ английской и русской фразеологии. Москва, 1980 г.
3. Қазақ тіл білімі мәселелері. Алматы, 1998 ж.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДА ЖАСТАРДЫ ОТАНШЫЛЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕНУДІҢ МАҢЫЗЫ

Арунова Ж.А., Сарбасова К.А.
ЖММ «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2018 жылы 5 қазанда Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында: «Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау – мемлекеттік саясаттың басымдылығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын», – деген еді.[1].

Болашақта ел тізгінін ұстайтын, еліміздің әлемдік деңгейіндегі бәсекеге қабілетті, экономикасы дамыған, өркениет көшінен лайық орын алатын, еліміздің қарқынды дамуына өзіндік үлес қосатын қоғамның негізгі белсенді күші - жастар.

Сенат Төрағасы Қасым - Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңды іске асыру және Жастар жылын өткізу аясында мемлекеттік органдардың, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың алдында тұрған міндеттерге арналған дөңгелек үстел отырысында, Сенат Төрағасы: «Елбасымыз жария еткен Жастар жылының ең басты мақсаты - өскелең ұрпақты барынша саналы өмір сүруге қажетті жағдай жасау, жастар бұл мемлекеттің күш-қуатын еселейтін ең негізгі, мықты буын»-, екенін айтты.

Осыған орай жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу аса маңызды міндет екенін атап өтті. Оған қоса, жастардың отаншылдық рухы жалаң ұраншылдық пен жоғары мансапқа емес, ең алдымен терең білімге негізделуі тиіс екенін айта келе, Жастар жылына бұдан бұрынғы бірқатар бағдарлама тәрізді науқаншылдыққа айналмауы тиіс екенін жеткізді [2].

Отансүйгіштік - азаматтық санамен қалыптасатын қасиет. «Азаматтық сана» - біліммен қаруланған, аға ұрпақтың қалдырған мәдени-тәлім мұраларынан сусындаған, туған жері мен елінің рухани - материалдық, мәдени құндылықтарын бойына сіңіре білген, ақыл мен парасаттылығы жетілген, жеке мүдде мен болашақ үшін жауапкершілікті өткен мен келешек ұрпақ алдындағы парызбен ұштастыра білетін, ұлтжанды саналы азаматы болуды талап ететін құбылыс.

Ел мәдениетінің жүйелі түрде дамуы ұрпақтың уақыт талабына икемделусіз жүзеге асқан емес. Рухани жаңғыру идеясы атамекен мен ұлттың бір болуын, ұрпақ пен туған жердің үнемі байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейді.

Туған ел - қасиетті ұғым. Туған жер - киелі мекен. Туған жерге тағзым етіп, адал қызмет көрсету - азаматтық парыз. Қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы заманында «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шығады»,- демекші, жас ұрпаққа сапалы білім берумен қатар, саналы тәрбиелеу, бала бойында құндылықтарды дамыту - өркениетті мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі».

Еліміздің батыры Бауыржан Момышұлы: «Патриотизм - Отанға, мемлекетке деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау, яғни патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, оның жеке адаммен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күні және болашағы мен қарым-қатынасын білдіреді», - деген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері - азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу» деп атап көрсетілген. Неге десеңіз, Туған ел тарихы - халықтың рухани санасын, ұлттық намысын оятатын бұлақ көзі, ал адам бойында патриоттық сезім - отансүйгіштік рухтың құнарлы мәйегі.

Педагог мұраты - балалар бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі, ұлты үшін мақтаныш сезімдерін тәрбиелеуді қалыптастыру. Отанын сүюге, қазақ елінің рәміздерін қастерлеуге, туған жерін, атамекенін құрметтеуге тәрбиелей отырып болашақ ұрпақтың патриоттық сезімін ояту - педагогтардың алдында тұрған ең келелі міндет.

Бала дүниеге келгеннен бастап айналадағы әлеммен танысудан басталады. Бірте-бірте қоршаған ортаға деген көзқарастары пайда болады. Бұл - бүкіл әлемді танудың алғашқы әліппесі.

Халқымызда «баланы жастан» деген дана сөз бар. Тәрбиенің бесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан дәстүрлерді ең алдымен өзіміз түсініп, балаларға оның нәрін сіңіре білсек, болашақ ұлтжанды ұрпақ тәрбиелесек - бұл еңбегіміздің жанғаны, тәуелсіз ел болашағына қосқан үлкен үлесіміз. Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі мен білімділік деңгейі қоғамның өркендеуінің басты өлшеміне айналып отырған жаңа ғасырда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы артып келеді. Қазақстан Республикамыздың Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиялық даму бағдарламасында «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деген сөзі бүгінгі жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Біздің алдымызда тұрған басты міндет - тәуелсіз Қазақстанның әр жас жеткіншектерінің жүрегінде Отанына, жеріне, еліне деген ыстық сезім, шынайы сүйіспеншілік ұялату [3].

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы - ел дамуының жарқын үлесі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмысты, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлесімді, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтерілген.

«Біз тәуелді болып, басымызды иген халықпыз. Тізерлеп отырған да халықпыз. Біз халқымызға мынаны түсіндіруіміз керек: тіземіз ендігі жерде ешкімге бүгілмейді, бұдан

былай ешқашан еңкеймейміз де. Тік тұрған қалпымыз бойынша Тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін біз жанымызбен, тәнімізбен қызмет етеміз, тіпті сол үшін жанымызды пида қылуға дайынбыз деп өзімізді де, жастарды да тәрбиелеуіміз керек», - деді Елбасы Н.Ә.Назарбаев [4]. Яғни, еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін, тыныштық пен бейбітшілікті сақтайтын ұлтаралық сыйластық пен мәдениетімізді дамытатын, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарайтын, бейбітшілік пен өркениетке өз үлесін қосатын, адамгершілік мұраты биік, патриот, намысшыл, қаһарман, қайсар, жігерлі жас ұрпақты тәрбиелеу.

Жалпы патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасын тәрбиесінен бастау алады. Сондықтан отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілінің құнарына қандыру, ұлттық мінез-құлықты орнықтыру, ұлттық салт-дәстүрлерді бойына сіңіру, тарихи дәстүрлерді сақтау, сол арқылы халқына сүйіспеншілігін ояту аса маңызды. Бүгінгі таразыға салып, келешекке нық сеніммен қарайтын, жаны таза, рухы асқақ тұлға сонда ғана қалыптасады.

Ұлт тәрбиесі - ұлттың болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы - жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді, денсаулығы мықты азамат өсіруде мектеп пен ата-ана ынтымақтасуы қажет. Кейін опақ жеп, бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуда бар күш-жігерді жұмсаған жөн. Зерделеп қарар болсақ, патриотизмге тәрбиелеуде сүйенетін «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» деген негізгі екі ұғымды жас ұрпақ санасына сіңіре отырып, сол арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсінік қалыптастыру – отбасында ата-ана мен мектеп мұғалімдерінің басты міндеті. Жас буынды түрлі еңбектерге сүйене отырып тәрбилеуде осы екі ұғымның маңызын ашып көрсету - бүгінгі күннің кезек күттірмейтін қажеттілігі[5].

Әр ғасырдың ұрпаққа жүктейтін міндеті мемлекеттік қажеттіліктерін өтеу мәселелерінен туындайды. Туған жерге сүйіспеншілік туған тарихыңды терең білуден басталады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Электронды ресурс. http://www.akorda.kz

2. С.Әбдібек. Жастар отаншылдық рухта тәрбиеленуі тиіс. Егемен Қазақстан №26 (29505) 08.02.19.

3. Саленқызы А., Рухани жаңғыру жолындағы қаһармандар келбеті. Педагогика және оқушы психологиясы. Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал №3 (45), 2018.

4. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Электронды ресурс. http://www.akorda.kz

5. Адасбекова Н.Т. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру. Педагогика және оқушы психологиясы. республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал №2 (44), 2018. 8 б.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Тоқмырза Айжарқын 3 курс студенті,
Искакова Дана Маратовна, п.ғ.м., ғылыми жетекші
ЖММ «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, ең бастысы ата мен ананың балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз» деген сөзін келтіре отырып, жас ұрпақтың болашағына нұрлы жол ашатын бірден бір кілт ол ата - ана. Дүниедегі ешбір оқу әке мен ананың берген тәлімін бере алмайды. Оқудан білім қоныр, ал тағылымды тәрбие тек әке мен анадан ғана берілетін қасиет. Әке мен ананың бергендігіндей білім, ақыл, тәрбие еш жерде болмайды.Оны кітаптан табу қиын. Олардың тәрбиесі, Абай айтпақшы, бар тамырды қуалайды. Жүректен шығып жүрекке жетеді[1].Сол себепті ұрпақ тәрбиесінің алатын орны бөлек. Ұрпақ тәрбиесі ел тәрбиесі болғандықтанда отбасы тәрбиесінің алатын орны зор.

Тәрбие - адамзат баласының ғасырлар бойы жинақталып, іріктеп алған озық әлеуметтік тәжірибесін жас ұрпақтың бойына сіңіру, аға ұрпақ пен жас ұрпақтың өзара бір бірімен әрекеттесу процесі. Мінез - құлықты қалыптастыру үшін тәрбие процесін жүзеге асыру керек.

Ал, отбасы дегеніміз - бала тұлғасын әлеуметтендірудің факторы және белсенді Отбасы тәрбиесінің мазмұны: жас баланы қоғам талаптарына қарай тәрбиелеу, жеке басының мүмкіндіктерін жетілдіру, ақыл - ой, сана - сезімін қалыптастыру, ұлттық салт - дәстүрлер арқылы мәдениетке тәрбиелеу, әлеуметтік ортамен қарым - қатынас құру, түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білу, белсенділікке, еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Отбасында қолданылатын тәрбие құралдары орасан зор. Ата - ананың, үлкен - кішілердің, тарихи тұлғалардың, айналасыдағылардың өнеге - үлгісі, көркем сөз туындылары, музыка, бейнелеу өнері, табиғат, қоғамдық өмірдегі, спорттағы шығармашылық жетістікері, т.б[3].

Және, отбасы тәрбиесі - бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата - аналардың борышы. Отбасындағы басты мәселелердің бірі - баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру; баланың тәртібі, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу - әрекеті, бос уақытын ұйымдастыру болып табылады. Балаларға отбасылық тәрбие берілерде ата - ана абыройын ескеру маңызды.

Ата - ана абыройы дегеніміз - бала көзімен көріп тұрған, жасы үлкен кісінің күдіксіз қасиеті, күші, ішкі қуатты берік логикаға негізделген ісі мен қасиеті. Осы қасиеттерді баланың бойына сіңіре білу - отбасы тәрбиесінің мақсаты, борышы, міндеті. Әр ата - ана тәрбие барысында өз ерекшеліктерімен, өз бағыттарын ұстанады. Бала өмірін және іс - әрекетін ұйымдастыруда негізгі жағдайлардың бірі - ұтымды ырғақ жасау. Күн тәртібі - өмір тәртібі, еңбек пен демалыстың парасаттылықпен, жақсы әдеттерді қалыптастыру. Балалардың күн тәртібі жұмыс қабілетін толық сақтау үшін еңбек пен демалыстың кезектесіп өтуінің қажет екендігін көрсететін И.П. Павловтың іліміне негізделеді[5].

Күн тәртібімен қатар, халқымыз отбасында ұлттық тәрбиеге үлкен мән берген. «Ұлттық тәрбие» деп жеке тұлғаның Ана тілін, Ата тарихын, Төл мәдениетін, Ұлттық салт дәстүрлерін меңгеру арқылы ұлттық сана сезімінің, намысының, мінез құлқының, дүниетанымының дамып қалыптастыруын айтамыз» дейді ғалымдар Қ. Жарықбаев пен С.Қалиев.

Ж.Аймауытов «Тәрбие» атты мақаласында «адам мінезінің, ақыл қайраттарының әртүрлі болуы тәрбиесінің түрлі - түрлі болуынан», деп бала тәрбиесіне көңіл бөлуге шақырады[2].

Қоғамның ең алғашқы әлеуметтік ұясы ретінде отбасыны зерттеушілерді ежелден қызықтырып келеді. Сонау Платон, Аристотельден бастап, О.Ковт, Г.Спенсер, Әл Фараби, Баласагуни және басқалар отбасына соқпай кете алмады. Аристотель мемлекеттің пайда

болуын тікелей отасының кеңею үдерісімен байланысты.

